



ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

*Казақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Қ17

Авторлары :
**Б.Қапалбек, А.Омарова,
Г.Закиряева, Г.Абнасырова**

Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған
Қ17 оқулық / Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова . – Алматы:
Мектеп, 2018. – 200 б., сур.

ISBN 978—601—07—0952—2

К 4306020200—023
404(05)—18

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978—601—07—0952—2

© Қапалбек Б., Омарова А.,
Закиряева Г., Абнасырова Г., 2018
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуі, 2018
Бартык құқықтары коргатған
Басылымның мұлдатқік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

1-бөлім

ОРФОГРАФИЯ

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

2-бөлім

ФОНЕТИКА

АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

3-бөлім

ЛЕКСИКА

КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК.
БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

4-бөлім

СИНТАКСИС

ҒАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТИСТІКТЕРІ

5-бөлім

СИНТАКСИС

БИОАЛУАНТУРЛІЛІК. ҚЫЗЫЛ КІТАПКА
ЕҢГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

6-бөлім

СИНТАКСИС

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ
ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ

7-бөлім

СИНТАКСИС

ЖАСӘСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАН

8-бөлім

СИНТАКСИС

ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

9-бөлім

ПУНКТУАЦИЯ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ
ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ



АЛҒЫ СӨЗ

Шартты белгілер:



оку



айту



тындау



жазу



кайталау



керу



талқылау



табу



ширату



талдау

өзінді
тексер

Күрметті жеткіншек! Қазак тілі пәнін окуарқылы тіл әлемін тануды жалғастырып, тереңдете түсеміз. Тіл, ең алдымен, қоғамда адамдардың бірбірімен сойлесіп, пікір алысы үшін катынас құралы қызметін аткарады. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, олар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғам ішінде бірлесіп өмір сүруі, енбек етуі мүмкін емес. Тілдің өзі де қоғам бар жерде ғана дамиды, яғни тіл – қоғамдық құбылыс. Қазак тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Сондықтан республикамызда тұратын барлық азаматтар қоғамда өзара пікір алмасып, бір-бірімен түсінісуі үшін оны білуге міндетті.

Тіл – мыңдаған ғасырлардың жемісі. Мысалы, қазак тілі тарихта талай қоғамды басынан өткізді. Оның бойында халықтың тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, ұлттық болмысы мен бояуы жинақталған. Тілден сол тілді жасаушы ұлттың мінезі көрініп турады. Тіл – мәдениетті танудың да, танытудың да құралы. Мәдениеттің сакталатын орны да тіл. Қазак халқының мәдениеті, өнері, әдебиеті, дәстүрі – барлық рухани байлығы тек қазак тілінің бойында ғана сакталады. Тілді сактау арқылы ұлт өзін сактайды. Ахмет атамыз «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп бекер айтпаса керек. Тіл өзінен-өзі байымайды, дамымайды. Оны байытатын да, дамытатын да оның колданушысы сендерсіндер.

Тілдің өзі бір дербес құрылым және белгілі бір жүйеге бағынады. Ал құрылымды құрайтын бірліктерінің жұмсалымынан мағына туады. Қазак тілін пән ретінде оку арқылы сендер тілдің ішкі жүйесімен, ондағы тіл бірліктерінің жұмсалуымен, сездер мен сөйлемдердің беретін мағыналарымен танысадындар. Сондай-ақ фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік талдаулар жасап, тіл білімі терминдерімен танысадындар, орта мектеп деңгейінде лингвистикалық білім аласындар. Сонымен қатар окулықтың ең бойында берілген түрлі тақырыптағы мәтіндерді талдау, шығармашылтықтарынды ұштай түсесіндер. Сол арқылы тілімізді, оның ар жағында бүкіл руханиятымызды байытуға үлес қосасындар. Ендеше, іске сәт, жас дос!

1

ОРФОГРАФИЯ

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

КӨНЕ ТҮРКІ РУНИКА ЖАЗУЫ


Алғашкы әріп жазуының бір тармағы руникалық көнсө түркі алфавиті болып табылады. Бұл алфавитпен жазылған ескерткіштер – көнсө түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өрсінің ауыз толтырып айттарлықтай көрсеткіші.

Алтai Аманжолов



1-тапсырма. Матінді дауыстап оқындар. Ондағы дәйексөздерге сүйене отырып, көтерілген маселені болжандар.

Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі әрі шешілмеген жүмбактарға толы. Өйткені алфавиттік жазу дүниежүзі мәдениетінің кол жеткен орасан зор табысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосып, келер үрпакқа мирас еткен...



Күлтегін жазба ескерткіші

1-бөлім

Осы ескерткіштердің бүгінде мәлім болған аймақтары – Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің антарлары, Монголиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы. Орталық Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле койнауы. Мұндағы жазу таңбаларын ғалымдар алғашқы табылған жердегі өзен аттарымен «Орхон-Енисей жазуы» немесе сыртқы нұсқалық көрінісі жағынан Скандинавия руналарына біршама ұксас болғандықтан, оның «купия» таңбаларына балап руникалық деп атап кетті.

Көне түркі тіліндегі руникалық жазулар тек тастарға қашау әдісімен ғана емес, үй жиһаздары, түрлі бүйімдарға да ойып жазылған. Сазбалышықтан жасалған ыдыс-аяктар мен құмыраларға кескінделген руникалық бірнеше жазу Ферганада және Дон өзенінің құйылсызынан табылды. Алтай мен Хакасиядағы ескі мола-корымдарды қазганды археологтер алтын, күміс табактар мен құмыра, тостағаншаларға және күміс қапсырмаға ойылған руникалық жазулардың күесі болды.

Кең тараған руникалық жазудың VIII–IX ғасырларда қағазға жазылған нұсқаларын Шығыс Туркістаннан XX ғасырдың бас кезінде үйімдастырылған археологиялық экспедициялар айқыннады. Ал Алатаудың онтүстік өніріндегі Талас алқабынан ағаш таякшага ойып жазылған нұсқасы табылды.

Руникалық көне түркі алфавитінің құрамында 35 әріп бар. Жазудың бағыты оннан солға қарай оқылады. Көне грек жазуы да ен алғашында оннан солға қарай жазылған. Ескендір патша заманынан бастап, яғни б.з.д. III ғасырдан кейін бұл жазу солдан онға қарай жазыла бастады. Осы кезде бір жолы оннан солға қарай, екінші жолы солдан онға қарай жазылатын гректің «бустрофедон» деген жазуы пайда болған.

Көне түркі жазулары, негізінен, осылайша оннан солға қарай жазылғанмен, Енисей өзенінің бойындағы бірен-саран ескерткіште керісінше солдан онға қарай жазылатын нұскалары да кездеседі.

А.Аманжолов



- A** Мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндап, стилін анықтандар.
- Ә** Мәтіннен түсініксіз сөздерді теріп жазып, олардың мағынасын мүгалімнің (түсіндірме сөздіктің) көмегімен ашындар.
- Б** Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазып, дыбыстық талдау жасандар. Дара жалқы есімдер мен курделі жалқы есімдердің айырмашылығы мен ұқсастығын Венн диаграммасы арқылы анықтандар.

дара

жалқы есім

курделі

29 Күрделі жалқы есімдер

Күрылымы жағынан жалқы есімдер дара да, күрделі де болады. Дара жалқы есімдер бір ғана тубірден тұрады: *Бану, Абай*. Күрделі жалқы есімдер кемінде екі не одан да көп тубір сөздерден құралады. Ондай жалқы есімдер қазіргі қазақ тілінде төрт түрлі жолмен жасалады:

- біріккен жалқы есімдер (*Жетіқарақшының бақыраши, Есекқырған, Қарғабойлы Қазтуған, Шықбермес Шығайбай, Қарабұзаукөл шығанағы*);
- тіркес (құрама) жалқы есімдер (*Улкен Таразы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Іле Алатауы ұлттық саябағы*);
- қысқарған жалқы есімдер (*БҮҮ, ЖШС, БҚО*);
- қосарланған жалқы есімдер (*Лайлі-Мәжнүн, Еңлік-Кебек*).

Барлық жалқы есім бас аріппен жазылады.

Есте сақта!

Жалқы есімдерге:

- кісі аттары (*Асқар, Арлан, Ағыбай* т.б.);
- үй жануарларына берілген арнаулы аттар (*Тайбурыл, Тенбілкөк, Ақтабан, Таймас* т.б.);
- өндіріс, мекеме, үйлім аттары (*«Еңбек», «Қайрат», «Тұрксіб»* т.б.);
- газет, журнал, фильм, кітап және жеке шығармалардың аттары (*«Егемен Қазақстан», «Әркен», «Менің атым Қожа», «Қан мен тер»* т.б.);
- географиялық атаулар (*Алатау, Қаратай, Іле, Ертіс* т.б.);
- қала, көше, алан аттары (*Теміртау, Абай даңғылы, Республика аланы*) т.б. атаулар жатады.




2-тапсырма. Кім тапқыр? Жалқы есімдердің түрлеріне б мысалдан келтіріндер.



3-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, «Түртіп алу» әдісі арқылы мәтіндегі жалқы есімдердің санын анықтандар (1-аудио).



A Мәтін мазмұны бойынша бос орындарға қажетті сөздер мен сез тіркестерін жазындар.



1. Оларда ... есіру және егіншілікпен қатар, ... корыту біршама дамыған болатын. 2. Соңғы жылдары ... табылған сақ кесемінің киіміндегі алтын өрнектер, сактардың ... шықкан әшекей-сәндік бүйымдар, ... пен Саймалташ жартастарына ойып салынған орасан үлкен суреттер ... көркемдік талғамы, ... енері, ... өндеу тәсілі едәуір ... болғанын аңғартады.



4-тапсырма. Берілген сейлемеге фонетикалық талдау жасандар.

Ежелгі түркілердің жазу енерінің болуы – олардың мәдениетінің өзіндік көрінісі.



5-тапсырма. Ауылдарының, туған қалаларының тарихына үніле отырып, ондағы көне жәдігерлердің құндылығы туралы эссе жазындар. Эссе де жалқы есімдердің күрделі түрін және дайексөздерді қолданындар.

ТАСКА ЖАЗЫЛГАН ДАСТАНДАР

Бұл жәдігерліктер түркітекес ежелгі ру-тайпалардың рухани өмірін бейнелеғен көркем әдебиет туындылары болып табылады.

Немат Кегімбетов



1-тапсырма. Кім көп біледі? Қазақтың қандай жыр-дастандарын білесіндер?



A Мәтінді манерлеп оқындар. Баяндау желісін сақтай отырып, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазындар.

Шамамен VI ғасырдың орта кезінде Жетісу, Алтай, Орталық Азияны мекен еткен түрлі ру-тайпалар бірігіп «Түрік қағанаты» деп аталатын мемлекет күрганы тарихтан жаксы мәлім.

Міне, сол ежелгі түркі дәүірінің көғамдық, әдеби-мәдени өмірін жыр еткен ғажайып дастандар бар. Олар – «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкек» жырлары. Бұдан 1250 жыл бүрін үлкен күлпітастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі түрғысынан да күні бүгінге дейін окушысын таңдандырып, тамсандырып келеді...

Қазақтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс», «Кобыланды» тәрізді әйгілі жырларында кездесетін өлең арасындағы әлкіссатусіндірме көркем қарасөздер мұнда да кездесіп, араласып отырады. Көне түркі авторлары, өзімізге әбден қанық қазақтың батырлар жырларындағыдай болашак жорыктарды немесе еткен оқиғаны ақындық тәсілмен, үлкен пафоспен¹ баяндағыдай отырып, өздеріне елеусіз деп есептеген сәттерді жыр арасында қарасөзben де жеткізіп отырған. Осы зандалықты Күлтегін, Білге қаған, Тоныкектерге арналған үш шығарманың үшеуінен де кездестіреміз. Өз кейіпкерін дәріптеуде, оның жойқын соғыстарда көрсеткен есепсіз ерліктерін суреттеуде сан түрлі бояуды, бейнелеу тәсілін мол пайдалана отырып, шабытпен жырлаған автор бір сәт прозалық баяндауды да қолданады.

«Күлтегін» жырындағы мынадай өлең жолдарына назар аударайыкшы:

Бек ұлдарын құл болды...
Пәк қыздарын күн болды...
Тізеліні бүктірдік.
Бастыны еңкейттік...
Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды.

¹ Пафос (грек. *pathos* – сезим, құмарлық) – құлышының, құштарлық, аскактық, қуатты сезим мен терен шабыт мағынасында колданылатын сез.

Міне, осы ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік жайында тебірене толғайтын ғажайып жыр жолдарын ақын бұдан бір мың екі жүз елу жылдай бұрын жазыпты.

H.Келімбетов



Ә Қалай ойлайсындар, тасқа жазылған дастандар мен батырлар жырының үқсастықтары бар ма?



Б Мәтіннің публицистикалық немесе ғылыми стиль екендігін қолданылған тілдік күралдар арқылы анықтандар.



В Мәтіндегі жалқы есімдерге дыбыстық талдау жасандар.



22 Біріккен жалқы есімдер

Біріккен жалқы есімдер үш түрлі тәсілмен жасалады.

1. Аффикстік тәсіл. Түбір сөзге қосымша жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Қойши(бай)*, *Қойлы(бай)*, *Малды(бай)* т.б.

2. Дербес мағыналы сөздердің бірігуі арқылы жасалатын жалқы есімдер. Мысалы: *Бекайдар*, *Нұрсулу*, *Күлімхан* т.б.

3. Эпитеті алды-артында келіп бірге айтылатын кісі аттары. Бұлардың екі сыңары да бірдей айтылып, бір адамның есімін білдіреді. Бірақ бөлек жазылады. Мысалы: *Қозы* *Кәрпеш*, *Баян* *сұлу*, *Қыз* *Жібек*, *Ер* *Төлеген*, *Алпамыс* *батыр*, *Ер* *Тарғын*, *Қобыланды* *батыр*, *Ақан* *сері*, *Біржан* *сал*, *Жиренше* *шешен* т.б.

Есте сақта!

Ономастика атаулардың шығу, қалыптасу жайын тексереді. Ол зерттеу нысанына қарай топонимика, антропонимика, этнонимика, астрономика, зоонимика, теонимика, фитонимика секілді түрлерге белінеді. Осылардың ішіндегі ең негізгілері – топонимика, географиялық атауларды зерттесе, антропонимика кісінің аты-жөнін, тегін, лақап, бұркеншік есімдерін қарастырады.



Г Мәтіндегі зат есімдерді мағынасына қарай мына кесте бойынша топтап жазындар.

Жалпы	Жалқы	Дара	Күрделі	Деректі	Дерексіз



2-тапсырма. Біріккен жалқы есімдердің 3 түрлі жасалу жолына мысалдар келтіріп, сейлем курандар.



А Кім көп табады? Сөздер тобын толықтырып жазындар.

Адамның аты-жөні : Айару, ...,

Жер аттары : Сарыарка, ...,

Өзен-көл аттары : Алакел, ...,

Қала аттары : Жезказған, ...,

1-бөлім



❸ Сөзжұмбакты шешіндер.

1. «Аба қтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым той, сар даламды сағындым» дег жырлаган ақын.
2. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің авторы.
3. Акан серінің тұлшары.
4. Өліммен күрескен, бірақ кайда барса да көрін кездестірген ұлы ойшыл, жырау, қобызышы.
5. Алғадай баласына өлең жазған ұлы ақын.
6. Ежелгі түркі жазба ескерткіші.
7. «Ботагөз» романының авторы.
8. «Мениң атым Қожа» повесінің авторы.
9. «Ау, қызының күс, қызының күс,
Канатың катты, мойның бос.
Ісатайдан айырылып,
Жалғыздықпе н болдым дос» деген өлең жолдарының авторы.

1				Ж			
2				А			
3			Л				
4		К					
5				Ы			
6				E			
7			C				
8			I				
9			M				

Ерек дерек!

Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері хат жолдап, 1987 жылы қабылданған күміс білезіктегі көне жазу жөнінде пікір айтуды сұраған еді. Білезіктің тарихы: Семей педагогикалық институтының студенті Гүлстан Жанқошқароваға әжесі бірнеше үрпактан бері мирас болып келе жатқан білезігін сыйлаған екен. Ондағы жазуды окуга алғаш талаптанған жас тарихшы Амантаі Исин білезіктегі көне жазу жөніндегі өз жорамалдарын жергілікті газетке жарияладап, білезіктің фотосуретін бізге әкелген еді. Студент қызыды көне жазудың мәденинет тарихына қосар үлесі толғандырган болуы тиіс, күпші жазуы бар сыйіга алған білезігін Павлодар тарихи-өлкетану мұражайына

тапсырыпты. Күміс білесіктегі жазуды біз былай деп оқыдык: сачқұқ ағы қоқыш. Қазіргіше: «Шашылған асыл казына – қоқыс», былайша айтқанда: «Шашылған асыл казына күлмен тен» деген мағынаны береді екен.

С.Аманжолов



3-тапсырма. «Ерек дерек!» мәтінінен жалқы есімдерді табындар. Күрделі жалқы есімдердің дара жалқы есімдерден айырмашылығын түсіндіріндер.



4-тапсырма. Қазақтың мына зергерлік бұйымдарының атаулары мен жалқы есімдерді қатыстырып сөйлемдер қурандар.



5-тапсырма. Откен тақырыптарға саяхат жасайық. Бүгінгі аялдамамыз «Сандар алемі» болмақ. Ал кеттік!

1. Қазак тілінде неше сез табы бар?
2. Септіктердің неше түрі бар?
3. Қазак тілінде жалғаулар нешеге бөлінеді?
4. Қазак тілінде неше әріп, неше дыбыс бар?
5. Үстене мағынасына қарай неше түрге бөлінеді? Түрлерін атандар.

ҚӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Шын мәнінде, ешбір халықта жазу мәдениеті қалыптасған кездің өзінде біздің бабаларымыз ез тарихын таска кашап жазып кеткен.

Олжас Сүлейменов



1-тапсырма. Қөне түркі ескерткіштері туралы не білесіндер? Баяндандар.



А Мәтінді оқындар. Мәтіннің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы анықтандар.

Енисей өзені аңғарынан қупия жазуы бар ескерткіштер табылғаны туралы алғашкы хабарды Н.К.Видзен, С.У.Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И.Т.Страленберг пен немістің белгілі

1-бөлім

ғалымы Д.Г.Мессершмидт т.б. XVIII ғасырдың бас кезінде жазған макалалары мен хаттарынан білеміз.

Орыс географиялық қоғамының Шығыс Сібір бөлімі 1889 жылы Монголияга арналы экспедиция үйімдастырыды. Оны белгілі орыс саяхатшысы әрі ғалымы Н.М.Ядринцев басқарып, Орхон өзені¹ аңгарынан² «күпия» жазуы бар үлкен-үлкен екі ескерткіш тапты. Осы құлпытастардағы белгісіз жазулардың сырын ашу үшін В.В.Радлов 1891 жылы сонда барып, бірқатар ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді.

Алайда бұл руна жазуының күпиясы көпке дейін ашылмай-ақ койды. Ескерткіштердегі жазуды ешкім оқи алмады. Од туралы әртүрлі болжам айтыла бастады. Бұл жазудың түп-тамыры ежелгі грек мәдениетіне катысты де оны ежелгі монгол жазуы, фин жазуы, скиф-славян жазуы деп жорамал жазудың сырын ғылыми негізде ашып бере алмады.

Ақыры 1893 жылы қарашаның 25-і күні Дания корольдік Ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсон ғылыми әлемді дүр сілкіндірген мәлімдеме жасады. Ғалым Орхон мен Енисей өзендері бойынан табылған ескерткіштердегі күпия жазуды окудың кілтін ашқандығын хабарлады. Сондай-ақ ол бұл ескерткіштер түркі халықтарының тілінде жазылғанын мәлімдеді. Ғалымның ең алдымен оқыған сездері «Тәнірі» және «Түрік» деген сездер екен.

Дәл осы кезде академик В.В.Радлов та өз бетінше ізденіп, руна жазуының он беске жуық әрпін анықтап алған еді. Көп уакыт өтпей-ақ В.В.Радлов Орхон өзенінің бойынан табылған үлкен тастардағы жазуды толық оқып, кейін оны аударып шыкты.

Н.Келімбетов



Ә Мәтіннің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін табындар.



Б Қоғамдастырылған қазақ және шетел ғалымдарын Т кестесіне орналастырындар.

Қазақ ғалымдары	Шетел ғалымдары



В Шетелдік қонаққа Қазақстанның сұлу жерлерін көрсетіп, саяхат жасандар. Жалқы есімдердің тіркессен түрін қолданып, орфографиялық нормаларды сақтандар.

¹ Орхон өзені – Монголиядагы өзен, Селенга өзенінің он тармағы.

² Аңгар – өзен ағысынан пайда болған, бір жағына еніс, ойыс сай-сала, жыра.

29 Тіркесті жалқы есімдер

Екі я одан да көп есім сөз тіркесіп келіп бір ұғымды білдіретін күрделі есімдерді **тіркесті жалқы есімдер** дейміз. Мысалы: *Баба Омар аулие, Бабатұкті шашты Әзіз, Таю Шығыс, Күн астындағы Күнікей қызы*.

Тіркесті жалқы есімдердің емлесі:

- халықаралық, дүниежүзілік, бүкіләлемдік, мемлекетаралық, республикалық, ұлттық т.б. тірек сөздер құрама атаулардың басында келсе, бас әріппен, ортасында келсе, кіші әріппен жазылады (*Шығыс елдері халықаралық саулет академиясы*);
- екі күрделі-құрама атау тіркесіп келген жағдайда, екінші атаудың басында тұрған тірек сөздер кешенді атау ортасында тұрғанына қарамастан бас әріппен жазылады («*Еңбек Қызыл ту*» ордені, *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты*);
- екі немесе үш күрделі-құрама атау тіркесіп келген кешенді атауларда ірі нысандардың аттары бас әріппен, соның құрамына кіретін кіші нысандардың аттары кіші әріппен жазылады (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым академиясы, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты*).

Есте сақта!

Орфографиялық сөздік (емле сөздік) – тілдегі сөздердің дұрыс жазылу нормасын көрсететін сөздік. Қазақ тілінің тұнғыш орфографиялық сөздігі қазақ жазуының орыс графикасына кешіне байланысты қабылданған емле ережелерін түсіндіру үшін 1941 жылы түзілді. Содан бері бұл сөздік толықтырылып, түзетіліп бірнеше рет қайта басылды.



2-тапсырма. Сөйлемдердегі жалқы есімдерді теріп жазып, емлесін түсіндіріңдер. Оларға дыбыстық талдау жасандар.

1. Г.П.Спасский мен В.Р.Розенниң «Келешекте Сібір ескі жазуарының өз Шампольоні (ескі грек жазуының оқылу кілтін тапкан ғалым) болуы мүмкін» және оның «күн бүтінге дейін құпия болып келген жазулардың сыры ашылмай, XX ғасырға өтеді дегенде сенбеймін» деген қағидалары жүзеге асты (Н.Б.). 2. Білге қаған Түркі мемлекетінің күш-куатын нығайтуда көп жұмыс аткарды (К.Ө.). 3. Түркі тайпалары туралы құнды деректерді әсіресе Батыс Еуропадағы Византия материалдарынан көбірек кездестіруге болады (М.Ж.).



3-тапсырма. Төмендегі ережелердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екенін табындар.

1. Есімдіктер – заттың атын, сынын, санын я олардың аттарын білдіретін сөз табы.
2. Құрылымы жағынан жалқы есімдер дара және күрделі болып келеді.

1-бөлім

3. Тәуелдік жалғауы заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді екенін белдіреді.
4. Біріккен жалқы есімдер: БҮҮ, ЖШС, КР.
5. Көркем әдебиет стилі – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың тілі.
6. Барлық жалқы есім бас әріппен жазылады.
7. Сын-кимыл үстене кимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын белдіреді.
8. Сан есімдер мағынасы жағынан негізгі және туынды болып жіктеледі.
9. Біріккен жалқы есімдер 2 түрлі тәсілмен жасалады.
10. Антропонимика – географиялық атауларды зерттейтін ғылым.

Ерек дерек!**ЖУМБАҚ МИРАС**

Шығыс Қазақстан жағын этнолингвистикалық түрғыдан зерттеу тобының құрамы Ертіс енірінің кейбір жерлеріндегі, Сарыарқа сілемі. Шұбартаудың Арсалан койнауындағы, Тарбағатай мен Қалба¹ жоталарындағы тасқа кашалған сурет жазуларын анықтаган болатын.

Алып таудың койнауында бұғып жатқан асыл мұра – тасқа кашалған бедерлі сурет жазулар мен таңбалар. Қалбаның онтүстік сілемі – Өркенттаудың саласы Көкпектілегі Каракезен және Аксуаттағы Кіндіктіде молынан кездеседі.

Каракезенмен іргелес жатқан Аксуат ауданының Кіндікті койнауындағы осыған дейін ғылымға бейналім болып келген сурет жазуының мол шоғыры көкірек кезінізді жіпсіз маташы. Өсіреле Кіндікті селосының батыс жағындағы бес шақырымдай жердегі жылтыр қара түсті қойтастағы сурет жазуларын жүздел санауга болады.

Халқымыздың будан мындаған жыл бүрінгі тарихын баяндайтын ескерткіштердің ішінде тастарға салынған суреттер мен таңбалардың орны ерекше. Бұл мұра осыдан 2–3 мың жыл бүрін алғашқы көшпелілер дәуірінде, кейбіреуі одан да бүрін пайда болған. Оны рухани байлықтың көзі деп танып, алғашқы адамдар тіршілігінен хабар беретін, ғасырлар койнауында жатқан олардың ісі мен әрекетінін, түсінік-нанымдарының ізі деп қарап, ғылыми зерттеп, шіл мұрага айналдыруға тиіспіз.

A.Аманжолов



4-тапсырма. Қалай ойлайсындар, алғашқы адамдар тіршілігін, нанымы мен түсінігін, мәдениетін зерттеу болашақ үрпақ үшін қажет пе? Өз пікірлерінді ортаға салындар.



5-тапсырма. «Шын мәнінде, ешбір халықта жазу мәдениеті қалыптаспаған кездің өзінде біздің бабаларымыз өз тарихын тасқа қашап жазып кеткен» деген Олжас Сүлейменовтің тұжырымын өрбітіп, ойтолжау жазындар.

¹ Қалба Алтай тау жүйесінің онтүстік-батысында орналаскан. Алтайдан оны Ертіс езенінің аңгары, батыс белігін Сарыарқадан Шар және Көкпекті езендерінің аңгары беліп жатыр.

АРАБ ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Шамамен Жер шарының 7 пайзы араб жазуымен (алифба) жазады. Ресми жазу ретінде 22 елде колданылады: 18-і – Араб елдері және бұрын – басқа мемлекеттер.

«Encarta» энциклопедиясынан



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіннің күршілімі мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратындар.

Араб әліпбі негізіндегі казактын ескі жазба тілі шамамен XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі аралықта кызмет етті. Ол, негізінен, Қазак хандығы ісқағаздарында, дипломатиялық қарым-китаптарда ісінде колданылды. Қадыргали би Жалаиридың «Жамиғ-ат тауарихы», Әбілғазы баһадур¹ ханның «Шежіре түрки» атты тарихи жылнамаларын² аталмыш жазу үлгілеріне жатқызуға болады. Ескі казақ жазба тілінің үлгілеріне Махамбет Өтемісұлы, Әбілқайыр ханның Ресей патшасы II Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбалары, Ш.Үәлихановтың хат-қағаздарының тілі т.б. жатады. Мұрсейіт қағазға түсірген Абайдың карасөз түріндегі шығармаларының тілін ескі казақ жазба тілінің үлгілері деп тануға болады. Ескі казақ жазба тілінің нормалары әсіресе XIX ғасырдың аяғына таман сөйлеу тілінің ықпалына көбірек ұшырап, халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастады. Бұл тұста ілгерішіл демократиялық бағыт ұстанған «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті т.б. осы сиякты басылымдардың орны ерекше болды. Әсіресе XX ғасырдың басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде сөйлеу тілінің нормалары айқын көрінді, бірақ ескі жазба тіліне тән сөз үлгілері де жиі кездесіп отырды.

Ескі қазақ жазба тілінің сол кездердегі казақ коғамы үшін тарихи-мәдени маңызы аса зор болды. Өйткені ол коғамдық сананың құқыктық, ғылымдық, эстетикалық (көркемдік) түрлерін қалыптастыру мен дамытудың тілдік құралы ретінде жұмсалды. Ескі казақ жазба тілінің емле жүйесі тым күрделі болды. Себебі оның тілдік жүйесінде, біріншіден, Каражанид дәуірінен³ келе жаткан байырғы түркілік сөздер мен тұлғалар, екіншіден, калың жүртшылық біле бермейтін араб, парсы сөздері, үшіншіден, казактың кәдімгі сөйлеу тіліне тән элементтер болды. Жазба тілі жүйесінде мұндай үш түрлі элементтің арасында жүруі оның емле жүйесін оқып игеруде көп қындық келтірді.

¹ Баһадур – батыр.

² Жылнама – халықтың, мемлекеттің, қаланың т.б. жылма-жыл жазылышы отырған тарихы, шежіресі; аса маңызды жазба деректер.

³ Каражанид дәуірі – X-XII ғасырлар.

1-бөлім

Сондай-ақ қазактың ескі жазба тілін халықтың белгілі бір әлеуметтік тобы ғана қолданды. Жалпыхалықтық илгілікке айналып, бұкаралық сипат ала коймады.

Н. Уалиұлы



A Мәтіннің қай стильде жазылғанын түсіндіріндер. Стильдің қандай түрлері бар екенін еске түсіріндер.



Ә Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазындар.



Б Мәтіннен жалқы есімдерді тауып, оларды әліпби тәртібімен орналастырындар.

**Қысқарған жалқы есімдер**

1. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бас әріптерінен құралады: *БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы* т.б. Мұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да, қосымша дефис (-) арқылы жалғанады. Мысалы: *БҰҰ-ның* және т.б.

2. Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің басты буыны мен кейінгі сөздердің бас әріптерінен құралады. Мысалы: *ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті* т.б. Мұндай қысқарған сөздердің бірінші буынындағы бірінші әріп пен кейінгі сөздерден қысқартылып алынған бірінші әріптері бас әріппен жазылады да, оларға қосылатын қосымша дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *АТУ-дың* т.б.

3. ГАЗ-51, ТК-154, ИЛ-86, АН-24 тәрізді техника түрлерінің (ұшак, мәшине, трактор т.б.) маркаларын көрсету үшін алынған шартты белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Мұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да, қосымша дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *ТУ-154-пен ұшып келді* т.б.

Есте сақта!

Жазуда қолданылатын фонетикалық принцип фонетикалық транскрипцияға жуықтайды. Бұл принцип сез бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауын, сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазуды басшылыққа алады.

Мысалы, *жаздығуні, қыстығуні, ашудас* деген сөздердің айтылуынша жазылуы – фонетикалық принцип нәтижесі.



2-тапсырма. Тиісті тыныс белгілерін қойып, жалқы есімдерді қысқартып көшіріп жазындар.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Ақмола Алматы Шығыс Қазақстан Жамбыл Солтүстік Қазақстан және Онтүстік Қазақстан облыстарында 10-нан астам экосайт қызмет етеді. «Экосайт» дегеніміз жергілікті коғамдастықтарға негізделген экотуризм дамып жобалар іске асатын жерді белгілейтін Еуразия-Орталық Азия қорығы ұсынған термин. Бұндай экосайттардың көшілігі ерекше коргалатын **табиги аумакта** және оларға жақын жаткан аймакта орналаскан. Ерекше

коргалатын табиғи аумак **арасында** келесілерді ерекшеленеүте болады Аксу-Жабагылы мемлекеттік табиғи корығы Алматы мемлекеттік табиғи корығы Корғалжын мемлекеттік табиғи корығы Батыс Алтай мемлекеттік табиғи корығы «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі және т.б.

«Казақстанда экологиялық туризмі дамыту жөніндегі жетекшілік» кітабынан



A Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге лексикалық талдау жасандар.



Ә Жазудағы фонетикалық принцип туралы ғылыми эссе жазындар.



З-тапсырма. Кім жылдам? З топқа белініп, курделі, біріккен және тіркесті жалғыз есімдерге он мысалдан айтындар.

Керек дерек!

Әліпби

Әліпби – белгілі бір жазуда колданылатын, белгіленген тәртіппен орналаскан әріптердің жыныстыры. Сонымен қатар әліпби табиғи тілдегі кез келген мәтінді жазуга, оларды сактауға мүмкіндік беріп, аппарат құралдарын жүйелеуде, оларды іздеңдердің сактауда аса маңызды қызмет аткарады. Әліпбі бар кез келген халық өзінің табиғи тіліндегі мәтінді жазуга мүмкіншілік алады. Әліпбидің түзілу принципін ен алғаш батыс семит халықтары жасаған (б.з.д. үшінші мыңжылдық, Солтүстік Сирія). Олар Месопотамияның буындық таңбаларын пайдалана отырып, дауысты және дауыссыз дыбыстардың белгілі реттеп қосарланаған жазылтын жүйесін ойлан тапқан.

Дыбыстық-әріптік жазуды бүкіл әлемде 75 пайыз халық колданады. Дыбыстық-әріптік жазудын ен көп тараган түрі: латын әліпбі (30 пайыз), славян-кирилл¹ (10 пайыз), араб (10 пайыз) және унде жазуы (20 пайыз).

Казіргі әліпбилердің пайда болуы Жер шары халқының өркеннештік дамуының нәтижесін көрсетеді. Әліпбилердің колданысы тілдердің туыстығына сәйкес келе бермейді. Мысалы, славян тілді халықтар кирилл және латынды пайдаланады, араб әліпбін семит тілдер тобына жататын халықтармен қатар, парсылар да (үнді-европа), ерте кезде түркі халықтары да колданған.

Жазу тарихы мәліметтеріне карасақ, латын әліпбінің жасалуына, ол жазудың бүкіл Еуропа халқына тарадуына грек жазуы негіз болған. Бірақ әрбір халықтың колданып жүрген әліпбі өз тілінің дыбыстық жүйесіне лайықтандырып езгертілген.

Н.Әміржанова

¹ Славян-кирилл – славян әліпбінің алғашы екі түрінің бірі (екіншісі – глаголица). Әліпбі славян зерттушысы Кириллдің атымен аталған.

1-бөлім



4-тапсырма. Тәмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазіргі әліпбізді неліктен өзгерту қажет?
2. Қазіргі кирилл таңбасындағы казак әліпбінің жөнінде не айтасындар?



5-тапсырма. Берілген жалқы есімдерді құрылымына сай топтастырып, кестені толтырындар.

Майлықожа, Бетпақдала, БҚО, Шыңғыс тере, БҰҰ, Қыз Жібек, Қарғабойлы Қазтуған, АҚШ, Каракерей Қабанбай, ЕҚЫҰ, Барсакелмес, ЭҮДҰ, Төртқара, Карапуыл Қанай шешен, Балуан Шолак.

Біріккен	Тіркесті	Қыскарған



6-тапсырма. Жазуға қатысты мына сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмесін жазындар (2-3 сейлем).

Хат тану –
Жазушы –

Әдемі жазу –
Эссе жазу –

Көне жазу –
Өлең жазу –

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ТӨТЕ ЖАЗУ

Ахмет Байтұрсынұлының жасаған әліпбімен сауат ашу үшін қабілеті орташа балаға төрт-ақ апта қажет.

Татжсан Шонанов



1-тапсырма. Ахмет Байтұрсынұлының үлт үшін жасаған еңбегі, қызметі туралы не білесіндер? Өз білімдерінмен бөлісіндер.



A Мәтінді оқындар. Мәтінге стильдік түзетулер жасап, редакцияландар.



Ахмет Байтұрсынұлы казак халқының жаппай тез сауаттанып хат тануына, оку-білімге деген құштарлығының оянуына ерекше ықпал етті.

Ол 1910 жылдардан бастап араб жазуын казак тіліне ынғайластырып жақыннатуды колға алады да, оны 1912 жылдардан бастап колданыска енгізеді. А.Байтұрсынұлы бір халықтың әліпбі жүйесін екінші бір халық қабылдағанда оны өз тіліне «икемдеп үйлестіру» қажеттігін, олай етпеген жағдайда, әріп мәселесінің дүрыс шешім

таппайтынын 1924 жылы өткен Қазақ білімпаздарының тұнғыш съезінде айтқан еді. Ғалым съезде сейлекен сезінде: «Осы күнгі жүрттардың бәрі де өзі шығарған әліпбін тұтынып отырган жок. Бәрінікі де өзгеден алған әліпбі. Еуропа жүрттарының тұтынған әліпбінің түбі – көне семит әліпбі¹. Көне семит әліпбін өз тіліне үйлестіріп финикий жүрті алған, онан грек алған, гректен латын. Еуропа жүрттары алған. Түркі әліпбінің түбі де көне семит әліпбі. олардан куфалықтар алған. Куфалықтардан арабтар өз тіліне үйлестіріп алған. Арабтан Иран, Түрк және басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліпбін бірі алғанда тұрған қалпында алмаған. Өз тілдерінің дыбыстарына карай өзгеріс кіргізіп алған. Тіліне әліпбіндін артыры болса, алып тастаған, кемтігі болса, әріп қосып толыктырган», – дейді. Сондыктан да Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуына өзгеріс енгізгенде «ежелеусіз төте оку» қағидасын басты принцип ретінде ұстанып, оны казак тілінің дыбыстық зандылықтарына икемдеді.

1912 жылы осы «төте жазу жүйесімен» А.Байтұрсынұлының «Оку құралы» деп аталатын тұнғыш кітабы жарыққа шыкты. 1912 жылы «Айқап» журналының 4, 5-сандарында өзі құрастырган «ұлттық әліпбі» жобасын «Жазу тәртібі» деген атпен макала түрінде жариялад, көпшілік талкысына ұсынды. Бұл казак халқының рухани-мәдени өміріндегі үлкен жаңалық болды. Өйткені қазак балаларына өз ана тілінде хат танып, ана тілінде жазуға жол ашылды.

Г.Мамырбекова



Ә Мәтіндегі негізгі ойды айтындар. Жалқы есімдерді бір бөлек, жалпы есімдерді бір бөлек теріп жазып, оларға дыбыстық талдау жасандар.



Б Мәтіндегі сан есімдерді сезбен жазып, олардың мағыналық түрлерін еске түсіріндер.



Қосарланған жалқы есімдер

Екі түбірден қосарланып жасалған атауларды **қосарланған жалқы есімдер** дейміз. Мысалы: *Балқаш-Алакөл* ойысы, *Донецк-Днепр* бойы, *Солтүстік Тянь-Шань*, *Орхон-Енисей* жазулары т.б. Қосарланған жалқы есімдердің екі сыңары да бас әріппен жазылады.

Есте сақта!

Жазуда қолданылатын морфологиялық принцип сездін морфологиялық құрамын (сөз және қосымша) ескеріп, әр сездін түбірі мен оған жалғанатын қосымшаның түлғасын сақтап жазуға негізделеді.

¹ Көне семит әліпбі – таңбаның бір гана дыбыска (фонемага) сәйкес келуіне негізделген, б.з.б. үшінші мынжылдықтың ортасында семит халықтары ойлаған тапкан жазу.

1-бөлім



2-тапсырма. Сейлемдерден жалқы есімдерді табындар. Жалқы есімдердің жазылу емлесін сактай отырып, сейлемдерді көшіріндер. Қосарланған жалқы есімдерді тауып, оларға фонетикалық талдау жасандар.

1. Шығыс тянь-шань етегінде күрліктағы терен казаншұнқырлардың бірі – турфан ойысы орналасқан (КҮЭ, 9-т.). 2. Ертіс-құлынды жазығы павлодар облысының құнгірт қара коныр топыракты ауданын камтиды. 3. Соколов-сарыбай, қашар кен орындарында темір кені өндіріледі. 4. Тобыл-обағанның жазық даласы батысында орал сырты үстіртімен, онтүстігінде торғай қыратымен, шығысында есілдің сол жақ жағалауымен, солтүстігінде орманды даламен шектеседі. 5. Шерубай-нұра – қарағанды облысының абай ауданы, бұқар жырау аудандары аумағындағы өзен (КФГ).



3-тапсырма. Мәтіндегі зат есімдердің қай септікте тұрғанын анықтап, төмендегі кестеге орналастырындар.



Тянь-Шань – Азиядағы ең ірі тау жүйесінің бірі. Таудың шығыс бөлігі – Қытай жерінде. «Тянь-Шань» сөзі қытай тілінде «Тәнір шыңы, Аспан тау» деген мағынаны білдіреді. Қазақстанға Тянь-Шаньның солтүстік-батыс бөлігі, Орталық Тянь-Шаньның кейбір жоталары кіреді.

Батыс Тянь-Шаньның казақстандық бөлігі Қырғыз жотасынан басталады. Қырғыз жотасы – көлемі мен биіктігі жағынан үлкен тау жүйесі. Батыс Тянь-Шаньның батыстағы жағасы – Қаратай жотасы. Ол Талас Алатауының батыс жағынан басталып, Боралтай, Сайрам жоталары арқылы Ташкент манымен, Алатаумен шектеседі.

Казақстан үлгитық энциклопедиясы, 9-том

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Кемектес

Керек дерек!

Тоте жазу

ХХ ғасырдың басында халқымыздың ұлы перзенті, гүлама ғалым А.Байтұрсынулы ескі казак жазба тілін казак халқының шілдігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтканда, жазу-сызузы демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, күш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, казак қоғамының заман ағымына ілесе алмай калып қоятынын терен түсіне білген ғалым жүйесі аса күрделі ескі казак жазба тіліне түбекейлі реформа жасады. Алдымен ол араб әліппін пайдалана отырып, халық тілінің тогыз дауысты және он тогыз

дауыссыздан тұратын дыбыс жүйесін негізге алып, казак әлібін түзді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы бірынгай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенді, соларды таяныш етті. А.Байтұрсынұлы жазуы халықтық тілдің сөз үлгілерін жазба тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады, тіліміздің заңдастырылған жазу норматарын негізделеп берді.

А.Байтұрсынұлы ұсынған жазу жүйесі жалпак жүртшылыктың ықыласына беленді. Ден койған адам оны бір айын ішінде-ак үйреніп алғатында 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымга жеңіл, емлесі оңай болды. Сондыктан бұл жазуды бұрынғы жазудан белектеп, тете жазу, тете оку деп атады. Алайда тете жазудың Кенес Одағындағы ғұмыры ұзакқа бармады. 1929 жылы казак жазуы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын жазуга көшті.

Н.Ұзақты



4-тапсырма. «Керек дерек!» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойларынды дәлелді және жүйелі жеткізіндер.

1. А.Байтұрсынұлы әлібінде неше әріп бар?
2. Мәтін мазмұнын аштын үш сөйлемді атандар.



A Мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтандар.



5-тапсырма. «А.Байтұрсынұлы – ұлт жанашыры» тақырыбына шағын мақала жазындар.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сейлесу ауызбен сейлесуден артық дәрежеге жеткен заман.

А.Байтұрсынұлы



1-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген ақпараттан астарлы ойды анықтандар.

1920 жылдары араб қарпін тастап, латынға көшу кажет деген мәселе күн тәртібіне койылды. Қазак зиялышарының бірсынырасы осы пікірді қолдады. Қызу пікірталас, айтыс, дөңгелек үстел басындағы ойлар баспасөз беттерінде жарияланды.

Мәскеуде, Ташкентте латыншылдар үйымдары құрылды. 1924 жылы маусым айында Орынборда әліпблі ауыстыру мәселесін талқылау мақсатында Қазак-қырғыз білімпаздарының тұнғыш съезі үйимдастырылды.

ХХ ғасыр басындағы «арабшылдар» мен «латыншылдар» пікірталасы 7-8 жылға созылды. 1927 жылы 19 қарашада Халық Комиссарлар Кенесінің шешімімен Жана қазак әліби орталық комитеті құрылды. Аталған шешім негізінде комитеттің төрагасы Нұрмаков

1-бөлім

Нығмет болса, мүшелікке Тоқтабаев Кәрім, Жандосов Ораз, Байділдин Әбдірахман, Ермеков Әлімхан, Тогжанов Габбас, Шонанов Телжан сынды кайраткерлер тағайындалды.

1929 жылы 24 қантарда Қазақстан Орталық Кенес Комитетінің IV сессиясында «Латын әрпі негізінде құрылған жана қазак әліпбі Қазақстанда мемлекет әліпбі деп саналсын» деген қаулы қабылдады. Осы қаулыдан кейін, 1931 жылдың 1 қазанынан әрі қарай, барлық мекеме, кооператив¹, түрлі кәсіпорындар мен үйымдар істерін жаңа әліпбіге көшіруге тиіс деп табылды. Жаңа әліпбіге көшуге әзірлік жүргізілді. 1930 жылдың қантарынан бастап газет, журнал, кітаптар тек жаңа әліпбімен басылуы тиіс болды. Қазақстан Оку комиссариатына 1931–1932 оку жылдары барлық мектеп тек жаңа әліпбімен оқытылатын болсын деп нұсқау берді. Сессия Халық Комиссарлар Кенесіне, Оку комиссариатына, Орталық шаруашылық кенесіне, баспа орындарына тапсырма берді.

Жаңа әліпбінді жүзеге асыру барысында Жаңа қазак әліпбі орталық комитетіне мемлекеттік басқару орындарындағы толық құқық берілді. Үлкен жауапкершілік жүктелді. Жаңа әліпбінді алу жөнінде үтіненасихатты күшетту, әліпбішілердің ерікті қоғамдарын, үйымдарын, үйірмелерін көбейту, олардың істерін жандандыру шараларын жүзеге асыру жүктелді. Осылай латын таңбалары қазак елінде 10 жылдан астам уақыт қолданыста болып, 1940 жылдарға қарай ешқандай талқыға салынбастан Үкімет қаулысымен кириллицаға ауыс тырылды.

М.Майтыңұтова



A Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазындар.



Ә Уш топқа белініп, пікірталас үйымдастырындар. Бірінші топ – латыншылдар, яғни латын графикасын жақтаушылар. Екінші топ – арабшылдар, яғни араб графикасын жақтаушылар. Үшінші топ – бүгінгі жазуды (кириллицаны) жақтаушылар.



Күрделі-құрама атаулардың тақырыптық топтары

- Ертегі, аңыз, миф, әпсана кейіпкерлерінің аттары: *Ай астындағы Айбарша сұлу, Жерден шықкан Желім батыр* т.б.
- Тұрақты әпитетпен келген жалқы есімдер: *Ақсақ Темір, Ер Қосай, Қаздауыс-ты Қазыбек, Ұлы жуз Үйсін Төле би* т.б.
- Титулмен, құрметті атақпен келген кісі аттары: *Балқожа би, Шапырашты Наурызбай, Үкілі Ыбырай, Керей хан* т.б.
- Географиялық терминмен келген жер-су аттары: *Абай асуы, Арас өңірі, Барсакелмес қорығы, Үлкен Алматы көлі*.

¹ Кооператив – мүшелерінің қаржасының ортактастыру принципіне негізделген үйим.

5. Анықтауышы тұрақты жер аттары: *Ақ Ертіс, Батыс Еуропа, Құнгей Алатау, Таулы Алтай* т.б.

6. Тірек сөздермен келген атаулар: *ҚР Ұлттық Банкі, Халықаралық сот* т.б.

7. Қысқаған сөздер: *Біріккен Араб Әмірліктері – ҚАӘ, Азаматтардың хал ақтілерін жазу – АХАЖ, Қазақстан халқы Ассамблеясы – ҚХА*.

8. Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтардың атаулары: «Еңбек Қызыл ту» ордені, «Барыс» ордені, Қеңес Одағының Батыры т.б.

9. Сәулет, мемориалдық ғимарат, көше, алан, даңғыл, кешендердің мәдениет үйлерінің, сауықтыру орындарының, мәдени мекемелер мен ойын-сауық орындарының атаулары: *әл-Фараби даңғылы, Қітап үйі, Ұлттық кітапхана, Қабанбай батыр көшесі, Ә.Қастеев атындағы мұражай, Тәуелсіздік монументі* т.б.

10. Мерекелер мен атаулы күндердің аттары: *Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан), Наурыз мейрамы (22 наурыз)*.

11. Фаламшарлардың, жұлдыздардың, шоқжұлдыздардың, метеориттердің аттары: *Бикеш, Есекқырған, Жетіқарақшы, Сихотэ-Алинь метеориті, Үлкен Таразы* т.б.

12. Дауір, кезең, мәдениет, ескерткіш, тарихи оқиға атаулары: *Ақ Орда, Жеті жарғы, Қарқара жәрменекесі, Хиуа хандығы, Ұлы Жібек жолы* т.б.



Б Матінде кездескен жалқы есімдердің күрделі-құрама атаулардың қай тақырыптық тобына жататынын түсіндіріндер. Оларға дыбыстық талдау жасандар.



2-тапсырма. Күрделі-құрама атаулардың әр тақырыптық тобына мысалдар келтіріндер. Келтірген мысалдарды қатыстырып сейлем құрандар.



3-тапсырма. Жалқы есімдерді табындар. Күрделі-құрама атаулардың қай тақырыптық толқа жататынын түсіндіріндер.

1. Еріксіз ер түрікті ойға аларсың, Көкке асқан Хан Тәніріге қарай-қарай... Балқашты бауырына алған Тарбағатай. Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай (*М.Ж.*).
2. Осы отырған Дауітбай, Омар, Тұршабайлар санак кезінде жылқысының да, койының да жартысын жасырып қалды.
3. Ақыры ол адам келмеген соң, мұны аудандық аткару комитетінің председателі Үбыш Қалтанбаевтың өзі қабылдады.
4. Қызыл Армияның құрамында азамат соғысына қатысқан.
5. Асқар мен Мырзабек Бірмағамбеттен туады. Бірмағамбеттің әкесі – Тоймағамбет, оның әкесі – Қамысбай, оның әкесі – Ұста, оның әкесі – Жауқашты.
6. Шілденің ортасында Асқар Ұлы Сардармен дуанда¹ жолықты (Т.Ә.).

¹ Дуан – XIX ғасырданың Казакстан аумағындағы патшалық Ресейге тән әкімшілк жер белгісі.

1-бөлім



4-тапсырма. Мәтінді тындандар (2-аудио). БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сез оралымдарын талдаң, стильдік түзетулер жасандар.



A Мәтіндегі жалқы есімдерді атандар.



Ә Мәтін мазмұны бойынша бос орындарға қажетті сөздер мен тіркестерді жазындар.

1. Батыс Еуропа халқы жазуының қалыптасуына зор ықпалы болды.
2. Қазіргі кезде негізделген 70-тен аса әліпби нұсқасы бар.
3. Қазіргі латын әліпбінде ... әріп бар.
4. Алайда ол әріптер басқа тілдердің дәл бере алмайтындықтан және тілдегі дыбыстары әліпбидегі әріптерден әлдеқайда көп болу себебінен қосымша ... қолданылады.

Керек дерек!

Құрылтай қарапында қабылданған емле ережелері. Латын графикасын қабылдайтын түркі тілдеріне ортақ емле ережелері осы жыныда қабылданды. Олар темендегідей болды:

- орыс графикасының әріпперін алмау;
- бірдей дыбыстарға әріп алмау;
- диакритикалық таңба алмау;
- созылынды дауыссыздарды белгілемеу;
- қосар әріп алмау;
- жінішке дауыстыға таңба алмау;
- морфологиялық принципті торпақ-топрак деген сияқты сөздердің әдеби нұсқасын табу үшін пайдалану;
- дұрыс айту нормасын қалыптастыру;
- кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру (орыстар буын жазуы бойынша игерген еді, енді айтылуы бойынша игереді);
- кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (волкан – вулкан емес);
- кірме сөздерді үндесім занына бағындыру;
- кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде г, һ, ө, ъ болмагандықтан Heine – Гейне, Ньго – Гюто болып жазылады);
- халықаралық сөздердің сонындағы дауыстының кыскарту: вакансия – ваканс, шиннино – шинин, фортепиано – фортепиан;
- кірме сөздерде о әрпі тұрса, [o] дыбысы етіп айтгу.

К.Кудеринова



5-тапсырма. «Керек дерек!» мәтініндегі латын графикасын қабылдайтын түркі тілдеріне ортақ емле ережесінің әр тармағында айтылған ойды тарқатып, ез сөздерімен түсіндіріндер, мысал келтіріндер.



A Диакритикалық таңба терминінің мағынасын терминдер сөздігінен қарап жазып алындар.



Ә Мәтіннен сын есімдерді тауып, мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңдар.



Б Жалқы есімдерге 5 мысал келтіріп, оларды латын графикасына аударып көріндер. Қандай принциптер мен зандылықтарды ұстанғандарыңды түсіндіріндер.



6-тапсырма. Кім жылдам?

1. Бір заттың басқа бір затка тәуелді екенін білдіретін жалғау түрі (8 әріп).
2. Сөз бен сөзді, сейлем мен сейлемді байланыстырып, басқа сөз таптарымен тіркесіп, сол сөз таптарының мағыналарын толықтыратын, айқындастын, жеке тұрып сейлем мүшесі бола алмайтын сөз табы (5 әріп).
3. Етістіктерше және есім сөздерше түрленетін, солардың қызметін атқара алатын етістіктің ерекше түрі (6 әріп).
4. Сейлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі кейбір буын, дыбыстардың басқа тілдік бөліктерден ерекшеленіп, көтерінкі айтылуын қалай атайды? (5 әріп.)
5. Сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстың тобынан жасалған фонетикалық бөлшек (4 әріп).
6. Сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөзтүлғаларының қызметі мен қалыптасу, даму зандылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір саласы (10 әріп).

ОРИС ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың манызы ерекше. Жазу – адамдардың көністік пен уақытта тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кен түрде карым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал.

Кудайберген Жұбанов



1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқындар. Публицистикалық немесе ғылыми стиль екендігін қолданылған тілдік құралдар арқылы анықтандар.

Ешкан дай талдау-сараптаус ыз, дау-дамайсыз 1940 жылы мемлекеттік тілдік саясаттың және мемлекеттік тәртіптік күштердің ықпалымен латыниша казақ жазуы кирилл әліппен көшірілді. Сейтіп, казақ жазуы тарихында Ахмет Байтұрсынұлының зор еңбегімен алғаш рет құрастырылған казактың арабша төл әліппі де, соның дыбыстық

1-бөлім

жүйесіне негізделіп дайындалып, он шакты жыл қолданыста болған латынша қазак әліпбі де жойылды.

Қазіргі қолданыстағы кирилл-казак әліпбі де кеңестік-коммунистік жүйенің тілдік (ұлттық) саясатының ықпалымен құрастырылған еді. Ол оны қазак тілінде жоқ орыс әріптерімен толықтырды. Бұл өз кезеңінде қазак тілінің бітім-болмысына, табиги заңдылығына жат ережелерді кіргізіп, жазу емлесін өзгертип, оны курделендіріп жіберуге экелді. Соңдықтан қазак тілі емле (орфография) сөздіктері бірнеше рет (1940, 1957, 1978, 1983) кайта өндөліп отырды.

Дыбыстық жүйесі бір-біріне мүлде ұксамайтын, грамматикалық құрылымы сәйкес келмейтін тілдерге (казак, орыс) ортақ ереже шығару әрекеті емле ережелерін ескертудерге толтырып жіберді. Бұл қындықтан шығудың жолын көрсетпек болып, кеңестік саясатың қысымымен казак ғалымдары арнайы ғылыми енбектер дайындағы.

Бірақ ондай ғалымдармен келіспеушілер де болды. Көрнекті ғалым С.Мырзабеков қазак тілі дыбыстық жүйесінін үндестік заңын сактау қажеттілігін дәлелдеп, ұзак жылдар бойы тынбай енбектенді. Ал қазак тілі дыбыстық жүйесінің (фонетикасының) теріс бағытта зерттеліп жүргенін алғаш рет Ә.Жұнісбеков көрсеткен еді. Ол өзінін бір енбегінде былай деп жазады: «Тіл туыстығы мен тіл ұқсастығы жоқ орыс тілінің дыбыстары, біріншіден, казак тілінің дыбыс санын бірден көбейтіп жіберді. Екіншіден, үндесім¹ ұлғісі келіспейтін кірме сөздер көбейіп кетті. Үшіншіден, казак жазуының емле-ережелерін курделендіріп жіберді. Бұл – орыс тілінің тілбұзар ықпалдарының негізгілері ғана».

Тілбұзар ықпалдан құтылудың бір ғана жолы бар – ол әліпби ауыстыру екені даусыз. «...Әліпби ауыстыруды белгілі бір елдің тіліне не жазуына деген қарсылық деп түсінбей, казак тілінің жазуына реформа² жасау деп бағалау керек». Ол – казак тілі жазуын жетілдіруге бағытталған келелі іс. Сол себептен оның курделі де маңызды мәселелері жеткілікті. Соның бірі қолданыста болып келе жатқан өзге тілдік қоғамдық-саяси сөздерді жана әліпбімен таңбалуа мәселесі болып табылады.

Б.Жалғызы



А Мәтіннің мазмұнын толық аштын бес сөйлемді көрсетіндер.



Ә Мәтіндең дәйексөздер туралы ойларынды айтындар.

¹ Үндесім – дыбыстардың әуендесяп айтылуы.

² Реформа – өмір сүріп отырган әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, қоғамдық өмірдің кейбір жағын жетілдіру, дамыту мақсатында кайта өзгерту.



Б Орыс графикасына негізделген қазақ жазуын жақтайдындар және жақтамайдындар болып 2 топқа бөлініп, пікірталас үйимдастырындар.



2-тапсырма. Өткен такырыптарды еске тусіру мақсатында төменде берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Зат есім дегеніміз не?
2. Зат есім мағынасына қарай неше топқа бөлінеді? Атаңдар.
3. Жалқы есім дегеніміз не?
4. Құрылымы жағынан жалқы есімдер қалай бөлінеді?
5. Құрделі-құрама жалқы есімдерді атаңдар.
6. Біріккен жалқы есімдердің үш түрлі жасалу тәсіліне мысалдар келтіріндер.
7. Тіркесті жалқы есімдер дегеніміз не? Мысал келтіріндер.
8. Құрделі атаулардың қыскару жолдары туралы айтындар.
9. Қосарланған жалқы есімдерге мысал келтіріндер.
10. Құрделі-құрама атаулардың такырыптық топтарын атаңдар.



3-тапсырма. Мәтіннен есімдерді тауып, кестені толтырындар.

Жалпы	Жалқы	Деректі	Дерексіз	Жанды	Жансыз

Мен ұзын сапты қаңылтыр бақырашпен пештің ішінде балқып жаткан тастарға екі рет су шашып қалдым. Бір тастан «Ұлпан» деген жазу шыға келді. Жазу сонша таныс көрінді, мен іркілместен «Ұлпан» деп оқыдым. «Н» әрпінің жоқтығына бөгелгенім жоқ. Оқыдым да, антаң болып отырып қалдым. Жаңа ғана іркілмей оқып қалған Ұлпан атының бұл пештің ішінен кездесуге орайы жоқ секілді көрініп кетті...

Аяусыз қолдар ақ мраморды талқандап, сындырып, моншаның пешіне салыпты. Ұлпан маған сол пештің ішінде өртеніп жатқандай сезілді.

Ертеңінегінде елге келе сала Исахмет карияға жолығып, моншада көргенімді айтып едім, ол менің ойымдағы құдікті оңай шешіп берді.

— Ғабит-ау, Ұлпан сорлының көрмеген азабы бар ма!.. Ана бір жылдардағы ауыр кезде Ұлпанның басына қойылған ақ тас жоқ болып кеткен. Осы елдің жігіттері сатып жіберді деген өсек те бар... — деді мұңайып. Кария анығын айтқандай еді. Мен сұрамадым.

Менің ойыма өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесі біржола үляп, шегеленіп қалды. Қанша жыл ойымда жүрсе де, кашанғы әдетім бойынша кешігіп жарық көрген «Ұлпан» сол бейнеге, сондай бейнелерге арналады.

F.Мұсірапов

1-бетім



А Мәтіннен аудыспалы мағынада қолданылған сөздерді тауып, оларды сөз құрамына карай талдандар.



Өзінді тексері!

1. Күрделі жалқы есімі бар сөйлемді белгілендер.
 - а) Жетісу Алатауы – Қазақстандағы ірі әрі күрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі.
 - ә) Ахмет ысырыла жол берген жұртты киіп-жарып балалардың алдына барды да, қалт бөгелді.
 - б) Эйелдер көзіне жас алып, еркектер үнсіз тұнжырап, үйді-үйлеріне тарастанай көп тұрды.
 - в) Бір кезде далаға шықсам, үй артында бір шакырымдай жердегі төбенің басында Бекет отыр екен.
 2. Тұракты әшітеппен келген жалқы есімді белгілендер.
 - а) Мағауия;
 - б) қырық сан Қырым елі;
 - ә) Ұлттық кітапхана;
 - в) Ақ Ертіс.
 3. Дербес мағыналы сөздердің бірігі арқылы жасалған жалқы есімді табындар.
 - а) Қыз Жібек;
 - б) Айсұлтан;
 - ә) Орхон-Енисей;
 - в) Қамар сұлу.
 4. Жылқыға койылатын арнаулы атты табындар.
 - а) Шұбар;
 - б) Көкшетау;
 - ә) ат;
 - в) жылқы.
 5. Қосарланған жалқы есім кездесетін сөйлемді белгілендер.
 - а) Бала батылсыз барып шәугімді көтерді де, жігітке жасқана ұсынды (Д.И.).
 - ә) Бір қыз үшін Қалқаман елден кеткен... (Ш.К.)
 - б) «Қалқаман-Мамыр» дастаны алғаш рет 1912 жылы Семейде кітап болып басылып шықкан.
 - в) Тек бөлінер кезде ағайынды Нартай мен Ертайдың шырылдағ жылап, айырылмай койғаны ғана жанға батты (М.М.).
 6. Жалқы есімдердің жазылу емлесі сакталмаған сөйлемді табындар.
 - а) Кавказдан қайтарда мен қазактың меймандостығын жасап, генералға мейрамханада қонақасы бердім (Ә.Н.).
 - ә) Демек, Конқай оларсыз өмір сүре алады екен, ал олар... Конқайсыз өмір сүре алмайды екен... (О.Б.)
 - б) Аздан соң Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей ұзак-ұзак жарысуға айналды (М.Ә.).
 - в) Алғашқы күннен бастап аянмен етene жақын дос болуды әркім-ак ойлай бастаған (С.М.).

7. Жалқы есімі бастауыш қызметін атқарып тұрған сөйлемді табындар.
- Ес білетін ересектері тілті Нарымбет ағаға тартқан десетін (М.М.).
 - Ішкери жакқа Нұржанның осыменен екінші рет келуі (О.Б.).
 - Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан түсіп жаяу жетектеп, Құнанбайға қараң келеді еken (М.Ә.).
 - Міне, батыска қараң лек-лек бол монгол әскері аттанып бара жатыр (І.Е.).
8. Жалқы есім анықтауыш қызметінде тұрған сөйлемді белгілендер.
- Қатты жығылған Есікбай біразға дейін тұра алмай ынқылдаپ жатты (С.М.).
 - ... Кәдір сияқты кісінің Айша сияқты кек өрімдей қызын малжанын сала кадалып алғалы жатыр (С.С.).
 - Әбілқайырды азұлы тілекестері Дешті Қыпшакка хан етіп ак кізге көтерді (І.Е.).
 - Ал Омаш дәу ошактың бір бүйірінде ошарылып жұмыртқа жарып отыр (Д.И.).
9. Жалқы есімнің дара түрі бастауыш қызметін атқарып тұрған сөйлемді табындар.
- Куні бойы Ешкіөлместің күнгейінде жайылған мал ешкім қайырмаса да, бір ізben шұбырып ауылға кайткан (С.М.).
 - Генерал Захаров мен әр синонимді атаған сайын бір саусағын бүтіп отырды (Ә.Н.).
 - Ондай қымбат минуттар Нұржанда жоқ-ты, сызыра жайдак, тіршіліктің камымен өте шыккан сұркайлау еді (О.Б.).
 - Осындайға келгенде Қодар мұндай жыбырдың ішкі зәрін, суығын сезгендей болған (М.Ә.).
10. Жалқы есімдер қатыспаған сөйлемді көрсетіндер.
- Ал Сейхундарияның орта шенінен төмен қараң, сонау Еділ, Жайықтың аргы бетіне дейін көшіп жүрген түркі тұқымдас рулар өзі тәрізді мал бағатын (І.Е.).
 - Мұсірептің жайына қашан көшер еken деп, Шынар шыдамсызданып отыр еді (Ғ.М.).
 - Осымен екеуі Абайдың құла бестісі ерттелгенше қымыз ішіп алды да, құнбатыс жактағы Қызылшоқы деген ұсак адырга қараң желе-жортып тартып кеткен (М.Ә.).
 - Ұя керсе бітті, жұмыртқасын түтел ши қалпағына тәнкеріп ала кояды да, орнына толтырып топырак салып кетеді (Д.И.).

1-бөлім



4-тапсырма. Төмендегі ережелердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екенін табындар.

1. Жалқы есімдер бас әріппен жазылады.
2. Жетісу, Сарыагаш, Қостанай сөздері географиялық атауларды білдіреді.
3. Біріккен жалқы есімдер 4 түрлі тәсілмен жасалады.
4. Екі күрделі-құрама атау бірігіп келген жағдайда, екінші атаудың басында тұрган тірек сөздер кешенді атау ортасында тұрганына карамастан бас әріппен жазылады.
5. Эпитеті алды-артына келіп бірге айтылатын кісі аттарының екі сынары да бірдей айтылып, бір адамның есімін білдіреді және бірге жазылады.



5-тапсырма. Берілген авторлардың үяшықтарда жасырылған шығармасын табындар.

1. Бауыржан Момышұлы
2. Илияс Есенберлин
3. Мұхтар Әуезов
4. Жүсілбек Аймауытов
5. Дулат Исабеков
6. Қабдеш Жумаділов
7. Мұхтар Магаун
8. Бердібек Сокпақбаев



6-тапсырма. Матінді тындандар (3-аудио).



А Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазак жазуын орыс графикасына негізделген жана әліпбіге көшіру туралы заң қашан шықты?
2. Қазак әліпбінің орыс графикасына негізделген жана жобасын кім жасады?
3. Жаңа әліпбіде орыс әліпбінің неше әрпі бар?



Ә Әліпбиді жатқа айтындар. Әліпбидің әр әрпінен жалқы есімге бір-бір мысалдан келтіріңдер. Атаған мысалдарыңың жасалу жолын түсіндіріңдер.



7-тапсырма. «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы» деген тақырыптағы А.Байтұрсынұлының «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сейлесу ауызben сейлесуден артық дарежеге жеткен заман» деген сезін қазіргі интернет дамыған ғаламдық дауірмен байланыстырып әнгімелендер.



Ғалым болам десеңіз...

1. Аманжолов С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Павлодар. 2008.
2. Келімбетов Н. Қазақ адебиеті бастаулары (Көркемдік дәстүр жалғастығы). Алматы: Ана тілі, 1998.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінін фонетикасы. Оку құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1993.
4. Үскаков А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Ана тілі, 1991.
5. Жанұзақ Т.С. Қазақ ономастикасы. Алматы: 1С-Сервис ЖШС, 2006.
6. Смагұлов А. Қазақ есімдері. Алматы: Атамұра, 2006.
7. Жанұзақ Т., Есбаева К. Қазақ есімдері. Алма-Ата: Қазақ ғылым баспасы, 1988.
8. Құдеринова К. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оку құралы. Алматы: Елтаным, 2013.
9. Қазақ ономастикасы мен терминологиясының өзекті мәселелері. Алматы: Информ-А, 2005.



2


ФОНЕТИКА**АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ****ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Абай



1-тапсырма. «Сен үшін өмірдегі құнды нәрселер» тіркесіне ассоциация құрындар.



A Мәтінді тындандар (4-аудио).



Ә Уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтарды жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтар дейміз деген сөйлемдегі ойды тарқатып жазындар. Ойларынды дәлелді, жүйелі жеткізіндер.



Б Мәтінде көтерілген мәселеңі (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

**Интонацияның құрамдас беліктері**

Интонация ауызша айтылған сөзді байытып, әсерлендіреді. Эр сөйлем түрлі интонациямен айтылса, әртүрлі мағына береді. Интонация тәмендегідей компоненттердің бірлігінен тұрады: 1) әуен; 2) әуез; 3) қарқын; 4) тембр; 5) фразадағы сөздер мен сөз тіркестерін беліп айтуға қызмет ететін логикалық екпін.

Есте сақта!

Интонация – ауызша сейлеу кезінде сөйлемнің лексикалық құрылымын, синтаксистік қатары мен стилистикалық ерекшелігін танытады және тон жиілігінің өзгеріп тұруынан, дауыс пен ырғактың, кідіріс пен екпіннің өзгеруінен тұрады.



2-тапсырма. Өлеңді интонациясын дұрыс қойып, мәнерлеп оқындар.

Жастарға

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
 Бір білімді данышпан жан табалық...
 Сақ болалық, бір шоқып, бір каралық!
 Карапылдар мезгіл ғой, түр, каралық!
 Жұз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!..
 Ақыл, білім осындаі ар жақтарлық,
 Айласыз, етіріксіз жан сактарлық!
 Үзіп-жұлып ұятсыз атанбай-ак,
Ақылмен жол табалық ел бастарлық!..

Ш. Құдайбердіұлы

A Шәкәрім адам бойындағы қандай қасиеттерді сынға алады? Талқылап, ондағы астарлы ойды анықтаңдар.



Ә Өлең үйқасын табындар. Үйқастың интонацияға әсерін түсіндіріңдер.



Б Өлеңдегі қарамен берілген сездерге морфологиялық талдау жасаңдар.



3-тапсырма. «Интонация айтылған сезді байтып, әсерлендіреді» деген ережені ПОПС формуласы бойынша дәлелдендер.

Мениң ойымша...

Себебі...

Оны мына фактілермен дәлелдей аламын...
 ... корытындыға келдім.



А Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құрындар.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Ұлттық құндылықтың ең бастысы – ана тілі, сол арқылы өз тілін сүйеді, тел әдебиеті мұраларын сүйіп оқиды, өз халқынын тарихын, еткені мен бүгінгісін ойлайды, тарихы жайлы толғанады.

Мұстафа Шоқай



1-тапсырма. Мұстафа Шоқай аталарының ойын тарқатындар, өз ойларынды дәлелдендер.

Керек дерек!

Әрбір ұлттың тілі – сол елдің жалпыадамзаттық құндылығы, ұлттық болмысының айнасы. Тіл ұлттың мәдени өмірі мен дүниетанымы туралы

2-бөлім

акпаратты сыртқа көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге шаруашылық тәжірибесінен алынған білімдер жүйесін санада ұғым ретінде қалыптастырады.

Тіл жүйесіндегі білім адам санасының өнімі болып табылады. Сондыктан тіл мен адамның санасы біртұтас деуге болады. Яғни, адамның сана-сезімінің негізінде қалыптастан, өзіне ғана тән дүниетанымдық, рухани болмысы тіл арқылы көрініс табады, бейнеленеді.

Тіл арқылы балалар алдынғы үрпактын жинақтаған тәжірибесін, білімін де мемгереді. Тіл арқылы адам өз халқының менталитетін¹, салт-дәстүрі мен әдет-түрпін, сол спектрдегі әлемнің ерекше мәдени бейнесін қабылдайды.

Әр халықтың тіліндегі «әлемнің бейнесі» коршаган органды тұра, дәл бейнесі бола алмайды. Сондыктан «жапырақшамзаттық құндылық» деген ұғым адамзат баласына ортақ дүние болғанмен, оның әр ұлттың тілінде сол ұлттың өзіне тән ерекшеліктері болады.

Б.Оспанова



2-тапсырма. «Керек дерек!» мәтінінде берілген ақпаратқа сайкес тілдің атқаратын қызыметін санамалап беріндер.



A Соңғы азатжолдағы «әлемнің бейнесі» деген ұғымды өз сөздеріңмен түсіндіріп көріндер.



Ә Ұлттық тілді кімдер қалыптастырады? Қалай?



3-тапсырма. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген тақырыпқа эссе жазындар (5 сейлем).



4-тапсырма. Екі тұжырымның бірін таңдал, тақырып бойынша материал жинандар. Тезистік жоспар құрып, ойтолғау жазындар.



Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Рабит Мұсіренов



Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі не шала білуі мені катты қынжылтады. Бұған, ең алдымен, ата-ана кінәлі.

Бауыржан Момышұлы

¹ Менталитет – ұлтка тән ойлау жүйесі.



A Тіл туралы нақыл сөздерді жалғастырып жазып, жаттап алындар.

1. Ана сүті бой өсіреді. _____.
2. _____, сиынатын тәнірі.
3. Сөз кадірін білмеген _____.
4. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес. _____.
5. _____, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.



5-тапсырма. Ұлттық мұрамыз, ұлттық құндылығымыз болып табылатын қазақ тілінің бүтінгі жағдайы мен қоғамдағы рөлі жайлы пікірталас үйимдастырындар.



Әуен және ырғақ

Әуеннің тілдегі қызметіне бүтін мәтінді ритмикалық топтарға, сөздерге бөлу, осы бөліктерді бір бүтін етіп байланыстыру, сөйлемнің коммуникативтік типтерін ажыратуға қатысу, синтагмадағы¹ мағынасы маңызды сөзді айқындау жатады. Ал ырғақ яки ритмге қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі белгілі бір тәртіппен қайталануы жатады. Сөйлеудің жылдам, жай болуы дауыс ырғағына байланысты болады.

Есте сақта!

Әуен, мелодия (грек. *melodia* – саз, ауез) – ырғақ пен әуез арқылы белгілі бір жүйеге түсіп, үйлесім құраған әртүрлі биектіктерін дауыс қатары, яғни ән немесе қүй сазы. Бір дауыстық ауен музикалық шығарманың көркемдік езегін құрайды. Сонымен қатар лингвистикада ауен интонацияның да құрамдас бөлігі болып табылады.



6-тапсырма. Мәтінді оқып, ат қойындар. Тілдегі перифраз² қолданыстарға назар аударындар. Би-шешендер тілін ұлттық құндылығымызға жатқыза аламыз ба? Өз ойларынды ортаға салындар.

Әз Жәнібек хан жігіт кезінде өзінің бір топ досымен серуен құрып келе жатса, алдынан бір ақ құбаша бала кездесе кетеді. Жеті-сегіздер шамасындағы әлгі бала жалаңаяқ, үсті-басы жұлым-жұлым екен.

– Бұл елсіз далада неғып жүрген баласын?

¹ Синтагма – бір тізбектегі синтаксистік біртұтас қатынасты білдіретін интонациялық-мағыналық бірлік.

² Казак тіліндегі тенеулердің пайда болуы мен қолдану ерекшеліктерін зерттеген профессор Т. Коныров перифразды бейнелі синонимдер қатарына косып, оған мынадай анықтама береді: «Перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылыстың ез атымен атамай, басқаша атау әрі соның негізінде сол заттың, құбылыстың ен негізгі бір қасиетін көлтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау анықтау».

2-бөлім

— Сүтін ішіп жүрген жалғыз інгенім бар еді, содан айырылып қалып, осы даладан іздең жүрмін.

— Інгенді тұсап койсаң етті?

— Тұсап жүруші едім, тұсауы үзіліп кетіпті.

Жәнібек те жастайынан естияр, ақылды екен. Жетім баланың өлгөн шешесін жұмбактаң айтканын түсіне койыпты.

— Е-е, сенің шешен өліп, ана сүтінен айырылған жетім бала екенсін гой, кел, атыма мінгес.

Жәнібек әлгі баланы атына мінгестіріп, үйіне әкепті. Жуындырып-шайындырып, киіндіріпті. Ауыл адамдары оны түсіне қарап «Жириенше бала» деп атап кетіпті. Болашақ екі дана жас кезінен-ақ осылайша кездесіп, өле-өлгенше бір-біріне ақылсерік болып өтіпті.

«Шешендік өнер» кітабынан



A Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жасандар. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жасалу ерекшеліктерін еске түсіріңдер.



Ә Мәтінді оқығанда әуеннің көтерілуі мен бәсендеуіне тыныс белгілерінің әсер етуін түсіндіріңдер.



Б Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, морфологиялық талдау жасандар.



7-тапсырма. Бесік жырын манерлеп, әуені мен ырғағын сақтай отырып оқындар. Жаттап алындар.

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ак бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Әлди-әлди, аппағым,

Койдың жүні қалпағым.
Жүртқа жаман болса да,
Өзім сүйген аппағым!
Әлди-әлди, шырағым,
Көлге біткен құрагым.
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім!

Хатық әні



A Дауысты дыбыстардың әуенде жасаудағы қызметі мен маңыздылығы туралы айтындар.



Ә Қазақ тіліндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай белінуінде әуеннің қандай қызмет атқаратынын түсіндіріңдер. Бесік жырында кездескен лепті сөйлемдерді тек интонациямен сұраулы сейлемге айналдырып оқындар.

ҰЛТТЫҚ КУНДЫЛЫКТАР – ЕЛ БОЛМЫСЫ

Толық еркениетті ел болу үшін алдымен, ез мәденистімізді, ез тарихымызды бойымызға сініріп, содан кейін езге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жән.

Нұрсұлтан Назарбаев



1-тапсырма. Нұрсултан Эбішұлының пікірі негізінде ойларынды өрбітіндер.



A Кластер әдісі арқылы топтастырындар.



Керек дерек!

Ұлттық күндылыктарымызды әлемдік деңгейге шығаруға кабілетті тұлаға тәрбиелу үшін:

- оқушылардың үлттық сана-сөзімін калыптастыру;
 - жас үрпак санасына тутан халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мактандың сезімдерін үзату, үлттық рухын дамыту;
 - ана тілі мен дінін, онын тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
 - жас үрпак бойында жанашырылық, сенімділік, нағысшылық тәрізді үлттық мінездерін калыптастыру спектры міндеттерді орындағандаға тана басты мақсатта жетеміз.

Ұлттық тәрбие – казір елімізде орын алғып отырган көптеген маселелердің ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастарды, карттар үйлеріндегі әжелер мен аталарды т.б. бірте-бірте жоюының және олардың алғын алғып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған үрпақ деңі сау, білімді, ақылды, ұлтжансы, енбеккор, сырткайы, кішіпейіл болып еседі. Соңдықтан да ұлттық тәрбие – ел болашагы.

Digitized by srujanika@gmail.com



2-тапсырма. Ұлттық құндылықтардың ел болашағы мен жастар тәрбиесі үшін маңыздылығы жайлы пікірталас үйымдастырындар.



А Мәтінде көтерілген маселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.



Қарқындылық

Интонацияның маңызды компоненттерінің бірі – қарқындылық. Қарқындылық басқа компоненттермен біргіп, сөйлеу кезінде сөздің акценттелуіне тікелей қатысады. Әсіресе әуенмен қатар келіп отырады. Қарқындылық көбінесе синтагмаға, сөзге ой екпінің түсінен көмектеседі.

Есте сақта!

Қарқындылықтың әуенмен қатар келіп отыруы сейлемнің бірыңғай мүшелерін айтқанда, яғни санамалау кезінде көрінеді. Яки әуенінің көтеріңкі айтылуы үдемеліктің де көтеріңкі деңгейде берілуіне септігін тигізеді.



3-тапсырма. М.Шахановтың «Терт ана», М.Мақатаевтың «Уш бақыттым» елеңдерін тауып оқып, бүгінгі тақырыппен байланысын анықтаңдар.



4-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқындар. Дауыс ырғағына, қарқындылыққа назар аударындар.

...Бұдан былай біреуді келемеждең сөйлеудің қандай екенін білуі үшін Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді шерптім де, жүтіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер белмесіне алқынып кіріп бардым. Майқанова бірдене жазып, жалғыз отыр екен. Маган басын көтеріп алыш, таныркаған кейіппен қарады:

- Не болды? Не болды, Қадыров?
- Лагерьге жолдама берініші маган.
- Саган бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте баrasын.
- Неге?
- Неге болушы еді? Барлық окушыға бірден жетіспейді. Ал, екіншіден, ең әуелі біз лагерьге үлгілі, тәртіпті окушыларды жібереміз.
- Жантас немене... менен артық болғаны ма?

Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай енсесін кілт көтеріп алды:

- Сен немене? Мені тергегелі тұрсың ба?

Майқанованың көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса шапылдал, жуық арада толас бермейтінін білем.

– Бермесеніз, қойыныз, – дедім де, жалт бұрылып есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындағы әділетсіздікке канын қалай ғана қайнамайды?! Жантас – біреуді-біреуге атыстырып, от тастап жүретін кү. Сабак үстінде сыйырлап-сыпсындағыш, өзі тақтаға шықканда көрінгенге құлак түргіш Жантас үлгілі окушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Мениң сабак үлгеруім одан кеш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес...

Б.Соқпақбаев




A Мәтіннің түрін анықтаңдар.



Ә Мәтіндегі автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін көрсетіндер.



Б «Ұлттық құндылықтардың жастар тәрбиесіне әсері» тақырыбы бойынша «Балық қанқасы» әдісі арқылы ойларынды дәлелдендер.



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре отырып, коршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сактап жеткізуі болып есептеледі.

Кәкен Аханов



1-тапсырма. Кәкен Ахановтың сөзін тарқатып баяндандар.



А Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.

Мәдениет – адам қолымен жасалатын материалдық құндылық. Тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қараута болмайды. Тіл мәдениеттің өмір сұру formasы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны.

«Мәдениет – материалдық феномен¹ емес; ол заттардан тұрмайды. Бұл – адамдардың ойлауының formasы, қабылдауы мен түсінуінің, көзқарасы мен оны түсіндіруінің моделі» дейтін де көзқарастар бар. Керісінше «мәдениет – адамның санасында бекіген білім емес, бақылаушы механизмдердің: жоспарлардың, амалдардың, ережелердің, нұсқаулардың репертуары, солардың көмегімен адамның мінез-құлқын басқаруға болады» дейтін де пікір бар.

Ұлттық мәдениеттің тірегі – тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен, тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл ұлттық болмысымен калыптаскан, төл мәдениетіміз сакталған негізгі көздердің бірі деуге болады.

¹ Феномен – ерекше құбылыш, өмірде сирек кездесетін, тангаларлық нәрсе.

2-бөлім

Осылай болғанда да, кез келген халықтың мәдениетінде тілдің мәні ете зор. Тіл – мәдениетті жеткізуши, себебі ол ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріледі. Балалардың өзінің ұлттық мәдениетін қабылдауы ана тілін үйрену арқылы жүзеге асады.

A.Мырзаханов



Ә Тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің күрылымын салыстыра талдандар.



Б Мәтін мазмұны бойынша тәмендегі сөйлемдердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екенін табындар.

Сөйлем	Ш	Ж
<p>Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы.</p> <p>Ұлттық мәдениеттің тірекі – тілде.</p> <p>Балалардың туган жерін тануы ана тілін үйрену арқылы жүзеге асады.</p> <p>Тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан, тел мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі.</p> <p>Мәдениет – материалдық феномен, сондыктан ол заттардан тұрмайды.</p>		



В Берілген сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.

Тіл – мәдениетті жеткізуши, себебі ол ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріледі.

**Тембр**

Тембр (франц. *timbre* – кішкене қоңырау) – музикалық термин. Тілде тембр арқылы даудың ырғағын өзгерте отырып сезім-куйді (куаныш, реніш) білдіруге болады. Тембрдің сөйлемдегі таза семантикалық рөлі жоқ. Ол интонациялық тәсіл ретінде көбінесе сөйлемге сезімдік (эмотивтік¹) мазмұн беруге қатысады.

Есте сақта!

Интонация компоненттерінің бірі – тембр адамның әртүрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіреді. Тембр арқылы сөйлеушінің куаныш, мыскыл және т.б. сезімдері беріледі.



2-тапсырма. Мәтінді релге беліп оқындар. Даудың ырғағын өзгерте отырып, тембр арқылы сөйлеушінің сезімін білдіруге тырысындар.

Тәжиidі повесткамен ауылнайға айдатып алғып, бай алдына келген Тәжіге қанаар тікті:

¹ Эмотив – сөйлеушінің эмоциялық көңіл күйін білдіретін тілдік бірліктер.

– Сен қойды күрткандынан бұрын келмей жатып алғаның қай менмендігің? – деді.


– Ой, байеке-ай, нашар адамбыз той, келгеніміз осы болды.

– Мен үшін нашар болыптысын? Кәні, осы жерден табан аумай қойды түгенде, әйтпесе жегеніңді желкеннен шығарамын, – деп зірк-зірк етті.

Тәжи құрдай жорғалап, жерге кіріп кете жаздады. Ол байдын бетіне карай алмай, жер шұки берді. Тек мінгілеп айтканы:

– Бай, біз сіздің малдың күтімінен аяңғанымыз жок. Жарғак құлағымыз жастыққа тимей бактық, қактық, кайтеміз, дөртке ұшыра-ды, касқыр жеді, ауру алды, жұт болды... Әйтеуір, бүтін сіздің алдыңызға абыройлы болып келіп отырғанымыз жок. Оның несін айтальық. Қолымызбен істегенді мойнымызбен көтереміз де; не қылсаныз да біз өз нашарыныз. Не қылып алам десеніз де біз қолыңызда, – деп, Тәжи Шалматайға жалынып, жік-жапар болды.

Л.Жансүгіров. «Жолдастар»



A Матіннен эмоционалды-экспрессивті сөздерді тауып, оларға дыбыстық талдау жасандар.



З-тапсырма. Еркін тақырыпта диалог құрындар. Тембр арқылы диалогті әртүрлі сезімді білдіре отырып оқындар. Мәселен: куаныш, реніш, мысқыл, ашулану, күрсіну т.б.

МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ

Кершилес елдердин мәдениетін үлгісі алу елдін тілін бұзады.

Хатып Досмукамедұлы



1-тапсырма. «Кене түркі жазбалары және казак жазуы» деген бөлімнің эпиграфтарын қайта оқып шығындар. Өздеріне ұнаған эпиграфтың неге ұнағанын айтындар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін анықтандар.

Мәдениет бір уақытта пайда болған зат емес. Ол пайда болу мен қалыптасудың ұзак процесінен етті, сондыктан дәл мерзімі жок. Алайда осы процестің хронологиялық шеиберлерін анықтауга болады. Егер қазіргі тұрдегі адам – Homo sapiens шамамен 40 мың жыл бұрын пайда болса, онда мәдениеттің бірінші элементтері одан ерте – 150 мың жыл бұрын пайда болды. Бұл жағынан мәдениет адамнан үлкен. Бұл мерзімді одан әрі 400 мың жылға жүржытуға

2-бөлім

болады. Онда біздің бабаларымыз – неандертальдықтар¹ отты тауып пайдалана бастаған.

Осыдан бір ғасыр бұрын шығып тұрған «Қазак» газетінде адамзат мәдениетінің мынадай кезеңдерден өткендігін көрсетеді:

1) екпеген жердің жемісін теріп, баклаған хайуанды аулап, алыш жеп, адам баласы аңшылықпен, балықшылықпен күн көрген кездегі шаруашылық қырқасы;

2) хайуанды үйір қылышп, үйрете біліп, мал жиган, малмен күн көрген бакташылық кездегі шаруашылық қырқасы;

3) жерден терген жемісті егіп шыгарса да болатындығын байқап, егінмен тамақ асырап күн көрген кездегі шаруашылық қырқасы;

4) жоғары кәсіптердің үстіне қолөнерін кәсіп қылышп, сонымен мал тауып, тамақ асырап, дүниелік жия білген кездегі шаруашылық қырқасы;

5) қолөнері күшейіп, бұрынғы кәсіптердің үстіне айырбас келіп, яғни сауда келіп косылды. Бұл – егін, қолөнер, сауда кәсіптері толықсан кездегі шаруашылық қырқасы;

6) мәшине шығып, кәсіптің көбі мәшине арқылы істеліп, жүрістүріс, хабарласу-қатынасу жолы жenілдеген осы кезгі шаруашылық қырқасы.

«Қазак» газетінен



A Тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйене отырып, көрсетілген қырқалардың қандай қоғамдық құрылышқа жататынын анықтандар.



Ә Қырқа сезінің түсіндірмесін табындар және матіндегі қолданысына түсініктеме беріндер.



Б Тәмендегі сөздерді жанрлық және стильтік ерекшеліктеріне сай орынды қолданып, мақала жазындар.

Мәдениет, философия, тарих, халық, уақыт, ғылым, материалдық рухани, тұрмыс-тіршілік, дәстүр, табиғат, адам.



В Мәтіндегі сөнғы сейлемге пунктуациялық талдау жасандар.



Кідірістің қызметі

Интонацияның маңызды компоненттерінің бірі кідіріс (пауза) болып табылады.

Сөйлеуші өз ойын, пікірін жеткізу кезінде сөз ағымының арасын үзіп, түрлі кідірістер жасайды. Кідіріс көбінесе синтагмалар мен сөйлем арасын, сөз ағынын

¹ Неандертальдықтар – 300–400 мын жыл бұрын тіршілік еткен ертедегі адамдар. Олардың канка калдықтары Германиядағы Неандерталь аңғарынан табылған.


мүшелеуге қатысып, ой екпіні түскен сөзді анықтап, мағынасын ажыратуға септігін тигізеді.

Есте сақта!

Сейлеу кезінде орынсыз жерге кідіріс жасалса, ойдың шашыраңқылығы байқалып, тыңдаушы адам түсінбей қалуы мүмкін. Ал өз орнымен жасалған кідіріс айтар ойдың мағынасын анық береді.



3-тапсырма. «Ойлан, тап!» әдісі бойынша суреттерде берілген әлемдегі жеті кереметтің атауларын табындар. Сендер үшін алемнің жеті кереметіне нелер жатады? Ойларынды жазбаша немесе ауызша жеткізіндер.



КӨШПЕЛЛЕРДІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Әлем мәдениетінің картинасы кешпеллердің эстетикалық және этникалық тәжірибесін ескермей толық және дұрыс бола алмайды.

Мұрат Әуезов



1-тапсырма. Мұрат Әуезовтің тұжырымының тарқатып талқыланадар.



2-тапсырма. Мәтінді тынданадар (5-аудио). Жоспар құрындар.



A Мәтіннің үш азатжолындағы негізгі ойды үш сейлемге сыйдырып беріндер.



Ә Мәтін мазмұнын саралай отырып, тәмендегі кесте бойынша сұрақтар құрастырындар.

Онай сұрақ (жауабы мәтінде бар)	Киын сұрақ (нақты жауабы мәтінде жок, бірақ тақырыпка катысы бар)



B Қазақ жерінде табылған кешпелілер дәүіріне тән археологиялық ескерткіштер туралы материал жинақтап, тезистік жоспар құрындар.



В Сейлемге дыбыстық талдау жасандар.

Кешпелілердің рухани мәдениеті өте бай.



Кідіріс және тыныс белгі

Жазуда кідіріс тыныс белгілері арқылы ажыратылады. Кідірістің екі түрі болады. Оның біріншісі сейлем аяғында болатын нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі, көп нүкте болса, екіншісі – сейлем ішінде қолданылатын үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, көп нүкте, сзықша.

Есте сақта!

Сейлеу процесінің эмоциялық, экспрессивті бояуларына байланысты кідіріс қыска, ұзак, орташа болып болінеді. Қебінесе қыска кідіріс жазуда үтір арқылы, ал ұзак кідіріс сзықша арқылы белгіленеді.

Керек дерек!

«Алтын адамды» біреулер ер адам, біреулер әйел деңгі. Кемел Ақышев менін қолыма Есіктегі «Алтын адамның» мандаін сүйегі мен тәменгі жақ сүйегінің калдықтарын берген еді. Оның тәменгі жақ сүйегі өте білк, мандаіндағы қабак

сүйектері жаксы жетілгендіктен, оны ер адам деп болжам жасадым. Сондай морфологиялық ерекшеліктерін де ескере отырып, оны шамамен 20 жастагы жауынгер деп аныктама бердім. Ал накты әйел не ерек екенін білу үшін хромосомалық анализ жасау керек. Өкінішке орай, қазір сүйектің кайса екенін білмеймін. Ал «Алтын адамның» әйел адам екенине тарихшы Еділ Ноянов өзінше дәйек келтіреді. Оның айттынша, «Алтын адамның» бойы – 165 см. Оның мойнында алтын алқасы, бір құлагында сырғасы болған. Басындағы басқиімінің биіктігі – 70 см, сәуқелеге үксайды. Қазіргі таңда ғылым канша дамыды десек те, «Алтын адамның» ер немесе әйел екенін накты ажырататын ДНК талдамасы әлі күнге жасалмаған.

Оразак Смагулов, антрополог



3-тапсырма. «Алтын адамның» ер немесе әйел адам екендігі туралы ойларынды дәлелдеп, екі топқа бөлініп, пікірталас үйымдастырындар.



A Сыныптастарынмен тарихи мұражайға экскурсия жасап, алған әсерлерін туралы баяндандар.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормалы сақтау сейлеу, дұрыс жазу.

Рәйшег Сыздық



1-тапсырма. Мәтінді тындандар (6-аудио).



A «Төрт сейлем» адісін пайдалана отырып, мәтін мазмұны бойынша өз ойларынды дәлелдендер.

Пікір (бір сейлеммен)

Дәлел (пікірді бір сейлеммен дәлелдеу)

Мысал (пікірді өмірмен байланыстырып мысал көлтіру)

Корытынды (бір сейлеммен корытынды шығару)



2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп оқындар. Мәтіндең экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін көрсетіндер.

Қызық еді Аянның мінезі. Бірде, түн ортасында, дәл үйкіға жатардың алдында, далаға шыққам. Көшеде сырғанакта біреу зулатып шана теуіп барады екен. Жым-жырт айлы түнде әлгі бір ғана шананың өзі гүрілдеп, жер көшіп келе жатқандай дүбір шығарады. Шыдай алмай, жүгіріп сырғанакка бардым. Міне, қызық, шана теуіп жүрген Аян екен. Ай жарығында анық көрінді: жүзі жайнаң қағып, екі пінінен алқына дем алады. Тонының екі етегі далпылдаған, шананы көшениң басына карай сүйрете жүтірді. Мені көріп бұрылды да:

– Жүр, ойнайсың ба? – деп дауыстай сейледі.

2-бөлім

– Қойшы, түн жарымында есі дұрыс адам ойнай ма?

– Ойнағанда қандай?! Түү, сен өзі мынадай айлы, жарық түнде шанамен сырғанаудың қандай керемет екенин білмейді екенсін ғой. Айлы түнде шанаға сиқырлы қанат бітеді... – деді де, Аян жүтіре жөнелді. Сәлден кейін көшениң басына шығып ап, тағы да жер көшкендегі ғып бүкіл ауылды жанғырықтыра гүрілдетіп шанамен төмен қарай жүлдіздай акты. Дәл мен тұрган тұста кішкентай төмпешік бар болатын, зулап келген шана әлгі төмпешікке жеткенде есік пен төрдегі жерге бір-ак ырғыды да, табанынан от жарқ етіп өте шықты. Аян қолын көтеріп:

– Ур-ра! – деп айқайлады.

Маган, шынында да, ол теуіп жүрген шанаға сиқырлы қанат біткендегі көрінді. Жүгіріп үйге келдім де, каранғы ауыз бөлмеден бос тұрган шелек, легенді данғыр-дүңғыр еткізіп шанамды іздей бастадым.

– Үйбай, ұры ит кіріп кетті ме! – деп үйден апам шықкан. Менін шанама жармасканымды көріп.

– Сенбісің?! Нені қиратып жүрсің?! – деді танырқап.

– Апа, шана тебем.

Апам шошып кетті.

– Тәйт әрі, осы жеті түнде шанасы не-ей, мынанын. Бірдене көрінер мынаған, елден ерекше. – деп ұрсып берді.

– Нә-ә... әне, Аян сырғанап жүр ғой.

– Аян... О, желкен кылсын сенің. Аян дейді ғой. Аян дейді... Таста әрі... – Апам шананы әрі түкпір бұрышка қарай итеріп тастап, мені желкемнен бір түйді.

– Жат төсегіңе! Ертен де күн бар.

Мен сүмірейіп кеп, төр алдына атаммен қатарласа салынған төсегіме жаттым. Көпке дейін ұйықтай алмадым...

С.Мұратбеков. «Жұсан иісі» шыгармасынан үзінді



A Мәтін қандай стилде жазылған? Мәтін кейіпкерлерінің диалогі сөз мәдениетінің талаптарына сай ма? Дәлелдендер.



Ә Мәтіндегі соңғы екі сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.

Керек дерек!

Кіліріс түрлері

1. «Бос» кілірістер. Кейбір адамдардың сөздері ешқандай акпарат тасымайтын кілірістерге толы болады. Мұндай кілірістер әнгімені себепсіз созып, кейде әнгімелесушілерді жалыктыруы мүмкін.

2. Ойлану кілірістері. Кейбір кілірістер кезінде адам бір нәрселерді ойланып, оның мәнін анықтауда көз көрсетеді. Ойлану кілірістері әнгіменің кез келген уақытында пайда болып, «мүмкін, осылай шығар», «ашығырак айтсақ», «шұрысыбылай шығар», «жок,

олай емес, былай той» деген пікірталастарын білдіреді. Осындаи ескерпелерден кейін пікірдің жана тұжырымы айтылады. Ойлану кідірістері сөзде орынды да, кажет те.

3. Бір сөз ыргагын екіншісінен ажыратып тұратын кідірістерді интонациялық-логикалық кіліріс деп атайды. Бір сөйлемнің өзінде-ақ интонациялық-логикалық кідірістің орнын ауыстыру оның мазмұнын әжептәуір өзгертеі. Орынсыз кіліріс мәтінін мәнін кісінсиз етіп жібереді.

4. Логикалық кіліріс акыл-ойға қызмет жасаса, психологиялық кіліріс сана-сезімге қызмет етеді. Логика және грамматикалық жағынан ешқандай кіліріс жасауга болмайтын жерде психологиялық кіліріс жасаута болады.

5. Интонациялық-синтаксистік кіліріс жазба тілдегі тыныс белгілеріне сәйкес келеді де, ұзын-қысқалығы бойыниша ажыратылады. Ен қыска кіліріс үтірді, ен ұзыны нүкте қоюды талап етеді. Интонациялық-синтаксистік кіліріс сейлем тұрғанда бірыншай сейлем мүшелерін, кірме күрьымдарды, одагай сөздерді беледі; кіліріс сейлемде түсіп қалған сөздердің орнын толтырады.

6. Түрлі жағдаяттарға сәйкес пайда болған кідірістерді жағдаяттық кіліріс деп атайды. Мысал келтірейік: Аланды әскерлер сап түзеп жур. «Со-ол-га! А-а-дым-да!» деген бүйрек естіледі. Бұл жердегі кіліріс әскерлер бүйректы орындауда дайындалсын деген иштеп жасалып отыр.

kazorta.org сайтынан



З-тапсырма. Кідірістің түрлеріне тән ереженін дұрысын табындар.

«Бос» кідірістер	Кіліріс сейлемде түсіп қалған сөздердің орнын толтырады.
Ойлану кідірістері	Сана-сезімге қызмет ететін кіліріс.
Интонациялық-логикалық кіліріс	Әнгімені себепсіз созып, кейде әнгімелесушілердің біреуін жалыктыруы мүмкін.
Психологиялық кіліріс	Түрлі жағдаяттарға сәйкес пайда болатын кіліріс
Интонациялық-синтаксистік кіліріс	Әнгіменің кез келген уақытында пайда болатын, сөзде орынды, кажет кіліріс.
Жағдаяттық кіліріс	Бір сөз ыргагын екіншісінен ажыратып тұратын кіліріс



Ⓐ Кідірістің әр түрлі қолдана отырып диалог құрастырындар.



Ⓑ Мәтіннен шылауларды теріп жазып, оларды түрлеріне қарай ажыратындар.



Өзінді тексер!

1. Интонация дегеніміз не?
2. Интонация қандай компоненттердің бірлігінен тұрады?
3. Әуен дегеніміз не?
4. Ыргак дегеніміз не?
5. Каркындылықтың әуенмен катар келіп отыруы қандай кезде көрінеді?

2-бөлім

6. Тембр дегеніміз не? Мысал келтіріндер.
7. Кідіріс дегеніміз не?
8. Кідірістің маңыздылығы туралы айтындар.
9. Қыска және ұзак кідірістің тыныс белгілері туралы айтындар.
10. Интонацияның тілдегі рөлі туралы баяндандар.



4-тапсырма. «Адамзаттық құндылықтар және алем мәдениеті» тақырыбына эссе жазындар.



5-тапсырма. Тіліміздің шүрайлылығына кері әсер етуші сөздерді санамалап жазындар.



6-тапсырма. «Ұлттық құндылықтар – ел болмысы» деген тақырыптағы Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Толық өркениетті ел болу үшін, алдымен, өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сініріп, содан кейін өзге дүниені игеруге үмттылғанымыз жөн» деген сөзіне мағынасы жақын мақал-мәтелдер табындар.

**Фалым болам десеңіз...**

1. Уалиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп. 1984.
2. Сыздықова Р. Сөз сазы: сөздерді дүрыс айту нормалары. Алматы: Фылым, 1983.
3. Базарбаева З.М. Казіргі казак тілі интонациясының негіздері. Алматы: Комплекс, 2002.
4. Эміров Р. Казак тілі оқулығына әдістемелік нұсқау. Алматы: Рауан, 1997.



3

ЛЕКСИКА

КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

ҰЛТ ЖҰМЫСЫ

Ұлтқа қызмет ету білімнен емес,
мінезден.

Әліхан Бекейханов



1-тапсырма. «Ұлт жұмысы», «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» дегенді қалай түсінесіңдер? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.



A Мәтінді оқындар. Ондағы көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.

Жұмыс колға алыш істесе бітпекші, жок артынан қалмай іздесе табылмақшы. Айтқан айтқан жерде қалып, үйлеріне барып тенкін-тенкін жатып алса, жұмыс өзінен-өзі істелер ме?

Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сиякты. **Құмырсқаша** жабыла тынбай істесек өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырска болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе, алға басады. Әр құмырска бәріне керек илеудің өсуі үшін күші жетіп көтерген шөпшегін апарып салады. Ұлтын керек кылыш, халықка қызмет етемін деген казак балалары казақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай кірісп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпакшы.


Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеуге кіріссе еken. Білушілеріміз **істеуші** болса, оларды көріп өзгелер де істер еді. Сөйтіп, **көсемдер** көбейсе, ерушілер де көбейер еді.

Біреу жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді. біреу маңайымдағы елім жаман дейді. Бұлардың бәрі де бос сөз. **Абактыдан** жайсыз орын жок, онда да отырып жұмыс істеуге болады.

Ісімізді істеушілер, жоғымызды іздеушілер көбейсе, ойлаган шікір, көздеген максат жан бітіп тірілмекші. Эркім колдан келгенін сүрсақтап, түбінде үйіп-тегіп бір молықтырамын демей, аз-көбіне қарамай істей беруге әдеттенсе еken. Қазақ керегінін кебі әркімге-ак мағлұм ғой; біз кейін қалған халық алға басып, жұрт катарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оку керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

А.Байтұрсынұлы

3-бөлім



Ә Мәтіннен тірек сөздерді табыңдар. Мәтін мазмұны бойынша алты «Неліктен?» сұрағын құрастырыңдар.



Б Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сейлемдердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екенін айтыңдар.

Сейлем	Ш	Ж
<p>Жұрт жұмысы – құстың ұясындағы қының жұмысы.</p> <p>Ұлтын керек қылымп, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенише қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлттайып, толықпакшы.</p> <p>Жұртқа керегін білетіндер аз, істейтіндер көп.</p> <p>Ісімізді істеушілер, жогымызды іздеушілер көбейсе, ойлаған пікір, көздеген мақсат жан бітіп тірілмекши.</p> <p>Білімді болуга өнер керек. Бай болуга қызмет керек.</p>		



В Қарамен берілген сөздерге лексикалық талдау жасандар.



Сөздік қор және сөздік құрам

Сөздік қорға:

- тілдегі барлық сөздің үйітқысы болып саналатын түбір сөздер;
- ең қажетті ұғым-түсініктерді қамтыған, сол тілде сөйлейтіндердің бәріне түсінікті сөздер;
- түркі тілдеріне ортақ, бір буынды және көпмағыналы байырғы сөздер;
- қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан байырғы төл сөздері;
- ежелден тілге әбден сіңісіп, жалпыхалықтық сипат алған кірме сөздер жатады.

Сөздік қордағы сөздердің көлемі шағын болады. Сөздік қордағы сөздер жаңа сөз тудыруға үйіткы болып, сөздік құрамды байытады.

Сөздік құрам дегеніміз не?

Тілдегі сөздердің барлығының жиынтығын тілдің сөздік құрамы дейді. Сөздік құрамға тілде бұрыннан қалыптасқан, сондай-ақ кейін пайда болған барлық сөз енеді.

Есте сақта!

Негізгі сөздік қор талай ғасырды басынан кешіргендіктен, онда байырғы көне сөздер көп болады. Қазақ тілінің сөздік құрамының көлемі қаншалықты байыса да, негізгі сөздік қор елеулі өзгеріссіз, сол қалпында қалды.



2-тапсырма. Кім көп табады? Негізгі сөздік қорға 5 мысал келтіріп, сейлем құрандар.

**A** Ойды өрбітіндер.

- Көркем әдебиетті көп оқыған адамның сөздік коры молайды.
- Сөздік коры бай адам және казак тілінің сөздік коры – екеуі екі басқа үғым.
- Сөздік құрам және сөздің құрамы дегендердің айырмашылығы жер мен кектей.

**Ә** Мына арналар қай көлге барып құяды: «сөздік қор» көліне ме, «сөздік құрам» көліне ме?**Керек дерек!****Негізгі сөздік кор**

Қазак тілінің негізгі сөздік корының құрамы біркелкі емес. Оның негізінде түркі тілдеріне ортақ байыргы сөздер жатыр. Негізгі сөздік корға тән басты белгі – тұрактылық. Оған бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп, барша ұрпак үнемі колданып келе жатқан сөздер кіреді. Негізгі сөздік кор тек бір буынды сөздерден тұрады деп ойлауга болмайды. Оған негұрлым кейін пайда болып, жалпыхалықтық сипат алған казактың сөздері, кейбір кірме сөздер де кіреді.

Негізгі сөздік корға тән екінші басты белгі – оның сез тудырута ұйыткы болатындығы. Негізгі сөздік кор болмаса, сөздік құрам молайып байымас еді. Негізгі сөздік корға енетін сөздердің сөзжасам қабілеті де бірдей емес. Мысалы, ете көне замандардан белгілі екеніне қарамастан, сан есімдерден тұган сөздер ете аз. Ал зат есім мен етістік түбірлердің көпшілігі сөзжасамда аса өнімді қызмет атқарады. **Негізгі сөздік корға енетін сөздердің қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың барлығы тек түсініп қоймайды, оны қүнделікті өміріндегі үнемі колданып отырады.** Өйткени ол – лексиканың ең негізгі саласы, жалпыхалықтық колданыстағы сөздер.



З-тапсырма. «Керек дерек!» мәтіні бойынша темендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріндер.

1. Негізгі сөздік корға тән белгілерді атандар.
2. Қазак тіліндегі негізгі сөздік кордағы сөздердің сөзжасаммен байланысы.

3-бөлім

3. Неліктен негізгі сөздік қорға енетін сөздерді қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың барлығы түсініп, күнделікті өмірде колдана береді деп ойлайсындар?

-  **A** Жаңа сөздің туындауына ұйытқы болған сөздерге мысалдар келтіріндер.
-  **Ә** «Керек дерек!» мәтініндегі қарамен жазылған сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.
-  **4-тапсырма.** «Біреу жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді» деген Ахмет аталарының ойын тарқатып, аргументативті эссе жазындар.

МАМАНДЫҚ ТАНДАУ

Ен қын мамандық – адам болып
калу.

Хосе Хулиан Мартин

-  **1-тапсырма.** Мәтінді тыңдандар (7-аудио).
-  **A** Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.
-  **Ә** Эпиграф пен мәтінді байланыстыра отырып, мәтіндегі «Мамандық тандау – тағдырынды тандау» деген тұжырымды бес сөйлем көлемінде өрбітіп жазындар.
-  **Б** Екі топқа белініңдер. Әр топ өз тақырыбын қорғап шығуы тиіс.

Ен тәтті
мамандық

Ен жауапты
мамандық

**Сөзжасам туралы түсінік**

Жаңа сөздер тілді байытады, сондықтан тілдің сөздік құрамының баюында негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады.

Сөзжасамның тәсілдері:

синтетикалық – негізге сөз тудыруши жұрнақтардың жалғануы арқылы екіншілік мағынаның туындауы. Мысалы: әсемпаз, сырлы, куәгер т.б.;

аналитикалық – негіздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы ерекше мағыналы атау жасау қабілеті. Мысалы: өнерқасіл, теміржол т.б.;

лексика-семантикалық – белгілі бір сөздің жаңа мағынаға ие болуы арқылы жаңа сөздің жасалу жолы. Бұл тәсілде сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрын қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады. Мысалы: *ак*, *айтыс*, *бұлдірген* т.б.

Сөзжасам нәтижесінде жасалған туынды сөздер сөздік құрамға қосылып отырады.

Есте сақта!

Сөзжасам мен лексикология сөзді әр түрғыдан зерттейді. Лексикология тілде бар сөздердің мағыналық ерекшелігін, шығу арнасын, ал сөзжасам болса туынды сөздердің жасалу зандарын зерттейді.



2-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқындар. Перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырындар.

Казакқа қажет мамандық

Сарапшы мамандардың пікірінше, бүтінгі күнде маркетолог¹, web-дизайнер, химик, ақпараттық технолог, өнеркәсіп саласы мамандары жетіспейді. Ал астрофизик, астроном сынды ғарыш саласы мамандары мен механик, картограф, геодезист мамандығына еліміз аса зәру. Бұл мамандықты тандаушылар қатары жоқтың қасы болса, қажеттілік жылдан-жылға артып келеді.

Күннен-күнге заманауи технологиялардың сан түрі шығарылып жатыр. Қазір кезінде арман болған «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алу да» таңсық емес. Адамзат жеті қат көкті де, жерді де зерттеп-зерделеді. Ғаламат ғарышка да табан тіреді. Яғни, төрткіл дүние техникаға телмірген заман болды. Осыған орай еліміз де ел экономикасының басты бағдары болып отырған мұнай-газ және энергетикалық салаға баса назар аударып отыр. Бірақ бір «эттеген-айы» – бұл мамандыққа деген сұраныстың артуы жоғары болғанмен, оған жастардың қызығушылығы темен. Жас жеткіншек тек өз жүрек калауымен ғана тандаған мамандықтың шебері бола алады, яғни мамандық тандау – жай ғана оқып, диплом ала салу емес, өмірлік жолында айқындау...

Елбасының нанотехнологиялық орталықтар мен зерттеу институттарын қалай болғанда да дамыту керектігін айтканы белгілі. Ал бұл саланы дамытсақ, химиялық биология, биотехнология сынды ғылымдардың да дамуына мүмкіндік туады.

А.Дүйсенбайқызы

¹ Маркетолог – маркетингтік зерттеуді, баға белгілеуді т.б. орындаудын немесе үйымдастыратын маман.

3-бөлім



A Кім кеп табады? Матіннен сөзжасамның З тасіліне сәйкес келетін сөздерді жазып алып, жасалу жолын түсіндіріңдер.

Синтетикалық :

Аналитикалық :

Лексика-семантикалық :



Ә Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Мамандық таңдауда ең бастысы не: кабілет пе, дарын ба, әлде мамандыктардың коғамдағы беделі ме?
- Ауыл экономикасын көтеру үшін ауылға ең алдымен қандай мамандыктар қажет деп ойлайсындар?
- Белгілі бір кәсіптің несі болу үшін міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе?
- Енбек нарығындағы бәсекелестік туралы не білесіндер?
- Адам өз мамандығын таңдаған кезде нені басшылықка алу керек?
- Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі керек?



З-тапсырма. Кім жылдам?

- Ж-дан басталса, жыл мезгілі.
К-дан басталса, онда ол күс – белгілі.
- Кеп қолданылатын жазу құралы
Егер ол сөз Р-ға бітсе.
Білдіреді ол малдың түсін
Р-ға бітпей, З-ға бітсе.
Бұл қандай сөздер?
- Құрамында З а дыбысы келетін тау аттары.



A «Мамандық таңдау» ойынын ойнаңдар. Өздерің қалаған мамандықты таңдап, оның артықшылықтарын дәлелдендер.

Керек дерек!

Сөзжасам туралы түсінік

Сөз жасау ісіне тілшін сөзлік құрамындағы сөз атауларының катысы бірдей дәрежеде емес. Тілімізде байыргы сөздермен катар, басқа тілден енген сөздер де ете кеп. Осы екі топтагы сөздердің сөзжасамға катысын салыстырганда оларда айырма бар. Байыргы сөздердің сөзжасам әрекетіне катысы белсенді түрде болса, басқа тілден енген сөздер сөзжасамға одан әлдекайда басен түрде катысады. Мысалы, байыргы сөздерге жататын негізгі түбірлердің бәрі де туынды сөздердің жасалуында ерекше қызмет аткарған, туынды сөз жасауга

қатыспайтын негізгі түбір сөзді тілде кездестіру күни. Рас, олардың өнімділігі бірдей емес: *кісі*, *бас* деген сөздерді алсак, олардың туынды сөз жасаудағы иәтижесі әртүрлі, *кісі* деген сөз 16-17 туынды сөз жасаған, *бас* деген сөзден 140-тан астам туынды сөз жасалған. Ал жет деген негізгі түбірден 110 туынды сөз, күн деген негізгі түбірден 68 туынды сөз, түп деген негізгі түбірден 55 туынды сөз, бет деген негізгі түбірден 49 туынды сөз жасалған.

«Казак: грамматикасы» кітабынан



4-тапсырма. Неге басқа тілден енген сөздер сөзжасамға басен түрде қатысады деп ойлайсындар? Ойларынды мысалдармен дәлелдендер.



A Бір сөзді таңдаң алғып, сол сөзден туынды сөздер жасандар. Сыныптағы ең кеп туынды сөз жасаған окушыны анықтандар.



Ә «Керек дерек!» матінінде сөз деген сөздің неше рет және қандай тұлғада кездескенін табындар.



5-тапсырма. Сөзжасамның 3 тасіліне 5 мысалдан келтіріндер. Мысалдарына сейлем құрап жазындар.

САТУ МЕНЕДЖЕРІ

Мамандықтың жаманы жок, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамак асыраудың гана жолы емес, үлкен енерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Жусінбек Айтмағұлов



1-тапсырма. Матінді оқып, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы матіннен қажетті ақпаратты табындар.

Бұрын қазакта сату, қолма-қол сауда жасау жұмыстары дамымаған еді. Дамымак түрмак, ондай іспен айналысатындарды **алыпсатар**, саудагерлер деп жақтырмайтын. Кенес дәуірі кетіп, басқаша енбек катынастары келип, нарық кіргелі бері қазак саудаға үйрене бастады. Мәселен, қазір енбек нарығында дәл осы мамандар өте қажет. Қандай да бір компанияның кірісінің¹ көлемі оның өнімінің өтімділігіне байланысты екені анық. Қазір катардағы **сатушылардың** да жұмыс тәжірибесіне және біліміне қатты назар аударылады. **Менеджерлерге**² келетін болсақ, компаниялар олардың айлық ақысына қосымша

¹ *Kіріс* – белгілі бір зат өнімінен не сауда жолымен түсетін акшалай-заттай түсім.

² *Менеджер* (ағылш. *manager* – басқарушы) – жағдамалы басқарушы, өндірісті ұйымдастырушы маман.

3-бөлім

бонустар төлейді. Бұл – компания тауарының тез әрі тұракты өтуінін кепілі. Осылайша кейде сатушының өзі миллион тенгеге дейін **еңбекақы** тауып, компания директоры одан екі есе төмен жалақы алуы да ғажап емес. Айтпакшы, **нарықтық** экономикада маркетологтерге де сұраныс кеп. Бүгінде көптеген сауда дүкендері онлайн жүйеге көшуде. Демек, онлайн-сатылым жүйесіндегі маркетологтер – болашактың мамандығы!

matapbol.kz сайтынан



A Эпиграфтағы Ж.Аймауытовтың сезі мен мәтіндегі ойды байланыстырындар.



Ә Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге лексикалық және фонетикалық талдау жасандар.



Б Тиісті мамандық түрлерін жазып, кестені толтырындар.

Адам – табиғат	Адам – техника	Адам – адам	Адам – өнер

**Сөздік құрамның кірме сөздер арқылы толығуы**

I. Араб, парсы, иран тілдерінен қазақ тіліне сөз ену ертеден, сонау VIII–IX ғасырлардан басталады:

1) шаруашылық, сауда қатынастары арқылы енген сөздер: *айна, таға, орамал, перде, базар, таразы* т.б.;

2) мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы, әсіресе Фирдоуси, Науай, Омар Хайям мен Хафиз шығармаларымен бірге енді: *мектеп, мереке, емтихан, ғылым, ғалым, пән, медресе, мағлұмат* т.б.;

3) исламға байланысты енген сөздер: *Алла, молда, мешіт, шариғат, ораза, намаз, ақырет, мұнара* т.б.

II. Ұзақ уақыттың ішінде Монгол империясы әлемде үстемдік құрғандығы әсерінен біраз халықтың тіліне монгол тілінен сөздер енді. Монгол тілінен сөз ену кезеңі XII–XIII ғасырлар деп саналады. Монгол тілінен қазақ тіліне енген сөздерді негізгі үш топқа бөлуге болады:

1) ел билеу мен мемлекетке байланысты сөздер: *хан, ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық* т.б.;

2) жер-су атаулары (негізінен, Шығыс және Оңтүстік Қазақстанның топонимдері): *Алтай, Тарбағатай, Нарынқол, Нұра, Баянауыл, Зайсан, Қордай* т.б.;

3) басқа сөздер мен атаулар: *жыл, жол, жиен, нұр, жаға* т.б.

III. Орыс тілінен қазақ тіліне сөз ену сонау XVIII ғасырдан басталады.

Орыс тілінен қазақ тіліне сөз қабылдау үш кезеңге бөлінеді:

1) XVII–XIX ғасырлар арасы. Мысалы: *болыс (волость), сот (судья), жарменеке (ярмарка)* т.б.;

СӨЗДІК ҚОР ЖӘНЕ СӨЗДІК ҚҰРАМ

- 2) XIX ғасыр мен XX ғасырдың 30-жылдарына дейін. Мысалы: *дуга* (дуга), *қамыт* (хомут), *агроном*, *электр т.б.*;
 3) 1930 жылдардан қазірге дейін. Мысалы: *директор, сервант, гарнитур* т.б.

Есте сақта!

Қазіргі қазақ тілінің сөздік кұрамының ең бір бай арі күрделі қабаты – орыс тілінен енген кірме сөздер. Олардың көбі кенес дауірінде де, қазір де орыс тіліндегі орфографиясын сақтап жазылады.



2-тапсырма. Түсіндірмे сөздікті пайдаланып, араб-парсы, монгол және орыс тілінен енген сөздерге 10 мысалдан тауып, кестеге орналастырындар.

Араб-парсы	Монгол	Орыс



3-тапсырма. Матінді тыңдал, кірме сөздерді теріп жазындар. Кірме сөздердің нақты қай тілден енгендігін түсіндіріндер (8-аудио).




А Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрап дайындандар. Көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдандар.



Ә Темендең кестеден мамандық атауларын тауып, оларға лексикалық талдау жасандар.

М	Ұ	Ғ	А	Л	І	М	А	Н	М	Ғ	Қ	Г	О	З
Ы	Ү	Ц	Й	Ы	Ч	С	М	Т	О	А	Р	О	Л	А
Т	Ә	Р	Б	И	Е	Ш	І	Ү	О	Л	Я	Ь	Т	Ң
А	П	Р	О	Л	Д	Ж	Қ	Ә	Ю	Ы	Ч	Ф	І	Ғ
Қ	А	И	Р	О	В	Ә	Ф	Й	З	М	А	П	Ә	Е
А	Ж	А	З	Ү	Ш	Ы	П	Ь	Н	Щ	П	Х	А	Р
Ы	К	П	А	Т	Қ	Ғ	Ә	З	П	Г	Ү	А	Д	Б
Д	З	П	В	Ә	К	З	П	В	Б	Ж	П	Қ	А	Ю
Ә	К	Ы	А	К	С	А	Т	Ү	Ш	Ы	Э	М	Я	М
Р	В	Ә	Ы	Н	А	Т	П	Ә	А	В	Ү	И	Ш	С
І	Ы	З	Х	А	Т	Ш	Ы	Ш	В	Қ	Ч	Я	Ы	В
Ғ	Я	А	А	І	Ы	Ч	М	И	П	Р	Г	Ш	Ү	Ү
Е	К	Ч	К	І	Т	А	П	Х	А	Н	А	Ш	Ы	Ғ
Р	С	М	Т	Щ	З	Х	Ү	Ү	В	П	Қ	Ж	Э	Р
Қ	Р	А	К	В	Ұ	Ы	Ф	Ы	І	В	Я	Ф	Й	П

3-бөлім



4-тапсырма. Орыс тілінен қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағынып кірген сөздердің түпнұсқа тілдегі жазылуы мен айтылуын табындар.

Бағынып кірген сөздер	Түпнұсқасы
самаурын	
жәшик	
кәрзенке	
кереует	
бәтенке	
сөмке	
тәрелке	
стакан	
шайнек	
сот	
бөрсөнс	
кәмпіт	

Керек дерек!**Кірме сөздер**

Араб және парсы тілінен енген сөздерді үлкен екі топқа бөлуге болады:

1) қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын араб, парсы сөздері;

2) қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын, алайда ескі қазақ жазба тілінде жиі қолданылатын араб, парсы сөздері.

Жалпы араб және парсы сөздері екі бөлек тіл элементтері болса да, күні бүтінге дейін «араб-парсы» деп қосарлап жазу қалыптаскан. Араб тілі мен парсы тілі туыстас тілдер болып есептелмейді және тілімізге арабтар мен парсылар тұтас бір ғана тіл түркісінан емес, жеке-жеке ұлт ретінде ықпал етті. Сондыктан араб, парсы үтір арқылы жазылғаны дұрыс. *Дос, әйнеке, гүл, айна, орамал, перде, асхана, дастарқан, жайнамаз, мейман, Құдай, көр, абырай, әрдайым, пүшайман, астана, дүрбі, өнер т.б.* көптеген парсы сөздерінің араб тіліндегі айтылуы мүлде басқа.

Гүлфар Мамырбекова

5-тапсырма. «Керек дерек!» мәтіні авторының түсіндірме сөздігін пайдаланып, араб және парсы тілдерінен енген сөздердің әр тобына 5 мысалдан келтіріндер.



A Қазақ тіл білімінде араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздерді зерттеген ғалымдар және олардың өңбектері жөнінде ғылыми эссе жазындар.



Ә Мәтінде араб және парсы тілдері туралы қандай пікірлер айтылған?



6-тапсырма. Кестеде көрсетілген ойға көзқарастарын қандай?

Тапсырма	келісемін	келіспеймін	дәлелде
1	2	3	4
Мамандық бір-ак рет және біржола таңдалады.			

1	2	3	4
Мамандық таңдау калтанның калынзығына байланысты.			
Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне тікелей байланысты.			
Картайғанда да мамандық таңдауга болады.			
Мамандық таңдау үшін психологтың көмегі кажет.			
Ақшан болса болды, мамандық таңдау манызды емес,			

ЖАҢА МАМАНДЫҚ ТҮРЛЕРИ

Ісім онсын десеніз,
Сол істің маманы болыныз.

Әл-Фараїд



1-тапсырма. Жаңа мамандық түрлеріне қандай мамандықтар жатады? Ойларыңмен бөлісіндер.

Керек дерек!

Бүгінгі күні адам баласы XX ғасырда қажетсінбеген, тіпті естіп-білмеген түрлі мамандықтар пайда болуда. Ол, негізінен, ақпараттық технологиялардың ұшқыр дамуына, қызмет көрсету және саладагы енбекті жіктеу ережесінің түрленуіне байланысты. XXI ғасыр адам өмірінің әртүрлі саласына жаналықтар енгізіп қана қоймай, жаңа мамандықтарды да ала келді. Мысалы:

- *брэнд-менеджер* – тауарды сатуды ғана емес, оның қалай өндірілетінін де жақсы білетін маман;
- *логистик* – жүк тасымалын қадағалайтын маман;
- *промоутер* – компанияның өнімді сату, жарнамалау және откізу жұмыстарымен шұтылданатын екілі;
- *супервайзер* – сауда өкілдіктерінің жұмысын қадағалайтын, жаңа бағыттарды айқындаштын маман;
- *веб-мастер* – сайт жасаумен шұтылданатын маман;
- *копирайтер* – сайт үшін контент күрушы.

Бұл тізімдегі мамандықтарға деген сұраныс күннен-күнге артып келе жатқаны анық. Ал сен кай мамандықты тандар едін?

massaget.kz сайтынан



2-тапсырма. XXI ғасырда жаңа мамандықтардың пайда болу себебі неде?



A «Керек дерек!» айдарындағы қарамен берілген сөздерге лексикалық талдау жасандар.



Сөздік құрамның термин сөздер мен касіби сөздер арқылы толығуы

Терминдер – нақты бір ұғым атавы. Терминдердің лексиканың басқа түрлерінен айырмашылығы – олар көп мағыналы емес, бір ғана нақты мағыналы болып келеді: оларда эмоционалды бояу, экспрессивті-стилистикалық қызмет болмайды. Кейбір терминдер ғылымның бірнеше саласында қолданылуы мүмкін. Жеке бір ғылымның өзіне тән терминдері де болады. Мысалы: лингвистикалық терминдер: *фразеология, фонетика*; әдеби-өнер терминдері: *проза, драма, сатира*; математика терминдері: *алгебра, аксиома, теорема*; физика терминдері: *атом, ампер т.б.*

Касіби сөздер. Белгілі бір кесіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында қолданылатын, көшілікке бірдей түсінкті бола бермейтін сөздер касіби сөздер деп аталады. Касіби сөздер екі салаға бөлінеді: 1) қолөнерге байланысты касіби сөздер: *пышқы – араның түрі, ыңғыру – ағаш оятын құрал, тышуыр – бұрап тесетін құрал*; 2) ауылшаруашылығына байланысты касіби сөздер: *пая – өсімдік сабагы, торлама – қауын түрі*.

Есте сакта!

Орыс сөздерінің қазақ тіліне еніп, сол күйінде жиі жүмсалуының себебі – оларды кезінде солай айтып, солай қолдануға мажбур етті және тілде ол ұғымды бере алатын баламасын табу жолға қойылмады.



3-тапсырма. «Керек дерек!» мәтініндегі кірме сөздерді табыңдар, олардың термин сөздерге қатысын түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Термин сөздерге қатысты «Есте сакта!» айдарындағы ойды талқыланыңдар.



A Суретте көрсетілген мамандық және кәсіп түрлеріне қатысты сөздерді тауып, олардың қай тілден енгендігін анықтаңдар. Қалаған кәсіп түріне кірме сөздерді пайдалана отырып сейлем күрандар.





Ә Ережедегі «Терминдер – нақты бір ұғым атауы. Терминдердің лексиканың басқа түрлерінен айырмашылығы – олар көпмағыналы емес, бір ғана нақты мағыналы болып келеді; оларда эмоционалды бояу, экспрессивті-стилистикалық қызмет болмайды» деген тұжырымды мысал көлтіру арқылы дәлелдендер.



Б Жаңа мамандықтар, салалық терминдер, касіби сөздер деген ұғымдарды өзара байланыстырып, ғылыми стильде матін құрастырындар.



5-тапсырма. А.Байтұрсынулының терминге қойған талаптарын оқып шығып, бүгінгі тілдік жағдаятпен байланыстырып талқыландар.

1. Терминдік ұғымдарға ен алдымен барынша қазактың төл сөздерін алу.

2. Қазак тілінде ондай мағынаны беретін сөздер жоқ болған жағдайда, туысқан түркі халықтарының тілінен алу.

3. Жалпы колданыстағы Еуропа тілдеріндегі (орыс тіліндегі) терминдерді қазак тілінің дыбыстық табигатына сай жазу.

4. Жалпы колданыстағы Еуропа тілдеріндегі терминдерге қазак тілінің төл сөздерінен балама табылған жағдайда, оларды катар беру, кейін бірте-бірте қазақ сөзімен ауыстыру.



А Перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, матін бойынша сұрақтар құрастырындар.

БИРТУРЛІ МАМАНДЫҚТАР

Мамандыкты дұрыс тандау – өмір жолының сәттілігінің негізі.

Э.Ф.Зеер



1-тапсырма. «Біртүрлі мамандықтар» дегенді қалай түсінесіндер?



А Мәтінді оқындар. Перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, матін бойынша сұрақтар құрастырындар.

Әлем тез дамып келеді. Күннен-күнге жана мамандықтар пайда болып жатыр. Соның кеңі біздің көғамға бейтаныс. Мысалы, әнгімелесуші мамандығы алғаш Жапонияда пайда болды. Әнгімелесуші арнайы үйшікте отырады. Кез келген адам мұны, реніші, ашуы, корқынышы, қуанышымен болісіп, ішіндегі сезімін сыртқа шығара алады. Мұндай маман аптасына 10 мыңнан аса адам қабылдауы мүмкін.

Кезекте түрушы мамандығы Ұлыбританияда пайда болды. Зерттеу нәтижесі бойынша ағылшын тұрғындары өмірінің бір жылын кезекте түрумен өткізеді екен. Кез келген адам өз ісін тоқтатпай, орнына арнайы маманды шақыртып, кезекте түруды сұрайды.

Байер – сіздің орныңызға кім алғып жүретін маман. Ол кім өлшемің бойынша сән мен стильге сай кім тандап алғып береді. Бұл – батыста танымал мамандықтың бірі әрі уакыт үнемдеуге мүмкіндік

3-бөлім

береді. Алайда екі есе шығынға әкеліп соғады. Мұнда не ақшаны, не уакытынызды тандауыныз керек.

Сонымен катар адамға сәнді образды таңдап, талғамын жақсартуға тырысатын имиджмейкер, көпшілік алдында сейлейтін мәтінді жазып, дайындал беретін спичрайтер¹ сияқты мамандықтар бар.

massaget.kz сайтынан



Ә Мәтінде көрсетілген «біртүрлі» мамандықтардың қайсысы сен үшін біртүрлі, ал қайсысы қалыпты?



Б Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемге пунктуациялық талдау жасандар.



В Мәтіндегі кірме сөздердің санын анықтандар.



Г Мәтіндегі өздеріне қызықты әрі күлкілі болған бір мамандықтың иесіне хат жазындар.



Сөздік құрамның диалект сөздер мен жаргон сөздер арқылы толығуы

Диалект сөздер – белгілі бір жердегі тұрғындардың сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер. Диалект сөздер жалпыхалықтық болып есептелмейді. Өйткені олардың көпшілігінің әдеби тілде баламалары болады. Мысалы, әдеби тілдегі *шалбар* сөзі Алматы облысында сым деп айтылады; әдеби тілдегі *қабырға* сөзі Ақтөбе облысында жар деп айтылады; әдеби тілдегі *жұмыртқа* сөзін Оңтүстік Қазақстан облысында тұқым деп атайды.

Диалект сөздердің бірнеше түрі бар:

- **фонетикалық диалектизмдер:** бұл жақ – бұйақ;
- **грамматикалық диалектизмдер:** барғайы (барғалы орнына), біз баралық (барайық орнына);
- **лексикалық диалектизмдер:** беймарал, арқайын – жайбарақат.

Жаргон сөздер. Қазіргі тілде жаргон әсіресе жастар тілінде (жастар сленгісі) кеңінен қолданыс тапты. Жаргон – шағын ғана әлеуметтік топқа қызмет ететін, өзіне тән грамматикалық құрылышы мен сөздік қоры жок, жалпы халыққа түсініксіз жасанды тіл. Мысалы, *маяк тастау* т.б.

Жаргонның мынадай түрлерін кездестіруге болады: әскери жаргон, журналистік жаргон, компьютерлік сленг, ойын жаргоны, сауда (сетевой) жаргоны, жастар сленгісі және т.б.

Есте сақта!

Кейір тілдік ерекшеліктер болмаса, қазақ тілінде диалект дейтіндей бірін-бірі сөздікіз үғыса алмайтын ерекшелік жок.

¹ Спичрайтер – мемлекеттің жоғары шенді тұлғаларынын, саясаткерлердің, когам кайраткерлерінің немесе бизнесмендердің сейлеу мәтінін құрастыруши.



2-тапсырма. Диалектологиялық сөздікке сүйене отырып, бірнеше диалект сөз теріп келіндер. Әдеби тілдегі нұсқасын көлтіріп, мағынасын түсіндіріндер.



A Темендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақ тілінде диалект бар ма?
2. Атырау мен Алтайдың арасы бірін-бірі сөздіксіз түсіне беретінің мәніндеңін?
3. Тіл мәдениеті дегеніміз не?
4. Жаргон сөздермен сөйлеу дұрыс па?
5. Диалект сөздердің көбі тарихи сөздер дегенге келісесіндер ме?
6. Кәсіби сөздер мен диалект сөздер бір ме?
7. Кәсіби сөздердің термин сөздерден айырмасы неде?



3-тапсырма. Жастар арасында қолданылатын сленг бірліктерді пайдаланып диалог құрастырындар.



4-тапсырма. Диалект сөздер мен жаргон сөздердің қолданысы, сейлеу негізінде тіл мәдениетін, әдеби тілді сактаудың маңызы мен қажеттілігі туралы пікірталас үйымдастырындар.

Керек дерек!

Диалект сөздер

Қазақ диалектологиясына қатысты 1940–1950 жылдарда болған талас мәселенін тағы бір – жергілікті ерекшелікті әдеби тілші байытулын бір көзінде қарастыру немесе көрісінше әдеби тіліміздің шубарлайтын құбылыс ретінде тану. Бұл тұргыдан келгенде академик Н.Сауранбаев «жергілікті ерекшеліктер сол халықтың тарихын зерттеп, басқа халықтармен карым-катанасын ашу үшін аса қунды материал болып табылатынына» ерекше назар аудара отырып, диалект сөздердің танып білудің оны зерттеудің маңыздылығын белгіші топтап көрсеткен:

- 1) тіліміздің жергілікті ерекшеліктері – қазақтың халық, ұлт болып қалыптасуы туралы бағалы мәліметтер береді;
- 2) диалектологиялық материалдар этнографтар¹ мен археологтер үшін аса қунды мәліметтер береді;
- 3) қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін білу жазушылар үшін де аса қажет;
- 4) диалектологиялық материалдармен таныс болу қазақ тілі мен әдебиетінің мугалімдері үшін де өте-мөте қажет. Тіліміздің жергілікті ерекшеліктерін білмese, олар оқушыларды әдеби тілге дұрыс төсөлдіре де алмаган болар еді;
- 5) қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін білу лекторлар үшін де журналистер мен радиокомитет қызыметкерлері үшін де қажет.

Гүлфар Мамырбекова



5-тапсырма. 2 топқа белініп, пікірталас үйымдастырындар.

1-top. Қазір қазақ тілінде диалект сөздер бар.

2-top. Диалект сөздер жок. Қазақ тіліндегі сөздердің барлығы қазақ халқына ортақ.

¹ Этнограф – белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғалым.

3-бөлім

A Диалект сөздерді танып білу не үшін қажет? Жеке-жеке тоқталып, түсіндіріп етіндер. Мәселен, лекторлар үшін диалект сөздерді білудің маңыздылығы қандай?



Ә «Керек дерек!» мәтініндегі қарамен берілген сөйлемге пунктуациялық талдау жасандар.



6-тапсырма. «XXI ғасырдағы мамандықтар» тақырыбына реферат жоспарын күрүп, қай тарауда не айтатындарынды қысқаша баяндандар.



7-тапсырма. Мамандыққа байланысты «Ең...» ойынын ойнандар.

Ең ақшасы кеп ...

Ең күлкілі ...

Ең тәтті ...

Ең салмақты ...

Ең жауапты ...

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Еңбектін көзін тапкан байтықтын езін табады.

Мақат



1-тапсырма. «Касіп болмай, насіп болмас» деген мақалдағы ойды тарқатындар.



А Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдандар.

Қазір кәсіпорындардың үш түрін бөліп көрсетуге болады: ірі, орта және шағын. Олар бірін-бірі толықтыра отырып, экономиканың тұтас жүйесін құрайды.

Кез келген еңсөлі елдің экономикалық өсімі мен өркендеуінің негізі осы шағын және орта кәсіпкерлік болып табылады.

Шағын бизнестің артықшылықтары көп. Бұл – шағын және орта бизнестің динамикалығы, икемділігі, тұтынушылар қажеттілігінің езгеруіне тез жауап беру және тауарлар ассортиментін ауыстыру, технология саласына жаңалықтар енгізу мүмкіндігі. **Персоналды** басқару сферасында бұл – еңбек ұжымында бейресмилік, жұмысшылардың басқаруға және табысқа тікелей қатыса алу мүмкіндігі.

Шағын және орта бизнестің ерекшелігі қызмет ету сферасы болып табылады. Ирі кәсіпорындар жаппай өндіріс жағдайында, тұракты тауар номенклатурасымен¹ және көтерме сатып алушылармен жұмыс істейді. Ал шағын бизнес ұсак партиялармен шығарып, жеке тұтынушылардың

¹ Номенклатура – өндірісте пайдаланылатын материалдын, құрастырымдардын, белшектердің жүйесі көлтірілген тізбесі.

қажеттіліктерін қанағаттандырады. Нарықтың арнасы сегментіндегі¹ және екінші реттік шикізат өндірісінің қалдықтарын пайдаланады. Мысалы, автомобиль өндірісі ірі кәсіпорын қызметіне жатса, автомобильді жөндеу – шағын және орта бизнес қызметі.

massaget.kz сайтынан



Ә Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін азатжолды анықтандар.



Б Мәтіндегі кірме сөздердің түсіндірмесін табындар.



В Қарамен берілген сөздерге лексикалық талдау жасандар.



Сөздік құрамның көнерген сөздер мен неологиямдер арқылы толығуы

Тілдегі қолданыстан шығып қалған, яғни көнерген сөздер екі топқа бөлінеді: а) архаизмдер; ә) историзмдер (тариhi сөздер).

Архаизмге (көнерген сөздер) сейлеу тілінде қолданыстан шығып қалған көнерген сөздер мен сөз тіркестері жатады. Маселен: мәліш (ұсақ сауда), жегде (жейде) т.б.

Историзмге (тариhi сөз) атап білдіретін заттары мен құбылыстары өмірде жок, көнеріп, қолданудан шығып қалған сөздер мен тұрақты сөз тіркестері жатады. Мысалы: кіреуке, шабарман, болыс т.б.

Архаизмге қарама-қарсы құбылысты **неологиям** дейміз. Неологиям – қоғамдық қатынастар, ғылым мен техника, мәдениет пен шаруашылықтың дамуымен байланысты тілде пайда болған жаңа сөздер мен сөз оралымдары.

Есте сақта!

Архаизмдердің историзмдерден айырмашылығы:

- 1) архаизмдердің қазіргі әдеби тілде ауыспалы мағыналары кеп болады;
- 2) архаизмдердің синонимдері болады;
- 3) кейір архаизмдердің мағынасы жаңарып, актив сөздерге қайта ауысып отырады.

Жанадан енген сөздердің тың, жана екендігі аңғарылып, сезіліп тұрғандаған неологиям болады. Ұқыт өткен сайын кейір сөздер үйреншікті, бұрыннан да бар сөздер секілді болғанда неологиям болудан қалады.



Г Мәтіннен неологиямдерді тауып, оларға дыбыстық талдау жасандар.



2-тапсырма. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты Жолдауында шағын және орта бизнес жайлы не жазылғаны туралы ізденіндер.



3-тапсырма. Кім кеп табады? Көркем әдебиеттен, ғылыми және публицистикалық мәтіндерден архаизмдер мен историзмдерге 5 мысалдан келтіріндер.

¹ Сегмент – белік, құрамдас белшек.

3-бөлім



A Батырлар жырларының үзінділерінен көнерген сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажыратындар.

Талайдан бермен жұмсаған...
Тауға салсам – тас кескен.
Кеудеге салсам – бас кескен,
Алты аршын ак болат,
Қынаптан алыш суырып
Шаба алмасам, маған серт...

«Ер Тарғын» жыры

Бәйбіше барды анырап,
Қоздаған койдай маңырап.
Қазына аузын ашқалы
Таратты алтын-күмістен,
Қалғанынша мыскалы...
Сол уақытта бір палуан
Келе жатыр ұмтылып,
Аяғын жерге сүретіп,
Мінген кер кін үйретіп...

«Атамыс батыр» жыры

Сонша ердің сонында,
Күмбезді наиза колында,
Ағын судың сағасы,
Берен тонның жағасы,
Қызылбастың ағасы,
Кебікті ханның баласы...
Төсекте жатып Қызыл ер
Қобыландыны көреді.
«Аяғыммен күрес!» деп,
Бір аяғын береді.
Алпыс құлаш ала аркан,
Қызыл ердің ітулі
Босагада түр еді...

«Қобыланды батыр» жыры



Ә Мақалдарды дұрыс құрастырындар. Көнерген сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріндер.

1. Үйір, бала, адам, болатын, тай, конакқа, ат, болатын, үйір, саяққа.
2. Кесірі, түменге, кесірі, бірдің, мынның, мынға.
3. Жауыңа, бай, болсан, тисін, батыр, халқыңа, пайдан, наизан, тисін, болсан.

Керек дерек!

Архаизмдер

Казақ тілінде көнерген сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болады.

1. Әбден ұмытылып, қолданыстан біржола шыққан көнерген сөздер. Бұл архаизмдердің мән-мағынасын белгілі деректерге сүйеніп түсінбесе, казіргі кезде мулдем түсініксіз болады да, ешқандай туынды сөз жасаута катыспайды.

Мысалы: *Керекейді атта*, қонжығы жетім қалады (мақал). *Бірдің кесірі* мыңға, мыңның кесірі түменге (макал). Осындағы керекей – аюлың ұрғашысы, қонжық – аюлың күшігі, *түмен* – он мын деген ұғымы білдірсө керек. Бұл сөздердің магыналары іздестіріп, сұрап білу арқылы гана анықталып отыр. Бірақ бұлар казір жаңданып, колданыска кайта еніп келеді.

2. Түбір қалпында жеке айтылмайтын, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сакталған көнерген сөздер: *булдіршіндей* (булдыршін), *баданадай* (бадана), *сүйріктей* (сүйрік), *аттамсадай* (алтамыс), *еңгезердей* (еңгезер), *тығырышықтай* (тығыршық), *абажадай* (абажа), *добалдай* (добал), *қаршадай* (карша), *зәредей* (зәре), *шырадай* (шыра) т.б.

3. Дәүірі өтіп, сол есke заманмен коса жоғалған сөздер историзмдер дең аталағы. Историзмдердің көнеруі тарихи атаулардың күрьип бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады. Тілімізде кайта жаңарған көнерген сөздер де кездеседі. Оларға:

діни ұғым атаулары: *жаназа*, *имам*, *мешіт*, *ораза*, *жайнамаз* т.б.;

жыл атаулары: *барыс*, *ұзу*, *тышқан* т.б.;

ай атаулары: *қантар*, *наурыз*, *маусым* т.б. жатады.

А.Нұрахметова



4-тапсырма. Архаизмдер мен историзмдердің айырмашылықтарын атандар.



А Тіліміздегі кайта жаңарған көнерген сөздерге мысал келтіріндер. Олар неге, қандай қажеттіліктен қайта жаңарған?



Ә «Керек дерек!» матінінде берілген А.Нұрахметованың историзм мен архаизмдерге қатысты тұжырымдарымен келісесіндер ме? Ойларында дәлелдендер.



5-тапсырма. Мына үлгідегі ойынды жалғастырындар.

I топ. А – аспаз, актер,

II топ. С – сатушы,

III топ. М – мұғалім,

ЕҢБЕК – БӘРІН ЖЕҢБЕК

Ақырын жүріп анық бас, енбекін
кетпес далага...

Абай



1-тапсырма. Мақалдарды тыңдандар (9-аудио).



А Эр мақалдың мәнін бір-екі сейлеммен түсіндіріндер.



Ә Бес мақалға лексикалық талдау жасандар.



Б Еңбек туралы тағы қандай мақал білесіндер?

3-бөлім



2-тапсырма. Кім тапқыр? Кестені толтырындар.

Карапайым сөздер	
Жалпылама лексика	
Диалектілік лексика	
Көсіби лексика	
Көнерген сөздер	
Неологизмдер	



А Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдаланып, төмендегі сөздердің қай тілден енгендігін анықтандар. Олармен сойлем құрастырындар.

Кенеп, көпес, дүкен, дидар, самауыр, керім, парасат, өнер, таразы, кәмпіт, нәзік, мәселе.



3-тапсырма. Матінді оқындар. Матін бойынша бір-бірлеріне сұрақтар койындар.

Баланы еңбекке үйретуді үй ішінен бастау керек. Ал олай етпесек, баланы үй ішіндегі жұмыстарға арадастырмасақ, «сен сабагынды ғана оқы, ойынынды ғана ойна» десек, онда мұнымен балаға жаксылық еткен болмаймыз. Жасынан еңбекке арасаспай өскен бала ержеткенде ынжық болады, кісіге арқасүйегіш келеді, өз колымен еш нәрсе істей алмайтын болады. Ондайлар өмірге икемсіз, қыншылыққа шыдамсыз келеді. Оған сол жастардың өздерімен қатар, әке-шешелері де кінәлі. Өйткені кейбір ата-ана «баламыз жасында бейнет көрмей өссе екен, баламызды ержеткенге дейін өзіміз-ақ асырап сактаймыз, сондықтан оның жас басынан еңбек етуінің қажеті жоқ» деседі. Бұл – кате түсінік. Мәселе баланы жасынан еңбекке үйрету арқылы оның болашақта өмірге керекті және өмірдегі орнын таба алатын адам болып шығуына көмектесуде жатыр. Егер баланы жасынан еңбекке үйретіп, еңбек етуге тәрбилемесек, еңбек дегениң, өмір дегениң не екенін түсіндірмесек, онда баламыз өссе келе кім болмақ? Эрине, ол өзі еңбек етпейтін, еңбек етуіді сүймейтін, басқа адамдардың еңбегімен табылған кім мен тамакқа ортақтасып, соны сүйетін жатыпшердің бірі болады. Ал біз баламызды мұндай болғызбаймыз десек, оны жасынан еңбекке үйрете беруіміз керек.

Малік Габдуллин. «Ата-аналарға тәрбие тұралы кеңес»



А Матіндегі негізгі ой қандай? Екі топқа бөлініп, пікірталас түрінде матінді талдандар.



Ә Матіннен сөздік қорға енетін сөздерді теріп жазып, оларға дыбыстық талдау жасандар.

Керек дерек!

Колданыстағы термин – тыйым салынған, алмастырылған және көнерген терминдер катарына жатпайтын, қазіргі ғылым тілінде бірізді колданылып жүрген термин.

Көпшілік қабылдаган термин – ғылыми қауым, жалпы көпшілік жатпай кабылдап, бірізді колданып жүрген термин.

Идиолекттің терминдер – жеке колданыстағы авторлық терминдер. Мысалы: *термин* – ұтымсөз, *алгоритм* – бағдаржол.

Метадиалекттің термин – белгілі бір ғылыми мектеп екілдері немесе ғылыми ұжым ғана колданатын термин.

Шұбалаңқы термин – бірнеше сынардан тұратын, ұғым мазмұнын камтығанмен, сипаттамалық қасиеті басым, колдануга ынғайлты бола бермейтін термин.

Ықшам термин – бір сынардан тұратын, колдануга қолайлы, жана термин жасауга мүмкіндігі мол термин.

Ш.Күрманбайұлы



4-тапсырма. Төмендегі ережелердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екендігін табындар.

Сөйлем	Ш	Ж
Сөздік құрам мен сөздік қор бірімен-бірі мүлдем байланысты емес. Екеуі екі түрлі ұтты.		
Сөзжасам итілікесінде жасалған туынды сөздер сөздік құрамға кірмейді.		
Казіргі казак тілінің сөздік құрамының ең бай әрі күрделі қабатын орыс тілінен сиғен кірме сөздер құрайды.		
Белгілі бір кәсіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында колданылатын, көпшілікке бірдей түсінкті бола бермейтін сөздер кәсіби сөздер деп аталады.		
Терминдердің лексиканын басқа түрлерінен айырмашылығы – олар көпмагыналы болып келеді: оларда эмоционалды болу, экспрессивті-стилистикалық қызмет болады.		
Диалект сөздер жалпыхалықтық болып есептелмейді.		
Неологиям деп бір тілде жаңадан пайда болған және көпшілік арасында кальптастып койған жана сөздерді айтамыз.		



Өзінді тексер!

1. Диалект сөздердің катарын табындар.
 - а) асаба, аймак;
 - б) ханша, сарай;
 - ә) бәдірен, тұқым;
 - в) Ойсыл, кара.
2. Кәсіби сөзді анықтандар.
 - а) биши;
 - б) атауыз;
 - ә) Корқыт;
 - в) етікші.

3-Бөлім

3. Термин сөздердің катарын табындар.

а) отарба, ұрын бару; б) эвфемизм, дисфемизм;
ә) диалект, садак; в) адырна, найза.

4. Архаизмге жататын сөзді табындар.

а) гарышкер; б) кебеже;
ә) балмұздак; в) әнгелек.

5. Араб тілінен енген сөзді табындар.

а) кэмпіт, сөмке; б) Алтай, Зайсан;
ә) мектеп, ғибрат; в) бәтенкес, етік.

6. Қолданута жаңадан енген сөзді белгілендер.

а) лексика; б) жеделхат;
ә) тікүшак; в) патсайы.

7. Географияғының терминдерін табындар.

а) етіс, жалғау; б) тамыр, жасуша;
ә) үдеу, рәміз; в) күрлік, түбек.

8. «Тырық», «көтерем» диалектілерінің әдеби тілдегі баламасын табындар.

а) зәулім; б) арық;
ә) шалғай; в) ескі-құскы.

9. Тілдің сөздік құрамын байытпайтын сөзді табындар.

а) жаргон сөздер; б) термин сөздер;
ә) кәсіби сөздер; в) кірме сөздер.

10. Лингвистикалық терминдер катарын табындар.

а) тұсау, тоқым, үзенгі; б) білім, тұрмыс, тіршілік;
ә) ұзын, биік, алыс; в) түбір, шылау, жалғау.



5-тапсырма. «Сату менеджері» тақырыбындағы Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жок, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамак асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нарсе» деген пікірі бойынша ой белісіндер.



Фалым болам десеніз...

1. Алуан-алуан көсіп бар, Тандай біт де, талап кыл. Кыскаша аныктама. Құраст.: *М.Күрманғазиева, А.Қоқымбаева*. Алматы: Әл-Фараби, 1998.
 2. Болғанбайұты Ә., Қатыұты F. Қазіргі казак тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оку құралы. Алматы: Санат, 1997.
 3. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы: Ғылым, 1997.
 4. Құрманбайұты Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы: Сөздік-словарь, 2005.
 5. Аманжолов С. Қазак тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Оку құралы. Алматы: Сөздік-словарь, 2004.

4

СИНТАКСИС

ФАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТИСТИКТЕРИ

ОН СЕГІЗ МЫҢ ҒАЛАМ

Ғаламды зекан шеберлікпен жараткан Алла Тағала он сегіз мың ғаламды бір тарынын қауызына сыйдырган.

Курас Қарімжан



1-тапсырма. Он сегіз мың ғалам, жалпы ғалам дегенді қалай түсінесіндер?



A Мәтінді тындандар (10-аудио).



Ә Мәтін мазмұны бойынша Т кестесін толтырындар.

Онай сұрап	Киын сұрап



2-тапсырма. «Кім жүйрік? Кім көп табады?» ойынын ойнап көрелік. Жұлдыздардың атауын атандар.



A Жұмбактарды шешіндер.

1. Самұрық құс самғады,
Көктен өтіп.
Айға жетіп,
Женілдеді салмағы.
2. Бір үйде қос сұлу қыз ағайынды,
Екеуі қызықтырған талайынды.
Жүдемес төрт маусымда мұнаймаса,
Тұрады нұрга малып маңайынды.
3. Аспанда бір алып құс,
Үзгип ұшып барады.
Қарап тұрсақ ғажайып,
Сонында із қалады.
4. Құстар аумайды,
Көкте зулайды.



Ә Ал енді қиялға кезек берейік. Фарышқа ұшып, ондағы тұрғындармен немесе роботтармен танысуларың туралы шағын әрі қызықты әңгіме қурандар. Сыныптағы ең үздік әңгімені анықтандар.



Сөз тіркесіне тән белгілер

Сөз тіркесінің сыңарлары бір-бірімен предикативтік¹, атрибутивтік² және нысандық қатынаста, яғни баяндауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынаста тұрады.

¹ Предикатив – баяндауыш ұғымын беретін лингвистикалық термин.

² Атрибутив – анықтауыш деген мағына беретін лингвистикалық термин.

4-бөлім

Сөз тіркесінің сыңарлары бір-бірімен предикативтік (*сабак бітті*), атрибутивтік (*ұлттық мектеп*), адвербиалды (*шапшаң сөйлеу*) және нысан-дық (*балуанмен күресті*) қатынаста, яғни баяндауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынаста тұрады.

Сөз тіркесіндегі сөздер сөйлем ішінде орын тәртібі, жалғау, шылау тәсілдерімен байланысады.

Сөз тіркестерінің сыңарлары бірі екіншісіне бағына байланысып, екіншісі сол тіркеске үйітқы, тірек болып тұрады.

Сөз тіркесінің әрбір сыңарының мағынасы айқын болып, әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді.

Сөз тіркесінің басыңқы сыңарларының қай сөз табынан болуына байланысты *етістікті* және *есімді тіркестер* деп бөлінеді.

Есімді сөз тіркестерінің басыңқы сөзі де, оларға бағынып тұратын сөздер де көбіне есімдер болады. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі болады. Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әртүрлі: оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, үстене болады. Ал басыңқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын, сан есімдер болады.

Етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық негізі, діңгегі етістік болады да, соның негізінде басқа сөздер етістіктердің маңына топталады. Көптеген есім сөз етістіктермен ешбір қосымшасыз тіркеседі.

Семантикалық жағынан алғанда сөз тіркесінің әрбір сыңары белгілі бір тольық мағынаға ие болып тұрады, ал фразеологиялық тіркес неше сөзден құралса да, тұтастай бір мағынаны білдіреді.

Қазақ тілінде сөздердің байланысуының бес түрі бар: қызысу, қабысу, менгеру, жанасу, матасу.

Есте сақта!

Фразеологиялық тіркес сыңарлары сөйлемнің тұтастай бір ғана мүшесінің қызметін атқарады.



З-тапсырма. Есімді және етістікті сөз тіркестерін құрап жазындар.

Етістікті сөз тіркесі	Есімді сөз тіркесі



A Мына тіркестерді кестеге дұрыс орналастырындар.

Екеуі кездесті, беті бұлк етпеді, иманын ұшырды, түсі кара, таулы өнір, жаны ашыды, тастақ жер, дамыл таппады, көпірден өту, гүлдей солды, басқан ізін білдірmedі, жиырма екі үй.

Фразеологиялық тіркес	Еркін тіркес

Ерек дерек!

- Егер Сатурн ғаламшарын ете үлкен бір сута салса, ол жүзіп жүрер еді. Себебі оның тығыздығы сүзың тығыздығынан аз.
- Орион шоқжұлдызының сол жағында орналаскан Бетельгейзе атты жарық жұлдызы Күннің орнына қойса, ол Жерді, Марсты және Юпитерді жүтпін кетер еді. Оның диаметрі Күннен 1 000 есе үлкен. Ғалымдардың болжамынша, ол 2–3 мың жылдан кейін жарылуы тиіс. Екі айға созылатын қуатты жарылыс кезінде Бетельгейзенің жарыктығы Күндікінен 1 050 есе асып түсіп, Жер бетінен оны ешбір құралсыз-ак көрүте болады екен.
- Сіз Андромеда галактикасына көз салғанда (бізден арақашықтығы 2,3 миллион жылдан төн) оның бізге 2,3 миллион жыл бойы журіп келген жарыбын көресіз. Яғни, сіздің көріп тұрганының – галактиканың 2,3 миллион жыл бұрынғы көрінісі.
- Жарық Күннен бізге дейін 8 минут журіп келеді, яғни біздің дәл қазір көріп тұрган Күніміз – осыдан 8 минут бұрынғы Күн. Егер ол 4 минут бұрын жарылып кеткен болса, біз оны білмес едік.
- Юпитердің салмағы Күн жүйесіндегі барлық ғаламшардың салмағын қосқандайтынан кеп.
- Жер орбитасында гарыш саласының дамуына байланысты түрлі калдық темірлер ұшып журген көрінеді. Мамандардың есептеуінше, салмағы бірнеше грамнан 15 тоннага дейінгі 370 000-нан астам зат сағатына 9,8 мың шакырым жылдамдықпен Жерді айналып ұшуда. Сонымен бірге олар кейде бір-бірімен соқтығысып, кішкене белшектерге шашырап кетіп жатыр.
- Шолпан – Күнді сағат журісіне қарама-карсы бағытта айналатын жалғыз ғаламшар. Бұған бірнеше жорамал бар. Соның бірі, ғалымдардың пікірінше, бұрын Шолпанның бетіне ірі астероидтер соқтығысып, оны кейін қарағ айналдырып жіберген.
- Жердің салмағы тұракты емес. Ғалымдардың анықтауынша, жыл сайын Жер өзіне 40 160 тонна салмак косып, 96 600 тоннасынан айырылады. Яғни, Жер жылдан шамамен 56,5 тоннага женілдеп келеді.

«Ислам өркөншеті» газетінен



4-тапсырма. Сөздерді сез күрамына қарай талдандар.

Ғаламшарын, жылдамдығымен, болжамынша, жүзіп, жарылыс.



A Ғарыштағы өмір тарихын бейнелейтін «Алғашқылар дауірі» фильмін көріндер. Фильмнен алған асерлерінді қағазға түсіріндер.



5-тапсырма. Берілген кесте бойынша сез тіркестерін ойлап табындар.

«Ойлан»	«Тап»	«Ізден»
1. Зат есім + зат есім	1. Есімдік + зат есім	1. Үстегу + етістік
2. Сын есім + зат есім	2. Септеулік шылау + етістік	2. Сын есім + етістік
3. Сан есім + зат есім	3. Зат есім + етістік	3. Сан есім + етістік

АЛҒАШ ҒАРЫШҚА ҮШҚАНДАР

Гарышқа бірінші болып бару, табиғатпен бүрүн-сөнді болмаган тенденсі жок жеке-жекке сину – бұдан аскан арман бар ма?

Юрий Гагарин



1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, «Мен саған, сен маган» әдісі бойынша бір-бірлеріне сұрақтар қойындар (11-аудио).



A Мәтіннің жазылу үлгісін анықтандар (баяндау, суреттеу, пайымдау және т.б.).



Ә Мәтінде кездескен сан есімдерді сөзбен жазындар. Оларды мағыналық түрлеріне қарай ажыратындар.



Қызысу

Баяндауыштың бастауышпен жақ жағынан үйлесе байланысуы, сөздердің жіктеліп барып қолданылуы қызысу деп аталады. Мысалы: 1. Мен жаза-мын, біз жаза-мыз, сен жаза-сың, сендер жаза-сыңдар, сіз жаза-сыз, сіздер жаза-сыздар, ол жазады; мен дәрігер-мін, біз дәрігер-міз, сен дәрігер-сің, сендер дәрігер-сіңдер, сіз дәрігер-сіз, сіздер дәрігер-сіздер. Мұнда екі сөз (бастауыш пен баяндауыш) бір-бірімен жекеше және көпше жіктік жалғаулары арқылы байланысқан. 2. Сен – жұмысшы. Мен – мұғалім. Ол оқыды. Мұнда екі сөз өзара жақтық мағына арқылы байланысқан. Қазақ тілінде есім сөздер мен етістік сөздер де, етістік сөздер мен есім сөздер де қызыса береді. III жақта есім мен етістік арасында көптік қызысу (жіктік жалғауының көпше түрін қабылдау) болмайды. Мысалы: Ол оқиды. Олар жазады. (Олар оқиды-лар, олар жазады-лар деп көптік жалғауын қосып айтуда болмайды).

Есте сақта!

Қызыса байланысқан сөз тіркестерінің сынарлары бастауыш және баяндауыш болады. Қызыса байланысудың күралы жіктік жалғауы болса, қызысу сөз тіркесін емес, сейлем түзеді. Мысалы: Мен жазушымын. Сен баласың. Біз барғанбыз.



Б Мәтіннен қызыса байланысқан сөз тіркестерін табындар. Етістікті сөз тіркестерін теріп жазындар.



2-тапсырма. Сөздіктің немесе мұғалімнің көмегімен тәмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашындар.

Зымыран, контейнер, парашют, капсула.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырындар.

Күрделі сөздер де сөздердің тіркесінен тұрады, мысалы, оқып отыру деген тіркес – оқып деген негізгі сөз көсемше мен отыру деген

көмекші сөздің тіркесі. Бұл тіркес сөздің аналитикалық пішіні ретінде сөз тіркесінің бір ғана сынары бола алады.

Сонымен кatar курделі сөз бен сөз тіркесі құрылымы жағынан алғанда ұксас екені белгілі. Мысалы: *Екі басында екі гирдей доматак темірі бар сом тұтқасын айналдырып тұрған жаттақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді зор қара жігіт Матвей Степановичтің әніне қосылмақ болды* (Ә.С.). *Сұлулық жерден өніп, көктен жауган, Тапқан ол тыныштықты таза аудаң* (Г.Ж.).

Мұндай сөз тіркесінің құрылымында айырмашылық бар. Мысалы, тыныштықты табу, жерден өну, көктен жауу деген сөздер бірі басынды, бірі бағындынды кызметте жүмсалып, менгеріле байланысқан сөз тіркесін құрап тұр. Ал жаттақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді деген курделі сын есімдер осы қалпында сөз тіркесі бола алмайды, өйткені олардың әркайсысы біріне-бірі басынды-бағындынды кызметте жүмсалмай, екеуі бірігіп басқа бір сөзді аныктап, бағындынды кызметте жүмсалып тұр.

Курделі сөзді сөз тіркесінен бөлектейтін үш түрлі ұстаным белгіні тұтырлайтыны байкалады: мағыналық тұтастық, құрылымдық тұтастық, синтаксистік тұтастық.

Ж.Жақынов



A Мәтіннен лингвистикалық терминдерді тауып, оларға морфологиялық талдау жасандар.

«БАЙКОНЫР» ҒАРЫШАЙЛАҒЫНЫҢ ЕЛІМЗГЕ ӘКЕЛГЕН ПАЙДАСЫ

Данкымыз Байконырда, Алғашқы Жер серігінде. Гагарин бастаған космонавттар ерлігінде.

Софы Сматалев



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін сөйлемдерге сүйене отырып, көтерілген мәселені болжандар.

Байконыр – әлемдегі алғашқы және ең ірі ғарышайлак. Роккосмостың мәліметінше, 60 жыл ішінде Байконыр ғарышайлалынан ұшырылған зымыран саны 5 мынға жеткен.

Бүкіл әлем бойынша ғарышқа ұшырылған зымырандардың төрттен бірі Байконырға тиесілі.

Орта есеппен алғанда, кесте бойынша 1 жыл ішінде 20–25 рет зымыран ұшырылады екен. Оның төртеуі – «Союз» зымырантасыныңда басқарылатын миссиялар. Барлығын қосканда ғарышқа «Байконырдан» осы уақытқа дейін 150 адам ұшкан.

4-бөлім

Қазақ-Ресей «Бәйтерек» зымыран-тарыш кешенінің күршілісі Байконыр гарышайлағында 2021 жылға жоспарланған және ол «Ангара»¹ зымырантасығышын негізге ала отырып жасалатын болады.

Сондыктан 2021 жылға дейін барша техникалық базаны әзірлеу кажет. Оған техникалық-экономикалық және өзге де құжаттарды даярлаумен қатар, кадрлық мәселені шешу де жатады.

alashainaz.kz сайтынан



A Темендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Байконыр» гарышайлағы кандай гарыштық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырды?
2. «Байконыр» гарышайлағынан неше зымыран ұшырылды?
3. Осы уақытқа дейін «Байконырдан» неше адам ұшқан?
4. «Байконырдан» алғаш ұшқан казақ гарышкери кім?



Ә Мәтіндегі түсініксіз және жаңа сөздердің мағынасын сөздіктің немесе мұғалімнің көмегімен ашындар.



Б Мәтіннен шылауларды табындар. Мағыналық түріне қарай ажыратындар.



В Мәтіндегі екінші сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.

**Матасу**

Ілік септігіндегі сөздің тәуелдік жалғауындағы сөзбен өзара байланысуы **матасу** деп аталады. Матаса байланысқан сөздердің бірінші сыңары ілік септігіндегі жеке сөзден де, бірнеше сөзден де бола береді. Осыған қарай матасу жай матасу және күрделі матасу деп бөлінеді. Бірінші сыңары ілік септігінде түрган сөзбен байланысу **жай матасу** деп аталады. Мысалы: біздің ауыл, сенің кітabyң. Бірінші сыңары екі не бірнеше сөздің өзара сатылап бір-бірімен іліктесе байланысуы **курделі матасу** деп аталады. Мысалы: Мениң жолдасының дәптері. Сенің жолдасыңың сөзі. Оның жолдасының кітабы.

Кейде III жақ тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысқан сөздерде ілік септік жалғауы айтылмайды. Мысалы: егіс даласы, ел байлығы. Тек біз, сіз деген есімдік ілік жалғауда жұмсалғанда онымен байланысқан сөздердің тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: біздің ту, біздің Отан, біздің ел, сіздің Отан, сіздің ел, сіздің ауыл, біздің ауыл.

Есте сақта!

Зат есім сөздердің анықтауыштық қатынастағы байланысы изафет деп саналады. Мысалы, қала адамы, Асқардың баласы деген сөз тіркесінің әрқайсысында алғашқы сыңарлары – анықтауыш сөздер, екінші сыңары – анықталатын сөздер. Сондыктан олар анықтауыштық қатынастағы сөздерден құралған болып саналады.

¹ «Ангара» – оттек-керосин козғалтқышы бар модульді типті зымыран тасымалдаушытар тобы.

**2-тапсырма.** Мәтінді тыңдандар (12-аудио).

- A** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар.
- Ә** Дүниежүзі бойынша жұмыс істейтін ғарышайлақтар (космодром) туралы мәлімет жинандар. Сыныптағы ең қызық мәліметті анықтандар.
- Б** «Байқоңырдың бүгінгі жағдайы» тақырыбында пікірлесіндер.
- В** Мәтіннен матаса байланысқан сөз тіркестерін табындар.

Керек дерек!**Түркі изафеті¹**

Қазіргі қазақ тілінде изафеттік құрылымдардың үш түрі бар екендігі белгілі. Бұлар сөз тіркестерінің ерекше түріне жатады. Өйткені оларды танудын өзіндік елшеу шегі бар. Мәселең, изафеттік құрылым зат есім мен зат есімнің тіркесуінен жасалады деген анықтамаға сүйеніп, осы текстес құрылымдардың барлығын изафетке жатқыза беруге болмайды. *Ата-ана, әке-шеше* сияқты тіркестердің арасында логикалық байланыс бар. Олардың екі сынары косарлана келе бір ұғымды білдіріп тұр. Сондыктан бүндай құрылымдар изафетке жатпайды. *Ата-ана, әке-шеше* деген тіркестер зат есімдерден куралғанмен, сынарлары тен катынаста тұр. Изафеттік тіркеске жатуы үшін зат есімдердің тіркесіп келуінен жасалған құрылымдардың сынарлары тен катынаста емес, бағыныңкылық катынаста келуі керек.

Изафеттік құрылымдарға койылатын негізгі талап – онын сынарларының анықтауыштық катынаста келуі. Қазіргі қазақ тілінде сын есім мен зат есімнің, есімше мен зат есімнің, сан есім мен зат есімнің және есімдік (сілтеу, белгісіздік) пен зат есімдердің анықтауыштық катынаста тіркесетіндігі белгілі. Бірақ бұл тіркестердің барлығы изафеттік құрылымға жатпайды. Изафеттік құрылым болу үшін тек кана зат есім мен зат есімнің тіркесі болуы керек. Мысалы: *агаш қасық, темір күрек, судың басы, аттың ері, дала қоңырауы, тау етегі* т.б.

Зат есім мен зат есімнің тіркесі барыс, шығыс, кемектес т.б. септіктерде келсе, онда олар изафет курай алмайды. Изафеттік құрылымдардың бағыныңкы сынарлары тек кана атау және ілік септіктерінің бірінде келуі керек. Мысалы: *Қызылорда + ның әкімі*. *Қызылорда* әкімі, ал *Қызылорда*дағы әкім. *Қызылордалық* әкім сияқты тіркестер изафеттік құрылымға жатпайды.

Қазір изафеттін бұл түрі мынадай ретпен беріледі: изафеттін I түрі – жалғаусыз түрі, сөздердің орын тәртібі арқылы тіркеседі: *агаш күрек*; II түрі – бірінші компоненті жалғаусыз, екінші компоненті 3-жактың тәуелдік жалғауы арқылы беріледі: *егіс басы*; III түрі – алдынғысы ілік жалғауында, сонғысы тәуелдік жалғауының үшінші жағында келеді: *Саматтың әзітері*.

Ж.Жақылов

¹ Изафет – түркі және кейбір иран тілдеріне тән атрибутивтік құрылым: анықтауыш пен анықталатын сөз тіркесіндегі зат есімдердің бір-бірімен тіркесу жүйесі.


4-бөлім

3-тапсырма. «Керек дерек!» мәтінінен матаса байланысқан сөз тіркестерін тауып, оларды сез күрамына талдандар.



4-тапсырма. Екі шенберге белгілі бір тәртіп бойынша сөздер жазылған. Сұрак белгісінің орнына сәйкес келетін жауапты аныктандар.

Тәуелдік жалғауы



Септік жалғауы

- a) зымыранды, Байконырга, Жер серігі;
- ә) зымыранына, айлағымен, Жер серігінін;
- б) гарыш кешені, ерлікке, табиғатты;
- в) пайдаласы, Байконырдан, Жер серігінін.

«БАЙКОНЫР» ГАРЫШАЙЛАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯГА ӘСЕРІ

Техникада шексіз мүмкіндіктермен катар, шексіз қауіп-катердің де бар скендігі күдік туғызбайды.

К. Ясперс



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Үшіліми және халықаралық терминдерді орынды қолданып, соңғы азатжолында көтерілген мәселені монологке арқау етіп, өз ойларынды дәлелді, жүйелі жеткізіндер.

Гарышт ық аппараттарды ұшыратын гарышайлактын бірі – «Байконыр».

«Байконыр» гарышайлағы Казакстан Республикасының онгустік-батыс бөлігінде, Қызылорда облысының аумағында орналасқан. Жалпы көлемі 6,7 мың км^2 жерді алып жатыр.

Аймактың рельефі¹ тұзды топыракты, жылжымалы құмды төмпешіктерден тұрады. Өсімдік түрлері көп, бірақ спрек орналасқан. Негізінен, эфемерлерден² тұрады, шілде айының ортасына дейін сакталып, соナン сон күйіп кетеді. Бір жылдың үш жүз күнінде жел соғып, оның 17–38 күнінде шанды боран тұрады.

Куатты гарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байконыр» гарышайлағына жақын орналасқан аймактарда ауа райы күрт бұзылып,

¹ Рельеф – жер бетінің ой-кыры: күрлік беті және мұхит түбі бедерлерінің жыныстығы.

² Эфемерлер (грек. *ephemeros* – тез өссетін) – шөл және шелейтті жерлерде, спрек далалық аймакта өссетін біржылдық өсімдіктер.

3–5 тәулікке дейін боранды күм сұрып, жел болып, температураның төмендеу процесі жіп байқалатыны белгілі.

Бұл процестің сұы тартылып, табаны кеүіп, тұзға айналған Арал аймағы үшін қашалықты кері әсері барын айтпаска болмайды.

«Байқоңыр» ғарышайлалық орналаскан аймақтың басты экологиялық мәселесі – Арал теңізі деңгейінің төмендеуі және жердің тұзданып, күргакшылыққа айналу процесі. Сондыктан ғарышайлактың жұмысы коршаған ортаға косымша кері әсерін тигізуде.

«Ізденіс» журналынан



- A** Мәтіннен тірек сездерді және мәтін мазмұнын аштын сөйлемді табындар.
- Ә** Мәтіндегі негізгі ой туралы пікір білдіріндер.
- Б** «Байқоңыр ғарышайлалының экологияға әсері» деген тақырыпта эссе жазындар.
- В** Мәтіннен бірынғай мүшелерді теріп жазындар және олардың қай сез табынан екенін айтындар.



Қабысу

Бағыныңқы сездің басыңқы сезбен атау тұлғада тұрып жалғаусыз, орын тәртібі тәсілімен байланысуы қабысу деп аталады. Қабыса байланысқан сездердің басыңқы сыңары есім сездерден де, етістіктерден де бола береді. Мысалы: Желсіз түнде жарық ай (Абай), еңбекші халық, күткен күн, алтын сағат, мына кітап, жақсы оқу, таза сөйлеу, екі келу, бір-ақ аттай. Қабыса байланысқан сездердің көпшілігі сөйлемде тұрақты орынға ие болады да, ол орыннан жылжытуға көне бермейді.

Қабысудың жай және күрделі түрі бар. Дара үғымды сездің қабыса байланысуы жай қабысу болады. Мысалы: ағаш күрек, екі ешик, мөлдір су, жалт қаралу т.б. Қабыса байланысқан сез тіркесінің бағыныңқы сыңары бірнеше сезден құрылуы мүмкін. Мұны күрделі қабысу дейді. Мысалы: төрт бөлмелі үй, қап-қап бидай, бүйра бас жігіт.

Есте сақта!

Сөздердің байланысу ыңғайына қарай қабысуы тікелей қабысу және сатылай қабысу болып екіге бөлінеді.

Тікелей қабысу. Мұнда бағыныңқы сыңардағы әрбір сез басыңқы сыңармен өз бетінше байланысуға қабілетті болады. Мысалы: мөлдір таза ауа (мөлдір ауа, таза ауа), ұзын әдемі кірпік (ұзын кірпік, әдемі кірпік).

Сатылай қабысу. Алдымен екі сез тіркесін бір үғымды білдіреді де, езара жігін жазбай келесі сезбен тіркеседі. Осы тәртіппен бірнеше сез ұласа ұштасып, қабыса беруі мүмкін. Мысалы: биік өкіле етікті қыз, үш қабат үй.

Керек дерек!

Фарышайлактын жұмысы коршаған ортаға мынаңай кері әсерін тигізеді:

- үшү процесінен кейін атмосферанын табиги режімі бұзылады;
- атмосфераны және жер беті қабаттарын токсингі¹ зымыран жанаармайынын калдықтарымен ластайшы;
- атмосферанын озон қабатын бұзады;
- ауамактарды үшү аппараттарының калдықтарымен, сыйыктарымен закымдайды;
- қышкышы жанбырдын жауына себепші болады;
- ауқымшы масштабта температуралын жоғарылаудың әсерін тигізеді.

Зымыран жанаармай компоненттеріне кіретін токсиндердің косылыстардың табиги жағдайдағы микробтар мен өсімдіктерге әсері туралы түсініктер мүлдем жок. Сондыктан осы бағыттағы зерттеулер қазіргі кезде аса езекті мәселелерге жатады.

Біз биосфераны корғауымыз керек. «Байқоңыр» фарышайлатағынан үшіншіліктердің зымырандардың жанаармай калдықтары мен Арал теңізінен көтерілетін тұздың коршаған ортаға әсері туралы толық мәліметтерді зерттеу кажет.

К. Бекташты



2-тапсырма. «Жаңалықтар жүргізуісі» ойынын ойнандар. «Байқоңыр» фарышайлатағынан тікелей репортаж жүргізіндер.



A Қыса, матаса және қабыса байланысқан сез тіркестерін тауып, кестеге орналастырындар.

Қысу	Матасу	Қабысу



3-тапсырма. Берілген сөйлемдерден қабыса байланысқан сез тіркестерін табындар.

Тікелей қабысу :

Сатылай қабысу :

1. Құніғе бес жүзден жеті жүзге дейін осы жұмыр басты пенделерге реніштерін білдірген, ыза мен кекке толы шағымдар жер астының түкпір-түкпірінен үсті-үстіне толассыз ағылып кеп жатады (Е.А.). 2. Екі жағында қуарған қалың шилдері бар, жауыннан кейін беті тобарсыған қара жолда катар жүрген екі жолаушының ізі шұбап жатыр (Ш.А.). 3. Кер бие дымқыл кек шөпті анда-санда бір шалып, күрт-күрт шайнап, біресе пыскырып, біресе «дұрыс кой, дұрыс кой» дегендей басын шұлғып кояды (Т.Ә.). 4. Қарсы алдынан жанга жайлы алтын курек самал жел есіп коя берді (Қ.Ж.). 5. Торы шолакты қантарып, тұсап, кек құнанды оның мойнына байлады да, отырып кітап оқуға айналды (Ж.А.).

¹ Токсин – улы заттар.

ФАРЫШТЫҚ АППАРАТ

Адамзат ойтап тапқан жаңа технологиялармен гарыш пен гарышкерлікти насыхаттау керек.

Төхтапар Әубекиров



1-тапсырма. Берілген сурет бойынша ез пікірлеріңмен белсіндер. «Фарыштық аппарат» туралы түсініктерінді ортаға салындар.



A Матінді оқып, мазмұнын айтындар.

Фарыштық аппарат – белгілі бір мақсатты орындау үшін гарышқа ұшырылған әртүрлі техникалық құрылғылардың жалпы аты. Кейде фарыштық аппарат терминінің орнына «Фарыштық ұшу аппараты» термині де колданылады. Фарыштық аппаратты гарышқа ұшыруға кажетті жылдамдықка жеткізу зымырантасығыш (фарыштық зымыран) арқылы аткарылады. Фарыштық аппарат Жер төнірегіндегі фарыштық аппарат (Жердің гравитациялық¹ әсері аймағынан шықпай, геоцентрлік² орбитамен айналатын) және галамшарааралық фарыштық аппарат, автоматтық фарыштық аппарат (Жердің, Айдың, Марстың, Шолпанның, Күннің жасанды серіктери), ұшқыш басқаратын фарыштық кемелер, ішінде адам тұрып, жұмыс істеуге арналған орбиталық стансылар, галамшарааралық фарыштық кемелер т.б. болып ажыратылады.

Фарыштық аппаратты Жер бетіне (не басқа галамшарға) қондыру екі тәсілмен: тежегіш зымыран көмегімен (атмосферасы жок аспан денелеріне) немесе аэродинамикалық тежеу арқылы (Жерге, Шолпанға қондыру кезінде) аткарылады. Дүниежүзіндегі тұнғыш фарыштық аппарат – Жердің жасанды серігі 1957 жылы 4 қазанда,

¹ Гравитация – материалның кез келген түрлері арасындағы тартылыс күш әсері.

² Геоцентр – Жер шарының қіндігі, магнитті орталығы.

4-бөлім

ал ұшқыш басқаратын тұңғы шарыштық аппарат – «Восток» кемесі 1961 жылы 12 сәуірде Байқоңыр шарышайлағынан ұшырылған болатын.

Казахстан ұзметтік энциклопедиясынан



Ә Терминдер сөздігін пайдаланып, мәтінде кездескен терминдерге анықтама беріндер.



Б Өз қиялдарынан шарыш аппаратын ойлап тауып, оның суретін салындар. Сыныпта көрме үйымдастырып, ең ерекше арі креативті суретті таңдандар.



В Шарышты игеру үшін, шарыш аппаратын жасау үшін қандай жабдықтар колданылып, қандай жұмыс атқарылатыны туралы ғылыми эссе жазындар.



Г Мәтіндегі жақшалардың қойылу себебін түсіндіріндер.

**Жанасу**

Орны жағынан басынқы сөзben қатар тұратын атау тұлғадағы бағынынқы сөздің алшақ тұрып-ақ еркін байланысуын жанасу дейміз. Жанасу сөйлем ішінде байқалады. Бұл да қабысу сияқты орын тәртібі тәсіліне сүйенеді. Алайда мұның сөйлем ішінде сөз бен сөзді тіркестіруде ерекшелігі де бар. Мысалы: Қар жапалақтап жауды. Малышылар жайлаудан кеше келді. Бұл сөйлемдерде жапалақтап жауды, кеше келді деген жанаса байланысқан сөздер бар. Алдыңғы сөйлемдегі жапалақтап деген сөзді бірінші орынға қойып, жапалақтап қар жауды десек те, екі сөздің өзара байланысы бұзылмайды. Осы сияқты екінші сөйлемдегі кеше деген сөзді өз орынан алып, сөйлемде әр орынға қоюға болады: кеше малышылар жайлаудан келді, малышылар кеше жайлаудан келді, малышылар жайлаудан кеше келді т.б.

Есте сақта!

Жанаса байланысқан сөздердің басынқы сыңары көбінесе етістік болады. Мысалы: *Кенет Нұргайша Тінәліқызы қарқылдан күліп жіберді*. Мұнда кенет, қарқылдан деген сөздер күліп жіберді деген күрделі етістікпен жанаса байланысқан.



Ғ Мәтіннен сөз тіркестерін теріп жазындар. Бағынынқы және басынқы компоненттерінің қай сөз табынан екенін анықтандар. Жанаса байланысқан сөз тіркестерінің қандай тәсілдермен байланысқанын түсіндіріндер.



2-тапсырма. Берілген ұлғі бойынша сөз тіркестерін құрандар.

сын есім – зат есім

есімдік – зат есім

үстөу – етістік



A Венн диаграммасын толтырындар.



3-тапсырма. Берілген сөйлемдерден жанаса байланысқан сөз түркестерін табындар, ар сынарын талдандар.

- Ақыры кайткан малда қайыр бар, шұбар тушаны жетектеп Шакалак жаяулатып ауылға тартты гой (Ш.М.).
- Мұның өтірік, шынын айыру үшін құйылыстан шығып жоғары өрлеғен адам біледі (Б.М.).
- Арбакай мүйіз аркарлар, тоң, ерек мойын құлжалар, тағылығы шектен асар асау тауешкі, таутекелер, тарлан тасты тарғыл шұбарлап безеген сулар (І.Ж.).

ГАРЫШТЫ БАҒЫНДЫРГАН ҚАЗАҚТАР

Адам өзінің максатында сыртқы табиғатқа бағынышты болғанмен, өзінің құралдары арқылы үстемдікке не болады.

Гегеть



1-тапсырма. Суреттен кімдерді таныдындар? Бұл тұлғалар жайлы не білесіндер?



A Мәтінді оқындар. Мәтіннің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы анықтандар.

1991 жылғы 2 қазан – Тоқтар Әубекіровтің гарышка үшкан күні. Қазак гарышының тарихы осы күннен басталады. Сол үшін де бұл күн – қазак үшін тарихи күн. Қазактың ғана емес, куллі түркі халқының

4-бөлім

тұнғыш ғарышкері Токтар Әубәкіровке 2001 жылы Түркия елі Стамбул каласында «Түркітін тұнғыш ғарышкері» атағын берді.

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев – қазактың екінші, ал әлемнің 309-ғарышкері. Ол 1994 жылғы маусымның 1-інен қарашаның 4-іне дейін «Союз-ТМ» ғарышкемесінің борт инженері ретінде ғарышта болып, 2 рет ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Ұшу кезінде қазақстандық ғылыми зерттеулердің 2 бағдарламасын орындады. 25-негізгі экспедиция бағдарламасы бойынша 1998 жылы қантардың 29-ы мен тамыздың 25-і аралығында «Союз-ТМ-27» және «Мир» ғарышкемелерінің командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кезінде 5 рет ашық ғарыш кеңістігіне шықты.

Айдын Аканұлы Айымбетов – казактың үшінші ғарышкері. Айдын Айымбетов ғарышқа «Союз ТМА-16М» кемесімен 2 күркүйек күні аттанып, 4 күркүйек күні «Союз» халықаралық ғарыш стансызына автоматты режимде сәтті түйісті. Сапар барысында ол өзінің көңіл күшімен, әсерімен Twitter паракшасында ¹ бөлісіп отырды, тіпті суреттер мен видеолар салды. Айдын Айымбетовтің ғарышқа сапары он күнге созылды – күркүектің 2-сінен 12-сіне дейін. Он күнге созылған сапар барысында ол бірқатар физикалық-ғарыштық эксперимент пен Арас және Каспий теңіздерінің экологиясына мониторинг жүргізіп, шанды дауылды зерттеді. Сонымен катар казактың ұлттық тағамдарын салмақсыздықта дегустациялады ².

F.Кожабеков



Ә «Сандар сейлейді» ойынын ойнап көрелік.

1991 жыл, 2 қазан	1994 жыл	309
2001 жыл	1998 жыл	2-12



Б Ізден! Төмендегі сұрақтарға жауап табындар.

1. Токтар Әубәкіровтің Гиннес рекордтар кітабына енген кандай ерлігі бар?
2. Қазақтың ұлттық кімдері мен тағамын дәріптеген ғарышкер кім?
3. Ұш ғарышкердің кайсысы казақтан шықкан тұнғыш спорт шебері?
4. Гиннестің үздік табыстар кітабына бір айдың ішінде 5 рет, барлығы 30 сағат 8 минут ұзактығымен ашық ғарышқа шыққаны үшін есімі айшықталып жазылған қазақ ғарышкері кім?
5. 10 жасында слесарьдың көмекшісі болып жұмыс істеген ғарышкер кім?

¹ Twitter паракшасы (ағылш. Twitter – сайрау, зуыспалы магынасы – көп сөйлеу) – кыска мәтіндік жазбалар жазуға арналған веб-сайт.

² Дегустациялату – бір нәрсениң (тағамның) дәмін тату, бағалау.



В «Радио жүргізушісі» ойынын ойнаңдар. Ғарышты бағындырған 3 қыраннан сұхбат алындар.



Г Қалаған бір ғарышкерге хат жазындар. Хаттарында оларға алғыс айтындар, олармен қазақ елі қалай мақтанатынын жеткізіндер.



Ж Қазақтың ғарышқа үшқан 3 қыраны туралы түсірілген деректі фильмдерді тауып, тамашаландар. Ойларыңмен белісіндер.



Менгер

Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау, ілік септіктерінен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысуы менгеру деп аталады. Менгеріле байланысқан екі сөздің менгеруші сынары көбінесе етістік болады. Мысалы: сырттан оқу, жұмыста болу, мақта төрөу, жолмен жүру.

Менгеруде есім сөздер де басыңқы сөздің барыс, шығыс, көмектес септіктерінде келуін керек етеді. Мысалы: Жақсы – ісімен жақсы, іске мықты, орындауға міндетті, баріне бірдей, бізге жақсы, естімеген елде көл, сенімен сырлас, жерге бай, еңбекке ортақ.

Барыс, табыс септіктерінде келіп менгерілген сөздердің жалғаулары кейде айтылмайды. Мысалы: шөп шабу, трактор айдау т.б. Менгерудің жай және күрделі түрі бар. Дара сөздердің өзара менгеріле байланысуы жай менгеруге жатады. Мысалы: уәдеге берік, қалаға кету, сұыққа төзімді, зауытта істеу т.б.

Есте сақта!

Менгеріле байланысқан сөздердің бір сынары не екі сынары да дара сөзден емес, бірнеше сөзден (кемінде екі сөзден) жасалуы мүмкін. Мұны күрделі менгеру дейміз. Менгерудегі күрделі сынарлар көбінесе өзара іштей матаса, қабыса, менгеріле байланысқан күрделі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінен де жасалады. Мысалы: Үйге дейін бардық, Қөлірдің үстінен өтө бастадық. Оқып отырғанда көңілді басқа жаққа бұрмау керек. Қас пен көздің арасында жоқ болды.



2-тапсырма. Күрделі менгеруге 10 мысал тауып, оларға морфологиялық талдау жасандар.



3-тапсырма. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Айдын Айымбетовке арнаған сөздерінен алынған үзіндіні оқындар.

Айдын Айымбетов Тәуелсіз Қазақстанның үшінші ғарышкері атанды. Мен халқымды еліміз бағындырған жаңа жетістікпен күттіктаймын. Біздің қазіргі заманғы тарихымыздагы осы ұлы **окиғага кәсіби** тұрғыдан ұлес косқандардың бәріне алғыс айтамын.

Жердің тартылыс күшін еңсеруге деген ұмтылыс адамның ең ұлы ерлігінің бірі болды, солай болып кала береді. Ол ең батыр әрі

4-бөлім

лайықтының ғана қолынан келеді. Осындай батырлардың бірі – Айдын Айымбетов. Сондыктан мен оған «Халық Қаһарманы» және «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» атағын, сондай-ак «Алтын жүлдөз» бен «Отан» орденін беру туралы жарлыққа кол койдым. Мұндай жоғары марапаттар оның Қазақстан халқының игілігі үшін жасаған ерлігін айғастай туседі.

«Егемен Қазақстан» газетінен



A Мәтіннен менгеріле байланысқан сөз тіркестерін табындар. Бағыныңқы сыңарының қай сөз табынан екенін түсіндіріндер.



Ә Тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріндер.



Б Қарамен жазылған сездерге дыбыстық талдау жасандар.

АДАМ АЯГЫ АСТЕРОИДКЕ ҚАШАН ТИЕДІ?

Табиғатты танудың ең сенімді құралы – бакылау мен тәжірибе.

Галилео Галилей



1-тапсырма. Бұрын-сонды «астероид» сөзін естігендерін бар ма? Білімдерінмен белісіндер.



А Мәтінді оқындар. Мәтіннен алынған үзінділерге сүйене отырып, көтерілген мәселені болжандар.

Астероид газ-тозанды бұлттардың эволюциясы барысында пайда болады. Оларды Күн жүйесіндегі кіші денелер немесе кіші ғаламшар лар деп те атайды.

2025 жылы NASA¹ астронавтарды «Orion» гарышкемесін жерден аса қашық орналаспаған 1999AO10 астероидіне кондырмакшы. Оған барып кайтуға бес ай уақыт кетеді екен.

«Orion» бортында төрт маман болады. Гарышкеме Флорида штатындағы Канаверал гарышайлағынан аттанады. Бес күнде «Orion» айды бір айналып, 1999AO10 астероидіне қарай бет түзейді. Олар діттеген жеріне екі айда жетеді де, ол жерде екі апта болады. Астероид бетіне кону мүмкін болмас, өйткені бұл гарыш денесінде жер бетіндегідей тартылыс күші жок. Экипаж мүшелері өз кемелерін астероид бетіне жанастырып бекітіп, оның бетінен сынақ үшін минерал үлгілерін алуды мүмкін. Кайтар кезде 1999AO10 астероиді жайлап жерге жакындағы түсетіндіктен жол қыскарады. Жер орбитасына кіргеннен кейін капсула кемеден ажырап, мұхитқа түсетін болады.

massaget.kz сайтынан



Ә Мәтіннің мазмұнын ашатын 2 сөйлемді көрсетіп, морфологиялық талдау жасаңдар.



Б Галымдар арасындағы қалыптасқан пікірлер мен зерттеулерге сүйеніп, астероид туралы ғылыми эссе жазындар.



В Мәтіннен сөз тіркестерін табындар. Кестені толтырындар.

Есімді тіркестер	Етістікті тіркестер



2-тапсырма. Сөйлемдерден сөз тіркестерін тауып, байланысу түрлері мен тәсілдеріне ажыратындар.

1. Еламан күрсінді де, балық салған қапты көтеріп нығына салды (Ә.Нұрн.).

2. Кескенге жұмсақ болғанмен, жер мен суга берік сар кемік тастың ортасын ойып, шыр айнала қырнап, тоқаштан аударып алғысыз тығырық кейіпке келтіреді (Ә.К.).

3. Балқия үйіне жетсе де, ішіне кіре алмай тәлтіректеп барып босағаға отыра кетті, нығындағы зіл көтерем күргегі де ұшып түсті (Ә.Ә.).

¹ NASA – Америка Құрама Штаттарының аэронавтика және гарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі ұлттық басқармасы.

4-бөлім

**A** Семантикалық картамен жұмыс.

Сөздер тізбегі	Киысу	Матасу	Қабысу	Жанасу	Менгеру
Ашы тер					
Мұржадан шыққан					
Ұқыпты әйел					
Баласының тессегі					
Ашынған ана					
Темен карады					
Оған айтты					
Әймен ашты					
Сендер сейлендер					
Жел сокты					
Сәуленін күлкісі					
Мал табады					
Менин хакым					
Өздеріне экеледі					
Ашығырақ айт қанда					



Ә Берілген сөздердің ішінен сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді, күрделі сөздерді топтап жазындар.

Қара торы, кітап оқыды, үйде калды, сары ала қой, жұмған аузын ашипау, он сегіз, жетпіс жыл, асығып-үсігіп келді, сіркесі су көтермегі, мөлдір су, зыр жүгіру, жолдан өту, әдемі жүзі, ит өлтөн жер, ала жаздай, кез салды, бауыр басты, сурет салды, көзді ашып-жұмғанша, жиырма екі, селк етті, мұзға отыргызып кету.



Б Көп нүктенің орнына қажетті тіркесті қойып жазындар. Сөз тіркестері сынарларының қандай қатынаста тұрғанын табындар.

... ... адамдарын білемін ғой. Олар менің енді көздері әбден жетпейінше, біздің үйдің отын Эрбір адамның тұған жерінде жүрегіне ыстық Отаны – Ол ошактағы әрқашан кол бүлғап, несін өзіне шакырады да тұрады. Сондай оттын коныс еткен үйде де әлі күнге жанып тұрғанына кәміл сенемін. Ол – сонау көгілдір, менің алғашқы мен жабырқаулы балалық шағым еткен өлкеде.

Ә.Әтімжанов

Tіrkестер : балғын куанышым, жарқыраған от, қайтып оралмасыма, тұған ауылымның, ешқашан сөндірмейді, ошағы болады, менің ата-анам, таудың етегінде.



3-тапсырма. Сұрактарға жауап беріндер.

1. Сөз тіркестерінің сынарлары арасындағы синтаксистік катынастарды атандар.
 2. Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін атандар. Мысал келтіріндер.
 3. Есімді және етістікті тіркестердің ерекшеліктерін айтындар.
 4. Сөз тіркестерінің байланысу формаларын атандар. Мысал келтіріндер.
 5. Сөз тіркестерінің фразеологиялық тіркестерден айырмашылығы мен ерекшеліктері туралы айтындар.
 6. Қызыудың өзге байланысу түрлерінен ерекшелігін атандар.
 7. Изает дегеніміз не? Мысал келтіріндер.
 8. Сатылай кабысуга мысал келтіріндер.
 9. Жанаса байланысқан сөздердің басынкы сынары көбіне қай сөз табынан болады?
 10. Менгерудің жай және күрделі түрлеріне мысалдар келтіріндер.
 11. Есімді сөз тіркестеріне мысал келтіріндер.
 12. Етістікті сөз тіркестеріндегі басынкы сынарга негіз болатын сөз табы қандай?



Өзінді тексер!

4-бөлім

7. Сөздердің қосымша арқылы байланысын көрсетіндер.
 - а) әкім болу;
 - б) Гулшаттың қызы;
 - ә) әйгілі әнші;
 - в) әдеби кеш.
8. Анықтауыштық катынастагы есімді сөз тіркесін көрсетіндер.
 - а) аяулы жан;
 - б) қоян жүрек;
 - ә) жылы күнінді;
 - в) ол берді.
9. Сөздердің септеулік шылау арқылы байланысын көрсетіндер.
 - а) бас сүйек;
 - б) мектептен соң келді;
 - ә) балаға үйрету;
 - в) окудан келді.
10. Сөздердің септеулік жалғау арқылы байланысын табындар.
 - а) айтқан сайын түсінді;
 - б) этір себу;
 - ә) Астанаға барды;
 - в) олар үшін босатылған.



4-тапсырма. Осы бөлімде берілген кез келген эпиграфты негізге алып, «Мен үшін беймәлім ғарыш» тақырыбында ойларынды ортаға салындар.

**Ғалым болам десеңіз...**

1. Жанайдаров О. Мениң елім – Қазақстан. Балаларға ариалған энциклопедия. Алматы: Балауса, 2003.
2. Сайрамбаев Т. Қазіргі казак тіліндегі курделі сөз тіркестері. Алматы: Мектеп, 1981.
3. Балақаев М. Қазіргі казак тілі. Сөз тіркесі мен жай сейлем синтаксисі. Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Эбілқаев А. Қазак тілі окулығына ариалған әдістемелік нұсқау. Алматы: Рауан, 1994.
5. Әмир Р. Жай сейлем синтаксисі. Алматы: Санат, 1998.

5

СИНТАКСИС

БИОАЛУАНТУРЛІЛІК. ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕҢГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАНТУРЛІЛІК

Ен алдымен биологиялық әрадуандыктың компоненттерин сактауды және тұракты пайдалануды мұталаандыратын экономикалық және әлеуметтік тұргыдан нақты шараптар қажет.

Касым-Жомарт Тоқаев



1-тапсырма. Мәтінді оқып, қажетті ақпаратты табындар.

Қазақстанның экожүйесі ерекше. Мемлекет аумағында өсетін өсімдіктің 500-ге жуық түріне жоғалып кету қаупі төніп тұр. Қазақстанда ұя салған құстардың 14 түрі жаһандық манызы бар құстар болып табылады. Қазақстанда тіркелген омыртқалылардың 236 түрі Қызыл кітапка енген. Республикада 2004–2015 жылдарға арналған Қазақстанның Экологиялық қауіпсіздігі туралы концепция қабылданған. Биоалуантүрлілікті сактап қалудың тиімді шарасы ерекше күзетілетін табиғи аумактар құру болып табылады.

Қазақстанда оның аумағы 13,5 миллион гектарды немесе барлық аумактың 4,9 пайызын құрайды. Экологиялық тепе-тендікті сактауға бұл жеткіліксіз. Әлемдік стандарт – 10 пайыз. Дағыту және орналастыру концепциясы бойынша ерекше күзетілетін табиғи аумактарды 17,5 миллион гектарға дейін арттыру көзделген.

Биологиялық алуантүрлілік – Жердегі тіршіліктің тұрактылығының басты шарты. Осы алуантүрлілікке байланысты Жердегі тіршілік миллиардтаған жыл бойы сакталып келеді.

Табиғи және антропогендік¹ жүйелердің тұрактылығына нұксан келпіретін биологиялық алуантүрліліктің төмендеуіне жол бермеу керек.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



А Биологиялық алуантүрліліктің сакталуы ғаламдық проблемаларға жата ма? Тәғы қандай ғаламдық проблемаларды білесіндер?



Ә Жаңа тақырып бойынша тұжырымдамалық карта жасандар. Картаға сурет, кесте, ойдың түйінді идеясы, график т.б. салуға немесе тақырып бойынша дайын материалдарды жапсыруға болады.

¹ Антропогендік – табиғат құрамдарына (өсімдіктер, жануарлар, өзен-көлдер т.б.) адамның шарашылық әрекеттерінен туындағының факторлар тобы.

5-бөлім



Б Берілген матіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік күралдарды орынды қолданып, «Биологиялық алуантүрлілік – Жердегі тіршіліктің тұрақтылығының басты шарты» атты шағын мақала жазындар.



В «Сандар сөйлейді».

14	500	236	2004–2015
13,5	миллион	10	4,9

17,5 миллион



Бастауыш

Бастауыш және оның өзіне тән белгілері. Бастауыш – екі негізді сөйлемдегі бас мүшенің бірі. Сөйлемде айтылған ойға негіз болатын, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның иесі болатын мүшені **бастауыш** дейміз.

Бастауышқа тән белгілер мыналар:

- 1) сөйлемдегі бас мүше;
- 2) құрылымдық жағынан басқа мүшелерге тауелсіз;
- 3) сөйлемде атау септірі тұлғасында қолданылады;
- 4) сөйлемдегі орны – баяндауыштың алды;
- 5) айтылған ойдың қимылдың субъектісі (иесі).

Сөйлемде **кім?** **не?** деген сұраққа жауап беретін сөзді бастауыш деп тану үшін бастауышқа тән осы белгілерді ескеріп отыру қажет.

Бастауыштың жасалу жолдары. Бастауыш қызметінде жеке сез, сез тіркесі, тіпті үйірлі мүше ретінде сөйлем де жұмсалған алады. Бастауыш қызметінде жұмсалатын сездер атау септігінің нәлдік, көптік және тәуелдік жалғауымен келеді. Бастауыш қызметінде ең көп жұмсалатын сез таптары – зат есім мен есімдік.

Бастауыш қызметінде жұмсалатын сез таптары мен сез топтары мыналар:

- 1) зат есімдер: *Көтібақ, Көкше де аз болған жоқ* (М.Ә.);
- 2) есімдіктер: *Асқардың олай еткенін ешкім сезген жоқ* (С.М.);
- 3) субстантивтенген сын есімдер: *Жақсы – ісімен жақсы* (Абай);
- 4) сан есімдер: *Алтая ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді* (мақал);
- 5) түрленбейтін сез таптары (үстөу, одагай т.б.): *Үйілеулер үдей түсті. Қиқулары тынық ауаны толқытып тұр* (F.Мұст.);
- 6) есімше мен қимыл есімі: *Жығылған күреске тоймас* (мақал). Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған (Ы.А.);
- 7) сез тіркесі мен тұрақты тіркестер: *Құлагердей ерен жүйрік Ақаннан басқа бір адамда да болмайды* (А.Ж.). Лаж жоқ, кісідегінің кілті аспанда деген осы (Б.Мом.).

Есте сақта!


Бастауыш пен баяндауыш – жай сөйлемді құрайтын бас мүшелер.

Жай сөйлемнің предикативтік негізі тұрлаулы мүшелердің – бастауыш пен баяндауыштың тіркесінен жасалады.

СЕЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МУШЕЛЕРІ



Г Мәтіннен бастауыштарды тауып, құрылсының қарай бөліндер. Бастауыштардың қандай сез табынан екенін түсіндіріндер.



2-тапсырма. Бастауыштың 7 түрлі жасалу жолының әрқайсысына көркем әдебиеттен мысал келтіріндер.



А Ережедегі бастауышка тән 5 белгіні тарқатып айтып беріндер.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойындар. Ол сөздердің қай сез табынан екенін анықтандар.

Өтеген катерге кіргенде ... Сүйегенді жайлы орынға орналастыру ойында болған. ... катердің іші күткендегідей болмай шықты. Балық аулаған ескі катер ... іріп-шіріп жатқан, тазартылмаған, сасық ніс қолқанды тауып, тұншықтырып барады. ... де лоқсып зорға шықкан. Содан соң Сүйегенді ... уақыт болса да тыста таза аудада тұрсын, сонынан кірсе де кеш калмайды деп ойлады. Үлкен катер ішінде он тоғыз бала ... аунаймын десе де жетерлік болғандықтан да, ол Сүйегенді сонына қалдыра тұрған да, өзге балаларды кіргізе берген. Ол ... сонынан келгенде көнілі қалған Сүйеген ашудан жарылардай еді...

С.Салманов

Tiіstі сөздер: алдымен, ең, аз, іші, бірақ, өзі, қалай.



А Мәтіннің алғашқы үш сөлеміне синтаксистік талдау жасандар.



Ә Мәтіннен бастауыштарды тауып, жасалу жолдарын түсіндіріндер.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАНУАРЛАР ДУНИЕСІ

Мал төлімен жарасар, жер гүлімен жарасар.

Макат



1-тапсырма. Қазақстанда мекендейтін, өздерін ұнататын жануар туралы әңгімелеп, суретін салындар.



А Мәтінді оқындар. Перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып сұраптар құрастырындар.

Қазақстан Еуразия материгінің орталығында орналасқан, оның жер көлемі – 2 миллион 715 мың шаршы шақырым. Қазақстанның батысында Каспий теңізінен, шығысында Алтай тауларына дейін – 2925 шақырым. Осыған байланысты Қазақстанның табиғат жағдайлары да әртүрлі.

5-бөлім

Қазақстан жерінде алуан түрлі жануарлар мен өсімдіктер әлемі кездеседі. Мұнда омыртқалы жануарлардың 835 түрі бар. Соның ішінде сүткоректілердің 178, құстарынан 500-ге жуық, бауырымен жорғалаушылардың 49, космекенділердің¹ 12, балыктардың 104 түрі тіршілік етеді. Атап айтқанда, кез келген адамға таныс аю, қасқыр, түлкі, қоян, кірпі, үйрек, тырна, каз, акку, бүркіт, улы сүр жылан, бақа, алабұға, шортан және тағы басқалар кездеседі.

Қазіргі жануарлар дүниесі. Тарапалуы жағынан олардың мекендері бірнеше зоогеографиялық ауданға белінеді:

- дала жануарлары;
- орманды дала жануарлары;
- шөл даланың жануарлары;
- таулы аймақ жануарлары;
- келді аймақ, тогайлы және бұталы жер жануарлары.

«Қазақстанның физикалық географиясы» оқулыгынан



Ә Берілген кестеге өздерің білетін, елімізде кездесетін жануарлардың аттарын жазындар.

Жабайы жануарлар	
Сүткоректілер	
Құстар	
Үй жануарлары	
Бауырымен жорғалаушылар	
Жәндіктер	



Б Мәтін мазмұны бойынша сұрақ-жауап құрастырындар.



В Суретте берілген құстар мен жануарлардың сипаттын периfram тасілімен көркемдей отырып, «Қазақстандағы жануарлар дүниесі» деген тақырыпта диалог құрастырындар.



¹ Космекенділер – күргак жерде де, суда да өмір сүре беретін жан-жануарлар.



29

Баяндауыш

Баяндауыш және оған тән белгілер. Баяндауыш – бастауыштың ісін, құмылығын білдіріп, сейлемдегі ойды тиянақтайдын мүше. Ол бастауышқа бағынып, онымен жақ жағынан жекеше, көпші түрде үйлесіп айтылады.

Баяндауышқа тән белгілер:

- 1) сейлемдегі негізгі мүше;
- 2) құрылымдық жағынан бастауышқа бағынышты;
- 3) етістік, зат есім, сын есім т.б. сөз таптарымен келіп, жіктік түлғада қолданылады;
- 4) сейлемдегі қалыпты орны – сейлемнің соңы;
- 5) логикалық предикатпен сәйкес.

Баяндауыштың жасалу жолдары.

1. Баяндауыш қызметінде барлық сөз табы жұмсала береді. Семантикасы жағынан осы қызметке бейім сөз табы – етістік. Күн бесінде *Теріс өзенінен өттік* (Ш.М.).
2. Зат есім. Аянның бар байлығы – *кітап*. Тәттімбеттің көкейін кесетін дауасыз арманы – *Сарыжайлау* (Т.Әлім.).
3. Сын есім. *Маңай көзге тұртсे көргісіз қараңғы* (Д.Д.).
4. Сан есім. *Жолаушы екеу екен* (Т.Әлім.). Тінәнің ағаш үйі *сегіз бөлме* (Т.Әлім.).
5. Есімдік. *Мөшеке бұлақ басында бүйіріп отырған төрт-бес қораш үй мынау* (Т.Әлім.). Ана жылы *Керімбердің тойында қолыңызға су құйып қызмет қылған* бала – *мен*. Ал жүріс *сіздікі* (Д.И.).
6. Устеу. Тінәнің қыстаудағы ауылы *бірталай жер* (Т.Әлім.). Наданның жарлы болуы *бір сатте* (Қабуснамеден).
7. Еліктеуіш. Айнала құлаққа ұрған танадай *тым-тырыс* (Д.И.). Кеше ғана алып таудың қасат қарын бұған бұздырып, өздері соңынан еретін дос-жаран бұғылар да *зым-зия* (О.Б.).
8. Модаль сөздер. *Толағай баста ми болмаса, екі аяқта зор түседі деген тегі рас екен*. Түбі бізге сүйексіз қызыл тілден гөрі, ырзықты іс *керек-ау* (О.Б.).
9. Тұрақты тіркестер. Шал үндемеген соң, біз де *тіл қышытпадық*. Мен еститінмін: осы *Сарқынды шал өзінің бір ғасырлық ғұмырында тышиқан мұрның қанатпаған екен* (О.Б.).

Есте сақта!

Модальдық-шактық мағынаның берілу жолына байланысты баяндауыштар дара, құрама және күрделі болып белінеді. Баяндауыштардың осылай белінүйн құрылымдық түрлері дейміз, себебі баяндауышты құрайтын сөзтүлғалар құрамы және саны жағынан әртүрлі болады.

Баяндауыш		
Дара баяндауыш	Құрама баяндауыш	Күрделі баяндауыш
мен келдім	ол ән салды	біз тындал отырмыз
сен әдемісің	сен естіген жоқсың	бөлме іші алакөлеңке
ол отызда	біз құлақ түрдік	бұл – ағамның бөлмесі

Баяндауыштар мағыналық жағынан *етістік баяндауыш*, *есім баяндауыш* болып белінеді. Етістік баяндауыш қымыл-әрекет пен қалыпты, есім баяндауыш заттық, сындық, сандық сапаны, қасиетті білдіреді. Мысалы: *Тұнергенде – тұннің, күлгендеге – күннің. Сөзім – шекер, тілім – бал, лебізімнен алған нар* (F.Мұстафин).



Г Мәтіннен баяндауыштарды табындар. Етістіктен болған баяндауыштың қай шакта және райдың қай түрінде тұрғанын анықтандар.



Ғ Мәтіннің соңғы екі сейлеміне синтаксистік талдау жасандар.



2-тапсырма. Баяндауыштың әр құрылымдық түріне көркем әдебиеттен 5 мысалдан табындар.



А Мына сөздерді баяндауыш қызметіне қойып, сейлем құрандар.

Белгілі, бар, болатын, жоқ, осы, көріп, еді, сакталған, ерекше.



Ә Сейлемдерді аяқтандар. Сейлемдерден баяндауыштарды табындар. Сейлемдердің қандай райда тұрғанына назар аударындар.

Үлгі: Сабак уақытылы бітсе, дүкенге барып келемін.

- Егер мені көргіңіз келсе,
- Колың босаса,
- Егер мен Айға үшсам,
- Үйкің келсе,
- Көп ақша тапқың келсе,
- Сенін орнында болсам,
- Егер мен жүлдyz болсам,



3-тапсырма. Өлөнді тындал, неше аңның аты аталағынын айтындар (13-аудио).



А Өз өңірлерінде андардың қандай түрлері мекендейді? Tipi, жабайы аңды қашан, қайдан кездестіргендерің женінде әнгімелендер.



4-тапсырма. Қазақ ақын-жазушыларының жануарлар туралы жазған шығармаларын еске түсіріндер. Қысқаша мазмұнын баяндаңыз беріндер.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

Жасыл бағым жайнаған,
Ну болады айналам.
Жазда барып орманға
Жатып алыш ойланам.

Мұқалати Қашқапов



1-тапсырма. Қазақстан аумағында өсетін қандай өсімдіктерді білесіңдер? Өздеріне үнайтын өсімдіктерін қандай? Ойларынмен бөлісіңдер.



А Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдандар.

Қазіргі Қазақстанның өсімдік жамылғысы 6000-дай өсімдік түрінен тұрады. Басқа көрші елдермен салыстырғанда бұл онша көп емес. Оған Қазақстан жерінде шөлді, шөлейтті аймактардың көптігі, топырак пен климат әсер етеді. Сондай-ақ Қазақстанның едәуір бөлігі геологиялық тарихы жағынан жас. Каспий маңы ойпаты мен Тұран ойпаты теңіз астынан неоген дәуірінде ғана босаған. Үстірт пен Бетпақдаланың босауы одан сәл ғана ертерек. Сол себептен бұл өлкелердің өсімдік жамылғысы әлі толық қалыптасып үлгермеген.

Өсімдігі жағынан бай өлке Қазақстанның таулы аймактары болып саналады.

Солтүстіктен онгустікке дейін 1600 шакырымға созылып жаткан Қазақстанның кең жазиralы жазығында дала мен шөл өсімдіктері басым. Шөлді аймактарда сексеуіл, өзендер бойында жыңғыл, жиде, торанғы¹ тоғайлары кездеседі.

Қазақстан дүниежүзі бойынша орманы аз елдердің катарына жатады. Бұкіл аумағының 11.4 миллион гектар жерін ғана ормандар алыш жатыр.

Қазақстандағы қазіргі өсімдіктер түрлері қылқанжапырақты ормандар, ұсақжапырақты орман-тоғайлар, бұталы тоғайлар, даланың бұталы өсімдіктері, сексеуіл, шөлдің бұталы өсімдіктері, дала өсімдіктері, субтропиктік өсімдіктер, шалғындар, тақырлар, шөлдің біржылдық өсімдіктері болып бөлінеді.

«Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығынан



Ә Отken және бүгінгі сабактағы мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әнгімелуу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдандар.



Б Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазіргі Қазақстанның өсімдік жамылғысында өсімдіктердің неше түрі бар?

2. Басқа көрші елдермен салыстырғанда Қазақстанда өсімдік түрлері неліктен аз?

¹ Торанғы – діні жуан әрі қисық-қыныр болып келетін шөлейт аймактарда, өзен аңгарларында өсетін, терек туысына жататын ағаш.

5-бөлім

3. Қазақстандағы өсімдігі жағынан бай өлкені атаңдар.
4. Қазақстанның бүкіл аумағының каншасын ормандар алып жатыр?
5. Қазақстанның өсімдік және орман әлемін байыту үшін кандай шаралар колдану керек деп ойлайсындар?



В Кестені толтырындар.

Дәрілік өсімдіктер	Улы өсімдіктер



Г «Адамзат тіршілігінде өсімдіктер әлемінің маңызы өте зор» деген тақырыпта «РАФТ» әдісі бойынша мәтін жазындар.



Анықтауыш

Анықтауыш, оған тән белгілер. Сөйлемде зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа сөз таптарынан болған мүшелерді түрлі қырынан сипаттап тұратын сөйлем мүшесін *анықтауыш* дейміз.

Анықтауышқа тән белгілер:

- 1) сөйлем негізін құрамайды (тұрлаусыз мүше);
- 2) сын есімнен және ілік септік тұлғасындағы зат есімнен жасалады;
- 3) анықтайтын сөзі (анықталатын сөз) – зат есім немесе заттанған сөз;
- 4) анықтайтын сөзімен қабыса да, матаса да байланысады;
- 5) анықтайтын сөзінің алдында орналасады;
- 6) заттық белгілерін нақтылады.

Анықтауыштың жасалу жолдары.

1. **Сын есім.** Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астай-астау жалжая қояр еді (О.Б.).
2. **Зат есім.** Тас ошақтағы оттың сәулесі тас қабырғаларға түсіп, қоңырқай тартады (О.Б.).
3. **Сан есім.** Екі қап шөп келгелі ешкілер бақырып жылағанын қойды (Ш.М.).
4. **Есімдік.** Өмірде осы тарізді әділетсіздіктер толып жатыр (Б.С.).
5. **Есімше.** Бақан сүреткен бала бізге назарын енді аударды (Б.С.).
6. **Еліктеуіш сөз.** Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыйдыр-сыйдыр үн естілді (О.Б.).

Есте сакта!

Анықтауыштар құрылышына қарай үшке бөлінеді:

- 1) дара анықтауыштар: *Кешке Есіркептің үйінде үлкен той болды* (Д.И.);
- 2) курделі анықтауыштар: *Кеп жасаған адам білмес, кеп көрген адам біледі* (мақал);
- 3) үйірлі анықтауыштар: *Он саусағы өнер апам босаға көрген бірер жылында-ақ маңғаз, инабатты, пысық келін атанағы* (О.Б.).



Ғ Мәтіннен анықтауыштарды тауып, қай сөз табынан болғанын түсіндіріндер. Оларды қатыстырып сөйлем қурандар.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МҰШЕЛЕРІ



- Ⓐ** Өсімдігі жағынан бай өлкө Қазақстанның таулы аймақтары болып саналады деген сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.



2-тапсырма. Өлеңді тыңдал, неше өсімдік атауы кездесетінін анықтандар (14-аудио).



- Ⓐ** Кім кеп табады? Б.Қалиевтің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген сөздігін пайдаланып, өлеңде кездескен өсімдік атауларының түсіндірмесін тауып келіңдер.



3-тапсырма. Берілген нұсқа бойынша сөйлем құрандар.

Кім? Нені? Не істеді?

Не? Неден? Не істеді?

Кім? Қайда? Не қылды?



- Ⓐ** Өлеңдерді мәнерлеп оқып шығындар.

Жазы бар жалынмен жандырган,
Қысы бар аязға кардырган.
Көктемі – балауса, балдырган.
Ал күзі – алып бір ак қырман.
Ақ дәннен ак нөсер жаудырган.
Күрең наң жаңа алған тандырдан,
Көлденең көлбекен көкжек
Қыранның қанатын талдырган...

M.Макатаев

Сапырулы сап-сары түр ма қымыз?
Сылқылдатып жұтыныз,
Бір қаныныз!
Жалғыз атын киналмай түсіп берер,
Жомарттықтың қалған бір
жүрнағымыз.

Түгі қашып тозса да кілеміміз,
Төр ұсыну,
Тілдесу – тілегіміз,
Сүйеріміз – сұлу ән,
Сылқым күйлер,
Серіліктің қалған бір сілеміміз.

K.Мырза Әні



- Ⓐ** Өлеңдерден анықтауышты тауып, астын сыйындар.



- Ⓑ** Қарамен жазылған сөздерге лексикалық талдау жасандар.



4-тапсырма. Берілген сөйлемдерді аяқтандар. Анықтауышты тауып, құрылышына қарай талдандар.

1. Балаларды үнемі мектепте ұстап отырмай, сырттағы жұмыстарға да _____ (Ж.А.). 2. Кемеш шакырды ма, әлде өзі келді ме, онысын білгенім жок, әйтейір, есіктен бір жас бала мен сары ала ит

5-бөлім

(Ж.С.). 3. Бір кезде оның ойын бөлген, терек тұлғасын көз алдына елестетіп жіберген құдіретті күштің сыры _____ (Х.Е.). 4. Кожабек шын құлап кетпейін дегендей, қолымен жер тіреп жылжып төсегіне _____ (Т.Ә.). 5. Жас жігіттің даусы аңсағанын көргендей _____ (Т.А.).

Керекті сөздер: кіріп келді, қосуға болады, қисайды, баскада жатыр, қуанышты шықты.




А «Кім жүйрік?» ойыны. Берілген кесте бойынша өз ойларыңнан мысалдар ойлап табындар. Кестені ең бірінші толтырған оқушы «жүйрік» атанады.

Дара анықтауыш	Күрделі анықтауыш	Үйірлі анықтауыш



Ә Ілік септігіндегі зат есімнен болған анықтауышқа көркем әдебиеттен 5 мысал келтіріндер.



5-тапсырма. Мұқағали Мақатаевтың «Гүлдер семіп барады» өлеңін тауып оқындар. Өлеңнің идеясын түсіндіріндер.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОРЫҚТАР¹

Корыктар үйымдастыру, ол жердегі аи-құстарды мазаламау, есіп-өнуіне еркіндік, мүмкіндік жасау тана оларға жақсы жағдай тутызады.

Отыншы Қошбайұлы



1-тапсырма. 2 топқа белініп, «Қорықтар керек» және «Қорықтар керек емес» деген тақырыптарды қамтып, пікірталас үйымдастырындар.



А Мәтінді оқындар. Мәтін бойынша бір-бірлеріне сұрақ қойындар.

Қазақстан корықтар саны жөнінен ТМД-та кіретін республикалар арасында он алтыншы орын алады. Дегенмен республика жерінің көлеміне шакканда корықтар үлесі жөнінен он үшінші орында. Бұл Қазақстан секілді ұлан-байтак республика үшін корықтар көлемінің әлі де болса аз екендігін көрсетеді. Қазіргі кезде нақты 10 корық жұмыс істейді.

Ақсу-Жабагылы қорығы 1926 жылы үйымдастырылды. Бұл – Қазақстандағы ертеден келе жаткан корық. Корық Оңтүстік Қазақстан облысының Талас Алатауы мен Өгем жотасында 131,9 мын гектар жерді алғып жатыр.

¹ Қорық – сирек кездесетін андар мен жануарларды, әр алуан құнды есімдіктердің корғап өсіретін аймак.

СЕЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МУШЕЛЕРІ

Наурызым қорығы 1934 жылы үйімдастырылған. Қостанай облысының Наурызым ауданында орналасқан. Оның аумағы 191,4 мың гектар жерді алғып жатыр.

Алматы қорығы 1964 жылы құрылған. Аумағы 71,7 мың гектарға жуық, әртүрлі ландшафт¹ зоналарында жатыр.

Барсакелмес қорығы Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігіндегі өзі аттас шөлейтті аралда орналасқан. Корық 1939 жылы үйімдастырылған. Жалпы көлемі – 160,8 мың гектар.

Корғалжын қорығы 1968 жылы құрылған. Корық Ақмола облысының 259 мың гектар жерін алғып жатыр. Оған тың даланың (38 мың гектар) кол тиімеген, турен түспеген жерлері, сондай-ақ Корғалжы нәжәне Теніз (199 мың гектар) көлдері кіреді.

Марқакөл қорығы 1976 жылы құрылған. Корық солтүстігінде Қазақстан Алтайының Күршім жотасы мен онтүстігінде теңіз деңгейінен 1447 метр биіктікте Азутау жотасы аралығындағы аса әсем Марқакөл шегінде орналасқан. Корықтың жалпы ауданы – 75 мың гектар, оның 44 мынын кел айдыны құрайды.

Үстірт қорығы Манғыстау облысында 1984 жылы құрылды. Ауданы 223,3 мың гектар республикадағы ең үлкен бұл корық Үстірт жерінде орналасқан.

Батыс Алтай қорығы 1992 жылы құрылған. Ауданы – 56 мың гектар. Корық Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданында орналасқан.

Алакөл қорығы . 1998 жылы құрылған. Ауданы – 197,1 мың гектар. Корық Алматы облысындағы Алакөл ауданында орналасқан.

Қаратай қорығы 2004 жылы құрылды. Көлемі – 34,3 мың гектар . Корық шөлді ландшафт зонасының коныржай белдеуіндегі таулы жерде орналасқан.

«Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығынан



Ә Қазақстан Республикасының картасынан қорықтарды белгілендер. Қорығы бар еңір жайында тарихи, ғылыми деректер көлтіре отырып баяндандар.



¹ Ландшафт – белгілі бір аймақтың жалпы көрінісі, жер бедереі.

5-бөлім

**Б** Мәтін мазмұны бойынша сәйкестендіріндер.

Аксу-Жабагылы корығы	2004 жылы құрылды. Көлемі – 34,3 мың гектар. Корық шөлді ландшафт зонасының көньяржай белдеуіндегі таулы жерде орналасқан.
Наурызым корығы	1976 жылы құрылған. Корықтың жалпы ауданы – 75 мың гектар, оның 44 мыңын көл айдыны құрайды.
Алматы корығы	1968 жылы құрылған. Корық Ақмола облысының 259 мың гектар жерін алғып жатыр.
Барсакелмес корығы	1992 жылы құрылған, ауданы – 56 мың гектар. Корық Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданында орналасқан.
Корғалжын корығы	1926 жылы үйымдастырылды. Бұл – Қазақстандағы ертеден келе жаткан корық. Корық Оңтүстік Қазақстан облысының Талас Алатауы мен Өгем жотасында 131,9 мың гектар жерді алғып жатыр.
Марқакөл корығы	1934 жылы үйымдастырылған. Корық Қостанай облысында орналасқан. Аумағы 191,4 мың гектар жерді алғып жатыр.
Үстірт корығы	1998 жылы құрылған. Ауданы – 197,1 мың гектар. Корық Алматы облысында орналасқан. Ауданы – 223,3 мың гектар. Үстірт жерінде орналасқан. Манғыстау облысында 1984 жылы құрылды.
Батыс Алтай корығы	Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігіндегі шелейтті аралда орналасқан. Корық 1939 жылы үйымдастырылған.
Алакөл корығы	1964 жылы құрылған. Аумағы 71,7 мың гектарға жуық. Әртүрлі ландшафт зоналарында жатыр.
Каратай корығы	

**В** Мәтінді негізге ала отырып, қорық, ландшафт, зона, жота, тың дала, гектар терминдерін, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог құрындар. Өз ойларынды дәлелді, жүйелі жеткізіндер.**Толықтауыш**

Толықтауышқа тән белгілер. Толықтауыш – сөйлемде етістіктен, сын есімнен, үстеуден жасалған баяндауышты, яғни іс-әрекеттің немесе сапаның нысаны ретінде сөйлемді жайылмаға айналдыратын тұрлаусыз мүше.

Толықтауышқа тән белгілер:

- 1) сейлемнің негізін құрауға қатыспайды (түрлаусыз мүше);
- 2) зат есімнен, есімдіктен, заттанған есімдерден жасалады;
- 3) бағыныңқы сыңар ретінде өз басыңқысымен менгеріле байланысады;
- 4) толықтайтын сезінің алдына орналасады;
- 5) сейлемде бастауышты толықтырып тұрады;
- 6) толықтайтын сезімен нысандық қатынаста тіркеседі.

Толықтауыштың түрлері және жасалу жолдары. Толықтауыштар сейлемдегі баяндауышпен байланысуы мен мағыналық қатынасына қарай тұра толықтауыш және жанама толықтауыш деп бөлінеді.

Тұра толықтауыш сабакты етістікпен табыс септігінің нөлдік немесе ашық тұлғасында тіркесіп келеді: Әкем қарттың қолындағы жез мойын мүйіз сап пышаққа қадала қарады: «мен бұл *пышақты білемін*» (О.Б.).

Жанама толықтауыш – сейлемдегі салт немесе сабакты етістіктермен барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде тіркесіп, баяндауыш арқылы айттылған әрекеттің не сапаның жанама нысаны қызметінде жұмсалатын сез немесе сез тіркесі.

Барыс септігі. *Тұс ауда бригадир мені отқа мінгестіріп алды да, жұмыс жаққа қарай алып жүрді* (Д.И.).

Жатыс септігі. *Адамда осындай мінез береді екен-ay!* (Д.И.)

Шығыс септігі. *Мен әнамнан сендей кезімде ажыраганмын* (Д.И.).

Көмектес септігі. *Ол қалта фонарімен жарық қылып отырды да, мен қағазды канистрдің үстіне қойып жаза бастадым* (Д.И.).

Есте сақта!

Толықтауыштар құрамы жағынан дара да, күрделі де болып келеді. Күрделі толықтауыштар тұрақты сез тіркестерінен немесе сейлемдік дәрежедегі күрделі оралымдардан тұрады. Сейлемдік дәрежедегі күрделі оралымдардан тұратын толықтауыштарды өз ішінде сейлем мүшелеріне ажыратуға болады.



Г Мәтіннен толықтауышты табындар. Кестені толтырып, оларды құрамына қарай талдандар.

Тұра толықтауыш	Жанама толықтауыш



2-тапсырма. Берілген сейлемдерді сейлем мүшесіне талдай отырып, толықтауыш қызметінде тұрган сездердің мағынасын, жасалу жолын анықтаңдар.

1. Мәкіш те Абайдан осы жөннен **жауаш** естімекке ынтық сиякты (М.Ә.). 2. Мен әжемді дүниедегі ең бакытты аяның **бірі** санайтынын (С.Мұр.). 3. Ажар күндеңі әдетінше Асанбайдың **колына** торлама дорбаны ұстата берді (F.M.). 4. Мен Абайды **ақын** деп кана емес, ойшыл, философка балап оқыдым (Ә.Н.). 5. Өмірінде мұндай **корлыкты** көрменген қасқыр жанталасып тулап жатыр (Ә.Ә.).



А Қарамен жазылған сездерге лексикалық талдау жасандар.

5-бөлім

Ә Берілген мақалдарға морфологиялық талдау жасай отырып, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін табындар. Байланысу түрін анықтандар.

Қоянды қамыс өлтіреді,
Жігітті намыс өлтіреді.

Ақ көңілден арамдық шықпас,
Арамдық шықса да, жамандық шықпас.

Ішің ауырса – аузынды тый,
Көзін ауырса – қолынды тый.

Көзі сокырдан корыкпа, көnlі сокырдан корық.



3-тапсырма. Кім көп табады? Күрделі толықтауыштарға мысалдар келтіріндер.

Керек дерек!**Толықтауыш болатын сөз таптары**

Зат есім. *Балаларды мектепке шакырды.*
Сын есім. *Жаманга сырынды айтна.*
Сан есім. *Жұз – жиырма беске бөлінеді.*
Есімдік. *Бұған көмектесе біл.*
Тұйық етістік. *Енді оған сөйлеуді қойым.*
Есімше. *Білгенге – маржан, білмеске – арзан.*
Көмекші етістік. *Мен өтірік айту дегенді білмеймін.*



А Толықтауыш болатын сөз таптарының әрқайсысына көркем әдебиеттен мысалдар табындар.



4-тапсырма. Кім көп табады? Күрделі толықтауыштарға мысалдар келтіріндер.



А Сейлемдерден қате жазылған сөздерді тауып, синтаксистік-кешенді талдау жасандар. Толықтауыштың қай сөз табынан болып тұрғанын түсіндіріндер. Дара және күрделі толықтауыштарды табындар.

1. Токио газеттері сөзд күнделігін үзбей жазып тұрды (С.Е.). 2. Қалын карды таспаша тіліп келе жатқан темір табанның бір ғалыпты сырлы төбеге ұргандаі тынды да, жолаушылардың алды-артын орай соқкан бүркасын шананың күйс-куйсына лап койды (С.Ж.). 3. Шіріген тақтайдан жасалған есіктің жактаулары дауылды желге төтөп бере алмады (С.М.). 4. Бір топ адам жылыстын бөлініп, ездерінің отырған үйлеріне қарай кетті (С.К.).



5-тапсырма. Табиғатка байланысты тыйым сөздерді тауып келіндер. Қазақ халқы мен табиғат үйлесімі жеңінде әнгімелендер.



6-тапсырма. «Ойлан, тап!»

1. Кырық үш кызығыш күска,
Кырық үш кызығыш косса,
Канша кызығыш күс болады?

2. Аркада алты аркар бар,
Кырда қырық аркар бар,
Бір карт аркар бар.
Алты арқарға қырық арқарды,
Қырық арқарға кәрі арқарды
Косса, канша аркар бар?

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ

Қызыл кітап – бұл өзі қызық кітап,
Тысы жұза, астары калынырак!

Қадыр Мырза Әлі



1-тапсЫРМА. Қадыр Мырза Әлінің «Қызыл кітап» өлеңін тауып оқындар. Ұнаган шумактарын жаттап алындар. Өлеңнен алған әсерлерінмен белісіндер.



A Мәтінді оқып, қажетті ақпаратты табындар.

Қазақстанның Қызыл кітабының әрі танымдық, әрі тәрбиелік мәні зор. Ол жастарды табиғатты аялай білуге, оның қамкоршысы болуга тәрбиелейді.

Қазақстанның Қызыл кітабы – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету каупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен есімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым. Кітап 1978 жылдан шығарыла бастады.

Қазақстанның Қызыл кітабының үшінші басылымы қайта өндөліп әрі толықтырылып, 1996 жылы қазақ тілінде шыкты. Бұл үшінші басылымның бірінші томы «Жануарлар», оның бірінші бөлімі «Омыртқалылар» деп аталды. Оnda омыртқалы жануарлардың 125 түрі мен түр тармағы туралы деректер берілген. Қазақстанның Қызыл кітабының үшінші басылымында тіркелген жануарлар түрлері 5 категория бойынша:

- 1-категория – жойылып бара жатқан;
- 2-категория – саны жылдан-жылға күрт азайып бара жатқан;
- 3-категория – сирек кездесетін;
- 4-категория – ғылыми тұрғыдан толық зерттелмеген;
- 5-категория – қалпына келтірілген түрлер деп берілген.

Қазақстанның Қызыл кітабының үшінші басылымында тіркелген омыртқалы жануарлар түрінің қандай отрядқа, қандай тұқымдасқа жататыны және әрбір жеке түрге қыскаша қазақша, ағылшынша деректер берілген. Сонымен бірге әрбір тіркелген түрдің суреті. Қазақстан аумағында таралуын көрсететін карта және сол жануардың түріне көтүстік ақпарат көздері (кітаптар, макалалар) көрсетілген.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан, 6-том

5-бөлім



Ә Сан есімдер көздескен сөйлемдерді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасандар.



Б Суреттегі қандай жануарлар? Олардың Қызыл кітапқа енгендігі туралы деректер жинаңдар.



В Тілдік құралдарды орынды қолданып, «Қазақстанның Қызыл кітабы» атты зерттеу мақала жазындар.



Пысықтауыш

Пысықтауышқа тән белгілер. Пысықтауыш – сөйлемде етістіктен жасалған баяндауыштың сапасын, мезгілін, мекенін, мақсатын, себеп-салдарын сипаттайтын түрлаусыз мүше.

Пысықтауышқа тән белгілер:

- 1) сөйлемнің негізін құрауға қатыспайды (түрлаусыз мүше);
- 2) үстеуден, көсемшеден және жанама септік тұлғалы зат есімнен жасалады;
- 3) бағыныңды сынар ретінде өз басыңқысымен қабыса, жанаса байланысады;
- 4) пысықтайтын сөзінің алдына орналасады;
- 5) өзі тіркессен сөзімен пысықтауыштық қатынаста болады.

Пысықтауыштың жасалу жолдары.

1. Сөйлемде пысықтауыштың қызметін көбінесе үстеу атқарады. Мысалы: Біз ілгері жүріп кеттік. Ертеңіне екі өзен аралығына екі бірдей тікұшақ келіп қона қалды.

2. Барыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған сездер мекен, беталыс, бағыт, мезгіл, сын-қымыл мағыналарын білдіріп, пысықтауыш болады. Мысалы: Мен ауылға беттеп келемін. Қырман басынан электр жарығы жымындаиды.

СЕЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МУШЕЛЕРІ

3. Мезгіл мәнді зат есімдер ыңғайына қарай пысықтауыш болады. Мысалы: Сол күні Тілеуқабыл түні бойы ұйықтай алмады.
4. Септеулік шылаулы есім сөздер пысықтауыш болады. Мысалы: Күні бүгінге шейін елдің жаз жайлауы – Қарақұм. Халық Абай үшін алысады.
5. Пысықтауыш етістіктің көсемше түрінен болады. Мысалы: Шешесі баласының бетінен мейірлене сипады.
6. Еліктеуіш сөзден болады. Мысалы: Бұл сөзіме Шаймерден кеңк-кеңк күлді.
7. Сын есімнен болады. Мысалы: Айнала жұрт сөзге қатты сүйсінді. Біз сізді жақсы танимыз.
8. Кейде сан есімнен болады. Мысалы: Жанбота туды екі алды.
9. Есімдіктен болады. Мысалы: Шай алдеқашан жиналған.

Есте сақта!

Пысықтауыш құрамына қарай *дара* және *күрделі* болып бөлінеді. *Дара* пысықтауыш бір сөзден болады. Мысалы: Шопанның үні мейірімді естілді. Мен бұл екі егіннің каншадан беретінін алдеқашан білгенмін. *Күрделі* пысықтауыштың құрамында екі я одан да көп сөз болады. Мысалы: Толғанбай Алакөлден Есік көліне келді. Бұлар ауежайдың шетінде тұрған ақша бұлт түстес ұшақтың қасына келіп тоқтады.



2-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен пысықтауыш болатын сейлемдер қурандар. Кестені толтырындар.

Табиғатты коргау. Кызыл кітап, өсімдіктер, жануарлар, балықтар, құстар, санырауқұлактар, тұған жер, сүйіспеншілік, сұлулық, байлық, болашак.

Дара пысықтауыш	Күрделі пысықтауыш



A Пысықтауыштың жасалу жолының әр түріне мысалдар келтіріндер. Соңғы сейлемге фонетикалық талдау жасандар.



3-тапсырма. Кім көп табады? Төмендегі үлгі бойынша сөз тіркестерін қурандар (бағыныңды сыңары пысықтауыш болатындей).

Үстег + етістік

Сын есім + етістік

Есімдік + етістік




A Пысықтауыштың қандай сұрақтарға жауап беретінін топтастырып жазындар.



Ә Пысықтауыштың бағыныңды сыңар ретінде өз басынқысымен қабыса және жанаса байланысуына мысалдар келтіріндер.

5-бөлім



Б Кестедегі сөздер анықтауыш және пысықтауыштың рөлін атқаратында сөйлем күрандар.

Мысалдар	Анықтауыш	Пысықтауыш
катты жаксы арыстандай түзу кисық ұзын		

Керек дерек!**Қызыл кітап атауды қайдан шықты?**

Қызыл кітап... Неге дәл қызыл түс? Халықаралық табиғатты коргау одағы 1948 жылы қеудесінде жаңы бар тіршілікті коргауды колға алды. Бір жылдан соң спек кездесетін түрлерді коргайтын комиссия құрылды. Комиссияның қызметі жойылып кетудін аз-ақ алдында тұрган есімдіктер мен жануарларды зерттеп-зerdeлеп, коргаута алып, оларды бір кітапқа топтастыру болатын. Комиссия төрағасы Питер Скотт адамдардың қып-қызыл түске назар салып, сол де болса ойлануы үшін тізімді «Қызыл кітап» деп атауды ұсынды. Ең алғашкы Қызыл кітап 1963 жылы жарық көрді. Бұл адамзаттың табиғатты коргау үшін жасаған алғашкы қадамдарының бірі болды. Қызыл кітап өмірлері қыл үстінде тұрган тіршілік нелерінің телкүжаты іспетті. Қызыл кітапқа енген тіршілік түрлері жойылып бара жаткан түр, спек кездесетін түр, анықталмаған түр, қайтып қалпына келе жаткан түр деп болінеді. Қызыл кітаптың ішінде Қара кітап немесе қара тізім бар. Жер бетінен мұлде құрып, жойылып кеткен тіршілік нелері осы кітапта хатталып қалған.

massager.kz сайтынан



4-тапсырма. «Керек дерек!» мәтінінен пысықтауыштарды тауып, оларды мағыналық түрлеріне қарай ажыратындар.



А Мәтіндегі көп нұктенің орнына тиісті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жазып, қандай сөз табынан екенін табындар.

1. Күшік әбден тынығып, қайта күтындаі бастаған кезде ... бір кішкене бала келді (М.М.). 2. Түрі кенет өзгеріп кететіндей, айнаға сәт сайын сүзіле, өзгеше бір ... қарайды (Б.Нұр.). 3. ... бұл арадан еткомбинаты салынған (Д.И.). 4. Кекірегін бұлқан-талқан еткен ашуын баса алмай, ол тағы ... жүре бастады (І.Е.). 5. Ақбілек орталарында төмен қарап келе жатып, әнгімелеріне құлақ салды (Ж.А.). 6. Тасболат басын ... салып, бірсыныра жерге шейін ойланумен отырды (Б.М.).

Тиісті сөздер: өзгеріс іздел, малы көп болған соң, төмен, жорғактатып, алыстан, ерсілі-карсылы.



Ә Сейлемдерді сейлем мүшесіне қарай талдандар, пысықтауышқа тән белгілерді атандар.



5-тапсырма. Қызыл кітаптың маңызы мән рөлі туралы ойтқылау жазындар.

ЗАҢСЫЗ АҢ АУЛАУ

Бір мерген бозша құсты атып алды,
 (Коймады елтіріп-ак жалғыз жанды).
 Басында бір ағаштың үш баласы
 Шырылдаپ ұясында жетім калды...

Ахмет Байтурсынулы



1-тапсырма. Жоғарыдағы өлең жолдарында айтылған ойды өрбітіндер. Заңсyz аң аулау туралы билетіндерінді ортаға салындар.



A Мәтінде оқындар. Мәтінде көтерілген маселе бойынша ой тұжырымдандар.

Заңда белгіленген ережені бұзып, балыкты, теніз андарын, өзге де су жануарларын немесе есімдіктерді өз бетінше, рұқсатсыз, лицензиясыз¹, тыйым салынған жерлерден, тыйым салынған уақытта, сондай-ак оларды аулауга колдануға тыйым салынған құралдар мен тәсілдерді пайдаланып заңда көрсетілген заттарды алу заңсyz алу деп танылады.

Қылмыстық кодекстің 286-бабына сәйкес: а) ірі зиян келтіріп; ә) механикалық көлік құралын немесе әуе көлігін, жарылғыш заттарды, газдарды және құстар мен андарды жаппай қырып-жоюдың өзге әдістерін колданып; б) аулауга толық тыйым салынған құстар мен андарға қатысты ерекше қорғалатын табиғи аумактар мен төтенше экологиялық ахуал аймактарында жасалған әрекет заңсyz аныштық деп саналады. Аулауга тыйым салынған құстар мен андардың тізімі, аныштықта колдануға тыйым салынған карулар мен әдістердің тізбегі Қазақстан Республикасы арнаулы нормативтік актілерінде көрсетілген.

Орман ағаштары мен бұталарын, сондай-ак оларға кірмейтін басқа да ағаштар мен бұталарды немесе кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды кесу арнаулы рұқсат құжаттарының лицензияның, ағаш кесу билетінін, ордердің, орман билетінін негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына жануарлар мен есімдіктердің сирек кездесетін, құрып кету қаупі төнген түрлері жазылады. Оларды заңсyz олжалдауга, алуға, еткізуге, сондай-ак жоюға заң мүлдем тыйым салады.

С.Иксатова



Ә Перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырындар.



Б Қазақ – ежелден аң аулаудың қыр-сырын жетік мәнгерген халық. Ендеше, халқыныздың саятшылық өнері туралы ой өрбітіндер.

¹ Лицензия (лат. *licentia* – рұқсат, құқық), рұқсатнама – экспортты, импортты және валюта козғалысын баянлау мақсатымен экспорт-импорт операцияларын жүзеге асыруға мемлекет беретін рұқсат.

5-бөлім



В Мәтіннен бастауыш пен баяндауыштарды теріп жазындар. Олардың қай сез табынан болғанын түсіндіріндер.



Г Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің түсіндірмесін айтындар.



Сейлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері

Сейлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сейлем мүшелерін тұрлаулы (бас) мүшелер дейміз.

Бағыныңқы сыңар – баяндауыш басынқы сыңар – бастауышқа жақ және сан жағынан үйлесіп, қыса байланысады. Бастауыш сөз қай жақта тұрса, баяндауыш та сол жақтық тұлғада болады.

Тұрлаусыз мүшелер тұрлаулы мүшелердің айналасына топтасып, оларда айтылатын пікірді анық, дәл, толық жеткізу үшін сейлемді семантикалық жағынан кеңейтіп тұрады.

Сейлемнің тұрлаусыз мүшелерінің қызметі әртүрлі: атрибуттық қатынастағы сөздер анықтауыш қызметін; нысандық қатынастағы сөздер толықтауыш қызметін; кеңістік, уақыт, себеп, мақсат қатынасындағы сөздер пысықтауыш қызметін атқарады.

Есте сакта!

Тұрлаулы мүшелер		Тұрлаусыз мүшелер		
Бастауыш	Баяндауыш	Анықтауыш	Толықтауыш	Пысықтауыш



Ғ Мәтіннен тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді тауып, кестені толтырындар.

Тұрлаулы мүшелер		Тұрлаусыз мүшелер	



Д Мәтіннің соңғы екі сейлеміне синтаксистік талдау жасандар.

Керек дерек!

Сейлем құрамындағы сөздер тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерден және оқшау жөліде келген түрлі синтаксистік оралымдардан тұрады. Сейлем құрылымын түзуші және онын предикаттық мазмұнын үйімдастыруши негіз – тұрлаулы мүшелер. Алайда сейлем мазмұнын тек тұрлаулы мүшелер арқылы жеткізе беру мүмкін емес. Жалан тұрлаулы мүшелер сейлем мазмұнын түгел қамти алмайды. Сейлем мазмұнынын толықтығы тұрлаулы мүшелермен бірге тұрлаусыз мүшелердің катысуын керек етеді. Тұрлаусыз мүшелер сейлемдегі тұрлаулы мүшелердің және бірін-бірі анықтап, ондағы айтылмақ ойдан қажетті мәнін жеткізеді.

«Казақ пунктуациясының теориялық және практикалық масалалары» оқы-әдістемесінде хешенлен

СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МҰШЕЛЕРІ

2-тапсырма. «Керек дерек!» матінін негізге ала отырып, түрлаулы мүшелер мен түрлаусыз мүшелерге ереже құрастырындар.



А Матіндегі «синтаксистік оралым» деген тіркесті өз сөздерінмен түсіндіріп көріндер.



Ә Кестені толтырындар.

Макал-мәттер	Түрлаулы мүшелер		Түрлаусыз мүшелер		
	Бастауыш	Баяндауыш	Толықтауыш	Анықтауыш	Пысықтауыш
Шәкіртсіз ұстаз – тұл.					
Ұстаздан шәкірт озар.					
Ұстазының ұлы әкен-дай сыйла.					



3-тапсырма. Өлеңді мәнерлелеп оқындар. Өлең мазмұнын өз сөздерінмен аңғимелендер.

Қансонарда ¹ бүркітші шығады анға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ынғайлы ықшам киім аңшы адамға...
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен үшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз кайқаң қағып шықса аспанға.
Кере тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамай жығылғанға.
Қырық пышакпен қыржындал тұрған түлкі,
О дағы осал жау емес қыран панға...
Кекіректе жамандық еш ниет жок,
Ан болады кенесін құс салғанда.
Ешкімге зияны жок, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.
Кекірегі сезімді, көңілі ойлыға
Бәрі де анық түрмай ма ойланғанда.
Үклассын үстірт қарап бұлғактасан,
Суретін кере алмассын, көп бакласан.

¹ Қансонар – жанадан кар түскеннен кейінгі ан іздерін кесуте мүмкіндік беретін кез.

5-бөлім

Көлеңкесі түседі көкейінде,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасан.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассын, күс салып дәм татпасан.

Абай



A Өлеңнен етістіктерді тауып, райдың қай түрінде тұрғанын дәлелдендер.



Ә Өлеңге пунктуациялық талдау жасандар.



Б Өлең мазмұны бойынша сурет салындар.

4-тапсырма. Сейлемдерді көшіріп жазындар. Тұrlаулы және тұrlаусыз мүшелерін табындар.

1. Қазан қайнап, марқаның еті пісуге айналғанда, оқыған азаматтардың ішінен жырылып шыккандар ошак басына келе бастады (Л.Ж.). 2. Ирі кара төбет қора тубінен бой көрсетіп үріп келеді (Ә.Нұри). 3. Арадарына терен күздар тастап, биік таудай жоталана көтерілген бітеу толқындар кенет салдырылғандар шалкалай құлап, теңіз бетіне су борасынын шашып жатты (Ә.С.). 4. Екпінді үлкен мәшинелер өткен кезде терезе әйнегі шылдырап, дір-дір еткендей болады (Б.С.).



5-тапсырма. Берілген етістіктер мен есім сөздерді қатыстырып сейлемдер күрандар. Тұrlаусыз мүшелердің астын сзындар.

Есім сөздер: ан, аңшы, мерген, дәрі, күш, уақыт, дала, табигат, адам.

Етістіктер : аулау, коргау, пайдалану, шығу, колдану, кайту, бару, көтеру.

КӨШПЕЛІЛЕР МЕН ТАБИГАТ ТҮТАСТЫҒЫ

Әр халықтың мінезі, қылымы, салты, пейілі, талабы, жігері өз манайындағы табигат әсерінен пайда болады.

Мұхтар Әнзебов



1-тапсырма. Көшпелілер және олардың мәдениеті туралы өткен сабактарда алған білімдерінді еске түсіріндер.



A Мәтінді оқындар. Мәтіндегі ақпаратты сурет арқылы көрсетіндер (өздерін салындар).

Шекіз далада бір орында токталып қалу көшпелілік тіршілікке сәйкес келмейді. Ол мезгілдік, вегетациялық¹ занцылықтарға бағынып, козғалыс шенберінен шыкпайды. Эрине, бұл козғалыс, негізінен,

¹ Вегетация – есімдіктің есіп-жетілу кезеңі.

СЕЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МУШЕЛЕРІ

қайталанбалы, тұракты сипатта болады. Куандаланы шеру табиғатты өзгертуге емес, қайта оның ажырамас бір белгіне айналуға бағытталған.

Көктем шыға көшпелі қазак ауылы қыстаудан көктеуге келіп қонады. Көктеудегі манызды атқарылатын шаруа – мал төлдету. Малдың төлдерін аман сактап қалу – малиш ауылдың тіршілігіндегі ең жауапты кезеңнің бірі.

Малдар төлдеп болғаннан кейін козылар отығып, кеш соңынан ерутегі жарай бастасымен жайлauғa көшу басталады. Жайлauғa келген соң шөп мол болғандыктan мал бағу жеңілдеп, малишлардың колы босап, демалып қалады.

Қыркүйектің екінші жартысында жауын-шашын басталмай тұрып, кара сұық түсісімен күзеуге¹ көшу басталады.

Күн сұята ауыл қыстауга келіп қонады. Қазактың қыстауы да әр жерде әртүрлі болды. Жартылай көшпелі, егін еgetін, таза көшпелі қазактардың қысты өткізуі бір-біріне мулде ұқсамайды. Егін еgetін жартылай көшпелі қазактардың қыстаудында адам тұратын үй, мал кора сияқты құрылыштар болған. Бұлар аз да болса малға жемшөп дайындаған. Олардың малы жұт сияқты апатта түгел қырылыш қалмайды. Бірақ оларда таза көшпелі қазактардің маңайы мен саны көп бола қоймайды. Бірақ қыста бір жерде ұзак отырута келмейді, себебі шөптің маңызы кетеді. Сондықтан маңайы барлап, шөбі, сұы малға 1-2 аптаға жететін жер тауып, сонда коныс ауыстырып отырады. Негізінен, күмнің арасына, күншуак, ықтасын жерлерге, калың камысты көлдің жағасына, ну тоғайлы өзен арнасына т.б. орындарға коныстануға тырысады. Осылай, жұт² болмаса, қазак малын аман-есен көктемге жеткізетін болған.

«Мәдениеттану негіздері» оқулығынан



Ә Мәтіндегі негізгі ойды табындар. Бірнеше сұрақ құрастырындар.



Б Мәтін мәзмұны бойынша деректерді рет-ретімен, желісімен орналастырындар.

Жартылай көшпелі, егін еgetін, таза көшпелі қазактардың қысты өткізуі бір-біріне мулде ұқсамайды.

Бірақ қыста бір жерде ұзак отырута келмейді, себебі шөптің маңызы кетеді. Сондықтан маңайы барлап, шөбі, сұы малға 1-2 аптаға жететін жер тауып, сонда коныс ауыстырып отырады.

Көктем шыға көшпелі қазак ауылы қыстаудан көктеуге келіп қонады.

Куандаланы шеру табиғатты өзгертуге емес, қайта оның ажырамас бір белгіне айналуға бағытталған.

¹ Күзеу – жайлauғa кайткан елдін күзде отыратын жері, конысы.

² Жұт – ауа райының колайсыздығынан болатын экономикалық күйзеліс, анат, жазы кузиншылық пен катты қыстап аштықка ұшыраушылық, ашаршылық.

5-бөлім



В Мәтіннің соңғы азатжолын көшіріп жазып, кестені толтырындар.

Тұрлаулы мүшелер	Тұрлаусыз мүшелер



Г Кім көп табады? З топқа белініп, ен көп мысал келтірген оқушыны аныктандар.

Есімдікten болған аныктауыш:

Жанама толықтауыш:

Етістіктің көсемше формасынан болған пысыктауыш:



f Мәтіннен баяндауыштарды теріп жазындар.

Дара баяндауыш: Күрама баяндауыш: Курделі баяндауыш:



2-тапсырма. «Табиғат. Әмір. Адам» деген тақырыпта ойтолғау жазындар.



А Бір пікірге келіндер. Сонымен, қорыта айтқанда, адам табиғатқа бағына ма, әлде табиғат адамға табына ма?



3-тапсырма. Мәтінге синтаксистік-кешенді талдау жасандар. Семантикалық картаны толтырындар.

Карай-карай көзі де бұлдырап кетіпті. Итендей-итендей белі де талып қапты. Ат суытып алайын деп, жусаны мен жапағы қалың көлдеу ойдың ортасындағы төмпектің қасына кеп тоқтады. Атын тұсап, отқа жіберді. Сосын төнірегіне қарады. Ұрының жүзіндей жымпишп жаткан кең алқап. Ойына бірдене түсіргендей иегін қасыды. «Кап, мынау ойға бекер тоқтаған екенмін, анау қара жалға көтеріліп кідірсемші», – деп өкінді.

Сосын әлгі отырған жерінен жел жакқа қарай қырық қадам ұзап, шалқасынан түсіп жата кетсін... Көз алдына тағы да тайқазан ет пен мөлтендеген сірке сорпаның тұра калғаны. Қапелімде, жер түбінен түйдек-түйдек көрінген қою шанды да андай қоймапты...

Әбди Кекітбаев

Мәтін сөйлемдері	Аныктауыш	Толықтауыш	Пысыктауыш



4-тапсырма. «Шаттық лебізін» құрып, бір-бірлеріңе жылы лебіздерінді етістіктерді ғана пайдаланып білдіріңдер. Көніл күйлерінді сын есімдермен жеткізіңдер.



5-тапсырма. Мәтіннен сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табындар. Олардың қандай сөз табынан жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

...Ал енді ол жүнді негыласың дейсіз ғой. О, ол жүннен шекпен тоқымаймыз, кіз де бастырмаймыз. Ол жүннен қолдың басынданай доп жасаймыз.

СЕЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҮРЛАУСЫЗ МҰШЕЛЕРІ

Оның өз технологиясы бар. Өлі жүнді ыстық сұға малып алып, кос қолдан үкалай берсөн, басы бірігеді. Үстемелеп тағы жүн косып үкаласаң, біраздан соң доп болып шыға келеді. Қолдоп. Салмақтырақ болуы үшін өзегіне тас салып койсан, тіптен әйбат.

Ол допка таяқ керек. Құдайға шүкір, сол кезде Мынбаулактың бойында әлі әдемі сәмбі талдың тамтығы бар болатын. Содан тұмсығы кайкы бір-бір таяқ кесіп аламыз. Содан соң – ойын дайын.

Осы күні ойласам, ол ойынымыз – кекірігі азған бай ел – Америкада «гольф» дейтіннің сынары снякты. Ортадан бір шұңқыр қазып койып, әлгі киіз допты алыстан ұрып, соған түсіру керек. Кім түсірсе, сол үтады, кім түсіре алмаса, белгілі бір мәреке дейін қашуы керек...

Ш.Мұртаза. «Ай мен Айша»



A Қайталауға арналған сұрақтарға жауап беріндер.

1. Сейлем мүшелері құрамына қарай нешеге белінеді?
2. Сейлемнің түрлаулы мүшелерін атандар.
3. Түрлаусыз мүшелерді атандар.
4. Сөз тіркесі немесе тұракты тіркестен болған бастауышқа сейлеммен мысал келтіріндер.
5. Баяндауыштың құрылымдық түрлерін атандар. Мысал келтіріндер.
6. Анықтауыш құрылышына қарай нешеге белінеді? Мысал келтіріндер.
7. Толықтауыш баяндауышпен байланысусы мен мағыналық катынасина қарай қалай белінеді? Мысал келтіріндер.
8. Күрделі толықтауышқа мысал келтіріндер.
9. Пысықтауыштың жасалу жолдарына мысал келтіріндер.
10. Пысықтауыштың мағыналық түрлерін атандар. Оларға мысалдар келтіріндер.



6-тапсырма. Эпиграфтагы М.Әуезовтің пікіріне сәйкес өз мінездерінді тұған елкелерінің табиғатымен байланыстырып, мақала құрастырындар.



Фалым болам десеніз...

1. Казакстаниң Қызыл кітабы. З-басылым. Алматы, 2006.
2. Қазақстан корыктары. Марқакөл. Жер жаинаты – Жетісу. Алматы, 2007.
3. Сайрамбаев Т. Сейлемнің түрлаулы мүшелері. Алматы: Казақ университеті, 1991.
4. Исаев С. Казақ тілі. Алматы: Кайнар, 1993.
5. Ермекова Г. Қазіргі казақ тіліндегі есім баяндауыштар. Алматы, 1995.
6. Досқараев Ж. Сейлем мүшелері туралы. Халық мұғалімі. 1939.
7. Басымов Х. Сейлемнің түрлаусыз мүшелері. Халық мұғалімі. 1939.

6

СИНТАКСИС

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ОРТА

Табиғатпен жауыкпа, онымен бірге өмір сүр. Оны бағындырам деме, табиғаттың өзіне оған аса қажет «тіршілік ерісін» қалдым. Дағаны, тауларды, жазықтық пен көлдерді таптай берем деме, олардың өзіне сініп кет.

Нұрсұлтан Назарбаев



1-тапсырма. Бізді қоршаган ортаға нелерді жатқызысындар?

Жанды

Жансыз



A Мәтінді тындандар (15-аудио).



Ә Мәтіннен тірек сөздерді табындар. Оларды пайдаланып, мәтіндеңі негізгі ойды үш сейлемге сыйдырып айтындар.



Б «Бұлак көрсөн – кезін аш» тақырыбында эссе жазындар.



В Кім көп табады? Табиғат туралы өздерің білеттің мақал-мәтелдер мен ақындар өлеңдерін айтып, жарыс үйімдастырындар.



Г «Қолтырауын» ойынын ойнайық. Табиғат құбылыстарын қимылмен көрсетіп түсіндіріңдер. Бүгінгі көңіл қүйлерінді жыл мезгіліне, ауа райына, табиғат құбылыстарына ұқсатындар. Мәселен, қобалжуды түнерген аспанмен т.б. көрсетулеріне болады.



Сейлемнің бірыңғай мүшелері

Сейлемнің бірыңғай мүшелері – сейлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын, бір ғана сұраққа жауап беретін, көбінесе бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып, бір ғана сөзге қатысты болатын сөздер тобы. Сейлемнің барлық мүшесі де сейлемнің бірыңғай мүшелері бола алады.

Бірыңғай мүшелердің алдында немесе сонында жалпылауыш сөздер болады. Ондай қызметті есімдіктер, сондай-ақ сан есімдер де атқарады: *Арқаға аяқ салып түскен барып, Екі оттың – орыс, қытай арасына (М.Ж.)*.

Есте сақта!

Жалпылауыш мүше бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, олардың ортақ жинақтау мәнін білдіреді. Жалпылауыш мүше қызметінде жеке сөз де, сөз тір-

кесі де жұмсала береді. Жалпылауыш мүше қызметіндегі жалпылау, сілтеу есімдіктері, жинақтық сан есім, зат есім қолданылады. Жалпылауыш мүше бірыңгай мүшелердің алдында келсе, одан кейін қос нұкте қойылады. Егер бірыңгай мүшелерден соң келсе, оның алдына сзықша қойылады.



f Мәтіннен бірыңгай мүшелермен тіркесіп тұрған сездерді тауып, оларға морфологиялық талдау жасандар.



2-тапсырма. Табиғат құбылыстарын жасырып тұрған жұмбақтардың шешуін табындар.

1. Кейде әнге басады айқайлы,
Орманды, суларды шайқайды.
Жер шарлап, гүлдеп өседі,
Аударып конысын көшеді.
2. Кезге көрінбейді,
Колынды темір тұтқаға желімдейді.
3. Қакпақты тарс-тұрс жабады,
Терезені қағады.
Үілдейді ыскырып,
Коркытады баланы.

4. Қара бура екірді,
Мазасын жұрттың кетірді.
Қамшылап атам зекірді,
Ауылдан айдалап кетірді.

5. Тенізді шайқайды,
Егісті жайлайды.
6. Аспаннан жауды ақ бидай,
Үйге карап жүгірдім.



A Жұмбақтардан анықтауышты табындар. Оның қай сез табынан болғанын түсіндіріндер. Оларды қатыстырып сейлем құрандар.



Ә «Ең, ең, ең...» ойынына кезек берейік. Бізді коршаған ортадағы «ен...» заттар мен құбылыстарды атандар.



3-тапсырма. Берілген өлең бойынша бірыңгай сейлем мүшелерінің тыныс белгілерін қойып шығындар.

Шокпардай кекілі бар, қамыс құлак,
Қой мойынды коян жақ бөкен қабақ.
Ауыз омыртка шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, унірейген болса сағақ.
Теке мұрын салпы ерін ұзын тісті,
Қабыргалы жоталы болса күшті.
Ойынды еті бөп-белек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салкы тесті.
Жуан такыр бақайлы жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабыргадан тұрса аулак.
Жер согарлы сінірлі аяғы тік,
Жауырыны етсіз біткен тектайдай-ак.

Абай

6-бөлім

A Берілген сөйлемдердің ішінен бірыңғай сейлем мүшелерін тауып, оларға талдау жасандар. Тапсырманы орындал болған сон, жұмыстарының бір-бірінмен ауыстырып, жұптық бағалау жүргізіндер.

1. Ертеде каракесек пен кыпшак руларының арасында бір дау болады. Қызыл тарланбас өзі құтты, өзі сүтті биे еді («Шешендейк шиырлары »). 2. Бұлар Қазан, Уфа, Бұхара, Ташкент, Түркістанның медреселерінде, мешіттерінде оқыған («Қазақ әдебиеті» газетінен). 3. Адамзаттың қайғысы мен қуанышы мені жеке адамның өзінен артық кызықтырады. Адамдардың жаман екенін ажыратушы мен емеспін. Өйткені өзім де солардың бірімін. Қаласа да, қаламаса да жұрт мені акын ретінде түсінеді. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты женуге болмайды (М.М.).



4-тапсырма. Бірыңғай мүшелі мақалдар, нақыл сездер, өлең үзінділерін жазындар.

Улгі : Аңы менен тұшыны таткан білер, алыс пенен жақынды жорткан білер.



5-тапсырма. Теменде берілген сейлемдерден бірыңғай мүшелерді тауып, астын сызындар. Олардың сейлемдегі қызметтерін анықтап, талдау жасандар.

1. Ел жата Есбол, Еламан, Рай келді. Шиделі күпілі, сенсек тымақты бұжыр қара кісі ат үріккен жакқа жылан көзін жылдам тастанады да, тізгінін сәл тежеді (Ә.Нұрн.). 2. Құланиек танды, шашырап шыққан күнді оған биік таулар көрсетпеді (Ғ.Мұст.). 3. Бет-аузына адам тура караі алмайтын қара шұбар орта бойлы Есенейге ағасұлтан әрі таңдана, әрі қауіптене қарайтын еді (Ғ.М.).

ҚАЗАКСТАНЫҢ ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫ

Казакстанның жер койнауы өте бай. Казакстан уран өндірісі бойынша көшбасшы саналады. Әлем бойынша мұнай коры бай мемлекеттердің үштігіне енеді. Бұл – өте жақсы мүмкіндік.

Франсуа Фийон



1-тапсырма. Сурет бойынша «Қазақстан – жер қойнауы бай мемлекет. Бұл – өте жақсы мүмкіндік» тақырыбын талқыландар.



СЕЙЛЕМНІҢ БІРЫҢГАЙ МУШЕЛЕРІ, АЙҚЫНДАУЫШ МУШЕЛЕР



Ⓐ Мәтінді оқындар. Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр белгінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін жазындар.

1. Қазақстан қазына, қазба байлығы жағынан дүниежүзіндегі ең бай деген он елдің қатарына кіреді. 2. Қазақстан әлемде қазба байлыктар корынан мынадай орын алады (186 елдін ішінде): вольфрам, корғасын, барий қорынан бірінші орын, хромит, күміс және мырыштан екінші орын, марганец қорынан үшінші орын, мыс мөлшерінен төртінші орын, уран кендерінен бесінші орын, алтыннан алтыншы орын, темір кендерінен жетінші орын, қалайы мен никельден сегізінші орын, көмір, газ қорынан тоғызынышы орын, мұнай қорынан он үшінші орын. Бұл – ғаламат байлық. 3. Қаспий жағасындағы құрлықта 2.2 миллиард тонна, ал су астында (шельф) 4.5 миллиард тонна мұнай қоры жатыр. 4. Арап аймағындағы мұнай қоры – 350 миллион тонна. 5. Көмір қоры 200 миллиард тоннадан асады. 6. Қазақстандағы уран қоры – 900 мың тонна, әлемдік қоры – 3.5 миллион тонна, демек, әлемдегі уранның төрттен бірі бізде. 7. Қазір табылған, ашылған қазба байлықтың барлық құны 3.7 триллион АҚШ доллары болады екен.

E. Қадашұты



ⓐ «Сандар сейлейді» ойынын ойнайық. Мәтінде сандардың не туралы айтып тұрғанын табындар.

900 мың тонна	3.5 миллион тонна	3.7 триллион
4.5 миллиард	200 миллиард тонна	350 миллион тонна



ⓑ Қазақстан Республикасының картасын пайдаланып, Қазақстанның қай аумағында қандай пайдалы қазбалардың өндірілетіні туралы айтындар.



Бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштар

Бірыңғай бастауыштар біркелкі синтаксистік қызмет атқарады, белгілі бір баяндауышқа біркелкі қатынаста тұрады. Бірыңғай бастауыштар жасалған сезінің құрамына қарай дара, құрделі не үйірлі бола алады. Бірыңғай бастауыштардың соңғысының сөйлем құраудағы синтаксистік қызметі басым, салмақты болады.

Бірыңғай баяндауыштың бәрі бірдей бастауышқа бағынады. Бірыңғай баяндауыштардың барлығының мағыналық салмағы бірдей болғанмен, негізінен, ең соңғы баяндауыштың сөйлем құрауда синтаксистік қызметі ерекше болады. Бірыңғай баяндауыштар етістікті және есімді болып келеді. Етістікті бірыңғай баяндауыштар қымылдың бірінен соң бірі болып жатқан үдепелілігін және мезгілдестігін білдіреді: *Мұң мен назы аралас Мұстапаның зарлы әні, жорғадай тайпалып, құйындаи екпіндеңен Жарылғаптың «Алтыбасары» Дарменді де қыздырды, екілендірді (Ж.А.)*.

6-бөлім

Есте сақта!

Бірыңғай мүшелер мынадай тәсілдер арқылы байланысады: интонация, жалғаулықтар, орын тәртібі. Олардың арасындағы мағыналық байланысыңғайлстық жалғаулық, талғаулықты жалғаулық, қарсылықты жалғаулықтар арқылы іске асады.



В Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тауып жазып, сез құрамына қарай талдандар.



2-тапсырма. Өлеңді оқып, бірыңғай мүшелерді табындар. Қай сөйлем мүшесі екенін анықтандар.

Самырсындар

О, тәкаппар, тәнір шындар,
Сал қарагай, самырсындар.
Ұшып келген Алатаудың
Қарлығашын танырсындар.
Сылаң қаққан сырлы өзендер,
Сағым құшқан нұр белендер,
Сырнай самал, қырмызы гүл.
Саған қалай құр келем мен?!
Акку бұлттар ұлпілдеген
Үрке көшіп жүрсін нeden?!

О, спикър тау, ертек емген,
Жастық жалын, өртенем мен.
Мен – бір титтей жыршы құсын
Жүрек күйін шерте келген.
Тау да, тас та, самырсын да,
Сөйлеп жатыр бір тілменен.
О, тәкаппар, тәнір шындар,
Сал қарагай, самырсындар.
Ұшып келген Алатаудың
Қарлығашын танырсындар.

Марфуга Айтхожина



А Кім жүйрік? Бірыңғай мүшелерге ең көп мысал келтірген оқушыны анықтандар.

Бірыңғай бастауыштар	Бірыңғай бағындауыштар



Ә «Аяқталмаған сөйлем» ойыны. Төмендегі берілген сөйлемдерді бірыңғай мүшелерді қатыстыра отырып аяқтандар.

Менің ойымша, мен ... ;
Өзгелер мені
Мен келешекте



Б Мәтінді көшіріп жазып, қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасандар.

Далабай – кедей жігіт. Етінің тірілігімен ол кедей болса да ерте үйленген. Оның үйінде әйелі, үйелмелі-сүйелмелі **арасы** жасқа толмайтын үш ұлы бар. Оның **отауындағы** аяқты мал: бір ат, бір лакты ешкі. Осындай шаруасы шағын болғасын, сол жылғы көктемде казактың бір байына егін салысуға жалданды. Сока сонына он шакты

СВІЛЕМНІң БІРЫНГАЙ МУШЕЛЕРІ, АЙҚЫНДАУЫШ МУШЕЛЕР

күн түскеннен кейін, ол кенеттен қалпақтай түсіп ауырды да, жұмысқа жарамады. Далабайды үйіне апарып тастауға байдың «қолы тимеді». Байдың асқа тіккен құрым үйінің **босағасында** ол **ыңырысын** екі-үш күн жатты...

С.Мұжанов



3-тапсырма. «Фалым болам десеніз...» Өздерінді болашақ ғалым деп елестетіндер. Қазақстанның өздерің қалаған бір аймағының қазба байлықтарына зерттеу жұмыстарын жүргізіндер. Жұмыстың барысы мен нәтижесін қағазға түсіріндер.



A Кім тапқыр? Қазақстанның қазба байлықтарын зерттеген ғалымдардың есімдерін айтындар.



4-тапсырма. Тез әрі дұрыс жауап беріндер.

1. Еліміздің жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі қандай элементтерді таба аламыз? Кім көп табады?
2. Өздерің тұратын жерде қандай пайдалы қазбалар кездеседі?
3. Дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын пайдалы қазбаларды атаңдар.
4. Дауыстыдан басталып, дауыссызға бітептін пайдалы қазбаларды атаңдар.
5. Адамдар үй салғанда қандай құрылыш материалдарын пайдаланып байқадындар?


ТАБИГИ РЕСУРСТАР

Жарлы смес кой жаратылыс,
Тар смес кой табиғат.
Ұқсатып же, жаратып іш.
Тек булдірме, жамағат.

Мұзатар Әлімбайев



1-тапсырма. Сурет пен сұзба бойынша әңгіме құрастырындар.



6-бөлім



А Мәтінді оқындар, Мәтіндең ақпаратты сұзба арқылы сыйып көрсетіндер.

Табиғи ресурстар – адамның өз мүктажын қамтамасыз ету және көздеген мақсатына жету үшін пайдаланатын коршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың, табиғи денелердің жиынтығы. Оларға ауа, құн, жел, су, жер, орман, табиғи құрылымдары, пайдалы қазбалар және т.б. жатады.

Адамдар ерте заманнан табиғат ресурстарын өздерінін керегіне жаратып келеді. Ол кезде табиғат байлықтары мол, ал оны жұмсау аз болғандықтан, адамдар олардың орнын толтыру, қалпына келтіру сиякты мәселелерге көп көніл белмейтін. Қазір адамдардың саны да көбейіп, табиғат байлықтарын пайдалану да бірнеше есе өсті. Адамдардың іс-әрекеті миллиондаған жыл бойы калыптаскан тенденстікті бұзып, коршаған ортаны аздырып, өмірге қауіпті бола бастады.

Табиғи ресурстардың бірінші белгісі – олардың түрі. Бұл белгіге сәйкес олар табиғи құбылыстар (құн энергиясы, жел, мұхиттардағы судың келуі мен қайтымы), есімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, табиғи заттар (су, ауа, топырак) және пайдалы қазбалар (мұнай, алтын т.б. әргүрлі рудалар) болып бөлінеді. Сонымен катар пайдалы қазбалар пайдалануға дайын (көмір, бағалы тастар, тұз) және өндөуді қажет ететін (мұнай, синтетикалық тынайтқыштар) болуы мүмкін.

Табиғи ресурстардың екінші белгісі – олардың қоры. Бұл белгісі бойынша оларды *сарқылатын және сарқылмайтын* деп беледі.

«Экология және табиғаттың тиімді пайдалану» оқытуынан



Ә Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.



Б Мәтін мазмұны бойынша тәмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Табиғи ресурстар дегеніміз не?
2. Табиғи ресурстардың бірінші белгісі қандай? Олар қалай бөлінеді?
3. Пайдалы қазбалардың қандай түрлері бар?
4. Табиғи ресурстардың екінші белгісін атаңдар.
5. Екінші белгісі бойынша табиғи ресурстар қалай бөлінеді?



В Табиғатты тиімді пайдалану үшін не істеу керек деп ойлайсындар? Екі топқа белініп, ойларынмен белісіндер.



Г Табиғи ресурстардың маңызды түрлерінің бірі – орман ресурстары, яғни ағаштар. Орман алқаптарының азаюы және оның алдын алу туралы проблемалық эссе жазындар.



Бірыңгай толықтауыштар, анықтауыштар және пысықтауыштар

Бірыңгай толықтауыштар. Бірыңгай толықтауыштар заттық ұғымы бар сөздерден жасалатындықтан, бірыңгай бастауыштар сияқты салаласады: *Кешкі астың алдында Абай Зере мен Ұлжанға Камшат жайын айтты* (М.Ә.). Бірыңгай бастауыштар ыңғайластық, талғаулықтар жалғаулықтар арқылы және интонация арқылы байланысады. Бірыңгай толықтауыштар да дәл осы тәсілдер арқылы сыйысып отырады.

Бірыңгай анықтауыштар. Бірыңгай анықтауыштар жалпы бірыңгай мүшелер сияқты әрқайсысы толық мағыналы және тұлғалас сөздерден жасалады. Бірақ етістіктен болған анықтауыштар үнемі бірыңгай тұлғада келе бермеуі мүмкін. Олардың *есімше + есімше* немесе *көсемше + есімше* тұлғаларында да салаласуы кездеседі.

Бірыңгай пысықтауыштар. Бірыңгай пысықтауыштар қимылдың орындалу жағдайын әр қырынан жан-жақты, толымды етіп беру үшін жұмсалады. Әсіресе туынды үстеулерден, көсемшелерден болған пысықтауыштардың бірыңгай болу қабілеті күшті.

Есте сақта!

Тұрлаусыз мүшелердің бірыңгай болып салаласу амалдары әртүрлі болып келеді. Маселен, толықтауыштар бірде жалғаулықтар арқылы, бірде интонация арқылы байланысады. Ал пысықтауыштар мен анықтауыштар, негізінен, интонация арқылы байланысады.



f Мәтіннен бірыңгай толықтауыштарды, анықтауыштарды және пысықтауыштарды табындар.



д Темендегі сөздер кұрамындағы буын түрлерін анықтандар.

Табиғат, ресурстар, орман, өсімдіктер, жануарлар, адамдар.



2-тапсырма. Кім көп табады? Бірыңгай тұрлаусыз мүшелерге мысал ойлап табындар.



а Берілген сөздерді пайдаланып, толықтауыш болатындей етіп сейлем құрандар.

Егу, ағаш, табиғи байлыктар, денсаулық, Жер шары, пайдалану.



ә З топқа бөлініп, берілген сөздерге сезжұмбак құрастырындар.

T	A	B	I	F	A	T
---	---	---	---	---	---	---

A	D	A	M
---	---	---	---

Э	К	О	Л	О	Г	И	Я
---	---	---	---	---	---	---	---



3-тапсырма. Берілген сейлемдерден бірыңгай мүшелерді тауып, тыныс белгісін қойып жазындар.

1. Осы жетінші күні Құнанбайлар Төлепберді мен Камысбай Бурахан шеуейін куып жетті (М.Ә.). 2. Осының бәрін бір сүмдықпен кулықпен

6-бөлім

істемейді (С.С.). 3. Атын да кісісін де болжай алмады (М.Ә.). 4. Өзі әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі бірі жас бала – қызғана да тамашалай да караған еді (М.Ә.). 5. Абай былтыр бокырауда күзем үстінде қалаға окуға кеткенде дәл осы коныстан Есембайдан кеткен болатын (М.Ә.). 6. Біздерге карттарға жастар сияқты өмір сүрге тұра келеді (Н.Ост.).



A Бірынғай мүшелерді сейлем мүшелеріне ажыратып, семантикалық картаны толтырындар.

Мысал	Бірын-гай бас-тауыш	Бірын-гай баян-дауыш	Бірын-гай толық-тауыш	Бірын-гай анық-тауыш	Бірын-гай пысық-тауыш
Бай бейілін, мейірін, Сән, салтанат сейілін, Ақыл күшін, зейінін, Ен ақыры төбестін. Күймен, жырмен мадактап, Бәйт қызып беретін (Ж.Ж.).					
Ол мойнын бұрып жан-жагына қарады да, түйенін табанындай аяқ-колдарын асықпай, тырбаңдата сермен жүзіп жүре берді (Б.М.).					
Жаз келер, қыстығұні қысым кетіп, Кар, сұық, аяз, боран – бәрі кетіп (Ш.К.).					
Тапқыр, адад, акниет адамдардын, Алданбайсын артынан ере берсек (Ш.К.).					
Ат міндім, атан алдым, шекпен кидім. Женим жоқ, сені мақтай сейлемеске (Ж.Ж.).					

Керек дерек!

Әр тілдің сөздерді тіркестіру, олардан сейлем курау жолшары бар. Басқа тілдердегі сияқты казак тілінде де сейлемнің негізгі екі түрі (жай сейлем, күрмалас сейлем) бар. Бұлар өзара әлденеше жолдармен жасалады. Сейлемнің түр-түріне және сейлемдегі сөздердің қолданылуына қарағ әртүрлі тыныс белгісі койылады. Мәселен, хабарлы сейлемдерден кейін (мейлі ол жай сейлем не күрмалас сейлем болсын, мейлі толымды не толымсыз сейлем болсын т.б.) нүктө койылады, сұраулы сейлемнен кейін сұрау белгісі, лепті сейлемнен кейін леп белгісі койылады. Сейлем ішіндегі қаратпа, одагай сөздер, онашаланған мүшелер сейлемнің басқа мүшелерінен белгілі бір тыныс белгісі арқылы, жалпылауыш сөздер сейлемнің бірынғай мүшелерінен не кос нүктө, не сызықша арқылы ажыратылады. Тыныс белгісі сейлемнің түрлеріне,

СЕЙЛЕМНІҢ БІРЫҢГАЙ МУШЕЛЕРІ, АЙҚЫНДАУЫШ МУШЕЛЕР

күрылсынына, сейлем мушелерінің жасалу жолдарына, сейлемдегі сөздердің тіркесу тәсілдеріне байланысты койылады. Мұны тыныс белгісінін сейлемнің синтаксистік ерекшелігіне байланысты койылуы дейміз.

«Казак тұндағы ақындардың шығармаларынан мәселелері»
оку-әдістемегік көшенинен



4-тапсырма. Осы жана сабактың тақырыбы шығатындағы ребус құрастырындар. Сыныптағы ең қызық арі астарлы ребусты аныктандар.



A Бірыңгай мушелерді қатыстырып достарынның портретін жасандар.

Ілgi : Айгүл деген құрбым бар. Ол – ұзын бойлы, акжарқын қыз. Қалың қара шашы, кою қасы, коныр көзі, қыр мұрны – бәрі де Айгүлдің жүзіне жарасып тұрады.

САРҚЫЛМАЙТЫН ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

Судын да сұрауы бар.

Мақат



1-тапсырма. Табиғатта сарқылмайтын ресурстарды пайдаланудың өзіндік жобасын ойлап табындар.



A Мәтінмен танысындар. Мәтіндегі стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.

Сарқылмайтын ресурстарға, негізінен, біздің **галамшарға** қатысты сыртқы процестер мен құбылыстарды жатқызуға болады. Ең алдымен бұған ғарыштық ресурстар, соның ішінде күн сәулеленуінің энергиясы және одан туындағындар – жылжымалы ауаның энергиясы, су толқыны, **Ай** мен **Күннің** тарту күшине байланысты теңіз суының толысусы мен қайтуының энергиясы, космостық шаң, климаттық ресурстар – атмосфералық ауа, жауын-шашын, **жел**, сонымен катар жер койнауындағы жылу жатады.

Сарқылмайтын қор **адам** баласына тәуелсіз болып келеді. Сонын бірі – су. Жер шарындағы судың үлесі барлық жердің 2/3-сін алғып жатыр. Сондыктan оның қоры үздіксіз айналымға түсіп, қалпына келіп отырады. Ресурстардың ішінде судың орны ерекше. Су ластану нәтижесінде уақытша (сапалық жағынан) сарқылады, бірак сандық жағынан сарқылмайтын ресурс.

«Экология және табиғаттың тиімді пайдалану» оқулығынан

6-бөлім



Ә Сөздіктерді пайдаланып, төмендегі сөздердің мағынасын ашындар.

Ресурстар, процестер, энергия, су толқыны, тарту күші, космостық шан, атмосфералық ауа.



Б Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сөйлемдердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екендігін анықтандар.

1. Сарқылмайтын ресурстарға біздің ғаламшарға катысты процестер мен құбылыстарды жатқызуға болады.

2. Ен алдымен табиғи ресурстарға гарышты, Айды, толқындар мен теніздерді жатқызуға болады.

3. Сарқылмайтын кор адам баласына тәуелді болып келеді.

4. Жер шарындағы судың үлесі барлық жердің 2/3-сін алып жатыр.

5. Су ластану нәтижесінде сарқылады да, сарқылатын ресурстарға айналады.



Айқындауышқа тән белгілер

Сөйлемнің грамматикалық құрылымында зат есімнен жасалған кез келген мүшені мағыналық жағынан нақтылай, айқындаі түсетін сөзді немесе сөз тіркесян айқындауыш дейміз.

Айқындауышқа тән белгілер:

1) зат есімнен жасалады;

2) айқындайтын сөзінен кейін орналасады;

3) айқындайтын сөзімен сөз тіркесян құрамайды, оны мағыналық жағынан нақтылайды;

4) сөйлемдегі қызметі нақты емес, өзі айқындаап түрған сөзben тұлғалас келіп, сол мүшенің қызметін бірге атқарады.

Есте сақта!

Айқындауыш – қазіргі қазақтың әдеби тілінде ете жиі қолданылатын анықтауыштың ерекше бір түрі. Ол сөйлемде берілетін ойды нақты, дағ жеткізуде аса маңызды.



В Берілген сөйлемдердегі белгілі бір сөйлем мүшесінің мағынасын тиісті айқындауыш мүше арқылы толықтырып, тыныс белгісін қойып жазындар. Сөйлем мүшесіне талдандар.

Біз ... қыс болса, ол кісінің отынын жарып беруге, жаз болса, бұзауын айдаап келуте таласып жүреміз (F.M.). Абай бұл сырдың шет жағасын досына ... сездірді. Құнанбайдың қасындағылар – ... – осы сөзге тоқтасты. Магаш пен Кәкітай бұл күндерде орысша кітаптарды ... көп оқитын (М.Ә.).

Керекті сөздер: Байсал, Қаратай, Сүйіндіктер; Ерболға ғана; әсіресе женіл тілмен жазылған романдарды; ауыл балалары.



Г Мына айқындауыштарды қатыстырып сейлемдер құрандар.

Абылай хан, Жәнібек батыр, Қаздауысты Қазыбек би, әйел-ана, күйші Күрмангазы, би-шешендер, Ер Тарғын, ғалым-ұстаз, әнші Куләш.




2-тапсырма. Судың адам өміріндегі маңызы туралы эссе жазындар.



А Екі топқа бөлініп, адам өміріндегі маңызды тіршілік көзі туралы пікірталас ұйымдастырындар.

Су тобы

Ауа тобы



3-тапсырма. Кім көп табады? Айқындауышка мысал келтіріндер.



4-тапсырма. Сыныптарыңмен театрға барып, спектакль тамашаландар. Алған әсерлеріндегі қағазға түсіріндер.



А Ребусты шешіндер. Шыққан сөзге фонетикалық талдау жасандар.



САРҚЫЛАТЫН РЕСУРСТАР

Бір тал кессен, он тал ек.

Мақат



1-тапсырма. «Бір тал кессен, он тал ек» мақалын қалай түсінетіндерің туралы ойларынды ортаға салындар. Сарқылатын ресурстарға нелер жатады деп ойлайсындар? Пікірлеріңмен бөлісіндер.



А Мәтінді мәнерлеп оқындар. Көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.

Сарқылатын ресурстар қалпына келетін және қалпына келмейтін болып бөлінеді. Қалпына **келмейтіндерге** ғаламшардың қойнауындағы пайдалы қазбалар – металл (қара, түсті, асыл және сирек кездесетін, радио активті металдар) кендері, бейметалды қосылыстар (өнеркәсіптің металтургиялық, химиялық және басқа салаларына арналған шикізаттар), жерасты сұлары, құрылыш материалдары (мәрмәр, құм, гранит және т.б.), энергиясактағыш көздері (мұнай, газ, көмір,

6-бөлім

жанғыш сланец, жертезек¹⁾ жатады. Бұл ресурстардың қайтадан орнына келу қабілеті жок, себебі олар өткен геологиялық дәуірде бірнеше **миллиондаған** жыл бойында түзілген. Мысалы, тасқөмір – мезозой дәуірінде болған өсімдіктер фотосинтезінің²⁾ өнімі. Қазіргі кезеңде кен байлыктар түзетін процестердің жүруіне бұрынғыдан жағдай жок, сондықтан олардың орнының тез арада толуы мүмкін емес.

Сарқылатын және қалпына келетін жағынан қарайтын болсак, жер және орман ресурстарына ерекше тоқталуға болады. Топырактың негізгі қасиеті – оның құнарлылығы, яғни өсімдіктер өнімі осы қабілетіне байланысты. **Топырактың түзілуі** – ете күрделі және ұзак, үздіксіз жүретін процестердің бірі. Топырак қалпына келетін ресурс болғанмен, оны тек қатаң колдану тәртібін ұстап күту арқылы ғана қалпына келтіріп немесе бұзбай **отыруға** болады.

«Экология және табигаттың тиімді пайдалану» оқытысынан



Ә Откен сабақ пен бүгінгі сабактағы мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әнгімелу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдандар.



Б Мәтін мазмұны бойынша және қосымша іздену арқылы кестені толтырындар.

Сарқылатын ресурстар	
Қалпына келетін	Қалпына келмейтін



В Мәтін мазмұны бойынша 5 сұрақ-жауап құрастырындар.



Г Тыныс белгілерінің принциптерін еске түсіріңдер.



Ғ Қарамен жазылған сездерді құрамына қарай талдандар.



Айқындауыштың түрлері

Айқындауыш құрылышына қарай үшке бөлінеді: 1) қосалқы айқындауыш; 2) қосарлы айқындауыш; 3) оңашаланған айқындауыш.

Қосалқы айқындауыш зат есімдерге қатысты болады: О баста *Исатай батырдың сенгіштігінен Жәңгір ханға он күн мәүлем беріп сазға бір отырса, бертінде рубасылардың солқылдақтығынан Баймағамбет сұлтанның басын шаба алмай қайтуы – қияметтік қапиялық* (Т.Әлім.).

¹ Жертезек – батпақты жерлерде болатын отындық зат; торф.

² Фотосинтез – жапырактардагы хлорофилдерде күн сәулесінін көмегімен органикалық емес заттардан, яғни көміркышыл газы мен судан органикалық заттардың түзілу процесі.

СЕЙЛЕМНІҢ БІРЫНГАЙ МУШЕЛЕРІ, АЙҚЫНДАУЫШ МУШЕЛЕРІ

Қосарлы айқындауыш анықтайтын сөзімен қосақталып, одан кейін тұрады: *Әйел-ана барлық қыындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес не? (F.M.)*

Оңашаланған айқындауыш өзі айқындайтын сөзден кейін тұрады: *Ұлым, бүгінгі үрпаққа, тарихтың жықтыл-жықтылында жатқан, тарихтың қойнау-қойнауына өз қолыңызбен тығып жіберген асылдарымызды көрсетуге бола ма, жоқ па? (O.B.)*

Есте сақта!

Анықтауышсын есімнен жасалып, заттың сынын, сапасын анықтаса, айқындауыш зат пен затты өзара қатыстырығы, ұқсастығы жағынан салыстыра айқындаиды.

Айқындауыш сейлемнің ортасында келсе, екі жағынан, сонында келсе, алдынан үтір қойылады. Кей жағдайда айқындауыш мүшелерде баяндауыштық ренк басым болса, алдынан сыйықша қойылып, соны үтірмен бөлінеді.



2-тапсырма. Төмендегі сейлемдерде оңашаланған айқындауыш бар ма? Бар болса, қандай сейлем мүшесін айқындалап тұрғанын анықтандар.

Екі жактан да кеп кісі тұтқынға алынды. Кекшетаудағы саудагер құдасының жәрдемімен тергеу және сот орындарын сатып алды да, үкімде жазага Курчанов ілікті, каторгіге айдалатын болды. Бірак ол жауаптарында да, сот процесінде де айыпты мойнына алып, абақтыға езімен бірге жабылған Нұрмамбетті актады, босаттырып жіберді...

Қалың көшілік – арбалылар да, салттылар да, жаяулар да – соның сонынан шұбап, қыртысы қалып, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарды.

С.Мұханов



3-тапсырма. Оңашаланған айқындауыштары бар сейлемдерді бір бөлек, қосалқы, қосарлы айқындауышы бар сейлемдерді бір бөлек көшіріп жазындар.

Оңашаланған айқындауыш	Косалқы айқындауыш	Косарлы айқындауыш

1. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың көрі шешесінің, көк арбасы десе де болады (M.Ә.). 2. Біз, мұталаімдер, ауыл мәдениетін көтеруді өз қолымызға алғымыз келеді (M.I.). 3. Анам – оқымаған, карапайым казақ әйелі – бүкіл ауылға ортақ ана сиякты болатын (С.К.). 4. Бірак біздер, жынырмасыншы гасырдың азаматтары, кеп ретте асылымызды байқамай өтер едік... (O.B.) 5. Эйелді аттандырған бойы түрегеп тұрған Жалпак балуан гұрс етіп құлап түсті (F.M.). 6. Ауыл әлі жайлауда, мына Ұзынбұлақтың басындағы Шұрықта отырған кезіміз. 7. Біраздан кейін үйге Максұттың тағы бір-екі жолдасы – Жұмагұл мен Ақтай кірді (M.Ә.).



4-тапсырма. Кім жылдам? Кім кеп табады? Алдыңғы белімдегі мәтіндерден айқындауыш мүше қатысқан сейлемдерді теріп жазындар.

Керек дерек!

Сейлемнің ішінде жеке тұрғанда дербес мағынасы бар және дербес мағынасы жоқ сездердің тобы бар. Кейбір дербес мағынасы бар сездердің өздері сейлемде мүше бола бермейді. Сейлем ішінде келетін окшау сездер, айқындауыштар, дербес мағыналы сездер бола отырып, белгілі бір сейлем мүшесі бола алмайды. Бұкіл сейлемге немесе жеке бір сөзге катастылығымен ғана ерекшеленеді. Сонда каратпа, қыстырма, одагай, косарлы, косалқы және оңашаланған айқындауыш қызметіндегі сездердің барлығы да дербес мағынасы бар сездер. Бірақ бұл топтағы сездер сейлемнің ішінде колданылғанмен, әдеттегі бес сейлем мүшесі сияқты сейлем мүшесі бола алмайды. Сондыктan сейлемнің ішінде жұмсалатын дербес мағынасы бар сездердің өзін де екшеп, кайсысы сейлем мүшесі бола алады, кайсысы сейлем мүшесі бола алмайды деп топтау да сейлем түрлерін жіктеуге кемектеседі.

Т.Сайрамбаев



5-тапсырма. Семантикалық картаны толтырындар.

Мысалдар	Дербес мағынасы бар сездер	Дербес мағынасы жоқ сездер
әрине		
жоқ		
және		
батыр-ұшқыш		
Наурызбай батыр		
алакай		
кеп		
дейін		
таман		
Ақан сері		
бәрі		
Жер-Ана		
жылдам		
секілді		
өзі		



А Айқындауыштың 3 түріне 2 мысалдан келтіріндер (сейлем құрандар). Тыныс белгілеріне назар аударындар.



Ә БББ кестесін толтырындар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

КОРШАҒАН ОРТА: ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМА

Табигат ... тіршілікесін тұнып тұрган!
 Сен күнсін!
 Көтерілген күліп кырдан.
 Сен келсін! Сен – орман!
 Сен бұлаксын!
 Адамды сұтулыққа құнықтырыған!

Садыхбек Хангездин



1-тапсырма. Өздерің туған жыл мезгілін суреттейтін аңгіме құрастырындар.



A Коршаған ортаға не жатады?



ә Мәтінді оқындар. Әр азатжолда берілген анықтаманы салыстырындар.

Коршаган орта – табиги объектілердің, оның ішінде өзара қарым-катастынастасы атмосфералық ауаны, суды, топыракты, жер койнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда, табиги ресурстардың жанды әрі жансыз жиынтығы.

Коршаган ортаны қорғау – табигат пен адамның өзара үйлесімді іс-кимылына, коршаған ортаның сапасын жаксартуға, табиги ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.

Коршаган ортаны қорғау объектілері – коршаған ортаның зандармен қорғалатын құрамдас беліктері.

Табиги ресурстар – қоғамның материалдық, мәдени және басқа қажеттерін қанағаттандыру үшін коршаған ортаның шаруашылық т.б. қызмет процесінде пайдаланылатын құрамдас беліктері.

Табигатты пайдалану – адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиги ресурстарды пайдалануы.

Коршаган ортаның сапасы – коршаған ортаның құрамы мен касиеттерінің сипаттамасы.

Коршаган ортаның мониторингі – адамды коршаған табиги ортандың жай-күйін бақылау және адамдардың денсаулығы мен өзге де тірі организмдерге зиянды немесе қауіп тутызатын көтерлі ахуалдар туралы ескерту.

6-бөлім

Коршаған ортаның сапасын нормалау – адамның өмір сүруі үшін коршаған ортаның жарамдылығын айқындайтын және биологиялық алуантүрліліктің сакталуы мен экологиялық жүйелердің тұрақты пайдаланылуын камтамасыз ететін коршаған орта сапасының көрсеткіштерін белгілеу.

Коршаған ортаны ластау – коршаған ортаға ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түсі, сондай-ақ коршаған шудың, тербелістің, магниттік өрістердің және өзге де зиянды физикалық ықпалдардың әсері.

«Экология» кітабынан



Б Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Коршаған орта дегеніміз не? Аныктамасын айтыңдар.
2. Коршаған ортаның заммен коргалатын құрамdas бөліктерін қалай атаймыз?
3. Коршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы.
4. Коршаған ортаның сапасын нормалау дегенді қалай түсінесіндер?
5. Табиги ресурстар дегеніміз не?
6. Коршаған ортаны ластау қандай зардаптарға алыш келеді деп ойлайсындар?
7. Коршаған ортаны қорғауға кім міндетті?



В Терминдер сөздігін пайдаланып, коршаған ортаға байланысты тағы қандай терминдер бар екенін табыңдар. Олармен танысыңдар.



Г Мәтінде берілген терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, «Қазақстан экологиясы» тақырыбы бойынша өз ойларынды дәлелді, жүйелі жеткізіндер.



Ғ Мәтіннен бірыңғай мүшелерді табыңдар. Олардың қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндіріндер.



Сейлемнің үйірлі мүшелері

Үйірлі мүше кемінде екі сөзден құралатын құрделі құрамды болады. Үйірлі мүшенің ерекшеліктері мыналар:

- 1) үйірлі мүшені құрайтын сөздер іштей бастауыш-баяндауышқа бөліне алатын предикаттық бірліктер;
 - 2) үйірлі мүше құрамындағы «баяндауыш» есім сөздер, есімдік, есімше болады;
 - 3) бұл құралым (конструкция) сейлемнің кез келген мүшесіне тән.
- Үйірлі бастауышты сейлемдер: *Оқығаны көп білмейді, тоқығаны көп біледі. Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар.*
- Үйірлі баяндауышты сейлемдер: *Үн демесең – дау алар, жата берсөң – жау алар. Біреудің қолымен от көсеме.*

СӘЙЛЕМНІҢ БІРЫНГАЙ МУШЕЛЕРІ, АЙҚЫНДАУЫШ МУШЕЛЕРІ

Үйірлі анықтауышты сөйлемдер: Ұстазы жақсының ұстамы жақсы. Еңбегі жоқ ғалым – ыстығы жоқ жалын.

Үйірлі толықтауышты сөйлемдер: Құлақ естігенді көз көреді, көз көргенді қол ұстайды. Сөз тапқанға қолқа жоқ.

Есте сақта!

Үйірлі мүше мақал-мател құрылымдарында көп кездеседі. Үйірлі мүшелі құрылыммен сейлеу – ықшамдау амалының бір түрі.



2-тапсырма. Үйірлі мүшесі бар мақал-мателдер тауып жазындар. Оларды қатыстырып мәтін құрандар.



A «Коршаған орта және мен» тақырыбына бейнеролик жасандар.



Ә «Ең, ең, ең...» Біздің коршаған ортадағы өздерің қызық көретін «ең...» заттар мен құбылыстарды, есімдіктер мен жануарларды т.б. тауып келіндер. Мысалы, ең биік сұтқоректі – ? Ең кішкентай құс – ?



3-тапсырма. Үйірлі мүшелердің түрін ажыратып, семантикалық картаны толтырындар.

Мысал	Үйірлі бас-тауыш	Үйірлі баян-дауыш	Үйірлі толық-тауыш	Үйірлі анық-тауыш	Үйірлі пысық-тауыш
Жаз шыға қойшылар жайлаута карай бет алды.					
Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.					
Сіздің ауыл бұрынғыдай емес: өзгеріпти, жаңарыпты, үлкейпти.					
Құлақ естігенді көз көреді.					
Білімі күшті мынды жығады.					



4-тапсырма. Мәтінге синтаксистік талдау жасандар.

Ақпанның ак бура бораны болдырып, жынынан айырылған бақсыдай басылған соң, аспан ашылып, пердесіз терезеден ай сәулесі себезгілеп тұратын болды. Екі кап шөп келгелі ешкілер бақырып жылағанын койды. Ұйқымыз тыншиның деді. Бәрібір түн ұзак.

Сонда үш жетімін үйіктату үшін Айша неше алуан ертегі, киссаларды айтады. Біз үшін бұл бір кадір түндері – Алланың ак нұры жауған түндер. Анда-санда Айша осылай өзгереді. Ұзак тунде бізге әртүрлі әнгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы женилдеп калатын сиякты.

Ш.Мұртаза



A Мәтінді өз ойларынан жалғастырып, ат қойындар.

6-бөлім

Ә Мәтіннен пысықтаушыларды теріп жазып, оларға фонетикалық талдау жасандар.



5-тапсырма. Тақырыпты «Бес жолды өлең» әдісі бойынша қорытындыландар.

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ ҚОРЛАРЫ

Жерге еткен жақсылық жерде қалмайды.

Мақал



1-тапсырма. Эпиграфта берілген мақал туралы ойларынмен белсіндер.



А Мәтіннен танысындар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтандар.

Күнделікті өмірде энергияның алғын орны ерекше. Қазіргі кезде күнделікті ауылшаруашылығы, өнеркәсіп және т.б. салалар, тіпті зымырандардың гарышка ұшуының өзі энергияның дамуымен тығыз байланысты болып отыр. Адамзаттың энергияны пайдалануы күн сайын күшейіп, мұнай, көмір, табиғи газ сияқты дәстүрлі энергия байлықтарының қоры Жер шарында барған сайын азайып барады. Сондықтан сарқылмайтын жаңа энергия көзін ашу – бүгінгі таңда адамзаттың алдына қойылып отырған ортақ міндет. Күн сәулесі адамзат үшін мәңгілік сарқылмайтын ұшан-теніз энергия байлығы болып саналады. Қайта қалпына келіп отыратын энергия болғандықтан, оны пайдаланудың маңызы зор.

Көптеген сарапши 2010–2020 жылдары көмірсутек шикізатын ұсынудың төмендеуі байқалатынын болжайды. Осының салдарынан 2025 жылға карай әлемдік энергетикалық тенгерімдегі энергияның жаңғыртылатын көздерінің улесі казіргі 5 пайыздан 10 пайызға дейін, ал 2050 жылға карай 50 пайызға дейін өседі.

Қазіргі кезде баламалы энергия көздерінің негізгі үш түрі бар. Олар: су, жел және күн энергиялары. Бірақ су мен жел энергиялары бұрыннан бері колданыска алынса, күн энергиясы бертінде ғана колданыска енді.

Күн сәулесі энергиясы арқылы жанатын көше шамдары өте тиімді. Оған ешқандай ток және ток сымдарының кажеті жок. Ол табиғатка ешқандай ластандыру тудырмайды. Күн сәулесімен жанатын көше шамдарын бактарда, жол бойын көгалдандыру жағаларын жарықтандыруға колдануга болады.

К.Оңгарбаев



Ә Мәтіннің әр азатжолындағы ойды бір сейлеммен баяндандар.



Б Мәтіннің жазылу үлгісін анықтандар (баяндау, суреттеу, пайымдау және т.б.).



В З топқа бөлініндер. «ЭКСПО-2017» көрмесінің мақсаты мен идеясын пайдалана отырып, әр топ өз тақырыптарынды қорғап шығындар.

Су энергиясы

Күн энергиясы

Жел энергиясы



Г Сөздіктерді пайдаланып, геотермалды энергия, биомассалық энергия сездерінің анықтамасын табындар.



2-тапсырма. Мәтіндең бірынғай мүшелерді, айқындауыш мүшелерді және үйірлі мүшелерді табындар.



Өзінді тексер!

1. Бірынғай пысықтауышты табындар.
 - а) Ерболға да, Шұбарға да сыр мәлім болды.
 - ә) Кәкітай да, Дәрмен де үзак хаттар жазды.
 - б) Атам атәбзелдерін оюлаң, өрнектеп, өріп жасайды.
 - в) Айжан біресе маган, біресе Әмірге қарады.
 - г) Орта бойлы, бірақ толықша сүр жігіт еді.
2. Бірынғай анықтауышты табындар.
 - а) Жылқы – қазақтың кәделі, бағалы, қымбат казынасы.
 - ә) Қазакстандағы ірі өзендер мыналар: Ертіс, Жайық, Сырдария.
 - б) Күз аспаны күнгірт, бұлынғыр.
 - в) Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панаңыз, жудеу.
 - г) Былғы қыстын басы адамға да, малға да әзір аса жайлы бол түр.
3. Бірынғай толықтауышты табындар.
 - а) Сүйеу – ел ішине сыйымсыз, тікбакай, тентек шал.
 - ә) Ақын жастайынан әнге, өленге, домбыраға әуес болады.
 - б) Айтарың да, тапсырарың да, етініштерің де мол екен.
 - в) Ел сезі әрі мақтан, әрі міндет.
 - г) Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады.
4. Бірынғай баяндауышты табындар.
 - а) Қатық – әрі тағам, әрі сусын.
 - ә) Мұнда шай, лимон, мандарин өсіріледі.
 - б) Құда жігіт жалтақтап, ыңғайсыздынып отыр.
 - в) Оспан мырза, бейіліне де, сезіне де біз ырзамыз.
 - г) Әбіш Абайдан үлкен, сапалы, терен жауап күтті.

6-Бөлім

5. Айқындауыштың түрлерін белгілендер.
а) 2; ә) 5; б) 6; в) 4; г) 3.

6. Айқындайтын мүшесіне косалкы атау болатын сөзді табындар.
а) косарлы айқындауыш; в) күрделі айқындауыш;
ә) үйрлі айқындауыш; г) онашаланған айқындауыш.
б) дара айқындауыш;



З-тапсырма. Түсіп қалған сездерді тауып, мақал-мәтелдерді толықтырындар.

Су - ... көзі,
Енбек - ... көзі.

... көркі - құрак,
... көркі - бұлак.

Алпыс күн тасыған су ... кайтар.

... жер көгереді,
... ел көгереді.

Тау мен тасты су бұзар,
... кү бұзар.

Ағаш ... мықты.
Адам ... мықты.

... таудын алыстыры жок.



А Мақалдардан тұрлаусыз мүшелерді табындар. Оларды құрамына қарай талдандар.



4-тапсырма. Осы бөлімдегі өздеріне ұнаган эпиграфты әрі қарай диалог түрінде ербітіндер.



Фалым болам десеніз...

1. Байбатша Ә.Б. Пайдалы казбалар. Астана: Фолиант, 2008.
 2. Сихимбаева С.М. Дүниетану теориясы мен технологиясы. Оку құралы. Шымкент: Нұрлы бейне, 2008.
 3. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің синтаксисі. Синтаксис. Алма-Ата: Қаз. мемл. баспасы, 1939.
 4. Казіргі казақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Астана: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.
 5. Есөнов К. Қазақ тіліндегі курделенген сөздемдер. Алматы: Ғылым, 1974.

7

СИНТАКСИС

ЖАСӘСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАН

ЖАСӘСПІРІМ ФИЗИОЛОГИЯСЫ

Бұқіл адамзаттың келешегі – жас жеткіншектердің қандай идеал негізінде тәрбиеленіп, қалай өсүіне, кемелденуіне байланысты.

Ғабит Мұсіревов



1-тапсырма. «Қар кесегі» әдісі бойынша эпиграфтағы F.Мұсіревовтің ойын тарқатындар. Өз тұжырымдарынды жасап, ортага салындар.

1-окушы

2-окушы

3-окушы



A Мәтінді оқып, оқылым стратегияларын қолданындар (комментарий жасау, іріктел оку, талдап оку).

Жасөспірімдер ересек жасқа әлі жетпегенмен, жеткіншек жастағы қылыштарын койып, өзгелерге дұрыс қатынаса бастайды. Сырттай қараганда мәдениетті, көмектесуге даяр тұрады. Осы уақытқа дейін ойнап, тапсырмаларды дұрыс орындағай жүрсе, осы жаста келешегін ойлаң, мамандық таңдаута кіріседі. Окута салмақты қарап, жаксы окута тырысады. Ақыл-оны едәуір дамып, өз ісіне, ойына дәлелді талдау жасап, рефлексиясы¹ дамиды. Негізгі әрекеті – оку мен еңбек. Кейбіреулері мектепте қалса, енді біреулері мамандық таңдап, қалаган оку орындарына барып оқиды. Жауапкершілігі ұлғаяды, өздері, тұғандары және өзгелер жайлы ойлаң, камкоршы болады.

Жеткіншек жаста бойдың дамуы токтайды. Бірақ кеудесі, колаяғының бүлшық еттері әлі өсетін болады. Қыздардың бойы 17 жасқа, ұлдардың бойы 18 жасқа дейін өседі. Егер жеткіншек кезде қыздардың салмағы мен бойы ұлдардан басым келетін болса, жоғары сыныптарда ұлдар қыздардың бойын күшті жетеді.

Баланың психикалық, анатомия-биологиялық дамуына оның әлеуметтік орны да көп әсерін тигізеді. Сонымен катар оның айналысатын

¹ Рефлексия – адамдардың өз зейнін өз әрекетінің ішкі және сыртқы мән-мазмұнына үздара білу қабілеті.

7-бөлім

жұмысы да өз әсерін тигізбей қоймайды. Мысалы, 50 жыл бұрын өмір сүрген бала мен қазіргі баланың арасынан көп айырмашылық табуға болады.

Габрамова



Ә Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ әзірлендер.



Б Мәтіндегі жас жеткіншектер бойында болатын өзгерістер жайлы айтылған оймен өз бойларында болып жатқан өзгерістердің сәйкестігі бар ма?



Хабарлы сөйлем

Айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемдерді хабарлы сөйлем дейміз. Сөйлем соңында нүктे қойылады: *Бұгін мен ерте ояндыым.*

Есте сақта!

Х.Арғынов хабарлы сөйлемді мағынасына қарай үш топқа бөледі.

1. Біреуге бір нәрсе туралы хабарлау: *Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – әрқайсысымыздың міндеттіміз.*
2. Адамның ойын, көзқарасын білдіретін сөйлем: *Құлағын салmas, Тіліңді алmas, Көп наданнан түнілдім.*
3. Бейнелеу: *Аспан шайдай ашық.*



2-тапсырма. Мәтіннің тек хабарлы сөйлемдерден құралғанына назар аударындар. Әр сөйлемнің мақсаты мен мағынасын түсіндіріңдер.



3-тапсырма. Берілген сөздерден хабарлы сөйлемдер құрап, синтаксистік талдау жасандар.

Кыздар, ұлдар, жасөспірімдер, өмір, жұмыс, жауапкершілік, мектеп, көмек.

Керек дерек!

Шартты райын -са, -се жүрнағы мен «игі еді» қолданысы арқылы жасалған хабарлы сөйлемдер субъектінің тілегін, калауын білдіріп, күптау ренкін білдіреді: *Ол тез келсе игі еді* (Ә.Нұрш.).

Есімшенің -ар, -ер, -р формалары арқылы сөйлемнің хабарлы-болжау ренкі беріледі: *Қызың көмейіне оның ар жағы не болды деген сұрақ та келген болар* (Ә.Нұрш.).



4-тапсырма. Керкем әдебиеттен -са, -се жүрнағы мен *игі еді* қолданысы арқылы жасалған хабарлы сөйлемдерді тауып, баяндауштарының қай сез табынан болып тұрғанын айтындар.



5-тапсырма. «Кім шапшан?» ойынын ойнандар. Берілген үлгі бойынша «Пирамида» құрастырындар.

- A - A _____ Ана
- A - - A _____ Алма
- A - - - A _____ Артта
- A - - - - A _____ Астана
- A - - - - A _____ Айдында
- A - - - - - A _____ Атырауда
- A - - - - - A _____ Айдынында
- A - - - - - A _____ ...

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛИГІ

Жастық шагын – жарқын жаздың бейнесі,
Күттү жаздың ала алсан жоқ бермесі.

Сәбіт Мұқанов



1-тапсырма. Суреттен нені байқадындар? Бұл адам өмірінің қандай кезендері?
Берілген екі суреттің қандай байланысы бар деп ойлайсындар?



А Мәтінді тындандар (16-аудио). Тындалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтандар.




Ә Мәтін мазмұны бойынша сұраптарға жауап беріндер.

1. Жас ерекшеліктері деген ұғымның анықтамасы қандай?
2. Балалар мен жасеспірімдердің өсіп-жетілуі қандай кезендерден тұрады?
3. Жасеспірімдік кезен кай жас кезендерін қамтиды?



Б Балалар мен жасеспірімдер арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар деп ойлайсындар?



7-бөлім



В «Адасқан аріптер» ойынын ойнандар. Адасқан аріптерді тез әрі дәл орындарына қойып шығындар.

Ріепасжім, алба, кінжешект, өірм, метепк, бқалыла шқа



Сұраулы сөйлем

Сұраулы сөйлемдер бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылады. Ерекшелігі – сұрақ интонациясы, сұраулы есімдіктер, (?) белгісі қойылады.

Жасалу жолдары:

1. Сұрау есімдіктері арқылы: кім? не? қанша? қайда? т.б.

2. Сұраулық шылаулар арқылы: ма, ме, ба, бе, па, пе, ша, ше т.б.

3. Оқшашу, көмекші сөздер арқылы: ә, иә, сіра, қайтеді, шығар т.б. Мысалы:

Сен бүгін келесің, иә? Ол кеше барды ғой, ә? Оған өлең ұнады білем, сіра?

4. Интонация: *Сен на мыстынып қалғанбысың?*



Г Мәтіндегі 5 хабарлы сейлемді сұраулы сөйлемге айналдырындар. Жасалу жолына назар аударындар.



2-тапсырма. Суреттер бойынша әңгіме-диалог құрастырындар. Сұраулы сөйлемдерді көбірек қолдануға тырысындар.



3-тапсырма. Суреттер бойынша құрастырган әңгіме-диалогтерінді «Керек дерек!» айдарында берілген сұраулы сөйлем түрлерінің қайсысына жатқызатындарынды айтындар.

Керек дерек!

Т.Сайрамбаев сұраулы сейлемдерде қойылатын сұрақтарды мазмұнына қарай төмөндегідей бірнеше түрге болған.

1. Ашық сұрақ біреудін ойын немесе біреудін я бірдененін жайын, баржоқтығын білу мақсатында айтылады.

Дәурен: Өзіңіз қандай ақыл бересіз?

Богданов: Барлық күшті осы тәбебеге салыңдар дегеннен басқа айтартым жоқ (Ә.Әбішев).

2. Сұрақка сұрақ түрінде жауап берілгенде қарсы сұрақ қойылады.

– *Ой, мынау тамаша емес не?*

– *Несі тамаша? (Т.Нұртазин.)*

3. **Күмәнді сұрап.** Сол жаққа мен де барсам ба екен? (F.Сланов.)
4. **Таныркаулы сұрап.** Сізде де арман бар ма екен? (F.Сланов.)
5. **Риторикалық сұрап** жауап күту максатында емес, бірдененін жайын хабарлау максатында койылады: Халық ұстазынан айырылса, не таптақ? Ез несімен ет? Жақсысымен ет. Басшысы болмаган елде етдік бар ма? (М.Әуезов.)



4-тапсырма. Сұраулы сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. – Аға, кәзіт қайдан келеді? – деп сұраймын.
– Алматыдан келеді, өкімет шығарады.
– Алматы жер түбі, үлкен қала екенін білем. Ал өкімет не?
– Өкімет – ол осы жұрттың бәрін билейді. Байларды кәмпеске жасайды. Түсіндің бе?..
2. – Эже, анау алыстағы будак-будак толқын немене?
Әжем оның сағым екенін айтады.
– Сағым деген немене? Түтін бе?
Әжем күледі. Сағымның түтін емес екенін түсіндірген болады.
– Қасына барып, колмен ұстауға бола ма?..

Б.Сокпақбаев. «Балатың шаққа салхат»



A Казит, сағым сөздерінің мағынасын ашыңдар.


ӨЗГЕ ЕЛДЕР ТӘЖІРИБЕСІ

Балаларды тәрбиелеу – сноск әрі борыш.

Ф.Достоевский



1-тапсырма. Халқымыздың бала тәрбиелеуге ерте заманнан-ақ ерекше көніл бөлгендігі баршаға мәлім. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі өзге елдерден қандай ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар деп ойлайсыңдар?



A Мәтінді оқыңдар. Интернет, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алғынған деректерді дәлел ретінде қолданып, авторына сілтеме келтіре отырып, мәтіндегі ақпаратты толықтырыңдар.

Еуропа, Дания. Бұл елдің балалары еркін әрі өз күкіктарын корғай білетіндей тәрбиеленеді. Жасының кішілігіне қарамастан, отбасында баланың пікірі ескеріледі. Мемлекет пен ата-аналардың бала тәрбиесіндегі басты қаруы – ойын. Сол себепті балабақшалар мен өзге де мекемелерде ойындардың түрлі нұсқалары қарастырылған.

7-бөлім

Ал Бельгия елінің халқы болса балаларын жастайынан қоғамның мүшесі болуга үйретеді. Олар небәрі 2,5 жасында мектеп қабырғасында жүреді. Сыныптағы барлық пәнді бір ғана ұстаз жүргізеді. Ұстаздарды тату болып, әрдайым бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелейді.

Нидерланд елінің басты заны «Балалар барынша еркін өсуі тиіс» деген атап алған. Балаларға денсаулығына зияны тимейтін дүниелердің барлығына рұксат береді. Танертеннен кешке дейін бір нәрселерді жасасын, сыйндырысын, құлатсын, оларға ешкім ұрыспайды. Сол секілді мектепте балаларға барынша еркіндік сыйлауы тиіс. Мектепке бара жатқанда тек түскі астарын ғана апарады. Ал қалған қажет заттар сол жерден беріледі.

АҚШ-та бала тәрбиесімен аналар айналысады. Балалар тәрбиесінде барынша салмақты әрі тен дәрежелі қарым-қатынаста болуга тырысады. Әдеттегі отбасыларда жаман қылыш жасағаны үшін екі түрлі тәсілмен жазалайды. Бірінші - ойыншықтарын алғып қойып, теледидар көруден шектеу, екінші - орындыққа отырып, өзінің кате жасаған іс-әрекеті жайында ойлану. Отбасында баланы ұру катан түрде занмен кудаланады.

Куба елінде бала тәрбиесімен аналар немесе әжелер айналысады. Олардың уақыттары болмаған жағдайда, көмектесетін балабақшалар бар. Ал тәрбиешілерді шакырмауга тырысады. Қыз балаларды үй шаруасына икемді етіп тәрбиелесе, үл балаларды мықты болуга үйретеді. Балалар ата-аналарымен сыр бөліскенді ұнатады.

К.Бүйенбай



Ә Бірнеше сұрақ құрастырып, мәтіннің мазмұнын айтындар.



Б Мәтіннің жазылу үлгісін анықтандар (баяндау, суреттеу, пайымдау және т.б.).



В Мәтінде кездескен бірынғай мүшелерді теріп жазып, оларға морфологиялық талдау жасандар.



Г Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құрындар.



2-тапсырма. Кім жылдам? Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін тындал, «Түртіп алу» әдісі бойынша ішінен бірынғай мүшелерді теріп жазындар (17-аудио).



Сұраулы сөйлем түрлері

Сұраулы сөйлемдер негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтауыш сұрақты білдіреді.

Бір нәрсе, оқиға, іс туралы мәлімет алу үшін қойылған бастапқы сұрақты негізгі сұрақ дейміз. Мысалы: Сен ертең нешеге келесің?

Негізгі сұраққа жауап алу үстінде қосымша туған ойға байланысты сұрақты жетек сұрақ дейміз. Мысалы:


- Кеште кімдер влең айтты?
- Ұлдар влең айтты.
- Қыздар ше?

Екінші жақтың сезін анықтап алу үшін қойылған сұрақты *анықтауыш сұрақ* дейміз. Мысалы:

- *Бұл кіслер қай жердікі?*
- *Жетісудікі.*
- *Жетісудікі?*
- *Иә, Жетісудікі.*



З-тапсырма. Сұраулы сөйлемнің турлеріне мысал келтіріндер.



A Өлеңді оқып шығып, сөйлемнің айтылу интонациясын ескеріндер. Лепті сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңдар.

Әйел, ерек, жалпы жас,
Көтеріл, көрін, көзінді аш!
Жаңбырлы жазғы жапырақтай,
Көркей, көгер, гулің шаш!..
Оян, ойлан, ұрандас!
Қаһарлан, теңел, құрал жас...
Оқы, ортактас, ұйымдас.
Бірік, бірлес, жыл жас!

I.Жансугіров



Ә Сұраулы сөйлемнің әр түріне көркем әдебиеттен мысал келтіріндер.



Б «Тыныс белгілердің айтысы» деген тақырыпқа шағын ертеңі құрастырыңдар.

Керек дерек!

Професор Р.Әмір сұраулы сөйлемдерді қызметіне қарай тәмендегіше топтастырады.

1. Сұраулы сездердің, шылаулардың катысуымен негізгі сұракты білдіретін сөйлемдер жасалады.

- *Әй, сен баға директордың шотыры емессің бе? (А.Нұрманов.)*

2. Кейде негізгі сұракқа жауап алу үстінде қосымша сұрак койылып жатады. Мүндай жетек сұрактар толымсыз болып құралып, көбіне тек сұрак магыналы сезден ғана тұрады.

- *Есім не ең, кейді ғой?*

- *Кім?*

- *Әділ.*

- *Кайда?*

- *Осында (Б.Майлін).*

3. Анықтаушы сұракты білдіретін сөйлемдер екінші жақтың сезін анықтап алу үшін қойылған сұракты білдіреді.

- *Бұл кіслер қай елдікі?*

- *Сабынкөлдікі.*

- *Сабынкөлдікі?*

- *Иә, Сабынкөлдікі (Б.Майлін).*

Магынасына карай:

1. Ашық (жалпы) сұракты білдіретін сұраулы сөйлемдер: *Олар не үшін қалды? Қанша кісі жұмысқа шықты?*

7-бөлім

2. Альтернативтік сұракты білшіретін сұраулы сейлемдер: *Мынау егіс күздік не, жаздық па?*
3. Риторикалық сұракты білшіретін сейлемдер: *Содан бері талай жылдар етті емес не?*
4. Тұртқи сұракты білшіретін сұраулы сейлемдер: *Үй құргыр азынап кетті гой, тагы бірдеме тауып жағасың ба?*



4-тапсырма. «Керек дерек!» мәтінінен лингвистикалық терминдерді теріп жазып, мәнін түсіндіріңдер.



5-тапсырма. «Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызы» тақырыбына эссе жазыңдар.

АДАМ ҚҰҚЫГЫ БАЛА ҚҰҚЫГЫН ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ

Бала – көнілдін гүлі, кездін нұры.

Мақат



1-тапсырма. Мына сөздердің бір-бірімен мағыналық байланысын табыңдар.



A Мәтінді оқып, оқылым стратегияларын қолданыңдар: комментарий жазыңдар, іріктең оқындар, талдалап оқындар.

Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады. Адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын корғап отырған заң бар. Бұл заң 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», сонымен катар 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы декларациясы». Міне, осы декларациядан кейін 1989 жылы 20 қарашада 61 ел кол койған «Балалар құқығы туралы конвенция» қабылданды. Қазірде бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция деген – арнаулы мәселелер жөніндегі келісімшарт. Осы Конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Казакстанда «Балалар құқығы туралы» Зан қабылданды. Бұл Зан 9 тарау, 53 баптан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау – біздің Отанымыз, еліміз, халқымыз алдындағы парызымыз.

Заң дегеніміз – когамның негізгі тірері. Қоғам деп отырғанымыз – мына біздер. Н.Ә.Назарбаев: «Конституция – бұл да ел рәміздерінің бірі. Сондыктан негізгі заңды елдің туы, әнұраны, елтаңбасы секілді қадірлеу, құрметтеу – біздің парызымыз», – деген. Сондыктан әрбір адамның заң талабына бағынып, жат қылыштардан аулак болып, ерескел тәртіпбұзушылыққа бармай, өзіне жүктелген міндетті уақытылы орындаудын еліміздің Ата Заңын, халықты құрметтеуі деп бітуіміз керек.

Құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата-аналар, бағып-қагу және

камқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озырылыштың түрлерінен, оның абыройын төмендетуден және т.б. кияннattan корғайды.

Бала құқыктары туралы Конвенцияға сәйкес, олардың әркайсысы өзінің даралығын сактауға құқылы.


bilimdiler.kz сайтынан



Ә Матіннің жазылу үлгісін анықтандар.



Б Сендер өздеріңнің қандай құқыктарында білесіндер? Санамалап айтып шығындар.



2-тапсырма. «Адам құқығы бала құқығын корғаудан басталады» деген тақырыпқа аргументативті эссе жазындар.



А «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында интервью үйымдастырындар.



Лепті сөйлем

Лепті сөйлем сөйлеушінің көніл күйін (қуану, ренжу, өкіну т.б.) білдіру мақсатында айтылады. Сөйлем соңында леп белгісі қойылады.

Жасалу жолдары:

- 1) одагай сөздер арқылы: қап, әттеген-ай, пай-пай т.б.;
- 2) күшеткіш мәнді сөздер арқылы: не деген, не еткен, қандай, шіркін, тажап т.б.;
- 3) демеулік шылаулар арқылы: -ак, -ау, -ай;
- 4) интонация арқылы.



3-тапсырма. «Олжалы бестік» ойынын ойнаңдар. 5 сез дайындал, олардың артына сұрақ жасыру және бір сездің артына тек қана «5» бағасын қою керек.

Улғи:

«Мыкты болсан, тауып көр» – Сөйлем мүшесі деген не? Сөйлем мүшесерін ата.

«Жүйрік болсан, шауып көр» – Бірыңгай мүшесер дегеніміз не?

«Алғыр болсан, алыш көр» – Бірыңгай тұрлаусыз мүшесерге мысал келтір.

«Тапқыр болсан, тауып көр» – Айқындауыш деген не? Мысал келтір.

«Ойлы болсан, озып көр» – Айқындауышқа тән белгілерді ата.

«Зерек болсан, айтып көр» – М.Мақатаевтың бір өлеңін айтсан, «5» аласын!

Керек дерек!

А.Байтұрсынұлы лепті сөйлемге былайша тоқтатады: «... адам көніл күйі жан жайымен сейлегендеге, мәселен, жан ауырганда не кенелгенде, таиданғанда, сұктанғанда, кейігенде, есіркегендеге, күйінгенде, сүйінгенде, корыкканда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер».

7-бөлім



4-тапсырма. Сейлемдерді мәнерлеп, дауыстап оқындар.

1. – Жолдастар, мен сіздерді құттықтаймын! Сіздер адамзат тарихында түнгыш рет жанды метеориттер жауынын көріп отырызыздар. Кибер, дереу биомагнитті іске кос! – деп дауыстап жіберді ол (Т.Сұлт.).
 2. – Енді естпяр азамат болдың. Мына таякты қолыңа ал, осы ауылдың сиырын енді сен бағасын! – деп, ағам Айдынғали таяғын маған ұстатты да, өзі енбек іздел қалаға кетті (F.M.). 3. – Өзім барып қайттым! Бәрі дұрыс екен! Бердім ризалығымды! Бүгіннен бастап «Қайракты» деген ауыл жок дүниеде. «Қайракты» деген колхоз боласындар! – деді (F.M.).



А Лепті сейлемдердің жасалу жолдарын түсіндіріндер.



Ә «1000 пойыз жаңалық және кемелдік» әдісі бойынша «Сен нені басқалардан он есе сапалы әрі жылдамырақ білесің?» деген сұраққа жауап беріңдер.

ЖАСӨСПІРМЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУЫ

Жастық шақ – бұл тамаша нэрсе; оны рәсуга ету кылмыс...

Бернард Шоу



1-тапсырма. Тәмендегі суреттерден нені байқадындар? Бос уақыттарында немен айналысканды ұнататындарынды айтып, ойларынмен белсіндер.





A Матінді тыңдандар (18-аудио).



Ә Мәтін мазмұны бойынша сұрап-жауап құрастырындар.



Б «Жастар бос уақытында немен айналысы керек?» деген тақырыпта пікірталас үйымдастырындар.



В Қазіргі жастар арасында кеңінен танылған қандай жастар үйімдарын білесіндер?



Г Күн тәртібін қалай жоспарлайсындар? Бос уақыттарынды көбіне қандай іске арнайсындар? Сұрақтарға жауап ретінде айқындауыш мүшелерді молынан қатыстырып, аргументативті эссе жазындар.



Бұйрықты сейлем

Бұйрықты сейлем бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылады. Сейлем соңына леп белгісі қойылады.

Жасалу жолдары:

- 1) баяндауышы екінші жақтағы бұйрық рай арқылы;
- 2) баяндауышта -шы, -ші журнақтары байқалады;
- 3) баяндауышы қалау рай арқылы.

Мысалы: *Тыныштың отырып! Сен айтпа! Келиші, қалқам, менің қасыма отыршы!*



2-тапсырма. Көркем әдебиеттен 10 бұйрықты сейлем тауып жазындар. Сейлемдерге синтаксистік талдау жасандар.



3-тапсырма. Жасөспірімдерге берілетін бұйрықтарды қатыстырып мәтін құрастырындар.

Керек дерек!

М.Балакаев бұйрыкты сейлемдердің диалог түрінде ықшам келіп, кейде қаратпа сезді болып келетін ерекшеліктеріне қарай бұйрыкты сейлемдердің бірнеше магыналық түрін атап көрсетеді.

1. Қатал бұйрыкты: *Өшір үніңді!* (Ә.С.)
2. Солғын бұйрык: – *Карындастың, ондай өтірікті айтушы болма!* (Ә.Ә.)
3. Сес көрсету, корқыту мәнді бұйрык: – *Балам, жөніңді айтыш!* (М.Ә.)
4. Өспет, үндеу мәнді бұйрык: – *Темірді қызған кезде соқ!*



4-тапсырма. Берілген сейлемдерді тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар. Сейлемнің коммуникативтік түрлерін ажыратындар.

1. Ақылдарынмен өздерін бай болындар Баяғыдан бері сендердің **ақылдарынмен** күн көріп жүрген жокпын – деп тік **қайырып тастаны**.
2. – Тәп-тәуір киімдерін бола тұра мұнша **жұттайтын** не болды саған Таста тәуірінді ки.
3. – Ал мін бала тарантастың алдына – деді Боржабай Бәкен екеуі арбаның артына мініп мен де міндім – Айда атты... Біз жүріп кеттік

С.Мұқанов. «Өмір мектебі»

7-бөлім



А Сейлемдерден М.Балақаев берген бұйрықты сейлемнің мағыналық түрлерінің қайсысы бар екенін табындар. Дәлелдендер.



Ә Қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасандар.

ЖАСӨСПІРІМ МІНЕЗІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жаксы мінез – сүйінтер.
Жаман мінез – күйінтер.

Маҳат



1-тапсырма. Сен білесің бе? Өздерің білетін міндеттерің мен құқыктарыңды таратып жазып шығындар.

Менің
міндеттерім

Менің
құқығым



А Мәтінді оқындар. Автор көзқарасын талдандар.

Тұлғаның балалық, жасөспірім шактарында, адамгершілік түрғыдан қалыптасу уақытында әртүрлі, соның ішінде жағымсыз тәжірибелер жинақталады. Олардың теріс нәтижесі бірден бой көрсетпеуі мүмкін немесе біршама кешігінкіреп анықталып жатады.

Қылмыс жасау жолына түскен өрімдей балалар ересектер қылмысының негізін қалайды. Кәмелетке толмаған қылмыскердің бірқатар ерекшелігі бар, атап айтқанда: олардың психологиясына тән ашушаңдық, ересектерге еліктегіштігі, қактығыс жағдайларға бейімділігі. Сондай-ақ жұмыс істемейтін, окудан тыс қалған, бос уақыты мол кәмелетке толмағандардың көпшілігі қылмыс әлеміне жақын тұратынын атап айтуда жақет.

Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстың алдын алу үшін ата-аналар және білім беру қызметкерлері жасөспірімдердің тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауды қажет. Ол – он эмоционалды ықпал, материалдық игілік және дербес те сенімді қарым-қатынас, пән мұғалімдері откізетін косымша дәрістер. Жасөспірімдердің бойындағы қуатын игілікті арнаға бұру үшін спорттық және техникалық сабактар үлесін көбейтіп, қоғамдық іс-шараларға тартудың мәні зор.

Г.Марзалинова



Ә Мәтіннің қандай стилде жазылғанын дәлелдендер.



Б Мәтіннен тірек сөздерді тауып, сол тірек сөздермен сейлем құрастырындар.



В Мәтіннен кірме сөздерді теріп жазындар. Қай сейлем мүшесінің қызметін атқарайп тұрғанын ажыратындар.

2 Сөйлемнің коммуникативтік түрлеріне тән тыныс белгілері

Нұктө хабарлы сөйлемдерден кейін және екпінсіз айтылған бүйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін қойылады.

Сұрау белгісі сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады.

Леп белгісі көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден соң, ерекше бір көңіл күйіне байланысты көтеріңкі дауыспен бүйіру, өтініш мағынасында айтылған сөйлемдерге қойылады.

2-тапсырма. Кім тез әрі кеп сейлем құрай алады?

Хабарлы сейлем	Сұраулы сейлем	Бүйрықты сейлем	Лепті сейлем

3-тапсырма. Тәмендегі шаршыларға жасырынған сөздерді табындар.

Р	А	Ы	Н	Ш	Н	К	М	І	Н	Д	Е	Т	Ю	Ь	С	Ц	Ф	Й	Ц
Ф	З	А	Ң	Ь	Ю	Г	Ь	Б	Ц	Ф	І	Ь	Ч	Ц	Қ	Ұ	Қ	Ы	Қ
Ь	М	Ю	Ч	Ц	Ь	Ф	В	Ц	О	Е	Й	Ф	Й	Ы	Ч	В	Б	С	Ц
М	Ц	Ч	Ж	А	С	Ә	С	П	І	Р	І	М	Ю	Т	Ь	Ц	Ю	Ф	Ь
Ю	Ф	Ю	Щ	Ы	Б	Ц	Ю	Ь	Й	Ч	Ц	С	Ф	И	Ь	Қ	Ф	Ь	Ч
Й	Т	О	П	Т	А	С	У	Ч	Ц	Э	Ю	Ю	О	Т	Б	А	С	Ы	Й
Ы	Ф	Э	С	Э	В	Ф	Ь	В	С	Ы	Ф	Э	Ы	Б	Ф	Ч	Ю	Ь	Ц
В	К	Ы	Л	М	Ы	С	В	Ю	М	В	К	Ә	М	Е	Л	Е	Т	Ь	С
Й	М	Щ	Ф	Ы	В	Ш	Ф	А	Ж	К	А	Т	О	Л	М	В	Ф	Ч	Ы
Э	Ц	В	Э	Ь	Б	М	Ц	И	Ф	Ч	Ь	П	И	С	В	Ц	Ч	Й	Б
Б	С	Ы	К	П	А	Л	П	Й	Ф	Ц	Ю	В	Ц	В	Ь	Й	С	Ф	Ю
Ф	Ю	С	П	Ц	В	Ю	Ы	Щ	Ь	Ы	П	Б	И	Т	Ұ	Л	Ғ	А	Й
Й	Т	Ә	Р	Б	И	Е	В	Й	Р	Ц	Ф	Ю	Й	В	Ф	Ю	Ч	Ц	В



А Тапқан сөздерге дыбыстық талдау жасандар.



Ә «Жасөспірімді қылмысқа не итермелейді?» деген тақырыпты талқыландар.



4-тапсырма. Жағдаяттық сұрақ. «Заңсыз арал». Біз ешқандай заны жоқ аралда өмір сурсек, не болар еді?

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ел болам десен, бесігінді түзе.

М.Әдебаев



1-тапсырма. Ұлттық тәрбиенің маңызы қандай? «Тәрбиенің алтын дінгегі – ұлттық тәрбие» деген оймен келісесіндер ме?



A Мәтінді оқындар. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратындар.

Казак халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде тенденсі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ұлттық тәрбиені білім беру мекемелеріне енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек карауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балага мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-ана сынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген еken. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулыктарға енгізген М.Жұмабаев болды. Ол «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтак жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлттының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Әр ата-ана А.С.Макаренконың «Балаларды тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу – бұл біздің бақытты карттық шағымыз, жаман тәрбиелеу – бұл біздің келешек касіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз» деген пікірінің мағынасын түсінүі тиіс. Сондықтан әр отбасында ата-ана өз баласының инабатты, тәрбиелі де әдепті, адамгершілігі зор азамат болып өсуі үшін ұлттық тәрбие бере білуі керек.

Әр ата-ана баласының денсаулығы мыкты, ержүрек, кайсар, батыл болып өсуіне жауапты. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек» дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет.

А.Қабдығатшева



Ә Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрындар.



Б Төмендегі сөйлемдерге қандай сұрапқ қояр едіндер? Әр сөйлемге бір сұрапқтан койындар.

1. Казак халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде тенденсі жоқ тәрбие.
2. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек карауымыз қажет.

СӨЙЛЕМНІҢ АЙТЫЛУ МАКСАТЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

3. Эр ата-ана баласының денсаулығы мықты, ержүрек, қайсар, батыл болып өсуіне жауапты.

4. Қоғамның белгілі қайраткері, акын М.Шахановтың «Халыкта ен бірінші ұлттық рух болуы керек» дегенін әр кез есте сактап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысымыз кажет.

В Мәтіндегі ойға тірек болған сездерді қатыстырып, отбасылық тәрбиеге байланысты құрмалас сейлемдер жазындар.

Г Мәтіннен З сейлемді таңдал, лепті және сұраулы сейлемге айналдырындар.

2-тапсырма. Мәтінді тыңдал, мақал-мателдерді жазып алындар (19-аудио).

А Мәтінде кездесетін мақал-мателдердің мағынасын таратып айтындар.

Ә Қазақ халқының ұлттық тәрбие құндылықтарына нені жатқызар едіндер?

Б Мәтін бойынша тезистік жоспар құрындар.

3-тапсырма. Сейлем турлеріне байланысты берілген жұмбақтарды шешіндер.

1. Қоя салсаң бір тары.
Жаңалықты жеткіземін.
2. Ойды аяқтап орақ тұрады,
Жауап сез қалап тұрады.
3. Ұранды, шаттықты,
Өкініш, аптықты,
Білдіріп ойын талайдың,
Шарға пне қадаймын.

А Темендегі ережелер мен ерекшеліктер сейлемнің қай түріне сәйкес келеді?

Ерекшеліктері мен ережелері	хабарлы	сұраулы	лепті	бұйрықты
1	2	3	4	5
Сұрай айтылған сейлем түрі				
Біреудің бір нәрсе жайында жай баяндауы				
Көңіл күйді білдіретін сейлем түрі				
Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сейлемді қалай атайды?				

7-бөлім

Жалғасы

1	2	3	4	5
Біреудің бір нәрсесін сипатташ. бейнелеп суреттеуі				
Біреудің бір нәрсесінде ойнын, көзқарасын білдіру мақсатында хабарлауы				
Бұйыру мақсатында айттылатын сейлем түрі				



4-тапсырма. Қазакы тәрбие туралы көзқарас. Бала тәрбиесіне қатысты не айтар едіндер?



A Осы бөлімдегі өздеріңе ұнаған эпиграфқа қатысты ойларынды дәлелдей, 5-6 сейлем жазындар.



Ғалым болам десеңіз...

1. Сауранбаев Н.Т. Қазак тіліндегі құрмалас сейлемдер жүйесі. Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010.
2. Әмиров Р. Жай сейлем синтаксисі. Алматы: Мектеп, 1983.
3. Қазіргі казак тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.



8

СИНТАКСИС

ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

ҚАЗАҚТЫҢ БАС ТЕАТРЫ

Театр – адамның езін-өзі сахнадан көріп, езін-өзі түсінетін орын.

Григорий Ревзин



1-тапсырма. Суретте қай театр бейнеленген? Соңғы рет театрға қашан бардыңдар? Өзара ой белсіндер.



A Мәтінмен танысып, мазмұнын түсініндер.

Театр (грек. *theatron* – ойын-сауық орны; ойын-сауық) – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауыктар, сонымен қатар жалпы мәдени шарапалар өткізілетін орын-жай. Театрдың қалыптасу, даму, өсіп-өркендеу жолы әрбір ұлттың, әр халықтың өмір-тұрмысымен, тарихымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де көғамдық ой-сананың негізгі бір формасы болып табылады.

Қазақтың алғашқы кәсіби театры 1925 жылдың аяғында құрылды. 1926 жылы 13 қантарда тұнғыш театр шымылдығы М.Әуезовтің «Ендік-Кебек» трагедиясымен ашылды. Алғашқы ашылған жылдары мұнда халық ішінен шыққан өнерпаздар: Иса Байзаков, Әміре Қашаубаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзаков, Жұмат Шанин, Қалибек Куанышбаев және т.б. ойнады. Театрдың алғашқы режиссері және

8-бөлім

басқарушысы Ж.Шанин болды. Б.Майлиниң «Некекияр», «Шаншар молда», Ж.Шаниннің «Торсықбай ку», «Арқалық батыр» сияқты шығармалары театрдын алғашқы репертуарын құрады. Қазақ драма театрынан 1934 жылы казактың Опера және балет театры белініп шықты.

Уикипедиядан



Ә Қай топ алғыр? Топқа белініп, театр өнері туралы білетін мәліметтерінді еске түсіріп, темендері кестені толтырындар.

Карапайым сұрап	Ойландыратын сұрап



Б «Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады» деген атақты режиссер Робер Лепаждың ойын жалғастырындар. Өзара пікірлесіндер.



В Нәқыл сөздерді жаттап алындар. Тағы қандай нақыл сөздерді білесіндер? Еске түсіріндер.

Театр – тірі тарих.

Тарихта ізі қалған дара тұлғалармен кездесудің киелі орны – театр сахнасы.

Театр – көрінгеннің ермегі емес, енбек.

Театр – көніл көтерудің ғана орны емес, мәдени ошак.

Театр – талантты тұлғаларды бір арнада тоғыстыратын киелі шанырак.



Жай сейлем және оның түрлері

Жай сейлем бір немесе бірнеше сөз берілгенде тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіреді. Жай сейлемнің негізгі ерекшелігі – құрамындағы сөздер өзара бір-бірімен семантикалық бірлікті болады, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі сақталады. Құрылымы жағынан жай сейлем бірнеше түрге белінеді:

- 1) жақты, жақсыз;
- 2) жаланқ, жайылма;
- 3) болымды, болымсыз;
- 4) етістікті, есімді;
- 5) толымды, толымсыз;
- 6) атаулы.

Есте сақта!

Ауызекі сейлеу кезінде сейлем мен сейлемнің арасында кідіріс (пауза) болады. Жазуда бір сейлем екінші сейлемнен нұкте, сұрау және леп белгілерінің бірімен ажыратылады.



2-тапсырма. Төмендегі сейлемдерді оқып, көп нұктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып жазындар.

1. Кел, балалар, оқылық... Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық...
2. Өлеңім, шарла, ауылды... Тында, дала, Жамбылды... Тында, Қастек, Қаскелен...
3. Шіркін, Ақмөншак... Керкі ғой біздін ауылдын... Ақылы қандай...
4. Мінезі қандай... Адамгершілігі қандай... Нағыз еңбексүйгіш адам ғой...
5. Түү... Бұл не деген әсем ән еді...
6. Ол қандай кеменгер, адал жан...



А Берілген сездерден 5 жай сейлем кұрастырындар. Екінші сейлемді сұраулы, төртінші сейлемді лепті сейлем етіп жазындар.

Театр, өнер, қойылым, шымылдық, М.Әуезов, Еңлік-Кебек, опера, балет, спектакль, туынды.



Ә Төмендегі мәтінді оқып, өсімдіктер әлемін естеріне түсіріндер. Сейлемдерге синтаксистік талдау жасап, қарамен жазылған сездерді сез кұрамына талдандар.

Бұл **өсімдіктің** гүлдері дәрі үшін пайдаланылады. Қазтабан мамыр-маусым айларында гүлдейді. Қазтабан өсімдігінің бойы шамамен 10–25 **сантиметрдей**. Гүлінің әдемі хош пісі болады. Гүлдері ак түсті болып келеді. Қазтабан **Қазақстанның** шығыс **аудандарында** жиі кездеседі. Ол егістік жерлерде, үй айналасында, бақшада жабайы өсетін өсімдіктер катарагина жатады.



Б Темендегі сейлемдерден түрлаулы мүшелерді тауып, оларға сұрақ қойындар. «Ғарыш әлемі» тақырыбын еске түсіріп, мәтінді жалғастырындар.

Қаланың көрікті жерінде зәулім үй тұр. Бұл үйге үнемі балалар келіп-кетіп жатады. Бұл зәулім үй «Окушылар сарайы» деп аталады. Балалар мұнда сурет салады, би үйренеді, шахмат ойнайды. Компьютермен жұмыс істеп, әртүрлі бағдарламалар кұрастырады. Мұнда зертхана да бар. Онда нағыз телескоппен аспан әлемін көруге болады.

Керек дерек!

Адам өз ойын, көніл күйін басқаларға сейлем арқылы ғана білшіре алады, сейлем арқылы ғана басқаның ойын біле алады. Сейлем – ойды жарыққа шыгаруши көрсеткіш. Сондыктан тіл білімінде сейлемге кейбір санактар бойынша 500 реттен артық аныктама берілген екен. Сонын көбінде «ой» негізге алынады. Бұл орынды да. Өйткені ойлау мен сейлеу ажырагысыз бірлікте болатыны акынада жайт.

8-бөлім

Казак тіл білімінде сейлем тиянкты ойды білшіретін сөздер тіркесі екендігі туралы аныктама орыс тіл білімінен келіп орынып алған. Бұл аныктама Аристотель заманынан бері пайдаланылып келеді.

А.Байтұрсынұлы: «...айтушының ойын тындаушы үгарлық дәрежеде түсінікті болыш айтылған сөздер гана сейлем болады», – деп төлтума аныктама береді. Назар аударының: «айтушының айтуы», «тындаушының үғуы» сиякты әрекеттер негізге алынған. Ғұлама сейлемнің тілдің басты қызметі коммуникативтік қызмет тұрғысынан шығып отыр, осы қызметтің тірегі сейлем екенін айқындаған.

Ж.Жақынов



3-тапсырма. «Керек деректе» берілген мәтінде сейлемнің қанша аныктамасы бар? Сендер қандай аныктама берер едіндер?



A Ойлау мен сейлеу туралы білетіндерінді ортаға салындар.



4-тапсырма. «Менің сүйікті спектаклім» тақырыбына мақала дайындандар.

ТЕАТР – ҰЖЫМДЫҚ ӨНЕР

Егер екі адам сейлесіп, оны үшіншісі тындаған тұрса, мұнын өзі – театр.

Густав Холоубек



1-тапсырма. Густав Холоубектің сөзімен келісесіндер ме? Ойларынды дәлелдендер.



A Мәтінмен танысып, тезистік жоспар құрындар.

Театр өнерінің синтездік табиғаты оның тарихи даму сатысымен тығыз байланысты. Әсіресе театрдың өзіне тән мұндай ерекшелігі драмалық әрекет, музика, ән мен бидің бір-бірінен белінбей тұрған кезіндегі кең тараптаган халық ойын-сауықтарынан айқын көрініс тапты. Кейінгі дәуірлерде өнер тұрлерінің жіктеліп шығуымен және олардың одан әрі ілгері дамуымен байланысты театр өнері өзінің синтездік қасиетінен айырылды. Осылайша театр негізінде драма, опера және балет секілді 3 түрі қалыптасты. Енші алдып, отау тігіп, өз алдына жекеленіп шықканмен, музикалық театр өзінің драмалық негізінен айырылған жок. Тек мұндағы уакыға-әрекет музикалық драматургияның тәсілдерімен, музика-поэзиялық образдар арқылы ашылды. Театр – табиғатынан көпшілік кауымға гана арналған, қоғамдық-мәдени мән-манзызы үлкен өнердің бірі. Ол көрерменсіз жеке өз алдына өмір сүре алмайды. Осыған байланысты сахна мен көрермен бірігіп отырып шынайы өмір құбылысына ой

жүгіртеді, оған өз тұрғысынан баға береді. Театр көрермендердің ішкі жан сезіміне әсер етіп, терең толғандырған жағдайда ғана өзінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін аткарып, эстетикалық максат-мұратына жетеді.

Уикипедиядан



Ә Мәтіндегі негізгі ойды екі сейлеммен айтындар.



Б Өздеріне ұнайтын өнер түрі туралы пікірлесіп, оның артықшылықтары туралы аңгимелесіндер.



В «Еркін ойлау» әдісі бойынша кез келген тақырыпқа шағын көрініс қойындар. Қай топтың көрінісі үздік шыққандығын бағалаңдар.



Жақты, жақсыз сейлемдер

Жай сейлемдер құрамына қарай жақты, жақсыз болып бөлінеді.

Жақты сейлем – бастауышы мен баяндауышы қыса байланысқан жай сейлемнің бір түрі. Жақты сейлемнің бастауышы болады немесе сейлемнің мазмұнынан бастауышының қай сөз екенін табуға болады. Жақты сейлем үшке бөлінеді:

- 1) арнаулы жақты сейлем: *мен тыңдайын; сіз жазыңыз;*
- 2) ауыспалы (ортак) жақты сейлем: *Көп жасағаннан сұрама, кепті көргеннен сұра;*

3) бастауышы белгісіз жақты сейлем, негізінен, 3-жақта айтылады. Бастауышы қай сөз екені сейлемнің мазмұнынан аңғарылады: *Біздің бала кезімізде отты шақпақтаспен тұтататтын еді.*

Жақсыз сейлемнің бастауышы болмайды, оның жоқ екені сол сейлемнің баяндауышынан білінеді. Жақсыз сейлемнің баяндауышы бірнеше жолмен жасалады:

- 1) барыс жалғаулы тұйық етістіктен қейін бол, *тура кел деген көмекші сөздердің келуі арқылы: Бұдан бірдемелерді ойлат шығаруға болады;*
- 2) -ғы/-гі, -қы/-кі жүрнақты қалау рай арқылы: *Оның ештеңеге қарағысы келмейді;*
- 3) атау я барыс септік жалғаулы тұйық етістікке керек, қажет сөздері тіркесу арқылы: *Енді бізге ауылдағы адамдардың көңіл күйін білу керек;*
- 4) тәуелдік жалғаулы тұйық етістікке мүмкін, *тиіс сөздері тіркесуі арқылы: Біздің баруымыз мүмкін;*
- 5) тұрақты сөз тіркестерінен: *оның ішек-сілесі қатты, мұртын балта шаптайды.*



2-тапсырма. Ережеде көрсетілген үлгіге қарап, үш жақты, бес жақсыз сейлем құрастырындар.

8-бөлім



A Кім талқыр?

1. Жақсыз сөйлемді табындар.
 - а) Олар келсін.
 - б) Ол кезде бәрі мықты.
 - в) Кеп оқығаннан сұрап біл.
 - г) Енді оның ештегенге карагызы келмейді.
2. Жай сөйлемнің ережесін табындар.
 - а) бір ғана ойды білдіреді, бір интонациямен айттылады;
 - б) екі немесе одан көп жай сөйлемнен тұрады;
 - в) күрделі ойды білдіреді;
 - г) салаласа байланысады.
3. Жай сөйлемнің түрлерін анықтандар.
 - а) жақты сөйлем;
 - б) күрмалас сөйлем;
 - в) фразалық сөйлем.



Ә Оқып шығып, жақсыз сөйлемдердің қандай жолмен жасалып тұрғанына талдау жасандар.

1. Досанның тауга қайтадан барғысы келді (Б.С.). 2. Бізге уақытты ұту керек (Х.Ес.). 3. Жәрдемшіге хабар айтуга болады. 4. Терен судан үзенгімізді қайырып өтүте тұра келеді. 5. Тұстарымы жетудің сәті түсे қалды. 6. Командирге тіл қайыруға болмайды. 7. Бұл сөзді Сыrbайдың әрі қарай созғысы келмеді (С.М.). 8. Мениңше, Молдабаев жолдастың осы тілегін қуаттау керек (Т.Ахт.). 9. Әлден уақыттан кейін жұрт аяғы басылды (М.И.). 10. Бурабайдың табиғатын ауызben айттып болмайды. 11. Абайдың да ішек-сілесі қатып еді (М.Ә.).



Б Жақты сөйлемдерді бір белек, жақсыз сөйлемдерді бір белек көшіріп жазындар. Оларды түрлеріне, жасалу жолдарына қарай талдандар.

Ендігі істің айласы не? Тулап шығып, шашып алысқан елді қалай бағындырмақ керек? Арыз бармас үшін жауығып отырған ағайынның көңілін табу керек қой! Сонымен, көңілін тауып тоқтатпаса, арызды тоқтатар басқа шара жок! Ара ағайын деп осы екеуін алу керек. Байдалыға соларды салу қажет. Байлау осы болды (М.Ә.). Әр еңбектің еріксіз сүреп, қамшысыз айдаң әкететін өз күші бар. Ол – еңбектің өнімділігінде. Ол кезде еңбек төсегінен жұлып алады. Тісің ауырғанын, ішің ауырғанын да елең етпейсің (F.M.).



3-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы театр мен кино өнерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтандар. Өздерін қайсысына көп барасындар? Неге? Осы сұрақтар бойынша пікірлесіндер.



ТЕАТР ТАРИХЫ

Біздің өмірімізде театр – бос думан
смес, тіршіліктің ісі, қоғамның өсуіне
кемектесетін өнер, жана өмірдің на-
сихатшысы.

К.Станиславский



1-тапсырма. Эпиграфтағы оймен келісесіндер ме? Пікірлерінді ортаға салындар.



А Мәтінмен танысып, автор көзқарасын талдандар.


Адамзат тарихымен коса жасасып келе жатқан театрдың қайнар көзі ежелгі замандағы аишилық пен ауылшаруашылық ойын-сауықтарына, халық мерекелері мен салт-жораларына сақды. Осы негізде пайда болған алғашкы трагедиялық және комедиялық сипаттағы дәстүрлі ойын-сауықтар мазмұнынан драмалық тартыстар мен сюжеттердің нышандары, сондай-ақ хор әндері, билер, диалогтер, киім киіп, сэн-салтанат құру, маскамен бет әлпетін өзгерту бой көрсетті. Ойын-сауық әрекетінің діни-салттық негізден бірте-бірте арылып бөлінуі, қаһарманның хор тобынан алдынғы катарға шығуы және қөшшілік мейрамдарын арнайы үйымдастырылған ойын-сауыққа айналдыру әдеби драмалардың тууына колайлы жағдай жасады. Актерлер мен көрермендерге жіктеліп бөліну театрдың аса маңызды қоғамдық қызметін айқындай түсті. Бұл процесс европалық театр өнерінің ерken жауына зор ықпал жасаған Ежелгі Грекия театрында айқын көрініс тапты. Біздің заманымыздан бұрын V ғасырдың өзінде-ақ ежелгі гректердің мемлекет-қалаларында театр қоғамдық өмірдің орталығына айналды. Бұларда ойын-сауық бүкіл халық мерекесі саналды. Аспан аясында, төбесі ашық алып амфитеатрларға он мындаған көрермен жиналышп, ойын-сауықты тамашалап отырды. Ежелгі грек драматургтері: Эсхил, Софокл мен Еврипид трагедияларында аныз құдайлары мен қаһармандарының тұлғасы жасалды. Ал Аристофан комедияларында ежелгі дәуірдің саяси және әлеуметтік күресі бейнеленіп, қоғамда орын алған кемшіліктер мен орынсыз жайлар еткір күлкі отына ұшырады. Грек театр мәдениетінің дәстүрі жана қоғамдық өмірдің ерекшелігіне орай Ежелгі Рим театрында өзінің жана даму жолын тапты. Рим театрында (Плавт, Сенека, Теренций т.б. драматургтер) спектакльді қою мен театр техникасы едәуір дамып, сахна түрлері өзгерді; ойын-сауықтың жана түрлері, оның ішінде мифологиялық сюжетке күрылған музыка-би-сауығы – пантомима пайда болды. Ойын-сауықтың алуан түрі Ежелгі Шығыс елдерінде де, соның ішінде Жапонияда, Индонезияда, Кытайда, Үндістанда және т.б. елдерде туып, өрістей бастады.

Ә.Нысанбаев



Ә Мәтін мазмұнын өз сөздеріңмен әңгімелендер.

8-бөлім



Б Мәтін мазмұны бойынша «жуан», «жінішке» сұрақтар дайындаңдар.



В Қазақ театр енерінің қалыптасуы туралы мақала жазындар.



Жалаң, жайылма сөйлемдер

Жалаң сөйлем тек қана түрлаулы мүшелердің тіркесінен (немесе біреуінен) жасалады. Жайылма сөйлем осы екеуіне кемінде бір түрлаусыз мүше тіркесу арқылы жасалады. Яғни, түрлаулы мүшелері ғана бар сөйлем жалаң сөйлем деп аталады. Түрлаулы мүшелерінен басқа түрлаусыз мүшелері де бар сөйлем жайылма сөйлем деп аталады.



2-тапсырма. Жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге айналдырып, жоғарыдағы мәтіндегі ойды дамыттындаш шағын ойтолғау жазындар.

Қытайда, Үндістанда дамыды. Актерлер ойнады. Халық тамашалады. Римдіктер менгерді. Көрермендер бөлінді. Кемшиліктер айтылды.



А Төмендегі жай сөйлемдерді оқып, олардан құрмалас сөйлем жасандар.

Ахмет Байтұрсынулы жайылма сөйлемге аныктама берді. Жакты сөйлемнің бастауышы жасырын түрады. Жалаң сөйлемге түрлаусыз мүше қатыспайды. Болымсыз сөйлем етістік арқылы жасалады. Сөйлем болымсыздық мағынада түр.



Ә Жай сөйлемнің түрлерін анықтап, 1, 8-сөйлемдерге синтаксистік талдау жасандар.

1. Аспанда қарлығаш ұшып жүр.
2. Усті ырыс, асты қазына – Казакстан.
3. Ағашты кескен кім?
4. Бұл барып тұрган тәртіпсіздік!
5. Бөлме ысып кетті.
6. Маған әсіресе қалампыр ұнайды!
7. Гарышка тұнғыш ұшқан кім?
8. Мен Ганимен бірге оқымын.
9. Жеріміз неткен бай.



Б Берілген мақал-мәтелдердің тыныс белгілерін қойып жазындар.

1. Су диканның каны жер диканның жаны.
2. Енбек ердің сәні.
3. Енбек түбі береке.
4. Халықтың ортақ үйі Отан.
5. Бірлік бұзылmas камал.
6. Білім таусылmas бұлак өнер өмірлік мұрат.
7. Ел іші алтын бесік.
8. Ақыл көпке жеткізер өнер көкке жеткізер.
9. Ер дәuletі енбек.
10. Ырыс алды ынтымақ.

Керек дерек!

Жайылма сөйлем болуы үшін сөйлем құрамында оның предикативтік негізін (сөйлемнің кіші құрылымын) құрайтын бас мүшелерден басқа, кем дегенде, бір түрлаусыз мүше болуга тиіс. Бұл – жайылма сөйлемге беріліп жүрген дәстүрлі аныктама. Алайда тіл біліміндегі соңғы жаналықтар сөйлем мүшелерімен бірге сөйлем мүшелері бола алмайтын, сөйлемнің синтаксистік құрылымына ене алмайтын сөздер мен тіркестердің (окшау сөздер мен сез

тіркестері, сөйлемдер, модаль сездер) де сөйлемнің мазмұндық құрылымын көнеңтүте, жайылмаландырута қатыса алатынын көрсетіп отыр. Бұл сөйлемді қатынас құралы тұргысынан әртурлі қырынан (коммуникативтік, логика-грамматикалық, семантикалық) өзара байланыстыра зерттеулердің нәтижесі деп есептей қажет.



3-тапсырма. «Керек дерек!» мәтіні бойынша сұрақтар құрастырындар.



A Лингвистикалық терминдерді теріп жазып, түсініктеме беріндер.



4-тапсырма. Өздерін қалаған спектакльге шақыру үшін жарнама дайындаңдар.



5-тапсырма. «Қандай қымыл?» ойыны (такта алдына 1-2 оқушы шығып қымылдар көрсетеді, қалған оқушылар екі топқа белініп, қымылын қарап отырып сөйлем ойлап айтады. 1-топ жалаң сөйлем, 2-топ жайылма сөйлем табуы керек).

ТЕАТРДАГЫ АБАЙ БЕЙНЕСІ

Кара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті адамның казак болуы киын.

Жүсілбек Аймауытов



1-тапсырма. Жүсілбек Аймауытовтың ойын ербітіндер.



A Мәтінді толықтырындар. Интернет, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолданып, авторына сілтеме келтіріндер.

Абайдың ақындық қабілетіне коса, өз өлеңдеріне ән шығарған композитор ретінде танылуы шығармаларының ел арасына тарауына жол ашты. Абайға арналған әдеби-музыкалық кештер, оның шығармаларының сахнада орындалуы ақынның көзі тірісінде-ақ басталып, қайтыс болғаннан кейінгі жылдары кең құлаш жайды. XX ғасырдың басында казак топырағында үйымдастырылған түрлі этнографиялық әдеби-музыкалық кештерде, ас пен тойларда Абайдың өлеңдері мен карасөздері айтылып, сауықкөйлардың репертуарларынан тұркты орын алды. 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай әдеби-этнографиялық, музика-драмалық кеш еткізілді. Ойын-сауық кешінде Абайдың өмірбаяны, жеке шығармалары мен ағартушылық қызметі жөнінде Н.Кұлжанова баяндама жасады. Сауықтың екінші бөлімінде Абай әндері мен өлеңдерінен үлкен концерт беріліп, казактың ұлттық ойындары көрсетілді. «...Абайдың өлеңі айтылады...» деген хабарды естіп, қаладағы, қырдағы қазактың көбіне билет жетпей калды», – деп жазды сол кездегі газет-журналдар («Айқап», 1914, №4). Кеште Абай шығармаларының халық арасына тарауына мол еңбек сінірген Әлмағанбет, Мұқа сняқты әнші-өнерпаздар

8-бөлім

Абайдың бірнеше ән-өлеңін айтқан. Кешті ұйымдастыруға араласқан Абайдың балалары Кәкітай мен Тұрағұл әкесінің бірнеше шығармасын орындады. Сол кездегі газет-журналдарға басылған хабарлар мен макалаларға, сакталған азды-көпті бағдарламаға қарағанда, өздерінің концерттік репертуарына Абай шығармаларын енгізбеген ойын-сауық үйірмелері болмаған. Тікелей сахналық шығармаларда Абай тақырыбы мен Абай бейнесінің жасалуы 1940 жылы 30 казанда Қазақ драма театрында койылған М.Әуезов пен С.Соболевтің «Абай» трагедиясынан басталады. Спектакльде өткен ғасырдың сонындағы қазақ халқының әлеуметтік-коғамдық тіршілігі мен Абайдың адамгершілік, ақындық һәм өз халқының бостандығы жолындағы құресі бейнеленген. Феодал-рулық шиеленіскең талас-тартыска құрылған шығармада қазақ халқының өткен ғасырдағы өмірі эпикалық үлгіде көрінеді. Қойылым тарихи-көркемдік шындық дәлдігімен, режиссерлік ой-тұжырым айқындығымен, орындаушылық өнерінің тереңдігімен қымбат. Спектакльдің мол табысы – Қ.Куанышбаев жасаған Абай бейнесі.

«Мұхтар Әуезов» энциклопедиясынан



Ә Мәтін мазмұны бойынша тілші мен өнертанушы релін ойнап, сұхбат жүргізіндер.



Б Абайдың қандай әндерін білесіндер? Абай әндерінен топтық жарыс ұйымдастырындар.



В Абай релін сомдаған әртістер туралы мәлімет жинаңдар.



Болымды, болымсыз сөйлемдер

Болымды сөйлем – объективті болмыстың, ойлаған ойдың, іс-әрекеттің орындалғанын не орындалатынын хабарлайтын сөйлем.

Болымсыз сөйлем – объективті болмыстың, ойлаған ойдың, іс-әрекеттің болмайтынын, орындалмағанын хабарлайтын сөйлем. Болымсыз сөйлем болымды сөйлем негізінде жасалады, бірақ оған қарама-қарсы мағынаны білдіреді. Сонымен бірге айтылған ойға стильдік реңк, эмоционалды-экспрессивті сипат береді. Жасалу жолдары:

1) болымсыз сөйлемдер -ма/-ме тұлғалы болымсыз етістіктердің баяндауыш қызметінде не баяндауыш құрамында жұмсалуы арқылы жасалады: *Торсанның бейітіне ешкім келіп Құран оқымайды еken (F.M.)*;

2) есім мен есімшелі баяндауыштардың құрамында емес көмекші етістігінің жұмсалуы арқылы жасалады: *Бірақ оның не екенін, қандай адамдар екенін Демегүл түсінген емес (С.Е.)*;

3) жоқ сөзі баяндауыш қызметінде немесе күрделі баяндауыштың құрамында айтылуы арқылы жасалады: *Сол сәттін бастап жас босанған анаға салмақ түсірген жоқ (Қ.Ж.)*;

4) -сыз/-сіз формалы сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалуы арқылы жасалады: *Бұрын осы балалар тумай түрған кезде қалаі өмір сүріп келгені белгісіз (Қ.Ж.)*;

ЖАЙ СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТУРЛЕРІ

5) сөйлем құрамында *ешкім*, *ештеме*, *ешбір*, *дәнеңе*, *түк* т.б. болымсыз есімдіктер жүмсалуы арқылы болымсыздық мән күшейе түседі: *Жүргегінде ешкімге алдырмайтын, түкпірге тыққан бір қатты беріш бар* (Қ.Ж.);

6) сөйлем құрамында болымсыздық мағына беретін сөздердің (безу, қашу, *тайсақтау*, *кері кету*, *жоғалу*, *ғайып болу*, *бой тарту* т.б.) жүмсалуы арқылы жасалады: *Ол заманнан бұл ел біржола безініп болған* (F.M.).

Есте сақта!

Казақ тілінде болымсыз сөйлем жасаудың бірнеше түрі бар. Сейлегенде оларды талғап жүмсай білу керек. Мысалы: ол үргін келмеді – ол үргін келген жок; *таудың қары алі ерімейді* – *таудың қары алі еріген жок*; *аспан ашылмас* – *аспан ашылатын емес* – *аспанның ашылатын түрі жок*.



Г Мәтіннен болымды сөйлемдерді көшіріп жазып, оларға синтаксистік-кешенді талдау жасандар.



2-тапсырма. Семантикалық картаны толтырындар. Берілген сейлемдер жай сейлемнің қай түріне сәйкес келеді? Сәйкес келсе (+) белгісін, сәйкес келмесе (-) белгісін қойындар.

Сейлем	Болымды сейлем	Болымсыз сейлем
Бірақ оның кім екенін, қандай адам екенін Маржан білген емес.		
Сол кезден бастап оған ешкім тиіскен жок.		
Осы уақытка дейін Жалғастардың қай жерде, қалай тұргандары белгісіз.		
Құстардың саны кенеттен кебейгеннен бастап құрт-құмырсқалар кезден гайып болған.		
Күлзина әжениң жанына ешкім барып хал- жадайын сұрамайды екен.		
Белмесінде ешкімге көрсетпейтін, қатты жасыратын құпия заты бар.		



А Ережедегі болымсыз сейлемдердің 6 үлгісін пайдаланып, «Қазақтың Абайы» тақырыбына шағын эссе жазындар.



Ә Кім кеп табады? Қазақтың тыйым сөздерін табындар. Ондағы етістіктерді талдандар.

Үлгі: Суга түкірме. Құстың ұясын бұзба және т.б.



3-тапсырма. «Абай» операсын көріп, театрдағы Абай бейнесіне сипаттама мәтін жазындар.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КІШКЕНТАЙ ТЕАТР

Адам бүтін театрға ертең адам болып
қалу үшін барады.

Робер Лепаж



1-тапсырма. Төменде берілген адамдардың пікірлерін жалғастырындар.



А Мәтінді оқындар. Автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдандар.

Сендер әлемдегі ең үлкен театрдың Бейжің қаласында орналасқанынан хабардар шығарсындар. Ал әлемдегі ең кішкентай театр туралы естігендерін бар ма? Иә, ондай да театр бар екен. Нағыз өнерсүйер адам үшін оның өнер көрсететін орнының көлемі манызды рөл атқармайды. Австрияның Филлах қаласында орналаскан әлемнің ең кішкентай театры осы сезіміздің айғагы. Бұл театр Гиннестің рекордтар кітабына да еніп үлгерген. 8 ғана көрермен сыйтын кішкентай театр «Кремль сарайы» деп аталады. Сахнасының көлемі 1,3 x 1,3 метр ғана. «Жыл сайын сахнада өзіміздің және өзге де театрлардың спектакльдерін, түрлі пьесалар мен балеттерді коямыз. Сонымен катар музыкалық койылымдар мен балаларға арналған көрсетілімдер, әдеби оқулар да сахнадан түспейді», – дейді театр директоры Феликс Штрассер. Театр 2009 жылы ашылған. Ең кішкентай театрдың шымылдығын ашкан алғашқы койылымы – Константин Паустовскийдің «Кар» шығармасының негізінде жазылған пьеса. Театр көбіне койылымдарды славян, неміс тілдерінде қояды. Бұл ең кішкентай театрдың өзіне тән ерекшелігі болса керек.

А.Әбілхан



Ә Сұрақтарға жауап беріндер. Мәтін бойынша 5 сұрақ құрастырындар.

1. Театрдың қоғамда атқаратын орны қандай деп ойлайсындар? Ойларынды талқылаңдар.
2. «Театр – рухани азық» дегенді қалай түсінесіндер?
3. Қандай театр түрлерін білесіндер?



Б Мәтіндегі жалқы есімдерге дыбыстық талдау жасандар.



В Үш топқа белініп, мәтіннен жақты, жақсыз, жалан, жайылма, толымды, толымсыз сөйлемдерді тауып, ережесін айтып дәлелдендер.



Етістікті және есімді сөйлемдер

Етістікті сөйлемдер деп баяндауышы дара және күрделі етістікten болып, грамматикалық категориялармен түрлену арқылы жасалған сөйлемдерді айтамыз. Мұнда етістік түбірінің лексикалық мағыналарымен бірге етіс, рай, шақ, жақ категорияларының өзіндік қызметтері бар. Мәселен, ең алдымен кез келген сөйлемге предикативтілік пен модальдылық және интонациялық белгілер тән десек, осылардың бәрі аталған категориялар арқылы жүзеге асады және осылардың түрліше қолданыстары сөйлемдердің логика-грамматикалық құрылымдарын да түрлендіріп отырады. Мысалы: 1. Ол менімен сөйлеспейді. Ол менімен сөйлесіп тұрады. Ол менімен сөйлесер. 2. Оның менімен сөйлескісі жоқ. Оның менімен сөйлесуі керек. Оған менімен сөйлесу қажет.

Есімді сөйлемдерге баяндауышы есім сөздер болып келетін сөйлемдермен бірге атаулы сөйлемдер де жатады: ...Байдың ай мен күндей қызы болады. Аты – Лайла, Байдың жылқышы болады. Аты – Сауран. Адал, қайратты ер жігіт Ләйліге ғашық... (Ә.Т.) Тауіши. Иен жайлау. Ұшқан құс, жүгірген аңнан өзге тіршілік белгісі білінбейді... (Қ.Ж.)



2-тапсырма. Топпен жұмыс. Екі топқа белініп, 2 минуттың ішінде 1-топ етістікті сөйлемдерді, 2-топ есімді сөйлемдерді ойдан құрап, жарыса жазып шығындар.



А Теменде берілген өлең жолдарынан есімді сөйлемдерді теріп алып, етістікті сөйлемдерге айналдырындар.

Тұған тілім – тірлігімнің айғагы.
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

Әбділда Тәжібаев



3-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (20-аудио).

А «Сандар сөлейді». Мәтін мазмұны бойынша сандарды сейлетіндер.

212

143

150000

100000

6500

1040

1400

8-бөлім



Ә Мәтін мазмұны бойынша тест тапсырмаларын құрастырып, жұлтарынмен ауысып тексеріңдер.



Б Ең үлкен театр мен ең кішкентай театрды Венн диаграммасы арқылы салыстырыңдар.



4-тапсырма. Кім кеп табады? Көрсетілген сызбаға сәйкес сейлем құрандар.

Менің ағам кара машина.. сатып алды... е..

Күз түсіп, айналамызыдағы .. өсімдіктер .сары түске .. боялды..

Мына торт кешегіге .. караганда .. тәтті екен ..

Жана .. жыл .. балына.. театрга .. тағута .. болады..



5-тапсырма. «Театрдан алған әсерім...» тақырыбында өз сезімдерінді білдіріп, эссе жазыңдар.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ

Егер театрда тек классика гана
көйла берсе, онда театрдың өлгөні.

Владимир Ненирович Даниченко



1-тапсырма. Қуыршақ театры қандай театр? Барып көрдіңдер ме? Пікірлерінмен, қуыршақ театрына бағанда алған әсерлерінмен бөлісіңдер.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, толықтырыңдар. Интернет, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолданып, авторына сілтеме көлтіріңдер.

Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршакты актер кімылға көлтіріп, оның сезін көбінесе өзі, кейде көркемсөз окушы айтып тұрады. Қуыршақ түріне, оны кімылға көлтіру тәсіліне, сахнасына карай қуыршақ театры бірнеше топқа жіктеледі: *кілмелі* (қолға киіп ойнайтын), *сылдырмақты* (жіп немесе сым арқылы қозғалтатын), *суретке түсірілген қуыршақтармен* (кағаздағы қуыршақ кескінін экранға түсіретін) ойын көрсететін театрлар т.б.

Қазак жеріндегі қуыршақ театры үлттық ойындардан бастау алған. Ертеден келе жатқан «Ортеке» ойыны – осының айқын дәлелі. Ағаштан жонылып жасалған киік немесе ат мүсіншесін сылдырмақтаң жіп тағып, домбыра тартқанда жіптің бір үшін ішекті шертер саусакка

іліп билететін болған. Тартылған күй ыргағына қарай «Ортеке» ойынын көрсеткен.

Қазактың куыршақ театры 1935 жылы Алматы каласында ұйымдастырылды. 1938 жылы театрға республикалық куыршақ театры дәрежесі берілді. Елімізде куыршақ театрлары Актөбе мен Жезқазғанды (1985), Ақтауда (1981), Шымкентте (1983) және Қостанай мен Петропавлда (1992) бар.

Уикипедиядан



A Мәтіндегі әр азатжолға жеке тақырып койындар.



Ә Мәтіннің тірек сөздерін тауып, «Мен көрген қойылым» тақырыбына диалог күріндар.



Б Баяндауышы есім сөздерден жасалған сөйлемдерге синтаксистік талдау жасандар.



Атаулы сөйлем

Атаулы сөйлем – бастауыш-баяндауыштық қатынастан тұрмайтын, бірақ зат есімді не есімді тіркестерді атау арқылы білдіретін, айрықша интонациямен айтылатын бір құрамды сөйлем. Атаулы сейлем өзінен кейін айтылатын сөйлеммен байланысты болады. Исті, уақиғаны баяндаамайды, тек осы шақта зат, құбылысты, заттың бейнелі қалпын, мезгілді, мекенді атап білдіреді. Мысалы: *Тұн. Қыс. ылшыған долы дауыл* (С.М.).

Есте сақта!

Атаулы сейлемнің өзіндік белгілері:

- атаулы сейлемде тұрлаулы мүшеден бастауыш қана болады;
- атаулы сейлем мезгілді, мекенді және заттың, құбылыстың атын білдіреді;
- атаулы сейлем жазушы тіліне ықшамдық, көркемдік нәр береді, сондықтан жазушылар табиғатты, адам келбетін (портретін) немесе басқа бір затты суреттеу үшін атаулы сейлемді жіңі қолданады.



3-тапсырма. Сөйлемдерді атаулы сейлемдерге айналдырып жазындар.

1. Мезгіл жаз еді. 2. Ай жарқырап тұрган. 3. Күн ыстық еді. 4. Дала қатты аяз еді. 5. Күн ұясына батып барады. 6. Сол адамның өзі. 7. Кеш болды.



A Кесте бойынша атаулы сейлем құрап көріндер.

Зат есім	Сын есім	Есімдік

8-бөлім



Ә Төменде берілген сейлемдерді сәйкестендіріңдер.

Атаулы сейлем	Жүргінде ешкімге алдырмайтын, түкпірге тыккан бір қатты беріш бар (К.Жұм.).
Жалан сейлем	Сабакка әзірленіп отырган окушылар әр белмеден кездеседі (М.И.).
Жайылма сейлем	Есепей тобы анырап қалды (F.Muc.).
Жакты сейлем	Еңбек түбі – береке.
Жақсыз сейлем	Адал, қайратты әр жігіт Ләйтіге ғашык... (Ә.Т.)
Болымды сейлем	Ол менімен сейлесіп тұрады.
Болымсыз сейлем	Түннің қарангысы-ай! (С.Мұр.)
Етістікті сейлем	Ескіге жана өлшеуіш.
Есімді сейлем	Мына жұмысшыларды пәнден құттармай болмайды (Ә.Сар.).



Б «Қуыршақ театры және қазірі заман» тақырыбына пайымдау эссеін жазындар.



4-тапсырма. Екі топқа бөлініп, сезжұмбак құрастырып жарысындар.

K	U	Y	R	Ш	A	K
---	---	---	---	---	---	---

T	E	A	T	R	Y
---	---	---	---	---	---

«АСТАНА ОПЕРА» ТЕАТРЫ

Өнер – таусылмас азық,
Жұтамас байтық.

Мажат



1-тапсырма. Еліміздегі қандай театрларды білесіндер? Жалпы театрдың қандай түрлері бар?



А Мәтінді оқып, өткен сабак мәтінімен салыстыра талдандар.

«Астана Опера» – тікелей Елбасының бастамасымен бой көтерген театр. Оның құрылышы барысын КР-ның Президенті Н.Назарбаев жеке бақылауда ұстады.

«Астана Операның» бас сахнасының көлемі – 935 шаршы метр. Бас сахнаның ені 21 метрді, ал терендігі 59 метрді құрайды. Астанадағы жана театрдың косымша екі бүйірлік



сахнасы бар. Театр сленгінде «қалта» деп аталатын бұл сахналар қажет кезде дайын декорацияларымен жылжы жөнеледі. Сейтіп, қойылымдар шиклінің үздіксіздігін камтамасыз етеді. Осының арқасында «Астана Опера» ен күрделі спектакльдерді сахналау мүмкіндігі мол.

Сахна астында, 12 метр терендікте, «төменгі деңгей», яғни автоматты басқару жүйесі бар машинарий залы бар. Оркестр шұнқыры үш тұтынамадан тұрады. Олар әртүрлі деңгейлерде орналастырылған және 120 музыкантқа есептелген.

«Астана Опера» залына 1250 көрермен сыйды. Оның партері¹ 450 көрерменге арналған. Басты зал аттың тағасына ұксас формаға ие. «Ла Скала» сынды әлемдік үздік опера театrlары залына ұксатып бірнеше қабат етіп жасалған, бірақ ұлттық үлгіде өрнектелген. Мұның сыртында гимаратта 8 қосымша зал, 11 репетициялық орын-жай, 250 орындық камералық музика залы, баспасөз залы және басқа да функционалдық бөлмелер бар.

Уикипедиядан



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар.



Б Мәтіндегі сандарды сейлетіп, шағын матін құрандар.

24

Толымды, толымсыз сөйлемдер

Толымды сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатысқан сөйлем. Мысалы: *Шашубай мерген еді. Ол шиті мылтықпен кешке киік атып әкелді.*

Толымсыз сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшесінің біреуі түсіп қалған сөйлем түрі. Мысалы: *Қарлығаштар тағы келді. Қайта-қайта келе берді.*

Толымды сөйлемдер ғылыми әдебиет стилінде, толымсыз сөйлемдер аузызекі сейлеу тілінде, көркем әдебиетте жиі қолданылады.

1. Екі іргелес сөйлемді бір баяндауышқа ортақтастырып айтуга болады: *Жанар біресе есікке қарайды, біресе маған қарайды.*

2. Қатар айтылған сөйлемдердің алдыңғыларында аталған мүшелерді соңғы сөйлемдерге ортақ етіп толымсыз сөйлем құрауға болады: *Ұзындығы көшедей, уш қабат көгілдір кеме. Жайықтың ортасын толтыра, езуін көпірте, еркін есіп, жайқап келеді.*

3. Сөз мағынасы ортақ толымсыз сөйлемдер сейлеу тілі стиліне тән болатындықтан, көркем әдебиетте кейіпкерлердің өзара беттесіп сөйлесу орайындағы диалогтерде өте жиі кездеседі: *Қол алыстың аяғы қоржын шешүге әкелді. Екеуі де малдасын құрып алып, қоржындарын шешіп, қапшыққа сап аузын байлап алған қымыздарын шайқай бастады.*

– Іш, бауырым түрікпен!

– Же, же, қазақ туысқаным (F.M.).

¹ Партер – театр гимараты, кинотеатр мен концерт залындағы орындық қойылған көлбесу еден.

8-бөлім

2-тапсырма. Берілген мәтіннен сейлем түрлерін тауып, оларға талдау жасандар. Шығарманың мазмұнын толық баяндандар.

Ықылас шешесінің күшагына тығыла түсті.

– Оу, батыр, сен ата баласысың ғой! – деді Дүкен оған құле қарап.

Ықылас аң-тан, үндемеді.

– Тұс көрдің бе, жаным? – деді Шәкі.

– Нә! – деп бас изеді Ықылас.

– Не көрдің, жаным?

– Бір ата...

– Ата? Е, ата не деді?

– Маған көген аласың ба? – деді.

– Көген?

– Нә.

– Е, алдың ба, жаным?

– Жоқ.

– Ол ата тағы не берді?

– Қобыз.

– Алдың ба, жаным?

– Алдым.

– Бәрекелді! Алтеке! Дүкен! Айналайын Шәкі! «Жаксы жерге жатсан, жаксы тұс көресін» деген. Қазанғап тауының етегіне қонған түні бұл Ықылас батыр түсінде Коркыт атасын көрді. Қолдай гер, Коркыт ата аруағы! Қобыз тәнірісі! – деді Қазы шешен мейірлі үнмен.

Л.Жақанов



3-тапсырма. Перифраз тәсілін пайдаланып, сейлемнің коммуникативтік түрлеріне өз сөздеріңмен анықтама беріңдер.



4-тапсырма. Ұзінді қай шығармадан алынған? Толымсыз сейлемдерді табындар. Толымсыз сейлемдерді қатыстырып жалғастырындар.

– Мынау аттан тұсіп жатқан кім? – деді Шұға.

Артыма жалт карасам, екі жігіт тұсіп, аттарын байлаپ жатыр екен. Біреуі орысшалау күнгөн. Тани кеттім.

– Әбдірахман ғой, – дедім.

– Әбдірахманың кім?

– Қазакбайдың баласы.

– Нә, әлгі учитель баласы ма?

– Нә.

– Жап-жас жігіт екен ғой, – деп бірер карады да, Шұға отауга кіріп кетті...

Б.Майлин



A «Коллаж» әдісі бойынша келесі тапсырмаларды орындаңдар.

1. Такырып тандандар.
2. Газет-журналдардан суреттердің киындыларын, ватман мен желімді пайдаланыңдар.
3. Такырыптың мазмұнын сурет арқылы сөзсіз түсіндіріндер.



5-тапсырма. Толымсыз сөйлемдерге мысалдар келтіріп, оларды кестеге толтырыңдар.

Бастауышсыз толымсыз	
Анықтауышсыз толымсыз	
Пысықтауышсыз толымсыз	
Толықтауышсыз толымсыз	

ТЕАТР ЖАНРЛАРЫ МЕН ТҮРЛЕРИ

Театр – дайын драматургияны қойып беру емес, ондагы оқиғалардың неге олай болғаны жайында ойлану.

Тадаси Судзуки



1-тапсырма. Театр жанрлары мен түрлері туралы не білеміз? ББУ кестесін толтырыңдар.

Білемін	Білгім келеді	Үйrendім



A Мәтінді оқындар. Такырып бойынша тезистік жоспар құрындар.

Театрдың көптеген жанры мен түрінің бар екендігін барлығымыз білеміз. Дегенмен де сахнада көретініміз тек бірнеше түрі ғана. Мынадай түрлерін біле бермеуіміз мүмкін, солармен танысайык.

Мим – қыска әрі тосыннан шыгарылған сатирадық бағыттағы антикалық халық театрındaғы комедияның бір түрі. Акробаттар мен сикыршылардың сөзсіз күмылдары көрініс алатын бұл жанр гректер мен римдіктердің сүйікті сахналық койылымы болған. Б.з.д. III ғасыр-дың аяғында халық сауының бір түріне айналған. Кейіннен бұл жанр әзіл-ажуа ету, сынап-мінеу өнеріне айналды.

Морализте – XV–XVI ғасырларда пайда болған, кейіпкерлер әртүрлі адамгершілікті және жағымсыз кылыш ішелерін сомдайтын батыс-европалық гибратты аллегориялық¹ драма.

¹ Аллегория – әдебиетте, көркеменерде белгілі бір идеяны, нақты ұғымды образ арқылы суреттесу әдісі.

8-бөлім

Фарс – XIX–XX ғасырларда сыйқатты комедияға негізделген женіл мазмұнды күлдіргі қойылым.

Феерия – фантастикалық қойылымға негізделген әсерлі қойылатын театр жанрының бір түрі.

Флиаки – Ежелгі Грекиядагы халықтық театрлық қойылым. Құдайлар мен батырлардың қызықты бастан кешкен оқиғаларын сахналайтын шағын импровизациялық әзілді қойылым.

Водевиль – ән шумактарымен және би қимылдарымен қойылатын комедиялық пьеса әрі драмалық өнер түрі.

Оперетта – музыкасыз диалогке құрылған жеке музыкалық театрлық қойылым. Оперетта күлдіргі сюжеттеп жазылады да, операдан шағын болады. Опереттада женіл әрі танымал мінез-кулық көрініс табады.

Фъяба – Карло Гоцци құрған италиялық театр мен драматургия саласына ортак жанр. Фъяба диалектикалық суырыпсалмалық оқиға негізінде жазылатын трагикомедиялық әнгіме.

massaget.kz сайтынан



Ә Театр жанрлары мен түрлеріне «Кластер» әдісі арқылы топтастыру жасандар.



Б Мәтіннен ілгерінді, кейінді ықпалдарды табындар.



В Эпиграф пен мәтін мазмұнын пайдалана отырып, «Театрдың тәрбиелік мәні» тақырыбында әнгіме жүргізіндер.



2-тапсырма. Есіне түсір!

- Жай сейлем құрамы мен құрылышына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Сейлемде түрлаусыз мүшелердің болу, болмауына қарай жалан сейлем және жайылма сейлем болып бөлінеді.

- Сейлемде бастауыштың болу, болмауына қарай жакты сейлем, жақсыз сейлем болып бөлінеді.

- Болымды сейлем – объективті болмыстын, ойлаған ойдын, іс-әрекеттің орындалғанын не орындалатынын хабарлайтын сейлем.

- Болымсыз сейлем – объективті болмыстын, ойлаған ойдын, іс-әрекеттің болмайтынын, орындалмағанын хабарлайтын сейлем.

- Етістікті сейлемдер деп баяндауышы дара және күрделі етістіктен болып, грамматикалық категориялармен түрлену арқылы жасалған сейлемдерді айтамыз.

- Есімді сейлемдерге баяндауышы есім сөздер болып келетін сейлемдермен бірге атаулы сейлемдер де жатқызылады.

- Атаулы сейлем – ойды білдірмей, тек соған байланысты заттың, күбылыштың, мезгілдің, мекеннің аты аталып көрсетілетін жай сейлемнің ерекше түрі.



З-тапсырма. Өлөндегі жай сөйлем түрлерін ажыратындар. Оларға синтаксистік талдау жасандар.

Жігіттер өнер үйрен заманында,
Теншілдік түгелімен өз қолында.
Тұрлендір шаруанды, тұс жарыска,
Талабын алға басып тұрганында.

Қарсы тұр жан аямай тап жауына,
Алданба залымдардың арбауына.
Танысып күнделікпен, өнер үйрен,
Тез тырыс ұлы енбектен калмауына.

Иса Байзақов



Өзінді тексер!

- Сөйлемнен баяндауыш қызметін аткарып тұрған сын есімді белгілеңдер.
Сен бір артық көркемсің .
а) сен; ә) бір; б) артық; в) жок; г) көркемсің.
- Есімді сөз тіркесін көрсетіндер.
а) біліміне танғалды; б) кеше келді; г) көп ойланды.
ә) әнді тындауды; в) бесінші сыннып;
- Лепті сөйлемді анықтандар.
а) Па! Шіркіннің сөзі! в) Қандай айғақ таптыңыз?
ә) Мынау қоян жепті ғой. г) Ертең қызық болады.
б) Не күдігініз бар еді?
- Бұйрыкты сөйлемді көрсетіндер.
а) Алатаудың көркін айтсаншы, шіркін!
ә) Ауылга ақындар келді.
б) Мен шебер бола алар ма екенмін?
в) Осы жағдай сенің де есінде болсын.
г) Мәселесі шешілді.
- Сұраулы сөйлемді көрсетіндер.
а) Осының бәрі рас.
ә) Беу, шіркін, таудың күйі, тастың күйі!
б) Адамнан мықты не бар екен?
в) Бала қарсы айтуға сөз таба алмады.
г) Оралым менің, Оралым.
- Айтылу түрлеріне карай сөйлемдердің неше түрге белінетінін анықтандар.
а) 1; ә) 2; б) 3; в) 4; г) 5.
- Хабарлы сөйлемнің ерекшелігін белгілеңдер.
а) іс-әрекеттің белгілі бір шакта жүзеге асатындығын білдіреді;
ә) жетек сұрақтар арқылы жасалған сөйлем;

8-бадім

- 16.** Болымсыз етістікті табындар.
- Ерлік түбі – бірлік.
 - Ер намысы – ел намысы.
 - Сиырдың сүті – тілінде.
 - Кепке ұнаган, Құдайға да ұнайды.
 - Әділдікке жығылмайтын кісі жок.
- 17.** Болымды етістігі бар сөйлемді анықтандар.
- Бірақ кісінің бойы көрінбейді.
 - Аспанда құстар шыр айналып жүр.
 - Сен мына кітапты алма.
 - Асан үн қатпады.
 - Жығылған қуреске тоймайды.
- 18.** Болымды етістіктен жасалған болымсыз етістікті табындар.
- | | |
|------------|------------|
| а) көрген; | в) көрсек; |
| ә) көрме; | г) көрді. |
| б) көрсөн; | |
- 19.** Етістікті сөйлемді көрсетіндер.
- Өзінен басқаны ойламайтын жан.
 - Шетінен Мирас сиякты.
 - Мирас тайып тұрды.
 - Маржанның соры шығар.
 - Қызық.
- 20.** Баяндауышы сан есімнен болып тұрған сөйлемді көрсетіндер.
- Қарсы алған жігіт газет кызметкери екен.
 - Баска пәле – тілден.
 - Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз.
 - Бұл кім өзі?
 - Айгүл әдемі.



4-тапсырма. Осы белімдегі эпиграфтарды сілтеме ретінде пайдаланып, «Театр өнері мен мәдениеті» деген тақырыпқа ғылыми эссе жазындар.



Фалым болам десеңіз...

1. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. Алматы: Өнер, 1981.
2. Мұқан А.О. Театр туралы толғамдар. Зерттеулер және макалалар. Алматы, 2015.
3. Серғалиев М., Айгабылов А., Құлжанова О. Қазіргі казак әдеби тілі. Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Балашаев М. Қазіргі казак тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Ғылым, 1992.
5. Әбілқаев А. Қазіргі казак тіліндегі жай сөйлем түрлері. Алматы: Мектеп, 1973.

9

ПУНКТУАЦИЯ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

ТУРИЗМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жиһангерлік – ен ұлы әрі маныздығылым, от өзіміздің кайта тануга көмектеседі.
Альбер Камю



1-тапсырма. «Туризм» тақырыбында шағын көрініс қойындар. Мысалы, әуежайдары немесе туристік агенттіктері көрініс т.б.



A Мәтінді оқып, оқылым стратегияларын қолданындар: комментарий жазындар, іріктел оқындар, талдап оқындар.

Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жана жерлерді жаулап алу және игеру, ресурстарды іздеу мақсатымен пайда болды. Саяхат – адамдардың кеңістіктерінің козғалысы. Туризм – саяхаттың бір түрі.

Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңында берілген аныктама бойынша: «Туризм – жекетулғалардың ұзақтығы жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз, бірақ уақытша болған елде (жерде) акы төлейтін қызметпен байланысты емес мақсатта түнеп өтетін саяхаты».

Күрделі әлеуметтік-экономикалық сала болғандықтан, туризм көптеген сыртқы фактор әсеріне тәуелді. Бұл факторлардың туризм дамуына тигізетін әсері күші жағынан әрі ұзақтығы жағынан әртүрлі болып табылады. Сондықтан табысты туристік қызметті үйімдастыру үшін осы факторларды есепке алған жөн. Туризмге әсерін тигізетін факторлар екі түрге болінеді:

- сыртқы (экзогенді); • ішкі (эндогенді).

Сыртқы факторлар туризм саласына көғамдық өмірдегі өзгерістермен және туризм жүйесінің элементтеріне әртүрлі мәнмен әсер етеді.

Туризм дамуына әсерін тигізетін манызды сыртқы факторларға мыналар жатады:

- | | |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> • табиғи-географиялық; • мәдени-тарихи; • экономикалық; • әлеуметтік; | <ul style="list-style-type: none"> • демографиялық¹; • саяси-құқықтық; • технологиялық; • экологиялық. |
|--|---|

«Туризм экономикасы» оку құралынан



Ә Мәтіндегі негізгі ойды анықтал, мәтіннің қай стилде жазылғандығын дәлелдендер.

¹ Демография – халықтың санын, құрамын, есү не кему динамикасын көғамдықтарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚАБАТТАСЫП ҚОЛДАНЫЛУЫ



Б Туризмге асер ететін сыртқы факторлардың әрқайсысына іздене отырып, толығырақ тоқталындар.



В Темендегі сөздерге дыбыстық талдау жасандар. Сөздіктерді пайдаланып анықтама беріндер.

Туризм, саяхат, зан, экономика, факторлар, демография.



Тыныс белгілерінің қабаттасып қолданылуы

Тыныс белгілерінің қабаттасып келетін орындары

1. Бір сөйлемде екі жақша да кейде қабаттасып келеді: Оның астындағы жарау көк биесі, қолындағы тобылғы сапты бұзаутіс қамишысы, қызылқайың сойылы, желқом сияқты («желқом» деп қапталында (бір нәрсенің жанын «қаптал» дейді) қалың киізі бар тоқымсыз салынған ерді айтады) жыртылған киіз тоқымы, кішкентай ері, ұзын қайыс қанжығалары, жіңішке темір үзенгісі, өрген жүгені, қара қыл шылбыры – бәрі біріне-бірі үйлесімді еді (С.М.).

2. Кейде сыйықша қойылуға тиісті жерге сұрау, леп белгісі, көп нұктесі, нұктесі үтір қойылуға тиіс болса, сыйықша да олармен бірге қабаттасып қойыла береді. Сыйықша осы белгілерден соң ғана қойылады:

Егоров маған:

– Бізге қарай тез шегініңдер. Қоршауда қаласыңдар, – деді (Ә.Ә.).

3. Тырнақша алдында қойылған сұрау, леп я көп нұктесі, қос нұктесі сияқты тыныс белгілері тырнақшаның жабылатын екінші сыңары соңынан қойылмайды, тырнақшаның алдыңғы сыңарының алдынан ғана қойылады: «Сен әрі сұық, әрі қатты мұқтаждық көрген кезімізде туып едің», – деуші еді (С.К.).

4. Сөйлем мен сөйлемнің не сөйлем мүшелерінің арасында жақша тұрса, жақшаның алдыңғы сыңарынан соң қойылуға тиісті үтір ол жерге қойылмайды. Ол жақшаның екінші сыңарының сыртынан қойылады: *Fumadi ағайыңыз алма ағашы химиялық тыңайтқышсыз-ақ өсуге тиісті деп ойлайды (бұрын өсүші еді ғой), екеуі тағы да айқайласып қалады.*

5. Ремарка¹ алдындағы сөйлемнен кейінгі қойылуға тиісті нұктесі ол жерге қойылмай, ремаркадан соң қойылады. Ремаркадан бұрынғы сөйлем хабарлы болса, ремарканы қоршаған жақшаның алдынан нұктесі қойылады да, ремаркадан кейін қойылмайды: *Айдар. Абай аға, рас, жаңағыдай күйініш айтқанша, өзімді қалжың етсөңіз де, осындаи әзіліңізді айтсаңыз екен!* (Күлкі.) (М.Ә.)


6. Нұктесі, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нұктелер жақшаның алдыңғы сыңары алдынан қойыла береді: *Қанікей. Мес, жоғалт мынаның көзін...* (Мес тез жүретін адам еді.)

Есте сақта!

Сөйлемдегі сөздердің белгілі орындары болса, тыныс белгілерінің де сейлем ішінде тиісті орны бар. Олай болса, тыныс белгілерін қалай болса солай қабаттастырып қоя беруге болмайды.

¹ Ремарка – француз сөзі. Ол белгілі бір пікірге берілетін қосымша түсінікті көрсетеді.

9-бөлім



Г Матіннен тыныс белгілері қабаттаса қолданылған сейлемдерді табыңдар.



2-тапсырма. Тыныс белгілерінің қабаттаса қойылуының әр түріне сейлемдер күрандар.



А Тыныс белгілерінің қабаттаса қойылуының әр түріне көркем әдебиеттерден мысалдар табыңдар.



Ә Өздерінің қатты қуанған кездерінді еске түсіріп, сол әсерлерінді тиісті тыныс белгілерін қоя отырып, жазбаша түрде суреттендер.

Керек дерек!

Пунктуация – бір нәрсениң жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқага түсіндіру үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жыныстығы. Пунктуация – тыныс белгілері туралы ілім, ол айтылмағыш ойды екішты етпей, дәл, түсінікті де тиянакты етіп білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің негізгі қызметі. Тыныс белгілері сейлемдерді немесе сөздер тобын айтқанда, оқығанда, ауызекі тілде болатын кілдірісті де, дауыстын қалай құбылуын да білдіреді. Бұл – тыныс белгілерінің қосымша, көмекші қызметі. Жазба тілде де, ауызекі тілде де тыныс белгілерінің үлкен маңызы бар. Тыныс белгілері мұлдем қойылмаган сейлемді немесе мәтінші оку да, оның мағынасын түсіну де күнн. Сейлемнің немесе мәтіннің тыныс белгілері дұрыс қойылмаса, ондагы айтылған ой да дұрыс ұғылмайды.

«Қазақ пунктуациясының теориялық және практикалық мәселеары»
оку-әдістемелік кешенінен



3-тапсырма. Тыныс белгілеріне бір-бір мысалдан келтіріндер.



А Төмендегі өлеңді оқындар. Сурақ пен жауапты диалог түрінде тиісті тыныс белгілерін қойып, кешіріп жазыңдар.

Каскыр кайда барасың кой қырғалы барамын
Тұлқи кайда барасың тауық іздел барамын
Маймыл кайда барасың сауық іздел барамын
Аю кайда барасың бал тапқалы барамын

К.Мырза Әлі



Ә Тіліміздегі тыныс белгілерінің маңыздылығын З сейлеммен түйіндендер.



4-тапсырма. Өлеңдегі қабаттасып келген тыныс белгілерінің қойылу манін түсіндіріп, дауыс ырғағымен оқындар.

Айналайын Акжайық,
Ат салмай өтер күн қайда?!
Еңсесі бишік боз орда
Енкейе кірер күн қайда?!

Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда?!
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП ҚОЛДАНЫЛУЫ

Күмбір, күмбір кісінетіп,
Күренді мінер күн қайда?!
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда?!
Алты құлаш ақ найза

Ұсынып шаншар күн қайда?!
Садак толған сайгез оқ
Масағынан өткөріп,
Басын колға жеткөріп,
Созып тартар күн қайда?!

Доспамбет жырау



A Өлеңнен таныс емес сөздерді теріп жазындар. Түсіндірме сөздікке жүгініп, мағынасына талдау жасаңдар.



Ә «Бүгінгі сабак» атты тақырыпқа тыныс белгілері қабаттасып қолданылатындағи диалог құрастырындар.



5-тапсырма. «XXI ғасыр – туризм ғасыры» бағытымен саяхатқа шығындар.

ҚАЗАҚ – ҚОНАҚЖАЙ ХАЛЫҚ

Конак асъниа емес, қабак-қасына қарайды.

Макат



1-тапсырма. Қадыр Мырза Әлінің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңін тауып, талдандар. Қазақ халының қонақжайлышын суреттейтін басқа да ақын-жазушылардың шығармаларын табындар.



A Мәтінмен танысындар. Мәтіннен алғынған үзінділерге сүйене отырып көтерілген мәселені болжандар.

Конак қабылдау дәстүрі

Қазақ отбасына ерекше тән аbzal қасиеттің бірі – ежелден келе жатқан қонақжайлышы. Қандай жағдай болса да құдайы қонақтын деп келген адамды жылы шыраймен карсы алғып, шамасы келгенше сый-құрметтін көрсетіп аттандыру әркімнің парызы. Конак болу үшін оның таныс болуы шарт емес. Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақасыны «бөлінбеген еншім» деп талап етуге еркі болған.

Қазақ «Қырықтың бірі – Қыдыр» дейді. Мұнысы қонақты қума, оның шарапаты тиеді, бірінен болмаса, екіншісінен күт¹ келеді деп есептегендіктен болса керек.

Қазақ отбасында балалар жастайынан қонақжайлышын тәрбиленеді. Өйткені халық дәстүрі бойынша қонақасы берілген соң, қонақтан әнгіме сұрайды, өнерлі болса ән салғызып, күй тартқызады, ертегі-қиссалар айтқызады. Қонак әңгімесіне балалар әркашан құмар болады. «Адам болар бала конакка үйр» деп те казак тегін айтпаған. Өйткені әр қонақтан естіген жаналыктарын есіне сактай білген жастың өмірді білуі, түсінуі кенейіп, дүниеге көзқарасы калыптасады. Қөптеген

¹ Күт – береке, байлық.

9-бөлім

накыл сөздерді, пайдалы кенестерді үйренумен бірге **жаманшылықтан** жириенуге де үйретеді. Олай болса, **конақжайлыштың** тәрбиелік мәні де аз болмаған.

Х.Арғынбаев



Ә Мәтін мазмұны бойынша тәмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Бұрын-сөнды «құдайы қонақ» дегенді естігендерің бар ма? Қонақтың тағы қандай түрлерін білесіндер?
- Конақасы дегеніміз не?
- «Қырықтың бірі – Қыдыр» дегенді калай түсінесіндер?
- Қонақжайлыштың тәрбиелік мәні туралы айтыңдар.
- Қонақ, қонақты күту туралы тағы қандай мақал-мәтеддер мен нақыл сөздерді, ырымдарды білесіндер?



Б Қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасандар.

**Сұрау, леп белгілерінің қатар қойылуы**

Мағыналық бөлікті танытып, тыныс белгілерін қоюды қажет ететін белгілер:

- морфологиялық (демеулік шылаулар, одағай, сұрау есімдіктері, рай тұлғалары);
- синтаксистік (предикаттық қатынас саны, бірыңғай мүше, қыстырма, айқындауыш, қаратпа);
- дауыс ырғағы (баяндау, қуаныш, реніш, шақыру, бұйыру, тілек, өтініш т.б.).

Есте сақта!

Сұраулы сөйлем лептік интонациямен айтылғанда сұрау белгісі (?) мен леп белгісі (!) қатар қойылады. Мысалы: *Ойбай-ау, өмір бойы аңсан күткеніміз осы аттаныс емес не еді?!*



2-тапсырма. Қажетті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

1. Қадірің өтті ау Әз Тәукем Қара бұқара бас ұрган билерге касынан орын берген ханды халқы төбесіне көтеретінін сенен кейінгілер зерделей алмады ау (Е.Ә.)

2. *Оспанов*. Көп әршіне Қазақ тілінің бүтінгі тексерілуі мектеп грамматикасының ғана көлемінде ғой

Сабыр. Не дейсің ой Мынаның қеудесі қалай Парсы орыс тілдері ғана ғылым дейсің ғой

Оспанов. Эрине Олар ғылыми тексерілген

Сабыр. Мынау ше (М.Ә.)

3. *Атма*. Жәкемді жене алмағанда бүкіл колхозды ауданды жену оңай ма

Жомарт. Тіпті болмаса жөнімді табармын

Алма. Не дейсің

Жомарт. Аудан көп Қала колхоз көп Біріне жарамаса біріне жарап жоспарым Кетем (F.M.)

 **A** Мақал-мәтеддерді аяқтандар.

Конак келсе,
Конак аз отырып,
Асына тойғызбасаң да,
Конак бір күн конса – күт,

Конакка кел демек бар,
Бұрынғы конак сонғы конакқа
Сыпайы конак сыйынды жейді,

 **З-тапсырма.** Мәтінді дауыс ырғағымен рөлге бөліп оқып, тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтандар.

Қадыржан. Сәлеметсіз бе. Қасеке.

Қасболат. Иә, озат шопан, сен мұнда неғып жүрсін?

Қаламуш. Қоспан ағам отарымен ығып кетті. Өзіміз іздең таба алмай койдык.

Қасболат. Қоспан? Енді Қоспанның жоғалғаны ма?

Құмар. Рас айтасындар ма? Құрттындар ғой мені...

Қадыржан. Рас, Құмар аға.

Құмар. Апырым-ай, басқа біреу болса бір сәрі. Қоспанның мұнысы қалай?

Қасболат. Иә, иә. Жен-жосыкты билетін тәжірибелі-ақ қойшы еді. Біз өзіне үлкен сенім артып жүрсек...

Құмар. Тіптен бар-ау, бала емес, шаға емес. Алды-артын ойламай ма? Осындаң да аккөздік бола ма екен?!

Қаламуш. Сонда немене, ағам еріккеннен айдалап кетіп пе қойларын?!

Құмар. Күн райына қарап абай болмағаны.

Қаламуш. Сонда абай болғанда кайтеді? Кораның манын такырлап болған жокпыш ба? Үюлі тұрған пішен болса, қойларын күрт-күрт күйсетіп үйде отыруды білмейді дейсің бе ағам?!

Т.Ахтанов

 **A** Мәтіннен шылауларды табындар. Мағыналық түрлеріне қарай ажыратындар.

 **Ә** Леп белгісі мен сұрау белгісі қабаттаса келетіндей диалог құрындар. Құрған диалогтерінің тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтандар.

 **Б** Ребусты шешіндер. Шыққан сөзбен сұрау белгісі мен леп белгісі қатар қойылатын сөйлем құрандар.



10



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Жолаушыны сусыннатпай тұрып,
бүйымтайтын сұрама.

Мақат



1-тапсырма. Қазақстандағы туризм тарихынан қандай хабарларын бар? Қазақстан туризмі неден бастау алады деп ойлайсыңдар? Ойларыңмен бөлісіндер.



A Мәтінді оқындар. Перифраздың түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырындар.

Қазақстандагы алғашкы туристік үйымдар XX ғасырдың 20–30-жылдары пайда болды. 1929 жылы Алматы қаласында республикада алғашкы ашылған оку орны – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының дәне дайындығы кафедрасының бастамасымен ел аумағы бойынша жорыктар үйымдастырыла бастады. Бұл жорыктарға шанғы, тау, жаяу туризм бойынша шыкты. Шанғы туризмі бойынша Іле Алатауы және оның етегімен, Қыргыз Алатауы етегімен Бурное селосына дейін, Жамбыл облысының Жуалы ауданының оргалығына жорыктар үйымдастырылды. Бұл жорыктарды үйымдастырушылар тау туризмінің және альпинизмінің мамандары болды (Г.И.Белоглазов, В.Зимин және т.б.). Жаяу туризм бойынша жорыктар Іле Алатауы арқылы Қыргызстан аумағына бағытталды (Сонгкөл, Нарын, Буам шатқалы, Көкшетау және т.б.). Мұндай жорыктарға институт студенттері де қатысты. Жорыктар 1941 жылға дейін жалғасып тұрды. Кейінірек, 60-жылдары, Алматы Денешынықтыру институтынан туризм (спорт ретінде) кафедрасы ашылды және 1950 жылдардан бастап республика бойынша республикалық, облыстық, калалық туристік кеңестер, комитеттер, окушылар стансылары жұмыс істей бастады. 1968 жылдары алғашкы шетелдік туристер кабылданды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған соң, Туризм, жастар ісі және спорт министрлігі құрылды. Алматы мемлекеттік Абай атындағы университетінің география-экология факультетінде республика, тіпті ТМД көлемінде алғашқылардың бірі болып туризм мамандығы және кафедрасы ашылды.

«Туризм және олжетану негіздері» оку күрралынан



Ә Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.



Б Сандар сейлейді.

1929

1941

1950

1968

20–30



В Мәтіннен күрделі-құрама атауларды табындар. Оларды қолдана отырып, мәтін бойынша 5 сұрақ құрастырындар.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП КОЛДАНЫЛУЫ



Г Мәтіндегі жалқы есімдерді құрылымына қарай төмендегі кестеге орналастырыңдар.

Дара жалқы есімдер	Күрделі жалқы есімдер



Көп нүктенің басқа тыныс белгілерімен қабаттасуы

Ой аяқталмай, үзіліп қалған жағдайда оның бірінші белігі сұрау белгілі мағыналы болса, алдымен сұрау белгісі, одан кейін көп нүкте қатар қойылады (?..): *Ayaрайын көрдің бе?..*

Көніл күйін білдіретін сейлемдердегі ой аяқталмай, кілт үзілсе, тыныс белгілері қатар қойылады (!..): *Несі бар, көмектес!.. Ақылдысын мұның!.. Қолмен жаудырап ма едің жауынды!.. Жер!.. Шіркін, Жер-Ананың қадірін кім біледі!.. Қызыл сөзге салынба, балақай!..* (З.Ш.)

Есте сақта!

Ойдың аяқталмай қалғандығын білдіретін сейлемдерде үтір, тырнақша, сызықша көп нүктеден кейін қойылады.



2-тапсЫРМА. Берілген сейлемдерден көп нүктенің қалып кеткен жерлерін табындар. Қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Міне, сол Орақ Ұлтуғанға **ғашық** болып хат жазып еді бір кезде. Хатты, сірә, жолдас **жігіттерінің** біреуі жазып берсе керек, өйткені «Алтыннан ардақты, күмістен салмақты, жақсы құрбымыз Ұлтуғанға» деп бастап, онан әрі **өлеңдетіп** әкетіпти. Тіпті Орақ айта алады, Орақ құрастыра алады дейтін сездер емес (С.Мұр.). 2. – О, қасканның жатысынай! – деп, тап өзіме ұксаган екі бала мені аяқтарымен бүйірге түртіп түрғандарын бір андағандай болып ем, көзімді ашуға дәрменім жетпеді. Ар жағын **білмеймін**, тас болып катыш калсам керек... (F.M.) 3. Мен сорлыны жер соктырып кеттің-ау сен мүлде. Тірі болсам, тұған жерді бір көрсетем деуші едім. Ол күнге Құдай жеткізбеді ғой. **Қайтейін!** (К.Ж.)



А) Қарамен жазылған сөздерге фонетикалық талдау жасандар.



Ә) Тірек сөздерді пайдаланып, ой аяқталмаған жағдайда қабаттасып қойылатын тыныс белгілері қатысқан сейлемдер қурандар.

Қазақстан	конактар	тарих	шетелдіктер
тұған жер	туристер	болашак	туризм



Б) Мұқағали Мақатаев өлеңдерінен үзінділердің қалып кеткен сездерін толықтырып, тиісті тыныс белгілерін қойындар.

- Сен _____ білесің бе білесің бе
Жаралмаган жан екем күресуге
Жылай жүріп өтірік күлесің де

9-бөлім

- Жүресің де коясын жүресің де
 _____ штеріп кеудемнен бірі шалып
 Тастағысы келеді күрсінге
 Фаризажан сен _____ білесің бе
2. Мынау шалкар
 _____ салкар заманда
 Ақылы жок адам сірә адам ба
 Түстен кейін манырады аксақ кой
 Түстен _____ ақыл кірді жаманға
3. Баяғыдай
 Бәрі де баяғыдай
 Баяғыдай кілемін жаяды май
 Енді _____ кырыктың кылығын бер
 Ақылын бер арын бер ая Құдай
4. О Жастық
 Сен өлгендे мен өлемін
 _____ мен киылған бір бөренемін
 Көнеремін білемін көнеремін
 Көгерे бер мәнгілік _____ өлеңім

Керекті сөздер: бірі, мені, мынау, соны, маған, кейін, сен, сенсіз.



В Өлең жолдарынан қабаттаса қойылған тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.



Г Өлең жолдарынан қаратпа сездерді тауып, қаратпа сездердің емлесін еске түсіріндер.



3-тапсырма. Үлгі бойынша мысалдар табындар.

?... !...! ...» ...)



4-тапсырма. «Қазақстандық туристік агенттік сіздерді шақырады» деген тақырыпқа еліміздің көркіті жерлеріне туристерді шақыру үшін жарнама дайындандар. Ең үздік жарнаманы анықтандар.

ТУРИСТИК РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛІМІ

Қызырлы конак қызырып келер,
 Қызыры артынан шұбырып келер.

Махат



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін құрылымын сақтай отырып, мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтандар.

Туристік ресурстар дегеніміз – белгілі бір аумактағы туризмді калыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін *табиги, тарихи-мәдени және алеуметтік-экономикалық нысандардың жынтығы*.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП КОЛДАНЫЛУЫ

Бірінші топқа көркіті табиғи орындар, рекреациялық¹ орындар, тарихи-мәдени және табиғи (табиғат ескерткіштері) экскурсиялық нысандар, климаттық көрсеткіштер (температура, радиация), теңіз, көл және мұхит жағаларының болуы мен олардың адамдардың демалысы үшін жарамдылығы жатады. Рекреациялық ресурстарға табиғат компоненттері: климат жағдайы, жер бедері, минералды және термалды үйлектар, өсімдік жамылғысы жатады.

Туристік ресурстардың әлеуметтік-экономикалық тобына белгілі бір аумақтардағы туризмді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған курорттар, туристік базалар, пансионаттар, демалыс үйлері, шипажайлар, конакүйлер, тамақтану орындары, қосымша туристік инфрақұрылым – арнайы дүкендер, байланыс бөлімшелері, емдеу мекемелері, ойын-сауық, сауықтыру (стадиондар, спорт сарайлары, бассейндер және т.б.) және спорт орындары жатады. Бұл топка сондай-ак қаражат және еңбек ресурстары да тиесілі. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктері (тұрғын үй жағдайы, ұлттық тағамдары мен киімі, кәсібі, колөнері, музика мен фольклор, ұлттық ойындар) мен салт-сана, әдет-ғұрыптарын, ұлттық мейрамдарды осы екінші топқа енгізуге болады.

«Туризм және откеттану негіздері» оқу құралынан



A Мәтін мазмұны бойынша тәмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Туристік ресурстар дегеніміз не?
2. Туристік ресурстар неше топқа бөлінеді?
3. Табиғи, тарихи-мәдени туристік ресурстарға нелер жатады?
4. Туристік ресурстардың әлеуметтік-экономикалық тобына нелер жатады?
5. Әр халықтың ұлттық ерекшеліктерінің туризмге қандай катысы бар деп ойлайсындар?
6. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері туралы баяндандар.



Ә Шетелдік саяхатшыларға Қазақстанның қандай өлкелері мен демалыс кешендерін таныстырып едіңдер? Осы жағдаятты пайдаланып әңгіме-диалог құрындар.



Б Қазақстанның кай өңіріне экскурсияға барғыларың келеді және неге? Пікірлеріңмен бөлісіңдер.



В Мәтіннен кірме сездер мен терминдерді табындар. Сөздіктің көмегімен олардың мағынасын ашындар.



Г Мәтіннен ілік септігіндегі сездерді теріп жазындар. Олардың қандай сәйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын түсіндіріңдер.

¹ Рекреация – адамдардың демалуы мен сәмделуін қамтамасыз ету арқылы олардың рухани және дене күшін нығайтуына мүмкіндік беретін жағдайлар.



Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың тыныс белгілері

Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың арасына үтір мен сзықша қойылады. Мысалы: Сен дайын ереже ұсынасың, – мениң оған көнгім келмейді. Аудан есікті кең ашты, – алғашқы бетте-ақ Жомарт аудан басшыларының кейбіреуінің көңіліне ылғал салды (F.Мұст.).

Есте сақта!

Қарсылықты салалас сейлемдердің сынарлары қарсы мағынада келеді. Булардың сынарлары бір-біріне қарсы, қайши келетін оқиғаларды баяндайды.



2-тапсырма. Берілген сейлемдерді жалғаулықсыз қарсылықты салалас болатындей етіп аяқтаңдар.

1. Теніз тынышталды
2. Жаз ортасы болып қалды
3. Элни сабакқа бармады
4. Бұрын бай еді



A Берілген сездерді қатыстырып, жалғаулықсыз қарсылықты салалас сейлем күрандар.

Спорт сарайлары, саяхат, ұлттық кітім, халық.



3-тапсырма. Сейлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қойып, көшіріп жазындар. Қарсылықты салалас құрмалас сейлемдерді табындар.

1. Мәмбет екінші рет тағы атайын деп еді мылтығының шаппасы жүрмей тұрып алды (Л.Ж.).
2. Жазғы күннің ыстығы кайтып кеш батуға тақалған (М.Ә.).
3. Құдық басындағы жыныға екі-үш ауылдың күндеңі жиылжының еректерінің бәрі жылса да бастық сияқтанып отыратын Ысмайыл аксақал бүтін келген жок (М.Ә.).
4. Салт аттылар мен ат шана етіп кетті бірақ Әбдірахман терезеге сүйеніп ұзак тұрды (Х.Ес.).
5. Сөз бергенге ерме бөз бергенге ер (мақат).



A Сейлемдерге синтаксистік-кешенді талдау жасандар.



4-тапсырма. Қазақтың әйгілі әні «Сарыжайлауды» тауып, тындандар. Әннің мазмұнын өз сездеріңмен қағазға түсіріндер.



5-тапсырма. Жаңылтпаштарды жаңылмай айтындар.

- | | |
|--|--|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. Ағасы қарындасын іздең жүр.
Қарындасы қарындашын іздең жүр.
Ағасына қарындасы керек,
Қарындасына қарындашы керек. | <ol style="list-style-type: none"> 2. Көк аспанда жұлдыз бар,
Мелдір суда құндыз бар.
Жұлдыз түнде жылтырар,
Құндыз түнде жылтырар. |
|--|--|

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП КОЛДАНЫЛУЫ

3. Қарамайлы қарагайды
Кесейін бе, кеспейін бе?
Қазықтағы қара тайды
Шешейін бе, шешпейін бе?

4. Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар,
Алты арқарда марқа арқар бар.



A Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігінің түрлерін еске түсіріндер. Жаңылтпаشتан сез ішіндегі немесе сөз аралығындағы ықпалдарды табындар.

ТУРИЗМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ

Біз табиғаттың өзін қайта түлеу тетін ұрпақпаз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан-ұрпағына мұра болып келе жатқан мол казына. Әрбір ағашты, әрбір бұтакты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, камкор болу – басты міндеттің бірі.

Б.Жақаев



1-тапсырма. «Табиғатты қорғау және туризм» дегенді қалай түсінесіндер? Туризмнің табиғатқа қандай әсері бар деп ойлайсындар? Ойларыңмен бөлісіндер.



A Мәтінді оқып, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдандар.

Туризм халықшаруашылығының бір саласы ретінде табиғи ортага белгілі дәрежеде күш түсіреді. Туризм саласы бойынша **табиғатты қорғау жұмыстарын** шартты түрде екі топқа **бөліп** қараута болады:

1) үйірме жұмыстарында, туристік базаларда және т.б. **жерлердегі** экологиялық бағыттағы тәрбие жұмыстары;

2) туристік база, туристік кешендер **аумақтарында**, маршруттарда жүргізілетін накты жұмыстар.

Бірінші топқа мына жұмыстар жатады: туристік топ мүшелерімен әнгіме өткізу, әнгімелесу, жорық алдындағы нұскама, маршрут ерекшеліктерімен таныстыру т.б. Аталған әдістердің сонғы екеуі ерекше манызды. Жорық немесе экскурсия алдында туристік топ мүшелері табиғатты қорғауға байланысты қандай әрекеттерге тыйым **салынатыны** жайлы арнайы нұскаулықпен таныстырылуы керек. Мұндай нұскаулықтар әр туристік фирмалың немесе туристік базалың жұмыс ерекшеліктері бойынша жеке жасалады.

Әрбір туристік топ мүшесі нұскамамен (инструктаж) танысан сон, оның орындалуы үшін арнайы күжатка кол қоюы керек. Егер нұскама бұзылған жағдайда, оны бұзған адам айып төлейді, маршруттан **шыгарылады** және онымен жасалған шарт бұзылады.

Табиғатты қорғауға байланысты туризм саласында **жүргізілуге тиіс** жұмыстардың екінші тобына мыналар жатады: турбазалардағы санитарлық жағдайлардың талапқа сай болуы, көгалдандыру жұмыстары, маршруттарда экологиялық сокпактар күру және арнайы демалыс

9-бөлім

орындарын дайындау, маршруттарды таңбалау, мемлекеттік және көғамдық табиғат қорғау орындарымен жұмыс жоспарларын бекіту т.б.

«Туризм және өлкетану негіздері» оқу күралынан



Ә Қарамен жазылған сездерге морфологиялық талдау жасандар.



Б Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сөйлемдердің шын (Ш) немесе жалған (Ж) екендігін анықтандар. Сейлемдерді мәтіндегі реті бойынша орналастырындар.

1. Табиғатты қорғауга байланысты туризм саласында жүргізілуге тиіс жұмыстардың екінші тобына мыналар жатады: әңгіме өткізу, әңгімелесу, жорық алдындағы нұсқама, маршрут ерекшеліктерімен танысу т.б.

2. Эрбір туристік топ басшысы нұсқамамен таныспай тұрып, оның орындалуы үшін ариайы күжатқа қол коюы керек.

3. Туризм саласы бойынша табиғатты қорғау жұмыстарын шартты түрде екі топқа бөлуге болады.

4. Бірінші топқа мынадай жұмыстар жатады: турбазалардағы санитарлық жағдайлардың талапқа сай болуы, кегалдандыру жұмыстары, маршруттарда экологиялық сокпактар құру және демалыс орындарын дайындау, маршруттарды таңбалау, мемлекеттік және көғамдық табиғат қорғау орындарымен жұмыс жоспарларын бекіту т.б.

5. Егер нұсқама бұзылған жағдайда, оны бұзған адамға сыйакы беріледі.



В Екі топқа бөлініп, туризмнің табиғатқа тигізер кері асері мен пайдасы туралы пікірталас үйымдастырындар.



Г Мәтіннен турист сезімен тіркескен сез тіркестерін жазып алындар. Сөздердің қандай байланысу түрлері мен тәсілдеріне жатқызатындарынды түсіндіріндер.



2-тапсырма. Қазіргі туристік агенттіктер және олардың жұмыстары туралы не айта аласындар?



А Қазақстанның ең көркем туристік жерлері туралы слайд жасандар.



Төл сөздің тыныс белгілері

Төл сөздің тыныс белгілері автор сезі мен төл сөздің орын тәртібіне және төл сөзді сейлемнің хабарлы, сұраулы және лепті болуына қарай әртүрлі қойылады.

1. Төл сез автор сезінен бұрын орналасса, төл сез тырнақшаға алынады не оның алдынан сыйықша қойылады да, төл сез бас әріптен бастап жазылады. Төл сөздің соңына, егер ол хабарлы сейлем болса, үтір, сұраулы сейлем болса, сұра белгісі, лепті сейлем болса, леп белгісі қойылады да, одан кейін автор сезінің алдынан сыйықша қойылады. Мысалы: 1) «Сонан қалмақ Сарыарқага басқан жоқ», – дейді жыр (Б.Адам.); 2) – Қөктемде неге желіпті? – деп сұрадым мен (С.М.); 3) – Алма, сен жақсы салдың еске! – дейді Жанат, есіне жаңа түскендей (Ғ.Мұст.).

2. Төл сез автор сезінен кейін тұrsa, автор сезінен соң қос нұкте қойылады, одан кейінгі төл сез тырнақшаға алынады не алдынан сыйықша қойылады.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП ҚОЛДАНЫЛУЫ

Мысалы: Абай былай деді: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік». Аздан соң тағы да өзі сөйлемді: – Мениң аңғаруымша, сіз тарихқа атсалыстаған сияқтысыз. Ол ғылымдардың анасы ғой (М.Ә.).

3. Төл сөз автор сөзінің арасына орналасса, бірінші және екінші тармақтарда көрсетілген тыныс белгілері түгел қатысады. Мысалы: Абай Ақылбайдан: – Қалада не хабар бар? – деп сұрады (М.Ә.). Түн еді. Ұйықтап жатыр едік: «Сұратай, оян!» – деген дауыс құлағыма сап етеп түскенде басымды көтере түрекелсем, жер қозғалғандай үйім дірілден барады (С.М.).

4. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің алды-артынан тыныс белгілері былай қойылады: а) автор сөзінің алдынан да, соңынан да үтір және сзызықша қойылады, мұндайда төл сөздің екінші бөлігі кіші әріппен басталып жазылады. Мысалы: «Ең қызығы, – дейді Қадыр, – тыңдағы көтеріліп жатқан жерлерге күндіз емес, түнде қарау» (С.М.); ә) төл сөздің соңғы бөлігі дербес сейлем болып, бас әріппен басталып жазылса, автор сөзінің алдынан үтір мен сзызықша қойылып, автор сөзінен кейін нұкте мен сзызықша қойылады. Мысалы: – Жақсы кездестің, – деді Сатан. – Сені ізден жатыр едік (F.Мұст.).

5. Төл сөздің көп құрамды түріне жоғарыда көрсетілген түрлерінің тыныс белгілері, әсіресе автор сөзі – төл сөз – автор сөзі және төл сөз – автор сөзі – төл сөз орын тәртіпперіне байланысты тыныс белгілері қойылады; төл сөз ортасындағы автор сөзі тиянақсыз болып, одан кейін төл сөз дербес айтылатын сейлем болғанда, автор сөзінен кейін қос нұкте қойылады. Мысалы: – Бәрібір емес пе? – деді Қалампир жекіп: – Таза болса, тауір болса болады, – деді ол баласына. – Кие бер, күнішегім! (С.М.) Бұл мысалда деді Қалампир жекіп сөзінен кейін қос нұкте қойылған, өйткені бұл автор сөзі тиянақсыз және одан кейінгі төл сөз бас әріппен басталып түр.

6. Бір төл сөздің ішінде екінші төл сөз айтылса, алғашқысының алдынан сзызықша қойылады да, соңғысы тырнақшаға алынады. Мысалы: – Біздің халықта «қарға қарғаның көзін шұқымайды» деуші еді! – деді (М.Ә.). Мұнда алғашқы сзызықша төл сөздің баріне қатысты болса, тырнақша тек мақалға ғана қатысты.



З-тапсырма. Берілген сыйбаларды қолданып сөйлемдер күрандар.

1. « _____ », – ... 2. – _____ ? – ... 3. – _____ ! – ...



A Матінді тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар. Төл сөз бер автор сөзінің арасына қабаттаса қойылатын тыныс белгілерінің қойылуына ерекше назар аударындар.

Жеттің бе деді Зылиха

Даусы естілер-естілмес болып шыкты Сарымсак атын айдай түсіп

Қазір жетеміз ауылдың тәбесі көрінді деді

Көріне ме

Әне көрініп түр

Ендеше токташы

Неге

Ауылды көрейін Сағындым Ауылдын анғарын ауылдын үшкан түтінін сағындым Жеткенше дәтім шыдар емес Шыдай алмай барам

9-бөлім

Сарымсақ атын тоқтатып қымтауын ашып зорға дегенде Зылиханың басын көтерді Зылиха ауди лын көрді Жүргөп елжіреп кетті Көзіне әлденелер елестеді Бакытты аркалап Ұлпа жүгіріп келе жатқан сиякты болды.

Қалқам Ұлпа құлыным Бакыт деді Көрдім көнілім тынды Енді тез жеткіз Әне көрдін бе Ұлпа мен Бакыт мені күтіп тұр Күтіп тұрган жок қарсы жүгіріп келе жатыр әне әне қалқам

Б.Майтін



Ә Мәтіннен жай сөйлемдерді табындар. Жай сейлемнің құрамы мен құрылышына қарай қалай белінетінін еске түсіріндер.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ

Тек шикізатка бағдарланған ел болып калмау үшін женил және тамак енеркесін, инфракұрылымды, мұнай мен газ өндсүді, химия мен мұнайхимиясын, мәшине жасаудың жекелетен шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет сту саласын, туризмді, онын ішінде экологиялық туризмді бұрыннан да ілгері карқынмен дамытуға тиіспіз...

Нұрсұтан Назарбаев



1-тапсырма. Сөздіктерді пайдаланып, «экологиялық туризм» терминіне анықтама беріндер.



А Мәтінді оқып, оқылым стратегияларын қолданындар: комментарий жасандар, іріктең оқындар, талдаң оқындар.

Казіргі кезде экологиялық туризм экономиканың дамуына ықпал ететін келешегі бар сала болып табылады. 2005 жылы Қазақстандағы Туристік Ассоциация (КТА) Қазақстандағы экологиялық туризмнің басымдылығының бағасын анықтау үшін талдау жүргізді. Корытынды бойынша экотуризм курделі дамуы қажет екені белгілі болды. Дегенмен республиканың әрбір аймағы экотуризмнің дамуы үшін ерекше табиғи байлыкка тұнып тұр.

Қазақстанда экотуризм енді дамып жатыр, әлемдік бәсекелестікке сәйкес келетіндей тамаша туристік мүмкіндіктері өз сөтін асыға күтуде.

Отанымызда экотуризмнің дамып жатқан жерлері жетерлік. Мысалы, Алматы облысындағы Қапшагай, Алакөл, Балқаш және т.б. Сол сиякты Ақмола облысында да әртүрлі жекеменшік бизнес жобалар колға алынып жатыр. Каспий теңізі жағалауында туристік кластерді дамыту жоспарлары бар. Ендігі жерде «Экотуризм үшін Қазақстанға барамыз» деген сөздер туристер үшін калыпты жағдай болады деп ойлаймыз.

Group-global.org сайтынан

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП ҚОЛДАНЫЛУЫ



- Ә** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар.
- Б** «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы туралы эссе жазындар.
- В** «Қиял» ойынын ойнап көрелік. «Қазақстан туризмі-2070» тақырыбында әңгіме құрастырындар. Құрастырган әңгімелерің қиял-ғажайып болса, артық етпейді. Сыныптағы ең үздік әңгімені таңдандар.
- Г** Мәтіндегі етістіктерді 2 топқа жіктендер.

Салт етістіктер

Сабакты етістіктер



- Ғ** Қарамен берілген сөздерге лексикалық талдау жасандар.



Драмалық шығармалардың тыныс белгілері

Драмалық шығармалардағы жақшага алынатын ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібі

1. Ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келсе, нұкте жақшаның сыртына қойылады. Кейіпкердің атынан кейін нұкте қойылмайды: *Баян (аз ойланып). Ұш түрлі шарт қойсам орындармысың? (F.M.)*

2. Ремарка кейіпкер сөзінің ішінде екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сөзінің аяғында келсе, нұкте жақшаның ішіне қойылады. Жақшаның алдынан сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады: *Аманкелді. Миша! (Жайнаққа.)* Әкет мыналарыңды! (*Жайнақ Жапарларды айдал кетеді.*)

3. Тырнақшага алынған цитатаның немесе басқаларының өзі тырнақшага алынған сөздерден, сөйлемнен басталса немесе аяқталса, екі тырнақша қатар қойылмай, біреуі ғана қойылады. Жақша ішіне алынған сөздердің түрған жеріне қойылатын тыныс белгісі жақшадан соң қойылады: *Аңдағұл атынан рудың он шақты ауылы айнала қонып жайлайтын Алуа атты шалқар көл бар (оган кейін ораламыз), көлдің әр тұсынан су ағар жырақалар кеп қосылады (С.М.).*



2-тапсырма. Сабит Мұқановтың «Шокан Уәлиханов» пьесасынан үзіндіні рөлге бөліп оқындар. Тыныс белгілерін қойып жазындар.

Алмазов сағатына қарап Он бірінші сағат Ваше Превосходительство
Олар тоғызыда аттанды

Гасфорт ерсілі-карсылы жүріп Эй жастар жастар Таң аттай серуенте кетеді Кетпегенде ше Жайнаған жаз... Шешек атқан дала... жасыл тоғай... сыйдырап акқан кең Ертіс!.. Алмазовка Карапши Андрей Леонтьевич далада не деген көркемдік

Алмазов күлімсіреп Нә өте көркем Ваше Превосходительство



- А** Шығарманың қандай стилде жазылғанын дәлелдендер.
- Ә** Драмалық шығармалардағы ең жиі қолданылатын тыныс белгілері және олардың қызметтері туралы баяндандар.

9-бөлім



3-тапсырма. Драмалық шығармалардан жақшаға алынатын ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібінің әр түріне мысалдар келтіріндер.

Керек дерек!

Тыныс белгі

Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың бір негізі – интонация. Мысалы, белгілі бір хабарлы сейлемді айтқанда, оқығанда сейлем сонында кіліріс болады. Сейлемнің бірынғай мүшелерін оқығанда олардың әркайсысынан кейін және құрмалас сейлем құрамына енген әрбір жай сейлем арасында кіліріс болады. Сұраулы, лепті сейлемдерді оқығанда дауыс кетерінкі шығып, айрықша интонация байкалады. Сейлеу тіліндегі мұндағы интонация жазба тілде белгілі бір тыныс белгісін қоюды кажет етеді. Мысалы, *Байтықтың атасы – еңбек, анасы – жер; Адамдықтың белгісі – шіліп салған бергені, шын достықтың белгісі – көп кешікпей келгені* деген сейлемдердегі сызықшалар бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен немесе заттанған есімшелерден жасалғаныңтан қойылып тұр. Бұл – сызықша қоюын грамматикалық белгісі. Сонымен бірге бұл сейлемдерді айтқанда сызықша қойылған жерлерде кіліріс жасалады. Бұл – сейлемдегі, ондағы жеке сөздерді айту интонациясы. Осы интонация бұл арада тыныс белгісі қойылатын жерге сай келіп тұр. Сызықшаны қолданудың негізгі принципі – грамматикалық белгімен катар, бұл жерде интонация да сейлемнің тыныс белгісін дұрыс қоюға себепші болып, белгілі бір тыныс белгісі керектігін аңғартқандай болып тұр.

«Қазақ пунктуациясының теориялық және практикалық массетері»
«Оқу-әдістемелік кешендерінен»



4-тапсырма. Матіндеңі негізгі ойды табындар.



А Сызықша кездесетін мақал-мәтелдерге 5 мысал келтіріндер. Сызықша қойылу-дың 2 принципі туралы баяндандар. Мақалдарынды сызықшаны алып тастап оқып көріндер, нені байқадындар?



Ә Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың тағы қандай негіздері бар? Естеріне түсіріндер.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ: БҰГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Туризм – мемлекетке, ондағы халықтың өміріне және онын халықаралық катынастарына тікелей әсер ететін қызмет түрі.

Манила декларациясы



1-тапсырма. Екі топқа белініп, Қазақстандағы туризмнің болашағы туралы пікірталас үйымдастырындар.



А Мәтінде оқып, өткен тақырыппен салыстыра талдандар.


Қазақстанда 400-ден астам туристік фирма қызмет етеді. Сексен елдің туристік фирмасымен келісім жасалған. Елімізде Алматы және

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП КОЛДАНЫЛУЫ

Астана қалалары, сондай-ақ Алматы, Шығыс Қазақстан, Караганды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында туризм жаксы дамыған. Осы облыстардың және қалалардың туристік фирмалары кызмет көрсетудін 88 пайзының күрайды. Біздің елге Ресей, Қытай, Германия, Пәкістан, Польша және Түркия туристері жиі келеді. Туристерді тасымалдауда авиакомпаниялардың рөлі зор.

Дүниежүзі бойынша туризм саласынан ел бюджетіне түсетін қаржы мұнайдан түсетін табыстан кейінгі екінші орында тұрғанын ескерсек, бұл саланы дамыту бүтінгі күннің талабы екені даусыз. Қазіргі таңда елімізде аймақтық туризмді дамытудың бастамалары байқалады. «Ақтау сити», «Кендірлі», «Жаңа Іле», «Бурабай» сынды мемлекеттік әрі экономикалық маңызы жоғары жобалар – соның айғағы. Республиканың аймақтары мен жекелеген өнірлерін дамытудын, соның ішінде ауылды көтерудің бір жолы ретінде аймақтағы туризмді дамыту жобасына арқа сүйеген абзал. Себебі аймақтағы туризм дамуының жолға койылуы косымша жұмыс орындарының пайда болуына, туризммен сабактас өзге де инфрақұрылымдардың жетіліп, бірқатар әлеуметтік мәселенің өз шешімін табуына септігін тигізеді.

Н.Кұмар



Ә Мәтін мазмұны бойынша «жұан», «жіңішке» сұрақтар құрастырындар.



Б Мәтіннен бірыңғай мүшелері бар сейлемдерді көшіріп жазындар. Синтаксистік-кешенді талдау жасандар.



В Мына сөздер мен сөз тіркестеріне лексикалық талдау жасандар. Оларды қатыстырып сейлем құрандар.



Г «Қазақстандағы туризм: бүгіні мен болашағы» тақырыбына эссе жазындар.



Өзінді тексер!

1. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сейлемді табындар.
 - Сонда сен маған неге келдің!
 - Апыр-ай, мынау неткен сұлу қыз?!
 - Осы айтқанымды тез орында?
 - Бұл суретті кім салған.
2. Ой аяқталмай қалған сейлемді табындар.
 - Ал бұл болса... б) Сен кайдан жүрсін?
 - Мен келдім. в) Не деген керемет көрініс!

9-бөлім

- 3.** Сұраулы сөйлем лептік интонациямен айтылған сөйлемді белгілендер.
- Соны да сөз деп айтып отырмысын?
 - Мен сізді пір тұтып келдім, ага.
 - Тұра тұр, әлі талай мықтылар бар шығар.
 - Өй, сен не деп кеттің, ей?!
- 4.** Тыныс белгі дұрыс қойылмаған сөйлемді табындар.
- Жок, елге, - деп, Сейіт шаш ете қалды. - Мен үшін ел сенін шындығыннан да кымбат.
 - Сонда саған керегі не өзі? Нені қалайсын?, деді кабагын шытып.
 - Ау, балдыз, бөлем қайда менін? - деді көкесі жұмсақ диванға шалқая отырып.
 - Оқыса оқысын, - деп, ол бұған да оп-онай көне салған.
- 5.** Ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келгенде тыныс белгінің дұрыс қойылған нұсқасын табындар.
- Сәкен. Шалға карап. Сіз неге түспейсіз, Карас Карпович?
 - Сәкен (култір), жазумен түзелмесе іспен түзелер.
 - Сәкен (таңданғандай): Өй, Абдолла, кашан кеп қалды?
 - Сәкен (құшагын жазып). Менің мұнда екенімді қайдан білдің?
- 6.** Ремарка кейіпкердің сезінің ішінде, екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сезінің аяғында келгенде тыныс белгісі дұрыс қойылмаған нұсқаны белгілендер.
- Қарапай. Ойпыр-ау, белім-ау! (*Отыруға ыңғайланады.*)
 - Қаламуш. Катты кетпей қайтейін. Жаныма батқан сон. Бір адам алды-артын ойласа, Қоспан ағамдай-ақ болар. (*Жаңылдың қасына келіп*) Ал, апа, біз енді жүреміз ғой. Сіз көп уайымдай берменіз.
 - Қасболат. Майданда жүргенде ылғи саптың он жағында тұратын тенкнип. Содан «дәу дара» деп атап қойып едім. (*Күрсініп.*) Иә, Қоспан екеуміз басымыздан не кешпедік.
 - Қасболат. Ау, амансың ба, күрдас? (*Кол алысын амандасады.*) Конак келгенде үйден кетіп қалатын әдettі қайдан үйрендің?
- 7.** Көніл күйді білдіретін, бірақ ой үзіліп қалған сөйлемді табындар.
- Апыр-ай, өз құлағынызben естідіңіз бе осыны
 - Шық үйден, Қоспанның садағасы кеткір
 - Қыстың көзі қырауда қаршадай баланы қайда тастап кетем
 - Өй, дәу қара-ай, ә
- 8.** Тыныс белгілері кабаттаса келген сөйлемді табындар.
- Жаңа ғана білдім, сиыры – анау дәулер екен де, миыры – біздің кораштар екен.
 - Тағы кім сөйлейді? (*Пауза.*) Сейлеп қалындар!

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІН ҚАБАТТАСЫП КОЛДАНЫЛУЫ

- б) Жәкенді жеңе алмағанда, бүкіл ауданды жеңу онай ма?
 в) Кетпейсің, Жомарт, кетпейсің!
- 9.** Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді белгілендер.
 а) Шолпан (*Айманга*) Әкем қызықканнан екеуміздің бірімізді Шемекейдің құдаларына беріп жүрмесін?..
 ә) Жарас. Е, мына сығырға амалың болса, қылышы, мұны да шантап қойыпты ғой (*Кетеоді*.)
 б) Элібек. (*Жантыққа*.) Айта бер... Бас!
 в) Қаладан келдініз бе?!
- 10.** Тел сөз бен төлеу сөздің арасына тыныс белгілері дұрыс қойылған нұсқаны табындар.
 а) – Абайжан, осы сен түні бойы үйықтамағанбысын? – деп, баласының бетіне қарады.
 ә) – Бұл не қылған бала? Арызы не? Айтшы шашшан! деп, Құнанбай әлі де түйілген қабакпен енді ызалы үн қатты.
 б) – Естіп келем ғой... Жасырайын деп пе ен? – деп, Мәкіш күлді де – және Ербол бар, барлық жас құрбың да көп айтады ғой.
 в) – Да, бері келші, балам – деп біреуді шакырып жүр.



2-тапсырма. Қайталауға арналған сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тыныс белгілерін зерттейтін ғылым.
2. Сөйлем ортасына қойылатын тыныс белгілері.
3. Сөйлем сонына қойылатын тыныс белгілері.
4. Қабаттасып қойылатын тыныс белгілері.
5. Тыныс белгілерін қоюды қажет ететін 3 белгі.
6. Сұраулы сөйлем лептік интонациямен айтылғанда қойылатын тыныс белгілері.



3-тапсырма. Мәтіннің тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Жапалак үрейленіп Не дейді сұмдық Қойлардың базарға түскенін үкімет біліп қап па

Жаргелтай Білгенде қалай

Жапалак Ендеше мені көме беріңдер Креслоға сылқ етіп отыра кетеді Су Су әпер өліп барам

Жаргелтай Өлме Жапалак кідіре тұр Су ішкізеді Әзір үкімет білген жок

Жапалак Садаған кетейін сөйдеші Желпінеді Басым айналып көзім қарауытып кетті ғой

Жаргелтай Семіз қойлар өтіп жатыр алушы қазактар бөрідей анталайды жап-жана акшалар шытыр-шытыр етеді

Жапалак қызығып Кілен жұз сомдықтар-ау ә

Ә.Тәжібәев

9-бөлім



A Өлеңнің түсіп қалған тыныс белгілерін қойындар. Өлеңнің авторы кім? Өлеңді жаттап алындар.

Менің шірім Сүйінбай,
Сөз сейлемен сиынбай,
Сырлы, сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындаі.
Сүйінбай деп сейлесем
Сөз келеді бұркырап,
Қара дауыл құйындаі.
Екпініме кезіккен
Кетер ме екен жығылмай.
Құлаштап бір кетейін

Көбен құсап тығылмай.
Қашсан куып жетейін
Бізге **жабы** бұйым ба-ай
Селтендеген ақынды
Көрмеуші едім шыбындаі.
Кәне сөйлеп жіберші,
Айтыспагың шының ба-ай
Деп келдің бе Жамбылды
Күнде женген **Шыбылдай**.



Ә Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріндер.



Б Мәтінді тындандар (21-аудио).



В Тындаған диалогті қағазға түсіріндер. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына назар аударындар.



4-тапсырма. Сейлем соңында қабаттасып келетін тыныс белгілерін қолдана отырып, өздерің комедиялық диалог құрындар.



5-тапсырма. Пікірталас үйымдастырып, осы бөлімдегі ең мағыналы эпиграфты анықтаңдар.



Фалым болам десеніз...

1. Ердағатов С.Р., Жұмадилов А.Р., Алиева Ж.Н. Халықаралық туризм географиясы. Оку құралы. Алматы: Казак университеті, 2017.
2. Мұсабекова Ф. Тыныс белгілерін оқытуудың кейбір мәселелері. Алматы: Мектеп, 1959.
3. Сыздықова Р. Қазақ пунктуациясының ережелері. Алматы, 1961.
4. Үсқақов А. Тыныс белгілері. Алматы: ОҚБ, 1951.
5. Қазақстан Республикасының Заны. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы. 2001.
6. Мынжанова Г.Т. Халықаралық туризмнің Қазақстан экономикасының дамуына әсері. 2001.
7. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. Алматы: Ата тілі, 1991.
8. Жиенбаев С. Сейлемнің тыныс белгілері. Алма-Ата: Қазақ мемлекет баспасы, 1940.
9. Хасенов Э. Пунктуацияны оқыту жолдары. Алматы, 1957.

МАЗМУНЫ

Алғы сез	4
----------------	---

ОРФОГРАФИЯ. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ КАЗАК ЖАЗУЫ

Көне түркі руника жазуы. Күрделі жалқы есімдер	5
Тасқа жазылған дастандар. Біріккен жалқы есімдер	8
Көне түркі ескерткіштерінің зерттелуі. Тіркесті жалқы есімдер	11
Араб графикасына негізделген казак жазуы. Кыскарган жалқы есімдер	15
Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған тетс жазу. Қосарланған жалқы есімдер	18
Латын графикасына негізделген казак жазуы	25
Күрделі-құрама атаулардың тақырыптық топтары	21
Орыс графикасына негізделген казак жазуы	25

ФОНЕТИКА. АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ

Жалпыадамзаттық құндылықтар. Интонацияның құрамдас боліктері	32
Ұлттық құндылықтардың тілдең көрінісі. Өүен және ыргак	33
Ұлттық құндылықтар – ел болмысы. Қарқындылық	37
Тіл және мәдениет. Тембр	39
Мәдениет тарихы. Қілдірістің қызметі	41
Кешпелілердің рухани мәдениеті. Қілдіріс және тыныс белгі	44
Сейлеу мәдениеті	45

ЛЕКСИКА. КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ

Ұлт жүмысы. Сөздік көр және сөздік құрам	49
Мамандық таңдау. Сөзжасам туралы түсінік	52
Сату менеджері. Сөздік құрамның кірме сөздер арқылы толығуы	55
Жана мамандық түрлері. Сөздік құрамның термин сөздер мен кәсіби сөздер арқылы толығуы	59
Біртүрлі мамандықтар. Сөздік құрамның диалект сөздер мен жаргон сөздер арқылы толығуы	61
Шагын және орта бизнес. Сөздік құрамның конверген сөздер мен неологизмдер арқылы толығуы	64
Еңбек – бәрін женбек	67

СИНТАКСИС. ФАРЫШТЫ ИГЕРУ ЖЕТИСТІКТЕРІ

Он сегіз мын галам. Сөз тіркесіне тән белгілер	71
Алғаш гарышка ұшқандар. Қызысу	74
«Байқоныр» гарышайлайғының елімізге экелген пайдасы. Матасу	75
«Байқоныр» гарышайлайғының экологияга зәсірі. Қабысу	78
Гарыштық аппарат. Жанасу	81
Гарышты бағындырған казактар. Менгеру	83
Адам аяғы астероидке қашан тиеді?	86

СИНТАКСИС. БИОАЛАНТУРЛІК ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕҢГЕН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР

Биологиялық адұантұрлілік. Бастауыш	91
Қазақстандағы жануарлар дүниесі. Баяндауыш	93
Қазақстанның есімдіктер әлемі. Анықтауыш	97
Қазақстандағы корықтар. Толықтауыш	100
Қазақстанның Қызыл кітабы. Пысықтауыш	105

Зансыз ан аудау. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері	109
Көшпелілер мен табигат тұтастығы	112

СИНТАКСИС. ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ

Бізді қоршаган орта. Сөйлемнің бірынгай мүшелері	116
Казақстанның қазба байлыктары. Бірынгай бастауыштар мен баяндауыштар	118
Табиги ресурстар. Бірынгай толықтауыштар, анықтауыштар және пысықтауыштар	121
Сарқылмайтын табиги ресурстар. Айқындауышқа тән белгілер	125
Сарқылатын ресурстар. Айқындауыштың түрлері	127
Коршаган орта: терминдер мен анықтама. Сөйлемнің үйірлі мүшелері	131
Баламалы энергия корлары	134

СИНТАКСИС. ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Жасөспірім физиологиясы. Хабарлы сөйлем	137
Балалардың жас ерекшелігі. Сұраулы сөйлем	139
Өзге елдер тәжірибесі. Сұраулы сөйлем түрлері	141
Адам құқығы бала құқығын коргаудан басталады. Лепті сөйлем	144
Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануы. Бұйрыкты сөйлем	146
Жасөспірім минезінің калыптасуы. Сөйлемнің коммуникативтік түрлеріне тән тыныс белгілері	148
Ұлттық тәрбие	150

СИНТАКСИС. ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Казақтың бас театры. Жай сөйлем және оның түрлері	153
Театр – ұжымдық өнер. Жақты, жақсыз сөйлемдер	156
Театр тарихы. Жалан, жайылма сөйлемдер	159
Театрдағы Абай бейнесі. Болымды, болымсыз сөйлемдер	161
Әлемдегі ең кішкентай театр. Етістікті және есімді сөйлемдер	164
Куыршақ театры. Атаулы сөйлем	166
«Астана Опера» театры. Толымды, толымсыз сөйлемдер	168
Театр жанrlары мен түрлері	171

ПУНКТУАЦИЯ. КАЗАҚСТАНДАГЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

Туризм туралы түсінік. Тыныс белгілерінің кабаттасып колданылуы	176
Казақ – конакжай халық. Сұрау, леп белгілерінің катар қойылуы	179
Казақстандагы туризмнің қалыптасуы мен дамуы. Қоғындықтың басқа тыныс белгілерімен кабаттасуы	182
Туристік ресурстар және олардың жіктелімі. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың тыныс белгілері	184
Туризм және табигатты коргау. Төл сөздің тыныс белгілері	187
Казақстандагы экологиялық туризм. Драмалық шығармалардың тыныс белгілері	190
Казақстандагы туризм: бүтіні мен болашағы	192

Учебное издание

**Капалбек Бижомарт Сейсенбекулы
Омарова Аягуль Данияровна
Закиряева Гулназ Сабитовна
Абнасырова Гайни Жалгасбаевна**

ҚАЗАҚ ТЛП

Учебник для 8 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулыкта фотограф *О.Бейзатов*, суретшілер *Б.Дәлелқан* мен
К.Үмбетовалардың енбектері пайдаланылды

Редакторы *А.Төлепбердинова*
Керкемдеуші редакторы *Ж.Болашаев*
Техникалық редакторы *Л.Садықова*
Корректоры *Г.Тұрмаганбетова*
Компьютерде беттеген *С.Жұмагелдиева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген



ИБ № 5690

Басуга 01.06.18 қол койылды. Пишимі $70 \times 100^{1/16}$ Офсеттік кағаз.
Қаріп түрі "SchoolBook Kz". Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табагы 16,13. Шартты бояулы беттанбасы 65,17.
Есептік баспа табагы 11,35. Тарапалымы 75000 дана.
Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz**

